

Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 06 желтоқсандағы № 558 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 30 желтоқсанда № 9052 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 76 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 04.02.2021 № 76 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 63-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (100.00-нысан);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (100.00-нысан);

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы есебінің нысаны (101.01-нысан);

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасы есебінің нысаны және (101.02-нысан);

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төлеуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының салық есептілігін (есебін) және декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.01 – 101.02-нысандар);

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес резиденттің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп нысаны (101.03-нысан);

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес резиденттің табысына төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.03-нысан);

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп нысаны (101.04-нысан);

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.04-нысан);

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (110.00-нысан);

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (110.00-нысан);

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (130.00-нысан);

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (130.00-нысан);

14) алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) алынып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (150.00-нысан);

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (150.00-нысан);

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның нысаны (200.00-нысан);

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (200.00-нысан);

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның нысаны (210.00-нысан);

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (210.00-нысан);

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (220.00-нысан);

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (220.00-нысан);

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияның нысаны (230.00-нысан);

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (230.00-нысан);

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша декларацияның нысаны (240.00-нысан);

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (240.00-нысан);

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша декларацияның нысаны (300.00-нысан);

30) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (300.00-нысан);

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияның нысаны (320.00-нысан);

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (320.00-нысан);

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш (328.00-нысан);

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті толтыру және табыс ету қағидалары (328.00-нысан)

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес акциз бойынша декларацияның нысаны (400.00-нысан);

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес акциз бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (400.00-нысан);

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз есебінің нысаны (421.00-нысан);

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (421.00-нысаны);

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес роялти бойынша, өндіру бонусы бойынша, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі бойынша,

өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша декларацияның нысаны (500.00-нысан);

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес роялти бойынша, өндіру бонусы бойынша, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі бойынша, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (500.00-нысан);

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес қол қойылатын бонус және және коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияның нысаны (510.00-нысан);

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес қол қойылатын бонус және және коммерциялық табу бонусы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (510.00-нысан);

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес үстеме пайда салығы бойынша декларацияның нысаны (540.00-нысан);

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес үстеме пайда салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (540.00-нысан);

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі декларацияның нысаны (560.00-нысан);

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (560.00-нысан);

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес экспортқа рента салығы бойынша декларацияның нысаны (570.00-нысан);

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес экспортқа рента салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (570.00-нысан);

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларацияның нысаны (590.00-нысан);

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (590.00-нысан);

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары бойынша декларацияның нысаны (641.00-нысан);

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударымдардың және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (641.00-нысан);

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес көлік құралы салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша декларацияның нысаны (700.00-нысан);

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес қағидалары көлік құралдары салығы, жер салығы мен мүлік салығы бойынша салық есептілігі (декларация) жасау қағидасі (700.00-нысан);

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес көлік құралы салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің нысаны (701.00-нысан);

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес көлік құралдары салығы бойынша салық есептілігін ағымдағы төлемдер (есебін) жасау қағидалары (701.00-нысан);

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер есебінің нысаны (701.01-нысан);

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес жер салығы мен мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (701.01-нысан);

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша декларацияның нысаны (710.00-нысан);

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (710.00-нысан);

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (810.00-нысан);

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан);

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша есептің нысаны (851.00-нысан);

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (ағымдағы төлемдер сомасының есебін) жасау қағидалары (851.00-нысаны);

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (860.00-нысан);

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (860.00-нысан);

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (870.00-нысан);

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (870.00-нысан);

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияның нысаны (910.00-нысан);

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес шағын бизнес субъектілері үшін салық есептігін (оңайлатылған декларацияны) жасау қағидалары (910.00-нысан);

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес патент құнының есептің нысаны (911.00-нысан);

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес патент құнының салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (911.00-нысан);

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияның нысаны (920.00-нысан);

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (920.00-нысан);

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес бухгалтерлік теңгерім нысаны (1.3-нысан);

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есептің нысаны (1.4-нысан);

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес өндірілген және сатып алынған тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қозғалысы туралы есептің нысаны (1.5-нысан);

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес өндірілген өнімнің, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының нысаны (1.6-нысан);

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешектерді таратып жазу нысаны (1.7-нысан);

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарын, банктік қызметті, лицензия негізінде кейбір банктік операцияларды, зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақыны төлеу жөніндегі қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда, мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің салық есептілігін жасау қағидалары (1.3 – 1.7-нысандары);

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес қызмет көрсетулердің бухгалтерлік теңгерімінің нысаны (2.3-нысан);

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес кірістер мен шығыстар туралы есептің нысаны (2.4-нысан);

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес дебиторлық және кредиторлық берешекті таратып жазу нысаны (2.5-нысан);

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес банктік қызметті, сондай-ақ лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің салық есептілігін жасау қағидалары (2.3 – 2.5-нысандар);

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтері бойынша есептің нысаны (3.1-нысан):

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерін басқару бойынша есептің нысаны (3.2-нысан);

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес бухгалтерлік теңгерім нысаны (3.3-нысан);

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес кірістер және шығыстар туралы есептің нысаны (3.4-нысан);

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері бойынша қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын, мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің салық есептілігін жасау қағидалары (3.1 – 3.4-нысандар);

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес сақтандыру қызметі туралы есептің нысаны (4.1-нысан);

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес бухгалтерлік теңгерім нысаны (4.2-нысан);

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес кірістер және шығыстар туралы есептің нысаны (4.3-нысан);

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес мониторингке жататын ірі салық төлеушілер болып табылатын сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық есептілігін жасау қағидалары (4.1 – 4.3-нысандар);

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебінің нысаны (531.00-нысан);

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебінің салық есептілігін жасау қағидалары (531.00-нысан);

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (810.00-нысан);

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан);

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларацияның нысаны (890.00-нысан);

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (890.00-нысан) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Ә.С. Жұмаділдаев) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және мыналарды:

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 31 желтоқсан арасында туындайтын қатынастарға қолданылатын, осы бұйрықтың 1-тармағының 95) және 96) тармақшаларын;

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 31 желтоқсан арасында туындайтын қатынастарға қолданылатын, осы бұйрықтың 1-тармағының 97) және 98) тармақшаларын қоспағанда, 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін туындайтын қатынастарға қолданылады."

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.12.2014 № 587(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
1-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация

Нысан 100.00 Бет 01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
2-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (100.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (100.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге (бұдан әрі - КТС) арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. декларацияны: мемлекеттік мекемелерді;

Салық кодексінің 134-бабы 2-тармағында көрсетілген табыстар бойынша Салық кодексінің 134-бабы 1-тармағының тиісті шарттарына сәйкес келетін коммерциялық емес ұйымдарды;

110.00 немесе 150.00-нысан бойынша декларация толтыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент заңды тұлғалар, резидент емес заңды тұлғалар жасайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Декларация декларацияның өзінен (100.00-нысан) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (100.01-ден 100.07-ге дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде толтырылады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және өзінің атауымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөрі бар болған жағдайда, салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібімен қағаз жеткізгіште – нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Декларацияға қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (100.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) декларация түрі:

тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні:

жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады.

6) салық төлеушінің санаты:

торкөз, егер салық төлеуші А немесе В жолда көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды:

осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) қоса берілген қосымшалар:

салық төлеуші декларацияға табыс еткен қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

9) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

10) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

егер декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолда осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолда резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

11) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің бар-жоғы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

15. "Жылдық жиынтық табыс" деген бөлімде:

1) 100.00.001 жолда Салық кодексінің 86-бабына сәйкес айқындалатын, өткізуден түскен табыс сомасы, сондай-ақ Салық кодексінің 89-1-бабына сәйкес айқындалатын, сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының табыс сомасы көрсетіледі;

2) 100.00.002 жолда Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.003 жолда Салық кодексінің 90-бабына сәйкес айқындалатын құрылған провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыстың сомасы көрсетіледі. Бұл жол 100.00.003 I жолын да қамтиды:

100.00.003 I жолда Салық кодексінің 90-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалатын провизиялардың (резервтердің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыстың сомасы көрсетіледі; 100.00.004 жолда Салық кодексіне сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін салық төлеушінің өзге де табыстары көрсетіледі;

4) 100.00.005 жолда жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі. 100.00.001 + 100.00.002 + 100.00.003 + 100.00.004 ретінде айқындалады;

5) 100.00.006 жолда Салық кодексінің 99-бабы 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын, жылдық жиынтық табысты түзетудің сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.007 жолда Салық кодексінің 99-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын, жылдық жиынтық табысты түзетудің сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні теріс мәнге ие болуы мүмкін;

7) 100.00.008 жолда 100.00.007 жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мағынасы оң болған кезде) немесе 100.00.007 жолына азайтылған (егер бұл жолдың мағынасы теріс болған кезде) $(100.00.005 - 100.00.006) + (-) 100.00.007$, 100.00.005 және 100.00.006 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалып, түзету есепке ала отырып жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. "Шегерімдер" деген бөлімде:

1) 100.00.009 жолда Салық кодексінің 100-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. 100.00.009 I – 100.00.009 II + 100.00.009 III + 100.00.009 IV + 100.00.009 V – 100.00.009 VI – 100.00.009 VII – 100.00.009 VIII – 100.00.009 IX ретінде айқындалады;

100.00.009 I жолда салық кезеңінің басына баланстық құны көрсетіледі. Аталған жол салық кезеңнің басына бухгалтерлік теңгерме бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында тауарлық-материалдардық қордың (бұдан әрі – ТМҚ) болмауы мүмкін;

100.00.009 II жол салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерме деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс еткен тарату декларациясында 100.00.009 II жолы жою балансының негізінде толтырылады;

100.00.009 III жолда:

салық төлеуші салық кезеңінің барысында келіп түскен ТМҚ, оның ішінде сатып, тегін, бірігу жолымен қайта ұйымдастыруға байланысты алынған, жарғылық капиталға салым ретінде алынған, және де басқа да негіздемемен келіп түскен;

тарапты ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар, жеке тұлғалар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі.

100.00.009 III A бастап 100.00.009 III H дейінгі жолдар мәндерінің қосындысымен айқындалады (100.00.009 III A + 100.00.009 III B + 100.00.009 III C + 100.00.009 III D + 100.00.009 III E + 100.00.009 III F + 100.00.009 III G + 100.00.009 III H) жолдарының мәндерін қосумен айқындалады:

100.00.009 III A жолда салық төлеушінің есепті салық кезеңі ішінде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ құны көрсетіледі;

100.00.009 III B жолда қаржылық қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.009 III C жолда жарнамалық қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.009 III D жолда консультация қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.009 III E жолда маркетинг қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.009 III F жолда дизайнерлік қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.009 III G жолда инжиниринг қызметтердің құны көрсетіледі;

100.00.009 III H жолда есепті салық кезеңі ішінде сатып алған өзге де жұмыстар мен қызметтер құны көрсетіледі. Бұл жол декларацияның 100.00.010-нан 100.00.019 жолдар бойынша сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша шығыстардың сомаларын қоспайды;

100.00.009 IV жолда шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстардың шегерімге жатқызылатын сомасы көрсетіледі;

100.00.009 V жолда өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.009 VI жолда тіркелген активтер және жалға алынған негізгі құралдар бойынша кейінгі шығыстар болып танылған жүргізілетін жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.009 VII тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын, активтердің бастапқы құнына енетін, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.009 VIII жолда 100.00.009 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабы 1)-14) тармақшаларының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны, оның ішінде ТМҚ табиғи кемуі бойынша шығыстардың сомасы Салық кодексінің 100-бабы 15-тармағына сәйкес шегерімдерге жатқызуға жатпайтын шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұдан тыс, бұл жол бойынша декларацияның 100.00.010-нан 100.00.019 жолдар бойынша шегерімдерге жатқызылуы тиіс ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

100.00.009 IX жолда алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс;

2) 100.00.010 жолда Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын тұрақсыздық айыптар (айыппұлдар, өсімпұлдар) бойынша шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.011 жолда Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

4) 100.00.012 жолда Салық кодексінің 100-бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

5) 100.00.013 жолда Салық кодексінің 103-бабына сәйкес айқындалған сыйақылар бойынша шегерім сомасы көрсетіледі;

6) 100.00.014 жолда Салық кодексінің 102-бабына сәйкес айқындалған өкілдік шығыстардың шегерім сомасы көрсетіледі;

7) 100.00.015 жолда Салық кодексінің 105-бабына сәйкес айқындалған күмәнді талаптар бойынша шегерім сомасы көрсетіледі;

8) 100.00.016 жолда Салық кодексінің 114-бабына сәйкес айқындалған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шегерім сомасы көрсетіледі;

9) 100.00.017 жолда Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес айқындалған тіркелген активтер мен негізгі құралдар бойынша шегерім сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.02.011 және 100.02.012 жолдарының сомасы көшіріледі.

10) 100.00.018 жолда:

Салық кодексінің 123-125-баптарына сәйкес айқындалған;

тіркелген активтердің инвестициялық жобасы шеңберінде пайдалануға енгізілген құнының бір бөлігі түрінде "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен инвестициялық жасасқан келісімшарттар бойынша инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдердің сомасы көрсетіледі;

11) 100.00.019 жолда Салық кодексінің 106-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстар сомасы көрсетіледі. Бұл жол 100.00.019 I жолын да қамтиды:

100.00.019 I жолда Салық кодексінің 106-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалатын шегерім сомасы көрсетіледі;

12) 100.00.020 жолда Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар сомасы көрсетіледі. Бұл жол бойынша мынадай шегерімдер көрсетіледі:

Салық кодексінің 101-бабына сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде өтемақылар;

Салық кодексінің 104-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді талаптар;

Салық кодексінің 107, 111, 112-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылатын жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстары;

Салық кодексінің 109-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын кепілдік беру жүйелеріне қатысушылардың жарналары;

Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын теріс бағамдық айырма сомасының оң бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

100.03 нысанының 3G жолда көрсетілген резидент емес заңды тұлғаның басқару және әкімшілік шығыстары;

Салық кодексінің көрсетілген бабының 1-тармағының 4) тармақшасын қоспағанда, Салық кодексінің 105-1-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстар;

Салық кодексіне сәйкес салық төлеушінің шегерімге жатқызылатын және де 100.00.009 – 100.00.019 жолдарында көрсетілмеген басқа да шығыстары;

13) 100.00.021 жолда шегерімге жатқызылуы тиіс қорытынды сома көрсетіледі. Бұл жолға 100.00.021 I жолы немесе 100.00.021 II немесе 100.00.021 III жол көшіріледі. Егер 100.00.021 II жол толтырылса, 100.00.021 II жолдың мәні көшіріледі. Егер 11 жол белгіленгенсе, 100.00.021 III жолдың мәні көшіріледі. Басқа жағдайларда 100.00.021 I жол көшіріледі:

100.00.021 I жолда шегерімге жатқызылатын шығыстардың 100.00.009-ден 100.00.020-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шегерімдердің сомасы көрсетіледі. Декларацияны жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте салық салынуы тиіс табыстар алған кезде коммерциялық емес ұйымдар толтырған жағдайда 100.00.009-дан 100.00.020-ға дейінгі жолдарда жалпы коммерциялық емес ұйым бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

100.00.021 II жолда бір мезгілде 130.00-нысан бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны және 100.00-нысан бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс ететін және есепке алудың бөлек әдісін қолданатын коммерциялық емес ұйымдардың Салық кодексінің 134-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.00.029 жолы көшіріледі;

100.00.021 III жолда Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекеме(лері)сі бар резиденттер шегерімге жатқызуы тиіс шығыстардың сомасы көрсетіледі. 100.00.021 I және 100.05-нысанның I бағанының айырмашылығы ретінде айқындалады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. "Салық кодексіне сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

100.00.022 жолда Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес айқындалатын, табыстар мен шегерімдерді түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.00.022 I және 100.00.022 II (100.00.022 I – 100.00.022 II жолдарының сомасының айырмашылығы ретінде айқындалады:

100.00.022 I жолда Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

100.00.022 II жолда Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

18. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

100.00.023 жолда Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

100.00.024 жолда Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын, шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

19. "Салық салынатын табысты есептеу" деген бөлімде:

1) 100.00.025 жолда салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 100.00.008 – 100.00.021 + 100.00.022 + 100.00.023 - 100.00.024 ретінде айқындалады;

2) 100.00.026 жолда резидент төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстарының сомасы көрсетіледі. 100.00.026 жол анықтамалық сипатқа ие. Бұл жол өзіне 100.00.026I жолын да қамтиды:

100.00.026 I жолда Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі. Бұл жолға 100.05-нысаны G бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

3) 100.00.027 жолда Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.04-нысан E бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

4) 100.00.028 жолда халықаралық салық салу ерекшелігі есепке ала отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. Бұл ретте 100.00.026 I жолда көрсетілген сома салық салынатын табысқа қосуға жатады, салық салынатын табыстың болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы резидентінің залалын азайтады. 100.00.028 жолы 100.00.027 (100.00.025 + 100.00.026 I – 100.00.027) жолын алып тастаумен, 100.00.025 және 100.00.026 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 100.00.029 жолда Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі. Егер 100.00.028 жолының теріс мәні болса, 100.00.029 жолы 100.00.028 жолының және 100.02.008 I, жолының модулінің сомасы ретінде айқындалады. Егер 100.00.028 жолының оң мәні болса, 100.00.029 жолына 100.02.008 I жолы көшіріледі;

6) 100.00.030 жолда Салық кодексінің 133-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 100.00.030 және 100.00.030 I жолда Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі;

100.00.030 I жолда Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі;

100.00.030 II жолда Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі;

7) 100.00.031 жолда Салық кодексінің 133-бабына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 100.00.028 және 100.00.030 жолдарының айырмашылығы ретінде анықталады (100.00.030 – 100.00.028). Егер 100.00.030 жолы 100.00.028 жолынан артық болса, 100.00.031 жолда нөл көрсетіледі;

8) 100.00.032 жолда алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

9) 100.00.033 жолда көшірілген залалдар қосылған салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер 100.00.031 жолда оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады. 100.00.031 және 100.00.032 жолдары сомасының айырмашылығы ретінде айқындалады (100.00.031 – 100.00.032). Егер 100.00.032 жолы 100.00.031 жолынан артық болса, 100.00.033 жолда нөл көрсетіледі.

20. "Салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

1) 100.00.034 жолда Салық кодексінің 147-бабына сәйкес КТС ставкасы пайызда көрсетіледі. Егер салық төлеуші 20 және 10 пайыз ставкаларын бір мезгілде қолданатын болса, 100.00.034 жол толтырылмайды;

2) 100.00.035 жолда салық салынатын табыстың КТС сомасы көрсетіледі. 100.00.033 және 100.00.034 (100.00.033 x 100.00.034) жолдарының туындысы ретінде айқындалады. Егер салық төлеуші 20 және 10 пайыз ставкаларын бір мезгілде қолданатын болса, 100.00.035 жолда бөлек салық есебі деректерінің негізінде анықталған КТС сомасы көрсетіледі;

3) 100.00.036 жолда Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 100.00.035, 100.00.036 I, 100.00.036 II, 100.00.036 III, 100.00.036 IV, 100.00.036 V (100.00.035 – 100.00.036 I – 100.00.036 II – 100.00.036 III – 100.00.036 IV – 100.00.036 V) жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 100.00.036 жолда нөл көрсетіледі:

100.00.036 I жолда Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 100.05-нысаны К бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

100.00.036 II жолда Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.00.036 III жолда алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.00.036 IV жолда бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін, Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес сыйақы түріндегі табыстан салық кезеңінде төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.00.036 V жолда Салық кодексінің 200-бабына сәйкес табыстың төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

4) 100.00.037 жолда салық міндеттемесінің мөлшерін азайтуды есепке ала отырып, салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 100.00.036 - 100.00.037 I ретінде айқындалады;

100.00.037 I жолда Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының азайту сомасы көрсетіледі;

5) 100.00.038 жолда Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі. 100.00.033 және 100.00.035 (100.00.033 – 100.00.035) жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады;

6) 100.00.039 жолда таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

100.00.039 I жолда Салық кодексінің 139-бабы 2 және 3-тармақтарына және Салық кодексінің 223-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есебіне жатқызу жүзеге асырылатын сомасын қоспағанда, Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес 15 пайыздық ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі ($100.00.038 \times 15\%$). Бұл ретте Салық кодексінің 198-бабы 1-1-тармағында көзделген шарттарды сақтаған жағдайда, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға таза табысқа есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға кемітеді;

100.00.039 II жолда халықаралық шартта көзделген ставка бойынша Салық кодексінің 214-бабына сәйкес есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

100.00.039 III жол егер 100.00.039 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

100.00.039 IV жол егер 100.00.039 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

100.00.039 V жолда Салық кодексінің 198-бабы 1-1-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін таза табысқа есептелген корпоративтік табыс салығының сомасының кемітілуі көрсетіледі. $100.00.038 \times 15$ пайыз ретінде айқындалады;

7) 100.00.040 жолда есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 100.00.037 + 100.00.039 I + 100.00.039 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

21. Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес салық салудың жалпыға белгіленген тәртібін және арнайы салық режимін бір мезгілде қолданатын салық төлеушілер, сондай-ақ корпоративтік табыс салығының 10 және 20 пайыздық ставкаларын бір мезгілде қолданатын салық төлеушілер жалпы бөлек салық есебі деректерінің негізінде қызметтің барлық түрлері бойынша декларацияны (100.00-нысан) және оған қосымшаларды (100.06-нысаннан басқа 100.01 – 100.07-нысандар) толтырады және егер мұндай формулалар мәнін қолдану осы декларацияда көрсетуге жататын мәндерін бұрмалауға әкеп соғатын болса, онда декларацияда (100.00-нысан) көзделген формуланы қолданбайды.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.001 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.005 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.001 I жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.001 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.002 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.006 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.003 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.007 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.004 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.008 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.005 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.021 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.005 I жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.009 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.005 II жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.017 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.006 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.022 I жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.007 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.022 II жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.008 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.023 жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.009 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.024 жолда көрсетіледі.

100.06.010 жолы бойынша мәндер 100.00.025 жолына көшірілмейді, бұл ретте , 100.06-нысанды толтырған жағдайда, 100-нысанның 100.00.025 жолы толтырылмайды.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.024 I жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.039 I жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.024 II жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.039 II жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.024 V жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.039 V жолда көрсетіледі.

100.06-нысанның барлық қосымшаларының 100.06.025 жолы бойынша мәндері қосылады және жиынтық сомасы 100.00.040 жолда көрсетіледі.

Бұл ретте 100.06 нысанда қайталанатын 100.00-нысанның басқа жолдары, қызметтің барлық түрлері бойынша салық төлеуші жалпы толтыруы тиіс.

Салық кодексінің 58-бабына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасын есептеу, төлеу немесе ұстау, сондайақ мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы үшін салықтық нысандарды жасау және табыс ету жөніндегі салық міндеттемесі жүктелген жағдайда, және салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер бойынша салық есебін бөлек жүргізуді жүзеге асыратын, өз қызметін және қызметін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты шеңберінде жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушы – салық төлеуші декларацияны (100.00-нысан), бөлек салық есебі деректерінің негізінде және егер осындай формулаларды қолдану осы декларацияда көрсетуге жататын мәндерін бұрмалауға әкеп соғатын болса, декларацияда (100.00-нысан) көзделген формулалар мәнін қолданбайды.

22. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырған күні.

Декларацияның салық органына тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолда декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 100.01-нысанын жасау - Сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша ҚҚС төлеуші болып табылмайтын салық төлеушілердің шығыстары

23. Бұл нысанды қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын тұлғалар толтырады. Нысанда шегерімге жатқызылмайтындарды қоса алғанда, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы нысандағы мәліметтер декларацияға және оған қосымшаларға көшірілмейді.

24. "Шығыстар" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын салық төлеуші контрагенттің бизнес-сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;
- 3) С бағанында осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 4) D бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;
- 5) E бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:
 - 1 – қаржы қызметтері;
 - 2 – жарнамалық қызметтер;
 - 3 – консультациялық қызметтер;
 - 4 – маркетингтік қызметтер;
 - 5 – дизайнерлік қызметтер;
 - 6 – инжинирингтік қызметтер;
 - 7 – өзгелері;
- 6) F бағанында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша құны көрсетіледі;
- 7) G бағанында қызмет түрлерінің белгісі көрсетіледі.

Бұл ретте, "1" – егер шығыстар (залалдар) тек салық салудың жалпыға белгіленген тәртіпте іске асатын қызметті жүзеге асыру мақсаттарында ғана шеккенде; "2" – егер шығыстар (залалдар) тек салық салудың шығыстар (залалдар) Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес арнайы салық режимі шеңберінде іске асатын қызметті жүзеге асыру мақсаттарында ғана шеккенде; "3" – егер шығыстар (залалдар) тек салық салудың шығыстар (залалдар) Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес салық салудың жалпыға белгіленген

тәртіпте және арнайы салық режимі шеңберінде іске асатын қызметті жүзеге асыру мақсаттарында ғана шеккенде; "4" – егер шығыстар (залалдар) шегермедерге жатпайды.

4. 100.02 -нысанын жасау - Тіркелген активтер бойынша шегерімдер

25. Бұл нысан Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес тіркелген активтер бойынша шегерімдерді айқындауға, сондай-ақ Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін 1-топтың тіркелген активтерін шығарудан залалды айқындауға арналған.

26. "Тіркелген активтер бойынша шегерімдер" деген бөлімде:

1) 100.02.001 жолда салық кезеңнің басына топтардың құндық теңгерімінің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.02.001 I-ден 100.02.001 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.001 I жолда Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына I топ тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.02.001 II жолда Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына II топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.02.001 III жолда Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына III топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.02.001 IV жолда Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына IV топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

2) 100.02.002 жолда салық кезеңінде келіп түскен Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтердің құны көрсетіледі. 100.02.002 I-ден 100.02.002 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.002 I жолда Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен I топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.02.002 II жолда Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен II топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.02.002 III жолда Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен III топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.02.002 IV жолда Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен IV топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

3) 100.02.003 жолда Салық кодексінің 119-бабына сәйкес шығарылған тіркелген активтердің құны көрсетіледі. 100.02.003 I-ден 100.02.003 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.003 I жолда Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын I топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.02.003 II жолда Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын II топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.02.003 III жолда Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын III топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

100.02.003 IV жолда Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын IV топтың шығарылған тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

4) 100.02.004 жолда Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын кейінгі шығыстар көрсетіледі. 100.02.004 I-ден 100.02.004 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.004 I жолда Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кіші топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

100.02.004 II жолда Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын II топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

100.02.004 III жолда Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын III топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

100.02.004 IV жолда Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын IV топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

5) 100.02.005 жолда салық кезеңнің аяғына топтардың құндық теңгерімнің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.03.005 I-ден 100.03.005 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.005 I жолда Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің аяғына I топ тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

100.02.005 II жолда Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің аяғына II топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

100.02.005 III жолда Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің аяғына III топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

100.02.005 IV жолда Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің аяғына IV топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

6) 100.02.006 жолда Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша есептелген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі. 100.02.006 I-ден 100.02.006 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.006 I жолда Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген I топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

100.02.006 II жолда Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген II топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

100.02.006 III жолда Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген III топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

100.02.006 IV жолда Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген IV топтың тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

7) 100.02.007 жолда Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі. 100.02.007 I-ден 100.02.007 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.007 I жолда Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес I топтың тіркелген активтері бойынша амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

100.02.007 II жолда Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес II топтың тіркелген активтері бойынша амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

100.02.007 III жолда III топтың тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

100.02.007 IV жолда Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес IV топтың тіркелген активтері бойынша амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

8) 100.02.008 жолда Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес шегерімге жатқызылатын (II, III, IV топтары) немесе залал деп танылатын (I тобы) барлық тіркелген активтерді шығару кезіндегі топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімі

көрсетіледі. 100.02.008 I-ден 100.02.008 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.008 I жолда Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере отырып, Салық кодексінің 121-бабы 1-тармағына сәйкес залал деп танылатын I топтың шығарылған тіркелген активтерінің (өтеусіз бергенді қоспағанда) кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.02.008 II жолда Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере отырып, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі II топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.02.008 III жолда Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере отырып, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі III топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.02.008 IV жолда Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере отырып, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі IV топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

9) 100.02.009 жолда Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына топтың (кіші топтың) құндық теңгерімі көрсетіледі. 100.02.009 I-ден 100.02.009 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.009 I жолда Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.02.009 II жолда Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын II топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.02.009 III жолда Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын III топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген

мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

100.02.009 IV жолда Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын IV топтың тіркелген активтері бойынша республикалық бюджет туралы Заңнамасында белгіленген және салық кезеңінің соңғы күніне дейін күші бар айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

10) 100.02.010 жолда Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын кейінгі шығыстар көрсетіледі. 100.02.010 I-ден 100.02.010 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.010 I жолда Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі.

100.02.010 II жолда Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын II топтың тіркелген активтері бойынша жұмсалатын кейінгі шығыстар көрсетіледі.

100.02.010 III жолда Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын III топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі:

100.02.010 IV жолда Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын IV топтың тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

11) 100.02.011 жолда тіркелген активтер бойынша салық кезеңінің шегерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 100.02.011 I-ден 100.02.011 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

100.02.011 I жолда I топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.02.006 I, 100.02.007 I, 100.02.009 I, 100.02.010 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.02.006 I + 100.02.007 I + 100.02.009 I + 100.02.010 I);

100.02.011 II жолда II топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.02.006 II, 100.02.007 II, 100.02.008 II, 100.02.009 II, 100.02.010 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.02.006 II + 100.02.007 II + 100.02.008 II + 100.02.009 II + 100.02.010 II);

100.02.011 III жолда III-топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.02.006 III, 100.02.007 III, 100.02.008 III, 100.02.009 III, 100.02.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.02.006 III + 100.02.007 III + 100.02.008 III + 100.02.009 III + 100.02.010 III);

100.02.011 IV жолда IV–топтың тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 100.02.006 IV, 100.02.007 IV, 100.02.008 IV, 100.02.009 IV, 100.02.010 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады (100.02.006 IV + 100.02.007 IV + 100.02.008 IV + 100.02.009 IV + 100.02.010 IV);

12) 100.02.012 жолда Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, жалға алушы жалға алынған негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстарының сомасы көрсетіледі.

100.02.008 I жолы 100.02.029 жолын айқындау кезінде ескеріледі.

100.02.011 және 100.02.012 жолдарының сомасы 100.00.017 жолына көшіріледі.

5. 100.03-нысанын жасау - Резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары

27. Бұл нысан Салық кодексінің 208–211-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және табыстарға немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарттың (бұдан әрі – халықаралық шарт) ережелерін қолдануға құқығы бар, қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес толтырады.

28. "Қосымша ақпарат" деген бөлімде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі. Салық кодексінің 208-бабына сәйкес шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

А торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылады;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

А торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

3) халықаралық шарт жасасқан резиденттік елінің коды. Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) салық кезеңі. Халықаралық шарт жасасқан елдегі салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді;

5) салық кезеңінің түзету коэффициент(-тер)і (бұдан әрі – СКТК). Салық кодексінің 210-бабына сәйкес қолданылған жағдайда К (К1 және К2) түзету коэффициент(тер)інің мөлшері белгіленеді.

29. "Шығыстар" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалған;
3) С бағанында резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуы тиіс) жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі. СКТК пайдаланылған жағдайда оны есепке ала отырып;

4) D бағанында резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының сомасы көрсетіледі. СКТК пайдаланылған жағдайда оны есепке ала отырып;

5) E бағанында резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. СКТК пайдаланылған жағдайда оны есепке ала отырып;

6) F бағанында қолданылатын тәсіл бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі. Есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметтен салыстырмалы көрсеткіштердің барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілін қолдануға байланысты $4C$ жолда немесе $4C$, $4D$, $4E$ жолдарының сомасының 3-ке қатынасы $((4C + 4D + 4E) / 3)$ ретінде айқындалатын резидент еместің салыстырмалы көрсеткіштеріне қатынасын білдіреді. Есептік көрсеткіштерді айқындау кезінде мыңдық үлестер көрсетіледі;

7) G бағанында резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік, оның ішінде Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме қызметі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында G бағанында көрсетілген шығыстар есепке ала отырып, салық төлеуші шығысының жалпы сомасы көрсетіледі.

3G бағанының мәні 100.00.020 жолына қосылады.

6. 100.04-нысанын жасау - Халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс

30. Бұл нысан Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табысты айқындауға арналған. Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына сәйкес егер Қазақстан Республикасы

ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

31. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес табысқа қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс көрсетіледі.

100.05-нысанының E бағанының жиынтық мәні 100.00.026 жолына көшіріледі

7. 100.05-нысанын жасау - Шетел көздерінен табыстар, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомалары. Төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасы

32. Бұл нысан шетел көздерінен табыстарды, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомаларын, сондай-ақ төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған, Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес.

33. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі. Осы бағанда резидент еместің резиденттік елінің коды (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс көзі болып табылатын елдің коды (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс төлейтін резидент еместің (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Қағидалардың 36-тармағы 2) тармақшасына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты емес шетел көздерінен алған табыс түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес табыс алу валютасының коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент салық төлеушінің салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің жарғылық капиталындағы немесе дауыс беретін акцияларының қатысу үлесі, өзге жағдайларда табысты төлейтін резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі көрсетіледі, пайыз түрінде;

7) G бағанында резидент салық төлеушіге тиесілі, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент емес заңды тұлғаның қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген пайданың сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында резидент салық төлеушінің тұрақты мекемеге байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден есепке жазылған табыстарының сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

9) I бағанында резидент салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелермен шегерімге жатқызылатын басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген шетелдегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративті табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға тиісті шетел мемлекетіндегі көздерден алынатын табыстарға салынатын табыс салығының сомалары көрсетіледі.

A-дан G-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады. A-дан E-ге дейінгі, H-тан J-ге дейінгі бағандары Салық кодексінің 221, 222-баптарына сәйкес толтырылады. A-дан E, H, J, K F-ке дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

G бағанының жиынтық мәні 100.00.026 I жолына көшіріледі.

K бағанының жиынтық мәні 100.00.036 I жолына көшіріледі.

8. 100.06-нысанын жасау - Бөлек есепке алуды жүргізуді көздейтін қызмет түрлері бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу жөніндегі салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы

34. Бұл нысан Салық кодексінің 58-бабына және (немесе) 448-бабының 4-тармағына сәйкес оған қатысты бөлек есепке алу жүргізуді көздейтін қызмет түрлері бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу жөніндегі салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметті көрсетуге арналған.

Бұл нысанды қызмет түрлерінің әрбір белгісі бойынша жеке–жеке жүзеге асырылады. Мысалы, Салық кодексінің 448–452-баптарына көзделген арнайы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын және салық салуды салық жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүргізетін салық төлеуші 100.06-нысанды екі данада жасайды.

Бұл ретте салық төлеуші 100.06-нысанды кем дегенде екі данасын және 100.07-нысанның көп дегенде төрт данасын толтырады.

3 жолда қатысты бөлек есепке алу жүргізуді көздейтін қызметі түрлерінің тиісті торкөзі белгіленеді:

1-белгі – Салық кодексінің 147-бабы 1-тармағында көзделген ставка бойынша корпоративтік табыс салығын есептеумен Салық кодексінің 448 – 452-баптарына көзделген арнайы салық режимі таралатын қызмет түрлері;

2-белгі – Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағында көзделген ставка бойынша корпоративтік табыс салығын есептеумен Салық кодексінің 448 – 452-баптарына көзделген арнайы салық режимі таралатын қызмет түрлері;

3-белгі – Салық кодексінің 147-бабы 1-тармағында көзделген ставка бойынша жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте корпоративтік табыс салығын салық салуға жататын табыстары жүзеге асырудан түсетін қызмет түрлері;

4-белгі – Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағында көзделген ставка бойынша жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте корпоративтік табыс салығын салық салуға жататын табыстары жүзеге асырудан түсетін қызмет түрлері.

35. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) 100.06.001 жолда жылдық жиынтық табыс көрсетіледі;

100.06.001 I жолда Салық кодексінің 86-бабына сәйкес айқындалатын, өткізуден түскен табыс көрсетіледі;

2) 100.06.002 жолда Салық кодексінің 99-бабы 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын, жылдық жиынтық табысты түзетудің сомасы көрсетіледі;

3) 100.06.003 жолда Салық кодексінің 99-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын, жылдық жиынтық табысты түзетудің сомасы көрсетіледі;

4) 100.06.004 жолда 100.06.001 және 100.6.002 жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалған, 100.06.003 жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мағынасы оң болған кезде) немесе 100.06.003 жолына азайтылған (егер бұл жолдың мағынасы теріс болған кезде) $(100.06.001 - 100.06.002) + (-) 100.07.003$ түзету есепке ала отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі;

5) 100.06.005 жолда шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

100.06.005 I жолда Салық кодексінің 100-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің өзіндік құны көрсетіледі;

100.06.005 II жолда Салық кодексінің 116–117-баптарына сәйкес айқындалатын, тіркелген активтер және жалға алынған негізгі құралдар бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстардың сомасы;

6) 100.06.006 жолда Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

7) 100.06.007 II жолда Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі;

8) 100.06.008 жолда Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес жүргізілетін, табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

9) 100.06.009 жолда Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес жүргізілетін, шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі. Бұл жол "-" белгісініз толтырылады;

10) 100.06.010 жолда салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 100.06.062 жолы алына отырып, $100.06.004 - 100.06.005 + 100.06.006 - 100.06.007 + 100.06.008 - 100.06.009$ ретінде айқындалады;

11) 100.06.011 жолда резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстар сомасы көрсетіледі. 100.06.011 жолы анықтамалық сипатқа ие. Бұл жол өзіне 100.06.011 I жолын да қамтиды.

100.06.011 I жолда Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі;

12) 100.06.012 жолда Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі;

13) 100.06.013 жолда халықаралық салық салу ерекшелігі есепке ала отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. Бұл ретте 100.06.040 I жолда көрсетілген сома салық салынатын табысқа қосуға жатады, салық салынатын табыстың болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының резидентінің залалын азайтады. 100.06.013 жолы 100.06.012 жолын алып тастаумен $(100.06.010 + 100.06.011 I - 100.06.012)$, 100.06.010 және 100.06.011 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

14) 100.06.014 жолда Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі. Бұл жол 100.02.008 I жолын есепке ала отырып, толтырылады;

15) 100.06.015 жолда Салық кодексінің 133-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі;

16) 100.06.016 жолда Салық кодексінің 133-бабына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 100.06.013 және 100.06.015 жолдарының айырмашылығы ретінде анықталады (100.06.013 – 100.06.015). Егер 100.07.015 жолы 100.07.013 жолынан артық болса, 100.06.016 жолда нөл көрсетіледі;

17) 100.06.017 жолда алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

18) 100.06.018 жолда көшірілген залалдарды есепке ала отырып, салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер 100.06.016 жолда оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады. 100.06.016 және 100.06.017 жолдары сомасының айырмашылығы ретінде айқындалады (100.06.016 – 100.06.017). Егер 100.06.017 жолы 100.06.016 жолынан артық болса, 100.06.018 жолда нөл көрсетіледі;

19) 100.06.019 жолда Салық кодексінің 147-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы пайызда көрсетіледі;

20) 100.06.020 жолда салық салынатын табыстың корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 100.06.018 және 100.06.019 жолдарының туындысы ретінде айқындалады;

21) 100.06.021 жолда Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 100.06.049, 100.06.021 I, 100.06.021 II, 100.06.021 III, 100.06.021 IV, 100.06.021 V (100.06.049 – 100.06.021 I – 100.06.021 II – 100.06.021 III – 100.06.021 IV – 100.06.021 V) жолдарының айырмашылығы ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 100.06.021 I жолда нөл көрсетіледі;

100.06.021 I жолда Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі;

100.06.021 II жолда Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.06.021 III жолда алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.06.021 IV жолда бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін, Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес сыйақы

түріндегі табыстан салық кезеңінде төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.06.021 V жолда Салық кодексінің 200-бабына сәйкес табыстың төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

22) 100.06.022 жолда 100.06.021, 100.06.022 I, 100.06.022 II, 100.06.022 III (100.06.021 – 100.06.022 I – 100.06.022 II – 100.06.022 III) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, салық міндеттемесінің мөлшерін азайтуды есепке ала отырып, салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

100.06.022 I жолда Салық кодексінің 451-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының азайту сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 448–452-баптарында көзделген арнаулы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады. Егер салық төлеуші тек Салық кодексінің 448–452-баптарында көзделген арнаулы салық режимін қолданған жағдайда, бұл жол 100.07.050 (100.07.050 x 70%) жолы бойынша көрсетілген мәннен 70% ретінде айқындалады;

100.06.022 II жолда инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісімшартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін қолдануға байланысты кемітілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

100.06.022 III жолда Салық кодексінің 198-бабы 1-1-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасының кемітілу сомасы көрсетіледі. Бұл жол 100.06.021 жолы бойынша көрсетілген мәннің 100 пайызы ретінде айқындалады;

23) 100.06.023 жолда Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі. 100.07.018 және 100.06.020 (100.06.018 – 100.06.020) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

24) 100.06.024 жолда таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

100.06.024 I жолда Салық кодексінің 139-бабы 2 және 3-тармақтарына және Салық кодексінің 223-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есебіне жатқызу жүзеге асырылатын сомасын қоспағанда, Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес 15 пайыздық ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі (100.07.023 x 15%). Бұл ретте Салық кодексінің 198-бабы 1-1-тармағында көзделген шартарды сақтаған жағдайда, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлға таза табысқа есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға кемітеді;

100.06.024 II жолда халықаралық шартта көзделген ставка бойынша Салық кодексінің 214-бабына сәйкес есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

100.06.024 III жол егер 100.06.024 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аталған халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

100.06.024 IV жол егер 100.06.050 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

100.06.024 V жолда Салық кодексінің 198-бабы 2-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін таза табысқа есептелген корпоративтік табыс салығының сомасының кемітілуі көрсетіледі. 100.06.023 x 15 пайыз ретінде айқындалады;

25) 100.06.025 жолда есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 100.06.022 + 100.06.024 I + 100.06.024 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

9. 100.07-нысанын жасау - Жылдық қаржылық есептіліктің құрамдас бөліктері туралы мәліметтер

36. Бұл нысан халықаралық стандарттарға және бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде салық төлеуші толтырады.

10. Табыстардың, валюталардың, халықаралық келісімдер түрлерінің кодтары

37. Декларация толтыру кезінде мынадай табыс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – Қазақстан Республикасында орналасқан тауарларды сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде одан тыс өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

1021 – резидентке Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік

және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыс;

1030 – Қазақстан Республикасының Үкіметі Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындайтын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің нақты орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ Салық кодексінің 192-бапта белгіленген өзге де табыстары;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікке құқық немесе мүлікпен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1041 – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1042 – резидент шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғаның, консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 және одан да көп процентін Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды, сондай-ақ резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1051 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1060 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1061 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1070 – бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдардың бюджетке қайтарылғандарынан басқа, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және санкциялардың басқа да түрлері;

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемелерін орындау жүктелмеген сенімгерлікпен басқарушы-резиденттен мүлікті сенімгерлікпен басқаруды тағайындау туралы акт бойынша алынған табыстар;

1100 – резиденттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сыйақылар түріндегі табыстар;

1120 – роялти түріндегі табыстар;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

1140 – Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүлктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1151 – Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1162 – теңіз тасымалы шартында (келісімшартта) көзделген сталиялық уақыттан тыс тиеу-түсіру операцияларында кеменің бос тұрып қалғаны үшін төлем түріндегі табыстар;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағындағы құбырларды, электр беру желілерін, оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан түсетін табыстар;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстар;

1181 – жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстар;

1190 – өздеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындайтын орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс берушіден алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстар;

1211 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші еместен алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстар;

1220 – резидент бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1240 – резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 – Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 – резидент емес жеке тұлғаның резидент жеке тұлғадан өтеусіз алынған мүлкін қоспағанда, өтеусіз алынған немесе мұраға қалдырылған мүлік, оның ішінде жұмыстар, қызметтер түріндегі табыстар;

1261 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

1290 – күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың (резервтердің) мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

- 1320 – талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыстар;
- 1330 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыстар;
- 1340 – тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;
- 1350 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;
- 1360 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;
- 1370 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;
- 1380 – егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;
- 1390 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;
- 1400 – өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыстар;
- 1410 – дивидендтер;
- 1420 – депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар, ислам жалдау сертификаты;
- 1430 – оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі. Бағамдық айырма сомасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады;
- 1440 – ұтыстар;
- 1450 – әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;
- 1460 – кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыстар;
- 1470 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыстар;
- 1480 – ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыстар;
- 1490 – 1010 – 1480 кодтарда көрсетілмеген басқа да табыстар енгізіледі.

38. Валюта коды:

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюталардың кодын пайдалану қажет.

39. Ел кодын толтыру кезінде шешімге 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшаға сәйкес елдердің кодын пайдалану қажет.

40. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 – Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 – Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мұбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 – Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

**Декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуге тиіс
корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының
есебі**

Нысан 101.01 Бет.01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
4-қосымша

**Декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуге тиіс
корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының
есебі**

Нысан 101.02 Бет.01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
5-қосымша

**Декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төлеуі тиіс
корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер
сомасының салық есептілігін (есебін) және декларация
тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік
табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының салық
есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.01 –
101.02-нысандар)**

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

**Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет
болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының салық

есептілігін (есебін) және декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасының салық есептілігін жасау қағидалары (101.01 – 101.02-нысандар) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 141-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдер сомасын есептеу және төлеу міндеттілігі жүктелген корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – КТС) төлеушілердің мынадай салық есептілігі нысандарын жасау тәртібін айқындайды:

декларация тапсырғанға дейін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының есебі (101.01-нысан) (Декларация тапсырылғанға дейінгі есеп);

декларация тапсырғаннан кейін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының есебі (101.02-нысан) (Декларация тапсырылғаннан кейінгі есеп).

2. Декларация тапсырылғанға дейінгі және декларация тапсырылғаннан кейінгі есептерді толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

5. Сомалардың теріс мәндері тиісті жолдың бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

6. Декларация тапсырылғанға дейінгі және тапсырылғаннан кейінгі есептерді жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – Есептер қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Декларация тапсырылғанға дейінгі және тапсырылғаннан кейінгі есептерге салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

8. Декларация тапсырылғанға дейінгі және тапсырылғаннан кейінгі есептер берген кезде:

1) қағаз жеткізгіште келу тәртібімен – Есептер екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз жеткізгіште хабарласы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Декларация тапсырылғанға дейінгі есепті жасау (101.01-нысан)

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (жыл) – Декларация тапсырылғанға дейінгі есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық көрсетіледі;

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлға жолға құрылтай құжаттарына сәйкес өзінің атауын көрсетеді;

4) Есеп түрі.

Тиісті торкөздер Декларация тапсырылғанға дейінгі есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түрлеріне жатқызу ескеріле отырып белгіленеді;

5) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А, В, С жолдарында көрсетілген санаттардың біріне немесе бірнешеуіне жатқан жағдайда белгіленеді;

6) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) резиденттік белгісі.

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

8) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Декларация тапсырылғанға дейінгі есепті Қазақстан Республикасының резиденті емес салық төлеуші жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында шешімге 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

10. Егер сенімгерлікпен басқару шартымен сенімгерлікпен басқарушыға осындай шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемесін орындау жүктелген жағдайда, сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлға өз қызметі бойынша және сенімгерлікпен басқару шарты шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бір декларация тапсырылғанға дейінгі есепті жасайды.

Салық төлеуші Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимін қолданған кезде декларация тапсырылғанға дейінгі есеп жалпы арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша және салық салу жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызмет бойынша жасалады.

Жер қойнауын пайдаланушы бірыңғай декларация тапсырылғанға дейінгі есепті келісімшарт және келісімшарттан тыс қызмет бойынша жасайды.

11. "Салық кодексінің 441-бабы 4-тармағына сәйкес КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының есебі" бөлімін алдыңғы салық кезеңінде КТС бойынша аванстық төлемдерді есептеген және төлеген салық төлеуші толтырады.

Бұл бөлімде:

1) 101.01.001 жолда алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есептерінде салық төлеуші есептеген КТС бойынша аванстық төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 101.01.002 жолда алдыңғы салық кезеңі үшін аванстық төлемдер сомаларының есебінде есептелген аванстық төлемдердің жалпы сомасының төрттен бір бөлігі мөлшерінде айқындалатын, декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

3) 101.01.003 жолда есепті салық кезеңінің қаңтар, ақпан, наурыз айлары үшін ай сайынғы аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. 101.01.002 жолының үштен бір бөлігі ретінде айқындалады (101.01.002/3).

12. "Салық кодексінің 141-бабы 41-тармағына сәйкес КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының есебі" бөлімін алдыңғы салық кезеңінде КТС бойынша аванстық төлемдерді есептемеген және төлемеген салық төлеуші толтырады.

Бұл бөлімде:

1) 101.01.004 жолда Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес есепті салық кезеңі үшін болжаммен есептелетін КТС сомасы көрсетіледі;

2) 101.01.005 жолда Салық кодексінің 199-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін болжаммен есептелетін КТС сомасы көрсетіледі;

3) 101.01.006 жолда декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі. 101.01.004 және 101.01.005 $((101.01.004 + 101.01.005)/4)$ жолдар сомасының төрттен бір бөлігі ретінде айқындалады;

4) 101.01.007 жолды салық салынуы Салық кодексінің 448 – 452-баптарына сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асыратын және 5 жолының "А" торкөзін белгілеген салық төлеушілер толтырады.

Бұл жолда КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының азайтылған сомасының төрттен бір бөлігі мынадай тәртіпте айқындалады:

егер салық төлеуші Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес қызметін тек арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырған жағдайда - Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша болжаммен есептелетін КТС сомасының 70 пайызы мөлшерінде айқындалады $((101.01.004/4) \times 70\%)$;

егер салық төлеуші бір мезгілде салық салу Салық кодексінің

448 – 452-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрлерін, сондай-ақ салық салу жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда - салық салу Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрлері бойынша алынған салық салынатын табыстан Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша болжаммен есептелетін КТС сомасының 70 пайызы мөлшерінде айқындалады;

5) 101.01.008 жолда декларация тапсырылғанға дейінгі кезең үшін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдердің қорытынды сомасы көрсетіледі.

Егер 5-жолдың "А" торкөзі белгіленген жағдайда, бұл жол 101.01.007 (101.01.006 – 101.01.007) жолын ескере отырып айқындалады. Егер 5-жолдың "А" торкөзі белгіленбеген жағдайда, бұл жолға 101.01.006 жолының мәні көшіріледі.

6) 101.01.009 жолда салық кезеңінің қаңтар, ақпан, наурыз, айлары үшін айлық аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі 101.01.008 жолының үштен бір бөлігі ретінде айқындалады $(101.01.008/3)$.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) есептің тапсылырған күні.

Есептің салық органына тапсырылған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." деген жолда декларация тапсырылғанға дейінгі есепті қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі;

6) есептің кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларация тапсырылғанға дейінгі есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

2. Декларация тапсырылғаннан кейінгі есепті жасау (101.02-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация тапсырылғаннан кейінгі есепті салық кезеңі үшін тапсырылатын есеп (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) есептің түрі.

Тиісті торкөздер декларация тапсырылғаннан кейінгі есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген хабарлама бойынша декларация тапсырылғаннан кейінгі қосымша есеп табыс етілген жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А, В, С жолдарында көрсетілген санаттардың біріне немесе бірнешеуіне жатызылған жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды.

Шешімге 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

9) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Декларация тапсырылғаннан кейінгі есеп Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында шешімге 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резиденттік еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

15. Егер сенімгерлікпен басқару шартымен сенімгерлікпен басқарушыға осындай шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемесін орындау жүктелген жағдайда, сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлға өз қызметі бойынша және сенімгерлікпен басқару шарты шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бір декларация тапсырылғаннан кейінгі есепті жасайды.

Салық төлеуші Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимін қолданған кезде декларация тапсырылғаннан кейінгі есеп жалпы арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша және салық салу жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызмет бойынша жасалады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт және келісімшарттан тыс қызмет бойынша декларация тапсырғанға дейін бірыңғай есеп жасайды.

16. "Алдыңғы салық кезеңі үшін КТС есептелген сомасы" деген бөлімде:

1) 101.02.001 жолда 101.02.001 I және 101.02.001 II жолдарының сомасы ретінде айқындалған алдыңғы салық кезеңі үшін есептелген КТС сомасы көрсетіледі;

2) 101.02.001 I жолда Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін есептелген КТС сомасы көрсетіледі;

3) 101.02.001 II жолда Салық кодексінің 199-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін есептелген КТС сомасы көрсетіледі;

17. "Салық кодексінің 141-бабы 6-тармағына сәйкес КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының есебі" деген бөлімде:

1) 101.02.002 жолда декларацияны тапсырғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс және 101.02.001 жолда алдыңғы салық кезеңі үшін ($3/4 * 101.02.001$) КТС сомасының төрттен үш мөлшерінде айқындалған КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі;

2) 101.02.003 жолды Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес алдыңғы салық кезеңінде арнаулы салық режимін қолданған салық төлеуші толтырады, бұл ретте:

осындай режимді есепті салық кезеңінде қолданады;
осы есепті толтырған кезде 6-жолдың "А" торкөзі белгіледі.

Бұл жолда Салық кодексінің 451-бабына сәйкес аванстық төлемдердің азайтылған сомасының төрттен үш бөлігі көрсетіледі, ол мынадай тәртіппен айқындалады:

егер салық төлеуші Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес қызметін тек АСР шеңберінде жүзеге асырған жағдайда – Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша КТС сомасынан 70 пайыз мөлшерінде болжаммен есептелетін болады ($101.02.001 \text{ I} \times 3/4 \times 70\%$);

егер салық төлеуші салық салу Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес қызмет түрлерін, сондай-ақ салық салу жалпыға бірдей белгіленген тәртіптегі қызмет түрлерін жүзеге асырған жағдайда – салық салу Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес қызмет түрлері бойынша алған салық салынатын табыспен Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша КТС сомасынан 70 пайыз мөлшерінде болжаммен есептелетін болады;

3) 101.02.004 жолда есепті салық кезеңінің 2, 3 және 4-тоқсандары үшін төленуі тиіс ай сайынғы КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі.

Егер "А" 6 торкөзі белгіленген жағдайда 101.02.004 жолы опре 101.02.003 жолдары есептеле отырып айқындалады ($((101.02.001 \text{ I} - 101.02.003 + 101.02.001 \text{ II})/9)$).

Егер 6 жолдың "А" торкөзі белгіленбеген жағдайда, 100.00.004 жолы 100.00.002 жолының тоғыздан бірі ретінде айқындалады ($100.02.002 / 9$).

18. "Салық кодексінің 141-бабы 7-тармағына сәйкес КТС бойынша аванстық төлемдер сомасының есебі" бөлімінде:

1) 101.02.005 жолда Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша болжаммен алынатын КТС сомасы көрсетіледі;

2) 101.02.006 жолда Салық кодексінің 199-бабына сәйкес есепті салық кезеңі үшін болжаммен алынатын КТС сомасы көрсетіледі;

3) 101.02.007 жолда ағымдағы салық кезеңі үшін болжамды КТС сомасының төрттен үші ретінде есептелген, декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі ($((101.02.005 + 101.02.006) \times (3/4))$);

4) 101.02.008 жолды қызметін Салық кодексінің 448 – 452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асыратын және 6 жолының "А" торкөзін белгілеген салық төлеуші толтырады.

Бұл жолда мынадай тәртіпте айқындалатын КТС бойынша аванстық төлемдерді кеміту сомасы көрсетіледі:

егер салық төлеуші қызметін тек Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырған жағдайда - Салық кодексінің

139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша болжаммен есептелетін КТС сомасының 70 пайызы мөлшерінде айқындалады (101.02.005 x 70%)*3/4;

егер салық төлеуші Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес қызметін және салық салуы жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызметті жүзеге асырған жағдайда - салық салу Салық кодексінің 448 – 452-баптарына сәйкес қызмет түрлері бойынша алынған салық салынатын табыстан Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес есепті салық кезеңінің қорытындысы бойынша болжаммен есептелетін КТС сомасының 70 пайызы мөлшерінде айқындалатын соманың төрттен үші ретінде айқындалады;

5) 101.02.009 жолда есепті салық кезеңінің 2, 3 және 4-тоқсандары үшін төленуі тиіс ай сайынғы КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы көрсетіледі.

Егер 6-жолдың "А" торкөзі белгіленген жағдайда 101.02.009 жолы 101.02.008 жолы ескеріле отырып (101.02.007 – 101.02.008)/9) айқындалады.

Егер 6-жолдың "А" торкөзі белгіленбеген жағдайда 101.02.009 жолы 101.02.007 жолының тоғыздан бірі ретінде (101.02.007/9) айқындалады.

19. Салық төлеуші Салық кодексінің 141-бабы 8-тармағына сәйкес Есепті декларация тапсырғаннан кейін 101.02.004 немесе 101.02.009 жолына түзету сомаларын көрсете отырып, КТС бойынша аванстық төлемдерді төлеу мерзімдері басталмаған, есепті салық кезеңінің айлары үшін есепті салық кезеңі үшін табыстың болжамды сомасының негізінде декларация тапсырылғаннан кейін қосымша есеп табыс етуге құқылы.

Декларация тапсырылғаннан кейінгі қосымша есептерде көрсетілген түзетулер ескерілген, декларация тапсырылғаннан кейінгі кезең үшін төленуі тиіс КТС бойынша аванстық төлемдер сомасы теріс мәнде бола алмайды.

20. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) есептің тапсырылған күні.

Декларация тапсырылғаннан кейінгі есептің салық органына тапсырылған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларация тапсырылғаннан кейінгі есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларация тапсырылғаннан кейінгі есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
6-қосымша

Резиденттің табысына төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп

Нысан 101.03 Бет 01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
7-қосымша

Резиденттің табысына төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.03-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Резиденттің табысына төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.03-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және салық агенті Салық кодексінің

143-бабында көрсетілген резиденттерге табыстарын төлеу кезінде төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын есептеу және уақтылы төлеуге, төлем көзінен салық салынатын табыстарды көрсетуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігінің (есептің) (бұдан әрі – есеп) нысанын жасау тәртібін айқындайды, есепті Салық кодексінің 144-бабына сәйкес салық агенті жасайды.

2. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.
3. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздер толтырылмайды.
4. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.
5. Сомалардың теріс мәндері есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

6. Есеп жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Есепке салық агенті қол қоялады және Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық агентінің мөрімен куәландырылады.

8. Есепті табыс ету кезінде:

1) қағаз жеткізгіште келу тәртібімен – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық агенті пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

2. Есепті жасау (101.03-нысан)

9. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – есеп тапсырылатын есепті салық кезеңінің тоқсаны (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық агентінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның не жеке тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) есеп түрі.

Тиісті торкөздер есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген есеп түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

б) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кедендік одақ комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) резиденттік белгісі.

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық агенті белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резиденті емес салық агенті белгілейді;

8) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Есеп Қазақстан Республикасының резиденті емес салық агенті жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында шешімге 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

10. "Есеп" деген бөлімде:

1) 101.03.001 I, 101.03.001 II, 101.03.001 III жолдары салық кезеңінің әр айы үшін салық агенті төлеген төлем көзінен ұсталатын табыстардың сомаларын көрсетуге арналған. 101.03.001 IV жолы 101.03.001 I, 101.03.001 II, 101.03.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін төленген төлем көзінен салық салынатын табыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

2) 101.03.002 I, 101.03.002 II және 101.03.002 III жолдары төлем көзінен ұсталатын және салық кезеңінің әр айы үшін бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын көрсетуге арналған. 101.03.002 IV жолы 101.03.002 I, 101.03.002 II және 101.03.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

11. "Салық агентінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) есептің тапсырылған күні.

Есептің салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Есепті қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
8-қосымша

Резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша есеп

Нысан 101.04 Бет 01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
9-қосымша

Резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (101.04-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (есепін) жасау қағидалары (101.04-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және резидент еместің табысынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы сомаларын есептеуге, сондай-ақ халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылатын табыстардың сомаларын, шартты банк салымында орналастырылған сомаларды көрсетуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (есепті) (бұдан әрі – есеп) жасау тәртібін айқындайды, есепті Салық кодексінің 196-бабына сәйкес салық агенті жасайды.

2. Есеп осы есептің өзінен (101.04-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшадан (101.04) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Есепке қосымша есептегі тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Есепке қосымша онда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Есепке қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, есепке қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Есеп жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Есепке салық агенті қол қояды және Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық агентінің мөрімен куәландырылады.

12. Есепті табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық агентіне қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық агенті пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде – салық агенті салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Есепке қосымшаның "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде осы есептің "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (101.04)

14. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН/ЖСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық агентінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

4) есеп түрі.

Тиісті торкөздер есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып белгіленеді;

5) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген есеп түрін табыс еткен жағдайда толтырылады.

15. "Есептік көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) 101.04.001 I, 101.04.001 II, 101.04.001 III жолдары салық кезеңінің әр айы үшін резидент емеске есептелген және төленген табыстардың сомаларын көрсетуге арналған және есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.04.001 IV жолы 101.04.001 I, 101.04.001 II және 101.04.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын осы тармақшада көрсетілген салық кезеңі үшін табыстардың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

2) 101.04.002 I, 101.04.002 II және 101.04.002 III жолдары Салық кодексінің 195-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық кезеңінің әр айы үшін бюджетке аударуға жататын табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.04.002 IV жолы 101.04.002 I, 101.04.002 II және 101.04.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін салықтың жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

3) 101.04.003 жолы салық агенті шегерімге жатқызған, есептелген, бірақ резидент еместерге төленбеген табыстардың сомасын көрсетуге арналған. 101.04.003 жолы есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады.

Резидент еместердің есептелген, бірақ төленбеген табыстарын шегерімге жатқызу күні болып есепті күнтізбелік жылдың 31 желтоқсаны танылады. 101.04.003 жолы есепті күнтізбелік жылдың 4-тоқсаны үшін есепте толтырылады ;

4) 101.04.004 жолы резидент еместің есептелген, бірақ төленбеген, салық агенті шегерімге жатқызған, Салық кодексінің 195-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бюджетке аударылуға жататын табыстарынан алынатын табыс салығының сомасын көрсетуге арналған. 101.04.004 жолы есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады;

5) 101.04.005 I, 101.04.005 II және 101.04.005 III жолдары Салық кодексінің 216-бабына сәйкес салық кезеңінің әр айы үшін шартты банк салымына аударылған табыс салығының сомасын көрсетуге арналған және есепке қосымшаның деректері негізінде толтырылады. 101.04.005 IV жолы 101.04.005 I, 101.04.005 II және 101.04.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін табыс салығының жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

16. "Салық агентінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі , аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) есептің табыс етілген күні.

Есептің салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

"Есепті қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

4) есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

17. Есепке қосымшада (101.04):

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында резидент емеске табысты төлеу жүргізген тоқсанның айы көрсетіледі.

Есептелген, бірақ шегерімге жатқызылған, төленбеген табыстардың сомалары көрсетілген жағдайда, 4 тоқсан үшін есептің В бағаны толтырылмайды;

3) С бағанында табыстар алушы шетел заңды тұлғасының (бұдан әрі – резидент емес) толық атауы көрсетіледі;

4) D бағанында резидент еместің резиденттік елінің коды.

Ел кодын толтыру кезінде "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес кодтауды пайдалану қажет;

5) E бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 192-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден резидент емес алған осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес табыс түрлерінің коды көрсетіледі;

7) G бағанында дивидендтер түріндегі табыстарды қоспағанда, оған сәйкес табыстар туындайтын резидент емес пен салық агентінің арасында жасалған келісімшарттың (шарттың) нөмірі мен күні көрсетіледі;

8) H бағанында олар бойынша салықтарды ұстап қалу бойынша міндеттеме туындайтын есептелген және төленген, оның ішінде халықаралық шартқа сәйкес салықтарды ұстаудан босатылған табыс сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде, бұл бағанда табысты есептелген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда, табыстарды есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген және қоса есептелген табыстардың төленген сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында халықаралық шартта немесе Салық кодексінің 194-бабында белгіленген төлем көзінен табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) J бағанында Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударылуы тиіс есептелген және төленген табыстардан табыс салығының сомасы көрсетіледі

Операциялар (табыс төлеу) шетел валютасында жасалған кезде бұл бағанда табысты төлеген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда табысты есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген төлем көзінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

H – J бағандары резидент еместерге есептелген және төленген табыс сомалары бойынша толтырылады;

11) К бағанында салық агенті шегерімге жатқызған, салық кезеңі ішінде резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген табыс сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде, бұл бағанда Салық кодекстің 148-бабында белгіленген, салық агенті шегерімге жатқызған салық кезеңінің соңғы күніне валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген, резидент еместердің төленбеген табыстарының сомасы көрсетіледі.

12) L бағанында халықаралық шартта немесе Салық кодексінің 194-бабында белгіленген төлем көзінен табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

13) M бағанында Салық кодексінің 195-бабына сәйкес бюджетке аударылуға тиіс, салық агенті шегерімге жатқызған, есепті салық кезеңі ішінде есептелген, бірақ төленбеген резидент еместің табыстарынан алынатын табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар шетел валютасында жасалған кезде бұл бағанда резидент еместің табысын шегерімге жатқызған күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

К – M бағандары шегерімге жатқызылған кезде резидент еместерге есептелген, бірақ төленбеген табыстардың сомалары бойынша толтырылады және есепті күнтізбелік жылдың 4-тоқсаны үшін есепте толтырылады;

14) N бағанында халықаралық шартқа сәйкес салықтарды ұстап қалудан босатылған есептелген (төленген) табыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салықтарды ұстап қалудан босатылған деп халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес төмендетілген салық ставкалары қолданылған сомалар да танылады. Операциялар (табыстар төлеу) шетел валютасында жасалған кезде бұл бағанда табыс төлеген күнге немесе алдын-ала төлеген жағдайда, табыс есептеген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

15) O бағанында N бағанында көрсетілген табысқа қатысты қолданылған осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

16) P бағанында O бағанында 22 код көрсетілген кезде O бағанында көрсетілген халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

17) Q бағанында халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі. Q бағаны осы Қағидалардың 18-тармағы 4) тармақшасына сәйкес толтырылады;

18) R бағанында шешіммен бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес табыс салығын шартты банк салымына орналастыру валютасының сандық коды көрсетіледі;

19) S бағанында Салық кодексінің 216-бабына сәйкес шартты банк салымына орналастыру валютасында орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі. Табыс салығы ұлттық валютада орналастырылған жағдайда, бұл баған толтырылмайды;

20) T бағанында Салық кодексінің 216-бабына сәйкес шартты банк салымына ұлттық валютада орналастырылған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Операциялар (салықтарды орналастыру) шетел валютасында жасалған кезде, бұл бағанда салықты шартты банк салымына аударған күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына қайта есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі.

N – T бағандары егер салық төлеуші ратификацияланған мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарт ережелерін қолданған жағдайда толтырылады.

Есепті тоқсанның тиісті айы үшін қосымшаның H бағанының жиынтық сомалары 101.04.001A, 101.04.001B және 101.04.001C тиісті жолдарына көшіріледі;

J бағаныныкі – 101.04.002A, 101.04.002B және 101.04.002C тиісті жолдарына;

T бағаныныкі – 101.04.005A, 101.04.005B және 101.04.005C тиісті жолдарына;

K бағанының қорытынды сомалары есептің қосымшасы бойынша жиынтық түрде 101.04.003 жолына, M бағаны 101.04.004 жолына көшіріледі.

3. Табыс түрлерінің кодтары

18. Есеп толтыру кезінде мынадай табыс түрлерін кодтауды пайдалану қажет. Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс түрлерінің кодтары:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы, одан тысқары жерлердегі тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар;

1021 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызметтерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (соттарда, төрелік сотта немесе аралық сотта өкілдік ету және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстар;

1030 – Қазақстан Республикасының Үкіметі Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындайтын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның

жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің нақты орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ осы бапта белгіленген өзге де табыстар;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікке құқық немесе мүлікпен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1041 – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1042 – резидент шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғаның, консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 және одан да көп пайызын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды, сондай-ақ резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1051 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1060 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1061 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1070 – бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдардың бюджетке қайтарылғандарынан басқа, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және санкциялардың басқа да түрлері;

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құрылған пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемелерін орындау жүктелмеген сенімгерлікпен

басқарушы-резиденттен мүлікті сенімгерлікпен басқаруды тағайындау туралы акт бойынша алынған табыстар;

1100 – борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1101 – эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1120 – роялти түріндегі табыстар;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

1140 – Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1151 – Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1162 – Тармақ ҚР 21.07.11 ж. № 467-IV Заңына сәйкес (2012 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген) 16-1) тармақшамен толықтырылған теңіз тасымалы шартында (келісімшартта) көзделген сталиялық уақыттан тыс тиеу-түсіру операцияларында кемеңің бос тұрып қалғаны үшін төлем түріндегі табыс;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағындағы құбырларды, электр беру желілерін, оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан түсетін табыстар;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1181 – жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1190 – өздеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты, мұндай міндеттерді нақты орындайтын жеріне қарамастан, басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1200 – жұмыс беруші болып табылатын резидент Қазақстан Республикасында тұруына байланысты оған резидент емес жеке тұлғаның төлейтін үстемақылары;

1201 – жұмыс беруші болып табылатын резидент емес Қазақстан Республикасында тұруына байланысты оған резидент емес жеке тұлғаның төлейтін үстемақылары;

1210 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс берушіден алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстар;

1211 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші еместен алынған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстар;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино, радио, теледидар артистіне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1240 – резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтысты төлеу осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент немесе резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 – Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 - резидент емес жеке тұлғаның резидент жеке тұлғадан өтеусіз алынған мүлкін қоспағанда, өтеусіз алынған немесе мұраға қалдырылған мүлік, оның ішінде жұмыстар, қызметтер түріндегі табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

1290 – күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – банктер мен лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың (резервтердің) мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;

1330 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;

1340 – тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

1350 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

1360 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

1370 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

1380 – егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

1390 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1400 – өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;

1410 – дивидендтер;

1420 – депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар, ислам жалдау сертификаты;

1430 – оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі. Бағамдық айырма сомасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады;

1440 – ұтыстар;

1450 – әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;

1460 – кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;

1470 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

1480 – ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс;

1490 – 1010 – 1480 кодтарында көрсетілмеген басқа да табыстар енгізіледі.

4. Халықаралық шарт (келісім) түрлерінің кодтары

19. Есепті толтыру кезінде халықаралық шарттар (келісімдер) түрінің мынадай кодталуын пайдалану қажет:

01 – табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 – Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – жаңа үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

- 06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;
- 07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;
- 08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;
- 09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;
- 10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;
- 11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;
- 12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;
- 13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкі құру туралы келісім;
- 14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;
- 15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;
- 16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы конвенция ;
- 17 – "Нұр–Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;
- 18 – Әуе қатынасы туралы келісім;
- 19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;
- 20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;
- 21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;
- 22 – Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
10-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация

Нысан 110.00 Бет 01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
11-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (110.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (110.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заңы) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағына сәйкес салық режимі белгіленген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа немесе өнімді бөлу туралы келісімшартқа (бұдан әрі – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт) сәйкес қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

Декларацияны жер қойнауын пайдаланушылар, Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында көрсетілген, осындай келісімшарт жасалған кездегі қолданыста болған салық заңнамасының нормаларының және келісімшартта айқындалған салық режимінің ерекшеліктерін ескере отырып, жасауды жүзеге асырады. Осы Қағидаларда төменде көрсетілген Салық кодексінің нормаларына жасалған сілтемелер:

– келісімшарттық қызмет бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209-ІІ Салық кодексіне не қолданылатын салық заңнамасының немесе жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың тиісті ережелеріне сәйкес;

– келісімшарттан тыс қызмет бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-ІV Салық кодексіне сәйкес келтірілген.

2. Декларация декларацияның өзінен (110.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшалардан (110.01-ден 110.08-ге дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда толтырылмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардан көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны толтыру кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) қағаз жеткізгіште келу тәртібімен – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз жеткізгіште хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

14. Декларацияда (110.00-нысан) жер қойнауын пайдаланушының жалпы қызметі бойынша алған немесе шеккен есепті салық кезеңіндегі барлық табыстары мен шығыстары көрсетіледі. Бұл ретте 110.00 декларациясының табыстары мен шығыстарының 110.00.001 – 110.00.058 жолдары 110.01 және 110.02-нысаны қосымшаларының осыған ұқсас жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушының қызметі бойынша жалпы корпоративтік табыс салығы бойынша салық міндеттемесінің есебі келісімшарттан тыс қызмет бойынша және жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығының сомасы 110.01-нысанында белгіленген тәртіпте айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттан тыс қызметі бойынша корпоративтік табыс салығының сомасын 110.02-нысанында белгіленген тәртіпте айқындайды.

2. Декларацияны жасау (110.00-нысан)

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) декларация түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А немесе В жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды.

Осы Қағидалардың 61-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) ұсынылған қосымшалар.

Салық төлеуші берген декларацияға қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

9) резиденттік белгісі.

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

10) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

Егер декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

11) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің бар болуы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

16. "Жылдық жиынтық табыс" деген бөлімде:

1) 110.00.001 жолында 110.01.001 және 110.01.005 және 110.02.001 (110.01.001 + 110.01.005 + 110.02.001) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден табыс көрсетіледі;

2) 110.00.002 жолында 110.01.002 және 110.02.002 (110.01.002 + 110.02.002) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі;

- 16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;
- 17 – "Нұр–Мұбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;
- 18 – Әуе қатынасы туралы келісім;
- 19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;
- 20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;
- 21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;
- 22 – Өзге де халықаралық келісімшарттар (келісімдер, конвенциялар).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
12-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация

Нысан 130.00 Бет 01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
13-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (130.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (130.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10

желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны:

акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және пәтер (үй-жайлар) иелері кооперативтерінен басқа тұтыну кооперативтерін қоспағанда, Салық кодексінің 134-бабы 2-тармағында көрсетілген табыстар бойынша Салық кодексінің 134-бабы 1-тармағының шарттарына сай келетін коммерциялық емес ұйымдар;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Декларация декларацияның өзінен (130-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (130.01-ден 130.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (130.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолында сенімгерлікпен басқарушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Болған кезде көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін тапсырған жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В торкөздерінде көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалар торкөздері белгіленеді;

9) 100.00-нысаны бойынша декларация.

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстар болған жағдайда белгіленеді;

10) жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салынуға тиіс табыстарды алу кезінде шығыстарды шегерімге жатқызу әдісі. Таңдаған әдісіне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Барабар" торкөзі егер салық төлеуші шығыстарды шегерімге жатқызудың барабар әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Бөлек есептеу" торкөзі егер салық төлеуші шығыстарды шегерімге жатқызудың бөлек есептеу әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

15. "Табыстар" деген бөлімде:

1) 130.00.001 жолында депозиттер бойынша сыйақы түрінде алынған табыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 130.00.002 жолында грант түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

3) 130.00.003 жолында өтеусіз мүлік түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.00.004 жолында кіру жарналары түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 130.00.005 жолында мүшелік жарналар түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 130.00.006 жолында кондоминиум қатысушыларының жарналары түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

7) 130.00.007 жолында қайырымдылық көмек түрінде алған табыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 130.00.008 жолында демеушілік көмек түрінде алған табыстарының сомасы көрсетіледі;

9) 130.00.009 жолында өтеусіз негізде аударымдар түрінде алған ақшаның сомасы көрсетіледі;

10) 130.00.010 жолында қайырмалдық түрінде алған табыстарының сомасы көрсетіледі;

11) 130.00.011 жолында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша алған табыстың сомасы көрсетіледі;

12) 130.00.012 жолында 130.00.001-ден 130.00.011-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

13) 130.00.013 жолға корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен түскен табыстар болған жағдайда 100.00.013 жолында көрсетілген басқа табыстардың сомасы көшіріледі;

14) 130.00.014 жолында 130.00.012 және 130.00.013. жолдарының сомасы ретінде айқындалатын табыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

16. "Шығыстар" деген бөлімде:

1) 130.00.015 жолында коммерциялық емес ұйымды ұстауға арналған шығыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.02.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 130.00.016 жолында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.03.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 130.00.017 жолында ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.00.018 жолында шарт талаптарына сәйкес салық төлеуші салық кезеңі үшін төлеген (төлеуге жататын) сыйақының сомасы көрсетіледі;

5) 130.00.019 жолында қайырымдылық көмек түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) 130.00.020 жолында демеушілік көмек түріндегі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

7) 130.00.021 жолында кіру жарналары түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

8) 130.00.022 жолында мүшелік жарналар түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

9) 130.00.023 жолында заңды және жеке тұлғаларға тегін берген мүлік бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

10) 130.00.024 жолында өтеусіз негізде аударымдардар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 130.00.025 жолында заңды және жеке тұлғаларға қайырмалдық түріндегі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

12) 130.00.026 жолында 130.00.015-тен 130.00.025-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

17. "Барабар әдісі бойынша шегерімдерді есептеу" деген бөлімде:

1) 130.00.027 жолында 130.00.013 жолдың сомасы мен 130.00.014 жолдың сомасының қатынасы ретінде айқындалатын табыстардың жалпы сомасында Салық кодексінің 134-бабы 4-тармағына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салық салуға жататын табыстардың үлес салмағы көрсетіледі;

2) 130.00.028 жолға корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен табыстар болған жағдайда 100.00.021 I жолда көрсетілген сомасы көшіріледі;

3) 130.00.029 жолында корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда (100.00-нысан) көрсетілген қызметтен табыстар болған жағдайда шегерімдерге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы көрсетіледі. 130.00.027 және 130.00.028 жолдардың туындысы ретінде айқындалады.

18. 130.00.029 жолының шамасы 100.00.020 II жолына көшіріледі.

19. "Бөлек есептеу әдісі бойынша шегерімдерді есептеу" деген бөлімде:

130.00.030 жолында бөлек есептеу әдісі бойынша шегерімдерге жатқызуларға жататын шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.00.026 жолдың сомасы көшіріледі.

20. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2) декларация тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) кіріс құжаты.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Өтеусіз алынған (берілген) мүлік (қайырымдылық көмек, демеушілік көмек, қайырмалдық, өтеусіз негіздегі аударымдар), мүшелік және кіру жарналары – 130.01-нысанын жасау

21. Осы нысан коммерциялық емес ұйымдардың табыс сомаларын айқындауға арналған.

22. "Есеп" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі – заңды немесе жеке тұлға тегін берген (алған) мүліктің, алған (төлеген) мүшелік немесе кіру жарналары көрсетіледі;

3) С бағанында заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе В бағанында көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Жол заңды тұлғада не жеке тұлғада "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бизнес сәйкестендіру не жеке сәйкестендіру нөмірі болған кезде толтырылуы тиіс;

4) D бағанында осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында мүлікті өтеусіз берген (алған), мүшелік не кіру жарналарын алған (төлеген) резидент еместің резиденттік еліндегі тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) F бағанында өтеусіз алынған (тапсырылған) мүлік түрінің, алынған (төленген) мүшелік не кіру жарналарының коды көрсетіледі. Декларацияны толтыру кезінде өтеусіз алынған (берілген) мүлік түрлерінің, алынған (төленген) мүшелік не кіру жарналарының мынадай кодталуын пайдалану қажет:

1 – қайырымдылық көмек;

2 – демеушілік көмек;

3 – қайырымалдық;

4 – өтеусіз негіздегі аударымдар;

5 – өзге де өтеусіз алынған мүлік;

6 – кіру жарналары;

7 – мүшелік жарналар;

8 – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша табыстар, депозиттер бойынша сыйақы және кондоминиумға қатысушылардың жарналары;

7) G бағанында осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес өтеусіз алынған мүліктің коды көрсетіледі. Бұл баған өтеусіз негіздегі аударымдар алынған жағдайда толтырылмайды;

8) H бағанында мүліктің өтеусіз алынғанын (берілгенін), мүшелік не кіру жарналарының алынғанын (төленгенін) растайтын құжаттың нөмірі және күні көрсетіледі;

9) I бағанында өтеусіз алынған мүліктің, алынған мүшелік не кіру жарналарының сомасы (құны) көрсетіледі;

10) J бағанында өтеусіз берілген мүліктің, төленген мүшелік не кіру жарналарының сомасы (құны) көрсетіледі.

4. Коммерциялық емес ұйымды ұстау – 130.02-нысанын жасау

23. Бұл нысан коммерциялық емес ұйымның шығыстары сомасын айқындауға арналған.

24. "Коммерциялық емес ұйымды ұстау" деген бөлімде:

1) 130.02.001 жолында 130.02.001 I-ден 130.02.001 XVII-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстауға шығыстар сомасы көрсетіледі;

2) 130.02.001 I жолында электр энергиясына кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

3) 130.02.001 II жолында жылу энергиясына кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 130.02.001 III жолында қаржылық қызметтерге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

5) 130.02.001 IV жолында жалдау төлемі шығыстарының сомасы көрсетіледі;

6) 130.02.001 V жолында көліктік қызметтерге шығыстарының сомасы көрсетіледі;

7) 130.02.001 VI жолында байланыс қызметтеріне шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) 130.02.001 VII жолында аудиторлық (консультациялық) қызметтерге шығыстар сомасы көрсетіледі;

9) 130.02.001 VIII жолында күзет қызметтеріне шығыстар сомасы көрсетіледі;

10) 130.02.001 IX жолында адвокаттық қызметтерге шығыстар сомасы көрсетіледі;

11) 130.02.001 X жолында нотариалдық қызметтерге шығыстар сомасы көрсетіледі;

12) 130.02.001 XI жолында негізгі құралдарды жөндеуге шығыстар сомасы көрсетіледі;

13) 130.02.001 XII жолында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар және өсімпұлдар сомасы көрсетіледі;

14) 130.02.001 XIII жолында Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

15) 130.02.001 XIV жолында айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыптарының сомасы көрсетіледі;

16) 130.02.001 XV жолында сақтандыруға кеткен шығыстар сомасы көрсетіледі;

17) 130.02.001 XVI жолында жарнамаға кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

18) 130.02.001 XVII жолында өзге де шығыстардың сомасы көрсетіледі;

19) 130.02.002 жолында 130.02.002 I және 130.02.002 II жолдарының қосындысымен айқындалатын қызметкерлерге еңбекақы төлеуге және әлеуметтік төлемдерге және оқытуға кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

20) 130.02.002 I жолында еңбекақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың сомасы көрсетіледі;

21) 130.02.002 II жолында әлеуметтік төлемдерге кеткен шығыстардың сомасы көрсетіледі;

22) 130.02.003 жолында 130.02.001 жолында ескерілмеген және 130.02.003 I, 130.02.003 VII, 130.02.003 VIII жолдарының қосындысымен айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстауға кеткен барлық басқа да шығыстардың сомасы көрсетіледі;

23) 130.02.003 I жолында 130.02.003 II-ден 130.02.003 VI-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын іссапар шығындарының жалпы сомасы көрсетіледі;

24) 130.02.003 II жолында бронь үшін төлеуді қоса алғанда, іссапар орны мен кері жол жүруге іс жүзінде жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі;

25) 130.02.003 III жолында бронь үшін төлеуді қоса алғанда, тұрғын үй жалдауға нақты жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі;

26) 130.02.003 IV және 130.02.003 V жолдарында Қазақстан Республикасы шегінде және одан тыс жерлердегі іссапарлар бойынша төленетін тәуліктік төлемдердің тиісті сомасы көрсетіледі;

27) 130.02.003 VI жолында салық төлеуші кіру визасын ресімдеу кезінде (виза құны, консулдық қызметтер, міндетті медициналық сақтандыру) жұмсаған шығыстарының сомасы көрсетіледі;

28) 130.02.003 VII жолында өкілдік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

29) 130.02.003 VIII жолында салық кезеңінің шығыстарына жатқызылатын алдағы кезеңдердің шығыстарының сомасы көрсетіледі;

30) 130.02.004 жолында 130.02.001, 130.02.002 және 130.02.003 жолдарының қосындысымен айқындалатын коммерциялық емес ұйымды ұстауға шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

31) 130.02.005 I жолында салық кезеңі ішіндегі іссапарлардың жалпы саны көрсетіледі;

32) 130.02.005 II жолында салық кезеңі ішіндегі іссапарлар күндерінің жалпы саны көрсетіледі.

130.02.004 жолының шамасы 130.00.015 жолына көшіріледі.

5. Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу – 130.03-нысанын жасау

25. Бұл нысан коммерциялық емес ұйымның қызметіне байланысты әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу бойынша шығыстар сомасын айқындауға арналған.

26. "Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу" деген бөлімде:

130.03.001 жолында іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі. 130.03.001 I-ден 130.04.001 XI-ға дейінгі жолдарда іс-шаралар түрлері бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.

27. 130.03.001 жолының шамасы 130.00.016 жолына көшіріледі.

6. Елдердің кодтары

28. Резидент емес салық төлеушінің резиденттік елінің кодын толтыру кезінде шешімге 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшаға сәйкес елдердің кодталуын пайдалану қажет.

7. Мүлік кодтары

29. Мүлік кодын толтыру кезінде мынадай кодтауды пайдалану қажет:

01 – ақша;

02 – қаржы инвестициялары;

03 – тауарлық-материалдық қорлар;

04 – негізгі құралдар;

05 – материалдық емес активтер;

06 – қызметтер;

07 – жұмыстар;

08 – өзгелері.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
14-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация

Нысан 140.00 Бет 01

Ескерту. 14-қосымша алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-

Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
15-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (140.00-нысан)

Ескерту. 15-қосымша алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
16-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация

Нысан 150.00 Бет 01
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
17-қосымша

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (150.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (150.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі), "Салық

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және корпоративтік табыс салығын есептеуге арналған корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны:

Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушыларды;

тек кең таралған пайдалы қазбаларды, жер асты суларын, емдік балшықтарды барлау және (немесе) өндіруді, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты ғимараттарының құрылысын және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларация декларацияның өзінен (150.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшалардан (150.01-ден 150.10-ға дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда толтырылмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардан көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) қағаз жеткізгіште келу тәртібімен – нысандар екі данада толтырылып, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректері көрсетіледі.

14. Декларацияда (150.00-нысан) жер қойнауын пайдаланушының жалпы қызметі бойынша алған немесе шеккен есепті салық кезеңінің барлық табыстары мен шығыстары көрсетіледі. Бұл ретте 150.00 декларацияның табыстары мен шығыстарының 150.00.001 – 150.00.065 жолдары 150.01 және 150.02-нысандары қосымшаларының осыған ұқсас жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушының жалпы қызметі бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша салық міндеттемесінің есебі келісімшарттан тыс қызмет бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы мен жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығының сомасы ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт бойынша корпоративтік табыс салығының сомасы 150.01-нысанында белгіленген тәртіпте айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы келісімшарттан тыс қызметі бойынша корпоративтік табыс салығының сомасын 150.02-нысанда белгіленген тәртіпте айқындайды.

2. Декларацияны жасау (150.00-нысан)

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен

басқарушы сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі.

4) декларация түрі.

Тиісті торкөздер декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

6) валюта коды.

Осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) табыс етілген қосымшалар.

Салық төлеуші табыс еткен декларацияға қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

8) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

9) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі.

Егер декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

10) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің бар-жоғы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

16. "Жылдық жиынтық табыс" деген бөлімде:

1) 150.00.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес өткізуден түскен табыс көрсетіледі;

2) 150.00.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі;

- 3) 150.00.003 жолында алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдар ескеріле отырып, туынды қаржы құралдар, оның ішінде своп бойынша табыс көрсетіледі;
- 4) 150.00.004 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;
- 5) 150.00.005 жолында Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша табыс көрсетіледі;
- 6) 150.00.006 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;
- 7) 150.00.007 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтерді шығарудан түскен табыс көрсетіледі;
- 8) 150.00.008 жолында Салық кодексінің 93-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыс көрсетіледі;
- 9) 150.00.009 жолында Салық кодексінің 94-бабына сәйкес айқындалатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар көрсетіледі;
- 10) 150.00.010 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес айқындалатын жер қойнауын пайдаланушы тарату қорының қаражаттарын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі;
- 11) 150.00.011 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген егер бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот таңылған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімақылар және санкциялардың басқа да түрлері көрсетіледі;
- 12) 150.00.012 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген дивидендтер және Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 18) және 20) тармақшаларына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін дивидендтер, депозит, ағымдағы шот, борышты бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға беру сертификаты, ұтыстар бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 13) 150.00.013 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі көрсетіледі;

14) 150.00.014 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 22-1) тармақшасына сәйкес айқындалатын исламдық банкте орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс көрсетіледі;

15) 150.00.015 жолында Салық кодексіне сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін салық төлеушінің өзге де табыстары көрсетіледі;

16) 150.00.016 жолында жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

17) 150.00.017 жолында Салық кодексінің 99-бабына және Енгізу туралы Заңының 3-1-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 150.00.018 жолында тауарлық-материалдық запастарды бағалаудың өзге әдісіне көшу кезінде қалыптасқан оң немесе теріс айырма көрсетіледі;

19) 150.00.019 жолында 150.00.016 жолы мен 150.00.017 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалған, 150.00.018 жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мәні оң болған жағдайда) немесе 150.01.018 жолына азайтылған (егер бұл жолдың мәні теріс болған жағдайда) $(150.00.016 - 150.00.017) \pm 150.00.018$ түзету ескеріле отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі.

17. "Шегерімдер" деген бөлімде:

1) 150.00.020 жолында 150.00.020 I алу 150.00.020 II қосу 150.00.020 III қосу 150.00.020 IV қосу 150.00.020 V алу 150.00.020 VI алу 150.00.020 VII алу 150.00.020 VIII алу 150.00.020 IX ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 100-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі.

150.00.020 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (соның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) өзіндік құны көрсетіледі. Бастапқы декларацияда аталған жол салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерім бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

150.00.020 II жол салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс еткен тарату декларациясында 150.00.020 II жолы жою балансының негізінде толтырылады;

150.00.020 III жолында салық төлеуші салық кезеңінің барысында сатып алған ТМҚ, оның ішінде өтеусіз алған, тарапты ұйымдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі. Осы жолда келтірілген деректер декларацияның 150.00.020 жолынан

бастап 150.00.038 жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстарды қамтымауы тиіс. 150.00.020 III А бастап 150.00.020 III Н дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.00.020 III А жолында салық төлеушінің есепті салық кезеңде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.020 III В жолында қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.00.020 III С жолында жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі ;

150.00.020 III D жолында консультациялық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.00.020 III Е жолында маркетингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.00.020 III F жолында дизайнерлік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.00.020 III G жолында инжинирингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.00.020 III Н жолында басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі;

150.00.020 IV жолында:

150.00.026 жолы бойынша көрсетілетін және Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында беліленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің бастапқы құнына енетін;

Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кейінгі шығыстар ретінде танылатын;

Салық кодексінің 87-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын кейінгі активтердің бастапқы құнына енетін қызметкерлердің есептелген табыстары бойынша шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 110-бабында сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар көрсетіледі;

150.00.020 V жолында өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.020 VI жолында салықтық есебі Салық кодексінің 122-бабына сәйкес жүргізілетін кейінгі шығыстар болып танылатын жүргізілетін жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.020 VII тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енетін, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.020 VIII жолында 150.00.020 VI жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабы негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.00.020 IX жолында алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

2) 150.00.021 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 150.00.022 жолында қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі, ол барабар әдісін қолдануға байланысты шегерімге есептеуге жатпайды және Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағының екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатады;

4) 150.00.023 жолында 2009 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан, есептелген қосылған құн салығының сомасынан есепке жатқызылған және Салық кодексінің 100-бабы 13-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының артуы көрсетіледі;

5) 150.00.024 жолында Салық кодексінің 100-бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

6) 150.00.025 жолында Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 150.00.026 жолында Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақы сомасы көрсетіледі;

8) 150.00.027 жолында төленген күмәнді міндеттемелер, соның ішінде Салық кодексінің 104-бабы екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

9) 150.00.028 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар көрсетіледі;

10) 150.00.029 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын, кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға жұмсалған шығыстар мен тарату қорларына аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) 150.00.030 жолында Салық кодексінің 108-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын ғылыми-зерттеу және ғылыми технологиялық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

12) 150.00.031 жолында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларды қоспағанда, Салық кодексінің 109-бабы 1-

тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру шарттары бойынша төленуі тиіс немесе төленген сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі;

13) 150.00.032 жолында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары көрсетіледі;

14) 150.00.033 жолында Салық кодексінің 112-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға жұмсалған жер қойнауын пайдаланушының шығыстары көрсетіледі;

15) 150.00.034 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын оң бағамдық айырма сомасынан теріс бағамдық айырма сомасының артуы көрсетіледі;

16) 150.00.035 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

17) 150.00.036 жолында Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес жүргізілетін тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі:

150.00.036 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 10-тармағына және 120-баптың 2-1-тармағына сәйкес салық есебі жүргізілетін, "Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Инвестициялар туралы Заң) сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған корпоративтік табыс салығын төлеуден босатуды берумен келісімшарт бойынша инвестициялық жоба шеңберінде 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін және (немесе) кейін пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша шегерімдер анықтама ретінде көрсетіледі;

18) 150.00.037 жолында Салық кодексінің 123–125-баптарына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 15-бабына сәйкес инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдер көрсетіледі;

19) 150.00.038 жолында Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі. Бұл жол өзіне 150.00.038 I жолын да қамтиды:

150.00.038 I жолында резидент емес заңды тұлға басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары көрсетіледі;

20) 150.00.039 шегерімге жатқызылуы тиіс сома көрсетіледі. Бұл жолға 150.00.035 I жолы немесе 150.00.039 II немесе 150.00.039 III жолы көшіріледі:

150.00.039 I жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.00.020-дан 150.00.038-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

150.00.039 II жолында бір мезгілде 130.00-нысан бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс ететін коммерциялық емес ұйымдардың Салық кодексінің 134-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.00.029 жолы көшіріледі;

150.00.039 III жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекеме(лері)сі бар резиденттер шегерімге жатқызуы тиіс шығыстардың сомасы көрсетіледі;

18. "Табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

150.00.040 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстар мен шегерімдерді түзетулердің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.00.040 I және 150.00.040 II жолдарының сомасын айырмасы ретінде айқындалады;

150.00.040 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі;

150.00.040 II жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетулердің сомасы көрсетіледі.

19. "Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

150.00.041 жолында "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

150.00.042 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын, шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

20. "Салық салынатын табысты есептеу" деген бөлімде:

1) 150.00.043 жолында салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.01.042 және 150.02.036 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

2) 150.00.044 жолында резидент – салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстарының сомасы көрсетіледі. 150.00.044 жол анықтамалық сипатқа ие. Бұл жол өзіне 150.00.044 I жолын да қамтиды:

150.00.044 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі. Бұл жолға 150.08-нысаны G бағанының қорытынды мәні көшіріледі.

150.00.044 I жолының мәні салық салынатын табысты есептеуге қосылады;

3) 150.00.045 жолында Салық кодексінің 2-баптың 5-тармағына, 212, 213-баптарына, сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі;

4) 150.00.046 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі есепке ала отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.01.045 және 150.02.039 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 150.00.047 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі;

6) 150.00.048 жолында Салық кодексінің 133-бабына немесе Енгізу туралы Заңның 3-2-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 150.00.048 А және 150.00.048 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.00.048 А жолында Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі;

150.00.048 В жолында Салық кодексінің 133-бабы 2-тармағына немесе Енгізу туралы Заңның 3-2-бабына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы табыстар көрсетіледі

7) 150.00.049 жолында Салық кодексінің 133-бабына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 150.01.048 және 150.02.042 жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

8) 150.00.050 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына және Енгізу туралы Заңның 15-1-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

9) 150.00.051 жолында көшірілген залалдар қосылған салық салынатын табыс көрсетіледі. 150.01.050 және 150.02.044 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

21. "Салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

1) 150.00.052 жолында Енгізу туралы Заңның 4-бабына сәйкес немесе Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағына сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы пайызда көрсетіледі;

2) 150.00.053 жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 150.08-нысаны К бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

3) 150.00.054 жолда шетел салығын есепке жатқызу ескерілген корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі;

4) 150.00.055 жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 150.00.056 I жолында алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.00.056 II жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) 150.00.057 жолында Салық кодексінің 200-бабына сәйкес табыстың төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 150.00.058 жолында салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 150.00.058 және 150.00.051 жолдарының туындысы ретінде айқындалады:

150.00.058 I жолында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. (150.01.057 + 150.02.051 II) жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.00.058 II жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының азайту сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 448–452-баптарында көзделген арнаулы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады. 150.02.051 II жолының мәні ретінде айқындалады;

150.00.058 III жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісімшартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін қолдануға байланысты кемітілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.00.058 IV жолында Қазақстан Республикасының Инвестициялар туралы Заңына сәйкес салық төлеуші инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасасқан келісімшарт негізінде есептелген корпоративтік табыс салығына кемітуге құқылы сома көрсетіледі;

150.00.058 V жолында Салық кодексінің 151-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасының кемітілуі көрсетіледі. Салық кодексінің 150-бабында белгіленген шарттарға сәйкес келетін және арнайы экономикалық аймақта қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады. Бұл жолға 150.02.051 V жолының мәні көшіріледі;

8) 150.00.059 жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі;

9) 150.00.060 жолында таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

150.00.060 I жолында 150.00.052 x 15% жолының туындысы ретінде айқындалатын 15 пайыздық ставка бойынша Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.00.060 II жолында Салық кодексінің 212-бабына сәйкес халықаралық шартта көзделген ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

150.00.060 III жолы егер 150.00.060 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аталған халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

150.00.060 IV жолы егер 150.01.060 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

10) 150.00.061 жолында есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 150.01.060 және 150.02.054 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

22. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларация тапсырылған күн.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолда декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт, кен орны (кен орындар тобы, кен орнының бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы – 150.01-нысанын жасау

23. Бұл нысан Салық кодексінің 310-бабында белгіленген негізгі қағидаттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшарт, кен орны (кен орындар тобы, кен орнының бөлігі) бойынша корпоративтік табыс салығын есептеуі бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері туралы ақпаратын көрсетуге арналған.

Жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарт болған жағдайда, бұл нысан әрбір келісімшарт бойынша жеке толтырылады.

24. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) келісімшарттың нөмірі мен күні. А бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі, В бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты тіркеу күні көрсетіледі;

2) кен орнының атауы – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес кен орнының атауы көрсетіледі;

25. "Жылдық жиынтық табыс" деген бөлімде:

1) 150.01.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес тауарларды өткізуден түскен табыс көрсетіледі.

2) 150.01.002 жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт аясында қолданылатын, амортизациялауға жатпайтын активтерді өткізуден Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі;

3) 150.01.003 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;

4) 150.01.004 жолында Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша табыс көрсетіледі;

5) 150.01.005 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;

6) 150.01.006 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтерді шығарудан түсетін табыс көрсетіледі. Бұл жолда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт аясында тіркелген активтерді шығарудан түсетін табыс көрсетіледі;

7) 150.01.007 жолында Салық кодексінің 93-бабына сәйкес айқындалатын геологиялық зерттеуге және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс көрсетіледі;

8) 150.01.008 жолында Салық кодексінің 94-бабына сәйкес айқындалатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түсетін табыс көрсетіледі;

9) 150.01.009 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының тарату қорының қаражаттарын мақсатсыз пайдалану мөлшері көрсетіледі. Бұл жол жер қойнауын пайдаланушының тарату қорының және қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорының қаражаттарын мақсатсыз пайдалану қаражаттарының сомасын қосады;

10) 150.01.010 жолында егер бұл сомалар шегерімге жатқызылмаған болса, Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін, егер бұл сомалар бұрын шегерімге жатқызылмаса, бюджеттен қайтарылған негізсіз айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялардың басқа да түрлері көрсетіледі;

11) 150.01.011 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін дивидендтер және Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 18) және 20) тармақшаларына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін депозит, ағымдағы шот, борышты бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға беру сертификаты, ұтыстар бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

12) 150.01.012 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін қаржы есептілігінің халықаралық стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған, теріс бағамдық айырма сомасынан оң бағамдық айырма сомасының артуы көрсетіледі;

13) 150.01.013 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 22-1) тармақшасына сәйкес айқындалатын исламдық банкте орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс көрсетіледі;

14) 150.01.014 жолында Салық кодексіне сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін салық төлеушінің өзге де табыстары көрсетіледі;

15) 150.01.015 жолында 150.01.001-ден 150.01.014-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;

16) 150.01.016 жолында Салық кодексінің 99-бабы 1-тармағына немесе Енгізу туралы Заңның 3-1-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі;

17) 150.01.017 жолында тауарлық-материалдық қорларды бағалаудың өзге әдісіне көшу кезінде қалыптасқан оң немесе теріс айырмасы көрсетіледі;

18) 150.01.018 жолында 150.01.015 жолы мен 150.01.016 жолдарының сомасының айырмасы ретінде айқындалған, 150.01.017 жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мәні оң болған жағдайда) немесе 150.01.017 жолына азайтылған

(егер бұл жолдың мәні теріс болған жағдайда) (150.01.015 – 150.01.016 ± 150.01.017) түзетуді ескергендегі жылдық жиынтық табыс көрсетіледі.

26. "Шегерімдер" деген бөлімде:

1) 150.01.019 жолында 150.01.019 I алу 150.01.019 II қосу 150.01.019 III қосу 150.01.019 IV қосу 150.01.019 V алу 150.01.019 VI алу 150.01.019 VII алу 150.01.019 VIII алу 150.01.019 IX ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 100-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі.

150.01.019 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (соның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) өзіндік құны көрсетіледі. Бастапқы декларацияда аталған жол салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерім бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

150.01.019 II жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс еткен тарату декларациясында 150.01.019 II жолы жою балансының негізінде толтырылады;

150.01.019 III жолында салық төлеуші салық кезеңінің барысында сатып алған ТМҚ, оның ішінде өтеусіз алған, тарапты ұйымдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі. Осы жолда келтірілген деректер декларацияның 150.01.020 жолынан бастап 150.01.037 жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстарды қамтымауы тиіс. 150.01.019 III А бастап 150.01.019 III Н дейінгі жолдар мәндерінің сомасы ретінде айқындалады:

150.01.019 III А жолында салық төлеушінің есепті салық кезеңі ішінде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.01.019 III В жолында қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.01.019 III С жолында жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі

;

150.01.019 III D жолында консультациялық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.01.019 III E жолында маркетингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.01.019 III F жолында дизайнерлік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.01.019 III G жолында инжинирингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.01.019 III Н жолында өзге де жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі;

150.01.019 IV жолында:

150.01.025 жолы бойынша көрсетілетін және Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында белгіленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің алғашқы құнына енетін;

Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кейінгі шығыстар ретінде танылатын;

Салық кодексінің 87-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енетін қызметкерлердің есептелген табыстары бойынша шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 110-бабында сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар көрсетіледі

150.01.019 V жолында өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.01.019 VI жолында салықтық есебі Салық кодексінің 122-бабына сәйкес жүргізілетін кейінгі шығыстар деп танылатын жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.01.019 VII тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын, активтердің бастапқы құнына енетін, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.01.019 VIII жолында 150.01.019 VI жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабы негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.01.019 IX жолында алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

2) 150.01.020 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 150.01.021 жолында қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі, ол барабар әдісін қолдануға байланысты шегерімге есептеуге жатпайды және Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағының екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатады;

4) 150.01.022 жолында есептелген қосылған құн салығының сомасынан есепке жатқызылған және Салық кодексінің 100-бабы 13-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының артуы көрсетіледі;

5) 150.01.023 жолында Салық кодексінің 100-бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

6) 150.01.024 жолында Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 150.01.025 жолында Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 150.01.026 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді міндеттемелер және Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған, Салық кодексінің 104-бабы екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген міндеттемелер көрсетіледі;

9) 150.01.027 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар көрсетіледі;

10) 150.01.028 жолында Салық кодексінің 107-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын кен орындарын әзірлеу салдарларын жоюға жұмсалған шығыстар көрсетіледі. Бұл жол өзіне тарату қорына және қалдықтарды орналастыру полигондарының тарату қорына аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) 150.01.029 жолында Салық кодексінің 108-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын ғылыми-зерттеу және ғылыми технологиялық жұмыстарға шығыстар көрсетіледі;

12) 150.01.030 жолында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларды қоспағанда, Салық кодексінің 109-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру шарттары бойынша төленуі тиіс немесе төленген сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі;

13) 150.01.031 жолында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шыққан шығыстар мен жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері көрсетіледі. Бұл жолға осы келісімшарт бойынша 150.03-нысанының АА және АС бағандарының мәні көшіріледі;

14) 150.01.032 жолында Салық кодексінің 112-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қазақстандық кадрларды оқытуға және өңірлердің әлеуметтік саласын дамытуға жұмсалған жер қойнауын пайдаланушының шығыстары көрсетіледі (коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған сәттен бастап);

15) 150.01.033 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын оң бағамдық айырма сомасынан теріс бағамдық айырма сомасының асып кету сомасы көрсетіледі;

16) 150.01.034 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

17) 150.01.035 жолында Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес жүргізілетін тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі:

150.01.035 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 10-тармағына және 120-баптың 2-1-тармағына сәйкес салық есебі жүргізілетін, 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған корпоративтік табыс салығын төлеуден босатуды берумен келісімшарт бойынша инвестициялық жоба шеңберінде 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін және (немесе) кейін пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша шегерімдер анықтама ретінде көрсетіледі;

18) 150.01.036 жолында Салық кодексінің 123–125-баптарына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 15-бабына сәйкес инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдер көрсетіледі;

19) 150.01.037 жолында Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі. Бұл жол өзіне 150.01.037 I жолын да қамтиды:

150.01.037 I жолында резидент емес заңды тұлға басқару және жалпы әкімшілік шығыстары көрсетіледі;

20) 150.01.038 жолында шегерімге жатқызылуы тиіс жалпы сома көрсетіледі. 150.01.019-дан 150.01.037-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

27. "Табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

150.01.039 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстар мен шегерімдерді түзетулердің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.01.039 I және 150.01.039 II жолдарының айырмасы ретінде айқындалады

150.01.039 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі;

150.01.039 II жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетулердің сомасы көрсетіледі.

28. "Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

1) 150.01.040 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

2) 150.01.041 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын, шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

30. "Салық салынатын табысты есептеу" деген бөлімде:

1) 150.01.042 жолында салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.01.018 алу 150.01.038 қосу 150.01.039 қосу 150.01.040 алу 150.01.041 ретінде айқындалады.

Егер 150.01.042 жолының теріс (залал) мәні болса, онда бұл жол бойынша мәні 150.00.042 жолына көшірілмейді;

2) 150.01.043 жолында резидент – салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстарының сомасы көрсетіледі. 150.01.043 жол анықтамалық сипатқа ие. Бұл жол өзіне 150.01.043 I жолын да қамтиды:

150.01.043 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі.

150.01.043 I жолының мәні салық салынатын табысты есептеуге қосылады;

3) 150.01.044 жолында Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі;

4) 150.01.045 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі есепке ала отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.01.044 жолын алып тастаумен, 150.01.042 және 150.01.043 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады. Егер 150.01.045 жолының теріс (залал) мәні болса, онда бұл жол бойынша мәні 150.00.046 жолына көшірілмейді;

5) 150.01.046 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі;

6) 150.01.047 жолында Салық кодексінің 133-бабына сәйкес салық салынатын табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 150.01.047 А және 150.01.047 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.01.047 А жолында Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салынатын табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі;

150.01.047 В жолында Салық кодексінің 133-бабы 2-тармағына немесе Енгізу туралы Заңның 3-2-бабына сәйкес салық төлеуші салық салынатын табысын кемітуге құқылы табыстар көрсетіледі

7) 150.01.048 жолында Салық кодексінің 133-бабына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 150.01.045 және 150.01.047 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 150.01.047 жолы 150.01.045 жолынан артық болса, 150.00.048 жолында нөл көрсетіледі;

8) 150.01.049 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына және Енгізу туралы Заңның 15-1-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

9) 150.01.050 жолында көшірілген залалдар қосылған салық салынатын табыс көрсетіледі. 150.01.048 және 150.01.049 жолдарының айырмасы ретінде

айқындалады. Егер 150.01.049 жолы 150.01.048 жолынан артық болса, 150.01.050 жолында нөл көрсетіледі.

30. "Салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

1) 150.01.051 жолында Енгізу туралы Заңның 4-бабына сәйкес немесе Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағына сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы пайызда көрсетіледі;

2) 150.01.052 жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі;

3) 150.01.053 жолында шетел салығын есепке жатқызу ескерілген корпоративтік табыс салығы сомасы көрсетіледі. 150.01.050 және 150.01.051 жолдары мен 150.01.052 жолы туындысының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 150.01.052 жолы 150.01.050 және 150.01.051 жолдарының туындысынан артық болса, 150.01.053 жолында нөл көрсетіледі;

4) 150.01.054 жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 150.01.055 I жолында алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.01.055 II жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) 150.01.056 жолында Салық кодексінің 200-бабына сәйкес табыстың төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 150.01.057 жолында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 150.01.053, 150.01.054, 150.01.055 I, 150.01.055 II, 150.01.056 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл жолдың мәні 150.00.057 I жолына көшіріледі;

8) 150.01.058 жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі. 150.01.050 және 150.01.057 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Бұл жолдың мәні 150.00.058 жолына көшіріледі;

9) 150.01.059 жолында таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

150.01.059 I жолында 15 пайыз ставкасы бойынша Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі (150.01.058 x 15%);

150.01.059 II жолында Салық кодексінің 212-бабына сәйкес халықаралық шартта көзделген ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

150.01.059 III жолы егер 150.01.059 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аталған халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

150.01.059 IV жолы егер 150.01.059 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

10) 150.01.060 жолында есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. 150.01.057, 150.01.059 I және

150.01.059 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады. Бұл жолдың мәні 150.00.061 жолына көшіріледі.

4. Келісімшарттан тыс қызмет бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы – 150.02-нысанын жасау

31. Бұл нысан жер қойнауын пайдаланушының Салық кодексінің 310-бабы ережелерін ескере отырып, келісімшарттан тыс қызмет бойынша, оның ішінде кең таралған пайдалы қазбаларды, жер асты суларын, емдік балшықтарды барлауға және (немесе) өндіруге, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес құрылысқа және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберіндегі қызмет бойынша корпоративтік табыс салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты көрсетуіне арналған.

32. "Жылдық жиынтық табыс" деген бөлімде:

1) 150.02.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес өткізуден түскен табыс көрсетіледі;

2) 150.02.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес құн өсімінен түсетін табыс көрсетіледі.

- 3) 150.02.003 жолында алдыңғы салық кезеңінен көшірілген залалдар ескеріле отырып, туынды қаржы құралдар, оның ішінде своп бойынша табыс көрсетіледі;
- 4) 150.02.004 жолында Салық кодексінің 88-бабына сәйкес міндеттемелерді есептен шығарудан табыс көрсетіледі;
- 5) 150.02.005 жолында Салық кодексінің 89-бабына сәйкес күмәнді міндеттемелер бойынша табыс көрсетіледі;
- 6) 150.02.006 жолында Салық кодексінің 91-бабына сәйкес талап ету құқығын беруден түскен табыс көрсетіледі;
- 7) 150.02.007 жолында Салық кодексінің 92-бабына сәйкес айқындалатын тіркелген активтерді шығарудан түскен табыс көрсетіледі;
- 8) 150.02.008 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген егер бұрын шегерімге жатқызылмаса, бұрын негізсіз бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, сот таңылған немесе борышты деп танылған айыппұлдар, өсімақылар және санкциялардың басқа да түрлері көрсетіледі;
- 9) 150.02.009 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген дивидендтер және Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 18) және 20 тармақшаларына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін депозит, ағымдағы шот, борышты бағалы қағаз, вексель, исламдық жалға беру сертификаты, ұтыстар бойынша сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 10) 150.02.010 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілген қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі көрсетіледі;
- 11) 150.02.011 жолында Салық кодексінің 85-бабы 1-тармағының 22-1) тармақшасына сәйкес айқындалатын исламдық банкте орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс көрсетіледі;
- 12) 150.02.012 жолында Салық кодексіне сәйкес жылдық жиынтық табысқа енгізілетін салық төлеушінің өзге де табыстары көрсетіледі;
- 13) 150.02.013 жолында 150.02.001-ден 150.02.012-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы көрсетіледі;
- 14) 150.02.014 жолында Салық кодексінің 99-бабына және Енгізу туралы Заңының 3-1-бабына сәйкес жылдық жиынтық табысты түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі;

15) 150.02.015 жолында тауарлық-материалдық запастарды бағалаудың өзге әдісіне көшу кезінде қалыптасқан оң немесе теріс айырма көрсетіледі;

16) 150.02.016 жолында 150.02.013 жолы мен 150.02.014 жолы сомасының айырмасы ретінде айқындалған, 150.02.015 жолына ұлғайтылған (егер бұл жолдың мәні оң болған жағдайда) немесе 150.01.015 жолына азайтылған (егер бұл жолдың мәні теріс болған жағдайда) түзету ескеріле отырып, жылдық жиынтық табыс көрсетіледі.

33. "Шегерімдер" деген бөлімде:

1) 150.02.017 жолда 150.02.017 I алу 150.02.017 II қосу 150.02.017 III қосу 150.02.017 IV қосу 150.02.017 V алу 150.02.017 VI алу 150.02.017 VII алу 150.02.017 VIII алу 150.02.017 IX ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 100-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сатылған (жұмсалған) тауарлардың, сатып алынған және өтеусіз алынған жұмыстар, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі.

150.02.017 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (соның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) өзіндік құны көрсетіледі. Бастапқы декларацияда аталған жол салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерім бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын беретін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

150.02.017 II жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс еткен тарату декларациясында 150.02.017 II жолы жою балансының негізінде толтырылады;

150.02.017 III жолында салық төлеуші салық кезеңінің барысында сатып алған ТМҚ, оның ішінде өтеусіз алған, тарапты ұйымдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі. Осы жолда келтірілген деректер декларацияның 150.02.017 жолынан бастап 150.02.038 жолдар бойынша шегерімге жатқызылатын шығыстарды қамтымауы тиіс. 150.02.017 III А бастап 150.02.017 III Н дейінгі жолдар мәндерінің сомасы ретінде айқындалады:

150.02.017 III А жолында салық төлеуші есепті салық кезеңінде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.02.017 III В жолында қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.02.017 III С жолында жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі

;

150.02.017 III D жолында консультациялық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.02.017 III E жолында маркетингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.02.017 III F жолында дизайнерлік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.02.017 III G жолында инжинирингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

150.02.017 III H басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға шығыстар көрсетіледі;

150.02.017 IV жолында:

150.02.023 жолы бойынша көрсетілетін және Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында беліленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің алғашқы құнына енетін;

Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кейінгі шығыстар ретінде танылатын;

Салық кодексінің 87-бабына сәйкес амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енетін қызметкерлердің есептелген табыстары бойынша шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 110-бабында сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстар көрсетіледі

150.02.017 V жолында өткен салық кезеңдерінде алдағы кезеңдер шығыстары ретінде танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылған жұмыстар мен қызметтердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.02.017 VI жолында салықтық есебі Салық кодексінің 122-бабына сәйкес жүргізілетін кейінгі шығыстар болып танылған жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.02.017 VII тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын, активтердің бастапқы құнына енетін, жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.02.017 VIII жолында 150.02.017 VI жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

150.02.017 IX жолында алдағы кезеңдердің шығыстары ретінде танылатын және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімдерге жатқызылуы тиіс жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

2) 150.02.018 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімақылардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 150.02.019 жолында қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі, ол барабар әдісін қолдануға байланысты шегерімге есептеуге жатпайды және Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағының екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатады;

4) 150.02.020 жолында 2009 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан, есептелген қосылған құн салығының сомасынан есепке жатқызылған және Салық кодексінің 100-бабы 13-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының артуы көрсетіледі;

5) 150.02.021 жолында Салық кодексінің 100-бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

6) 150.02.022 жолында Салық кодексінің 103-бабына, Енгізу туралы Заңның 14-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылардың жалпы сомасы көрсетіледі;

7) 150.02.023 жолында Салық кодексінің 101-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақы сомалары көрсетіледі;

8) 150.02.024 жолында Салық кодексінің 104-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын, оның ішінде Салық кодексінің 104-бабы екінші бөліміне сәйкес шегерімге жатқызылатын төленген күмәнді міндеттемелер, Салық кодексінің 88-бабына сәйкес бұрын табыс деп танылған төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

9) 150.02.025 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар көрсетіледі;

10) 150.02.026 жолында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларды қоспағанда, Салық кодексінің 109-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру шарттары бойынша төленуі тиіс немесе төленген сақтандыру сыйлықақылары көрсетіледі;

11) 150.02.027 жолында Салық кодексінің 113-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын оң бағамдық айырма сомасынан теріс бағамдық айырма сомасының артуы көрсетіледі;

12) 150.02.028 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көрсетіледі;

13) 150.02.029 жолында Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес жүргізілетін тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетіледі;

150.02.029 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 10-тармағына және 120-баптың 2-1-тармағына сәйкес салық есебі жүргізілетін, Инвестициялар туралы Заңға сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған корпоративтік табыс салығын төлеуден босатуды берумен келісімшарт бойынша инвестициялық жоба

шеңберінде 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін және (немесе) кейін пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша шегерімдер анықтама ретінде көрсетіледі;

14) 150.02.030 жолында Салық кодексінің 123 – 125-баптарына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 15-бабына сәйкес инвестициялық салық преференциялары бойынша шегерімдер көрсетіледі;

15) 150.02.031 жолында Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі.

150.02.031 жолына оның ішінде Салық кодексінің 107, 111 және 112-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылатын кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіру жөніндегі келісімшарттар шеңберінде, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға кеткен шығындар қосылады.

Бұл жол өзіне басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары көрсетілетін 150.02.031 I жолын да қамтиды;

16) 150.02.032 шегерімге жатқызылуы тиіс сома көрсетіледі;

150.02.032 I жолында шегерімге жатқызылатын шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.02.017-ден 150.02.031-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

150.02.032 II жолында бір мезгілде 130.00–нысан бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны табыс ететін коммерциялық емес ұйымдардың Салық кодексінің 134-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 130.00.029 жолы көшіріледі;

150.02.032 III жолында Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекеме(лері)сі бар резиденттер шегерімге жатқызуы тиіс шығыстардың сомасы көрсетіледі.

34. "Табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

150.02.033 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстар мен шегерімдерді түзетулердің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.02.033 I және 150.02.033 II жолдарының сомасын айырмасы ретінде айқындалады:

150.02.033 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін табыстарды түзетулердің сомасы көрсетіледі;

150.02.033 II жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес жүргізілетін шегерімдерді түзетулердің сомасы көрсетіледі.

35. "Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

1) 150.02.034 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес табыстарды түзетудің сомасы көрсетіледі;

2) 150.00.035 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын, шегерімдерді түзетудің сомасы көрсетіледі.

36. "Салық салынатын табысты есептеу" деген бөлімде:

1) 150.02.036 жолында салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.02.033 және 150.02.034 жолдарына ұлғайтылған 150.02.016, 150.00.032 және 150.02.035 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

2) 150.02.037 жолында резидент салық төлеушінің Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстарының сомасы көрсетіледі. 150.02.037 жол анықтамалық сипатқа ие. Бұл жол өзіне 150.02.037 I жолын да қамтиды:

150.02.037 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыс көрсетіледі.

150.02.037 I жолының мәні салық салынатын табысты есептеуге қосылады;

3) 150.02.038 жолында Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі;

4) 150.02.039 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі есепке ала отырып, салық салынатын табыс (залал) сомасы көрсетіледі. 150.02.038 жолын алып тастаумен, 150.02.036 және 150.02.037 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 150.02.040 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі;

6) 150.02.041 жолында Салық кодексінің 133-бабына немесе Енгізу туралы Заңның 3-2-бабына сәйкес салық салу табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 150.02.041 А және 150.02.041 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.02.041 А жолында Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы шығыстар көрсетіледі.

150.02.041 В жолында Салық кодексінің 133-бабы 2-тармағына немесе Енгізу туралы Заңның 3-2-тармағына сәйкес салық төлеуші салық салу табысын кемітуге құқылы табыстар көрсетіледі;

7) 150.02.042 жолында Салық кодексінің 133-бабына, сондай-ақ Енгізу туралы Заңның 3-2-тармағына сәйкес жүргізілетін азайту ескерілген салық салынатын табыс көрсетіледі. 150.02.039 және 150.02.041 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер 150.02.041 жолы 150.02.039 жолынан артық болса, 150.00.042 жолда нөл көрсетіледі;

8) 150.02.043 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына және Енгізу туралы Заңның 15-1-бабына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

9) 150.02.044 жолында көшірілген залалдар қосылған салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер 150.02.042 жолында оң мән көрсетілген жағдайда толтырылады . 150.02.042 және 150.00.043 жолдары сомасының айырмасы ретінде

айқындалады. Егер 150.02.043 жолы 150.02.042 жолынан артық болса, 150.02.044 жолда нөл көрсетіледі.

37. "Салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

1) 150.02.045 жолында Енгізу туралы Заңның 4-бабына сәйкес немесе Салық кодексінің 147-бабы 2-тармағына сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы пайызда көрсетіледі;

2) 150.02.046 жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығының түрлерінің сомасы көрсетіледі;

3) 150.02.047 жолында шетел салығын есепке жатқызу ескерілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 150.02.044 және 150.02.045 жолдарының және 150.02.046 жолының туындысының айырмасы ретінде айқындалады;

4) 150.02.048 жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 150.02.049 I жолында алдыңғы салық кезеңдерінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес көшірілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.02.049 II жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс корпоративтік табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) 150.02.050 жолында Салық кодексінің 200-бабына сәйкес табыстың төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 150.02.051 жолында 150.02.051 I және 150.02.051 II және 150.02.051 III және 150.02.051 IV және 150.02.051 V жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

150.02.051 I жолында Салық кодексінің 139-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. 150.02.047, 150.02.048, 150.02.049 I, 150.02.049 II, 150.02.050 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 150.02.051 I жолда нөл көрсетіледі. Бұл жолдың мәні 150.02.058 I жолына көшіріледі;

150.02.051 II жолында Салық кодексінің 451-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының азайту сомасы көрсетіледі. Салық

кодексінің 448 – 452-баптарында көзделген арнаулы салық режимі шеңберінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер толтырады. 150.02.051 I жолының 70 пайызы ретінде айқындалады. Бұл жолдың мәні 150.02.058 II жолына көшіріледі;

150.02.051 III жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісімшартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін қолдануға байланысты кемітілген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні 150.02.058 III жолына көшіріледі;

150.02.051 IV жолында Инвестициялар туралы Заңға сәйкес салық төлеуші инвестициялар бойынша мемлекеттік уәкілетті органмен 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасасқан келісімшарт негізінде есептелген корпоративтік табыс салығына кемітуге құқылы сома көрсетіледі. Бұл жолдың мәні 150.02.058 IV жолына көшіріледі;

150.02.051 V жолында 150.02.051 I жолынан 100% ретінде айқындалатын Салық кодексінің 151-бабына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасының кемітілуі көрсетіледі. Бұл жолдың мәні 150.02.051 V жолына көшіріледі;

8) 150.02.052 жолында Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметінен түскен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы көрсетіледі. 150.02.044 және 150.02.051 жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

9) 150.02.053 жолында таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі:

150.02.053 I жолында 150.02.052 жолының 15% ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес 15 пайыз ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні 150.02.060 I жолына көшіріледі;

150.02.053 II жолында Салық кодексінің 212-бабына сәйкес халықаралық шартта көзделген ставка бойынша есептелген таза табысқа корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі. Егер салық төлеуші таза табысқа корпоративтік табыс салығына қатысты халықаралық шарт ережесін қолданса, таза табысқа корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні 150.02.060 II жолына көшіріледі;

150.02.053 III жолы егер 150.02.053 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аталған халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі;

150.02.053 IV жолы егер 150.01.053 II жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Бұл жолға аталған халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

10) 150.02.054 жолында есептелген корпоративтік табыс салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. (150.02.051 + 150.02.053 I немесе 150.02.053II) ретінде айқындалады. Бұл жолдың мәні 150.00.061 жолына көшіріледі.

5. Геологиялық зерттеуге, барлауға және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстар және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстары – 150.04-нысанын жасау

38. Бұл нысан Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімдерге жатқызылуға жататын, жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған уақытқа дейінгі геологиялық зерттеуге, барлауға, табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсаған шығыстарын, соның ішінде кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіруді, сондай-ақ барлауды және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының басқа да шығыстарын айқындауға арналған.

39. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 3) С бағанында геологиялық зерттеуге арналған шығыстар көрсетіледі;
- 4) D бағанында бағалау, орналасу бойынша шығыстарды қоса алғандағы, барлауға және пайдалы қазбаларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстар көрсетіледі;
- 5) E бағанында жалпы әкімшілік шығыстар көрсетіледі;
- 6) F бағанында төленген қол қою бонусының сомасы көрсетіледі;
- 7) G бағанында төленген коммерциялық табу бонусының сомасы көрсетіледі;
- 8) H бағанында салық кезеңі үшін қазақстандық кадрларды оқытуға, аймақтардың әлеуметтік салаларын дамытуға нақты жұмсалған шығыстар;
- 9) I бағанында салық кезеңі үшін келісімшарт шеңберінде айқындалған қазақстандық кадрларды оқытуға, аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға арналған шығыстар сомасы көрсетіледі;
- 10) J бағанында қазақстандық кадрларды оқытуға, аймақтардың әлеуметтік саласын дамытуға арналған шегерімге жатқызылатын шығыстардың сомасы көрсетіледі. Бұл жолға H және I бағандарының ең кіші мәндері көшіріледі;
- 11) K бағанында бағанында негізгі құралдарды сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

12) L бағанында бағанында жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға байланысты жұмсалған материалдық емес активтерді сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі;

13) M бағанында өзге де материалдық емес активтерді сатып алу бойынша шығыстар көрсетіледі;

14) N бағанында Салық кодексінің 111-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өзге де шығыстар көрсетіледі;

15) O бағанында жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейінгі шығыстарының жалпы сомасы көрсетіледі. С-дан G-ға дейінгі және J-ден N-ге дейінгі бағандарының сомасы ретінде айқындалады ((С-дан G-ға дейінгі сома) қосу (J-ден N-ға дейінгі сома));

16) P бағанында Салық кодексінің 99-бабына немесе Енгізу туралы Заңның 3-1-бабына сәйкес жылдық жиынтық табыстан алып тастауға жататын табыстарды қоспағанда, коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін геологиялық зерттеу, барлау және табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісімшарт шеңберінде жүзеге асыратын қызметі бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған табыстары көрсетіледі;

17) Q бағанында коммерциялық табудан кейін өндіруді бастаған кезге дейін өндірілген пайдалы қазбаларды өткізу кезінде алынған табыстар көрсетіледі;

18) R бағанында жер қойнауын пайдалану құқығының бір бөлігін сатудан түскен табыстар көрсетіледі;

19) S бағанында табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. P-дан R-ға дейінгі бағандарының сомасы ретінде айқындалады;

20) T бағанында салық кезеңі ішінде жиналған коммерциялық табудан кейін өндіру басталған сәтке дейін жүргізілген шығыстардың сомасы көрсетіледі. O және S бағанындарының айырмасы ретінде айқындалады;

21) U бағанында салық кезеңінің басына жиналған шығындардың тобының құн балансы көрсетіледі;

22) V бағанында Салық кодексінің 116-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген активтер бойынша коммерциялық табудан кейін пайдалы қазбаларды өндіру басталған сәттен жұмсалған кейінгі шығыстардың сомасы көрсетіледі;

23) W бағанында салық кезеңінің ішінде жиналған шығыстар тобынан шығарылған активтердің құны көрсетіледі;

24) X бағанында салық кезеңінің соңына жиналған шығыстар тобының теңгерімінің құны. U, T және V бағанындарының сомасы алу W бағаны ретінде айқындалады. Бұл ретте егер жолдардың сомасы теріс мәнде болса, 150.03-нысаны бойынша әрі қарай есеп тоқтатылады;

25) Y бағанында 25 пайыз мөлшерінде Салық кодексінің 111-бабы 1-тармағында айқындалған амортизацияның шекті нормасы көрсетілген;

26) Z бағанында Y бағаны көрсетілген амортизацияға көбірек шекті норма болуы керек болатын амортизацияның қолданылатын нормасы көрсетіледі;

27) AA бағанында шегерімге жатқызылатын сома көрсетіледі. Y және XZ бағандарының көбейтумен айқындалады;

28) AB бағанында шығындардың келесі салық кезең алып жүруге болатын сомасы көрсетіледі. X және AA жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

29) AC бағанында Салық кодексінің 111-бабы 1-тармағының 2-бөлігіне сәйкес шегерімге жатқызылатын, соңғы салық кезеңінің соңына қалыптасқан амортизацияланатын активтер тобының құндық теңгерімі көрсетіледі.

6. Сатылған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша бойынша ҚҚС төлеуші болып табылмайтын салық төлеушілердің шығыстары – 150.04-нысанын жасау

40. Бұл нысанды қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын тұлғалар толтырады. Нысанда шегерімге жатқызылмайтындарды қоса алғанда, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы нысандағы мәліметтер декларацияға және оған қосымшаларға көшірілмейді.

41. "Шығыстар" деген бөлімде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында СТН көрсетіледі;

3) C бағанында контрагенттің БСН (ЖСН) көрсетіледі;

4) D бағанында осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған D бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

6) F бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

1 – қаржылық қызметтері;

2 – жарнамалық қызметтер;

3 – консультациялық қызметтер;

4 – маркетингтік қызметтер;

5 – дизайнерлік қызметтер;

7 – инжинирингтік қызметтер;

8 – өзгелері;

7) G бағанында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша құны көрсетіледі.

7. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер – 150.05-нысанын жасау

42. Бұл нысан Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес тіркелген активтер бойынша шегерімдерді айқындауға, сондай-ақ Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін 1-топтың тіркелген активтерін шығарудан залалды айқындауға арналған.

Жер қойнауын пайдаланушы жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша шегерімдерді, сондай-ақ ол Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, салық есебі саясатында жер қойнауын пайдаланушының қабылдаған бөлек салық есебін жүргізудің бір немесе бірнеше әдістерінің негізінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (келісімшарттар) арасындағы бірнеше жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартпен және (немесе) келісімшарт және келісімшарттан тыс қызметпен байланысты, жалға алынатын негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстарды өз бетінше бөледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға бөлінген жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушының жалға алатын негізгі құралдарға қатысты жүргізгеннен кейінгі шығыстары бойынша шегерімдер әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша 150.01-нысанда келісімшарттан тыс қызметке бөлінген бөлігінде шегерімдер сомасы 150.02-нысанда көрсетіледі.

43. "Жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша шегерімдер" деген бөлімде:

1) 150.05.001 жолында салық кезеңінің басына жалпы және жанама активтер бойынша топтардың құндық теңгерімнің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.05.001 I-ден 150.05.001 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.001 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің басына I топ жалпы және жанама тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.05.001 II жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің басына II топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.05.001 III жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің басына III топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.05.001 IV жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің басына IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

2) 150.05.002 жолында салық кезеңінде келіп түскен жалпы және жанама тіркелген активтердің құны көрсетіледі. 150.05.002 I-ден 150.05.002 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.002 I жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен I топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.05.002 II жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен II топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.05.002 III жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен III топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.05.002 IV жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын, келіп түскен IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

3) 150.05.003 жолында шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтердің құны көрсетіледі. 150.05.003 I-ден 150.05.003 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.003 I жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, I топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі ;

150.05.003 II жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, II топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі ;

150.05.003 III жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, III топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

150.05.003 IV жолында Салық кодексінің 119-бабына сәйкес айқындалатын, IV топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

4) 150.05.004 жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын кейінгі шығыстар көрсетіледі. 150.05.004 I-ден 150.05.004 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.004 I жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес кіші топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

150.05.004 II жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

150.05.004 III жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

150.05.004 IV жолында Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтардың құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

5) 150.05.005 жолында салық кезеңінің аяғына жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша топтардың құндық теңгерімнің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.05.005 I-ден 150.05.005 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.005 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің аяғына I топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.05.005 II жолында Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің аяғына II топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.05.005 III жолында Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің аяғына III топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

150.05.005 IV жолында Салық кодексінің 117-бабы 8-тармағына сәйкес анықталған салық кезеңінің аяғына IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтерінің құндық теңгерімнің сомасы көрсетіледі;

6) 150.05.006 жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес салық кезеңінің қорытындысы бойынша есептелген жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі. 150.05.006 I-ден 150.05.006 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.006 I жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

150.05.006 II жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

150.05.006 III жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

150.05.006 IV жолында Салық кодексінің 120-бабы 2, 2-1-тармақтарына сәйкес есептелінген IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша амортизациялық аударымдар көрсетіледі;

7) 150.05.007 жолында Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі. 150.05.007 I-ден 100.16.007 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.007 I жолында I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

150.05.007 II жолында II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

150.05.007 III жолында III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

150.05.007 IV жолында IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес амортизацияның екі нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі;

8) 150.05.008 жолында Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 1 және 2-тармақтарына сәйкес шегерімге жатқызылатын (II, III, IV топтары) немесе залал деп танылатын (I тобы) барлық жалпы және жанама тіркелген активтерді шығару кезіндегі топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімі көрсетіледі. 150.05.008 I-ден 150.05.008 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.008 I жолында Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 1-тармағына сәйкес залал деп танылатын I топтың шығарылған жалпы және жанама тіркелген активтерінің (өтеусіз бергенді қоспағанда) кіші топтарының құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.05.008 II жолында Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық жалпы және жанама тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі II топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.05.008 III жолында Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың

барлық жалпы және жанама тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі III топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.05.008 IV жолында Салық кодексінің 121-бабы 3-тармағын ескере, Салық кодексінің 121-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын топтардың барлық жалпы және жанама тіркелген активтерінің шығарылуы (өтеусіз бергенді қоспағанда) кезіндегі IV топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

9) 150.05.009 жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын Республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына топтардың (кіші топтардың) құндық теңгерімі көрсетіледі. 150.05.009 I-ден 150.05.009 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.009 I жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.05.009 II жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.05.009 III жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

150.05.009 IV жолында Салық кодексінің 121-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша Республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 300-еселенген мөлшерден кем соманы құрайтын салық кезеңінің соңына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі;

10) 150.05.010 жолында қызметкерлердің есептелген табыстары бойынша шығыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын кейінгі шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі. 150.05.010 I-ден 150.05.010 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.010 I жолында Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі.

150.05.010 II жолында Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша жұмсалатын кейінгі шығыстар көрсетіледі.

150.05.010 III жолында Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі:

150.05.010 IV жолында Салық кодексінің 122-бабы 2-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша кейінгі шығыстар көрсетіледі;

11) 150.05.011 жолында жалпы және жанама тіркелген активтер бойынша салық кезеңінің шегерімдерінің жалпы сомасы көрсетіледі. 150.05.011 I-ден 150.05.011 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

150.05.011 I жолында I топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 150.05.006 I, 150.05.007 I, 150.05.009 I, 150.05.010 I жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.05.011 II жолында II топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 150.05.006 II, 150.05.007 II, 150.05.008 II, 150.05.009 II, 150.05.010 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.05.011 III жолында III топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 150.05.006 III, 150.05.007 III, 150.05.008 III, 150.05.009 III, 150.05.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

150.05.011 IV жолында IV топтың жалпы және жанама тіркелген активтері бойынша шегерімдер көрсетіледі. 150.05.006 IV, 150.05.007 IV, 150.05.008 IV, 150.05.009 IV, 150.05.010 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

12) 150.05.012 жолында Салық кодексінің 122-бабы 4-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын, жалға алушы жалға алынған негізгі құралдарға қатысты жүргізген кейінгі шығыстарының сомасы көрсетіледі.

8. Резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстары – 150.06-нысанын жасау

44. Бұл нысан Салық кодексінің 208–211-баптарына сәйкес шегерімге жатқызылатын басқару және жалпы әкімшілік шығыстар сомасын айқындауға арналған және Қазақстан Республикасымен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау және табыстарға немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың алдын алу туралы халықаралық шарттың (бұдан әрі – халықаралық

шарт) ережелерін қолдануға құқығы бар, қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес толтырады.

45. "Қосымша ақпарат" деген бөлімде:

1) шығыстарды шегерімге жатқызудың қолданылатын әдісі. Салық кодексінің 208-бабына сәйкес шығыстарды шегерімге жатқызу кезінде қолданылатын әдіс белгіленеді:

А торкөзі егер барабар бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер тікелей бөлу әдісі қолданылса, белгіленеді;

2) барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілі. Қолданылатын есептік көрсеткішті есептеу тәсілі белгіленеді:

А торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

В торкөзі егер Салық кодексінің 209-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған есептік көрсеткішті есептеу тәсілі қолданылса, белгіленеді;

3) халықаралық шарт жасасқан резиденттік елінің коды. Қазақстан Республикасы қолданылатын халықаралық шарт жасасқан осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес резиденттік елінің коды көрсетіледі;

4) салық кезеңі. Халықаралық шарт жасасқан елдегі салық кезеңінің басталу және аяқталу күні белгіленеді;

5) салық кезеңінің түзету коэффициенті (коэффициенттері) (бұдан әрі – СКТК). Салық кодексінің 210-бабына сәйкес қолданылған жағдайда К (К1 және К2) түзету коэффициентінің (коэффициенттері) мөлшері белгіленеді.

46. "Шығыстар" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тиісті көрсеткіштер айқындалған;

3) С бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеуші және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеме алған (алуы тиіс) жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі;

4) D бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес заңды тұлғаның және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің негізгі құралдарының бастапқы (ағымдағы) құнының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында СКТК (пайдаланылған кезде) ескеріле отырып, резидент емес салық төлеушінің және Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі;

6) F бағанында қолданылатын тәсіл бойынша есептелген есептік көрсеткіш мөлшері көрсетіледі. Есептік көрсеткіш Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекеме арқылы қызметтен салыстырмалы көрсеткіштердің барабар бөлу әдісін қолдану кезінде есептік көрсеткішті есептеу тәсілін қолдануға байланысты 4С

жолында немесе 4C, 4D, 4E жолдарының сомасының 3-ке қатынасы ретінде айқындалатын резидент еместің салыстырмалы көрсеткіштеріне қатынасын білдіреді. Есептік көрсеткіштерді айқындау кезінде мындық үлестер көрсетіледі;

7) G бағанында резидент еместің басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында G бағанында көрсетілген шығындар ескеріле отырып, салық төлеуші шығынының жалпы сомасы көрсетіледі.

9. Стандартты салық жеңілдіктерін алған кезде салық міндеттемесін есептеу – 150.07-нысанын жасау

47. Бұл нысан салық төлеушінің инвестициялар бойынша уәкілетті органмен жасасқан келісімшартқа сәйкес стандартты салық жеңілдіктерін алған кезде корпоративтік табыс салығының сомасын есептеуіне арналған.

48. "Корпоративтік табыс салығы сомасының есебі" деген бөлімде:

1) 150.07.001 жолында инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісімшарт жасасудың алдағы жылының үш салық кезеңі ішінде ең көп болып табылатын салық салынатын табыс көрсетіледі;

2) 150.07.002 жолында салық салынатын табыс инвестициялар бойынша уәкілетті органмен келісімшарт жасасудың алдағы жылының үш салық кезеңі ішінде ең көп болып табылатын салық кезеңінің жылы көрсетіледі;

3) 150.07.003 жолында салық кезеңіне қатысты 150.07.002 жолында көрсетілген жылдың инфляциясының орташа жылдық индексі көрсетіледі;

4) 150.07.004 жолында инфляция индексі ескеріле отырып, 150.07.001 жолында көрсетілген ең көп салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі және 150.07.001 және 150.07.003 жолдарының туындысы ретінде айқындалады;

5) 150.07.005 жолында оған сәйкес стандартты салық жеңілдіктер берілген келісімшарт қолданылатын салық кезеңіндегі ай саны көрсетіледі;

6) 150.07.006 жолында инфляцияның орташа жылдық индексі мен салық кезеңіндегі келісімшарт қолданысы айларының саны ескеріле отырып, ең көп салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі және 150.07.004 және 150.07.005 жолдарының туындысының 12-ге қатынасы ретінде айқындалады;

7) 150.07.007 жолында оған сәйкес стандартты салық жеңілдіктері алынған келісімшарт бойынша қызметтен алынған салық кезеңі үшін салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші өзге де қызметті жүзеге асырған жағдайда бөлек есеп жүргізуге міндетті;

8) 150.07.008 жолында 150.07.007 және 150.07.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, келісімшарт бойынша қызметтен алынған салық

салынатын табыстың (150.07.001 жолы бойынша көрсетілуге жататын салық салынатын табыс болмаған жағдайда – салық салынатын табыс) жеңілдік берілген өсімінің сомасы көрсетіледі;

9) 150.07.009 жолында келісімшартқа сәйкес корпоративтік табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

10) 150.07.010 жолында келісімшартқа сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

10. Шетел көздерінен табыстар, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомалары. Төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасы – 150.08-нысанын жасау

49. Бұл нысан шетел көздерінен табыстарды, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайда бөлігінің сомаларын, сондай-ақ Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған.

50. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі. Осы бағанда резидент еместің табыс төлейтін резиденттік елінің коды (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс көзі болып табылатын елдің коды (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

3) С бағанында шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс төлейтін резидент еместің (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында осы Қағидалардың 55-тармағының 2) тармақшасына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты емес шетел көздерінен алған табыс түрінің коды көрсетіледі;

5) E бағанында осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес табыс алу валютасының коды көрсетіледі;

6) F бағанында резидент салық төлеушінің салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі,

өзге жағдайларда табысты төлейтін резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі көрсетіледі, пайыз түрінде;

7) G бағанында резидент салық төлеушіге тиесілі, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген пайдасының сомасы көрсетіледі;

8) H бағанында резидент салық төлеушінің тұрақты мекемеге байланысты емес, қайта есептеу жүргізілген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген шетелдік мемлекеттегі көздерден есептелген табыстарының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында резидент салық төлеушінің Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты мекемелермен шегерімге жатқызылатын басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген шетелдегі тұрақты мекеме арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында Салық кодексінің 223-бабы ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында корпоративті табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға тиісті шетел мемлекетіндегі көздерден алынатын табыстарға салынатын табыс салығының сомалары көрсетіледі.

A-дан G-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады. A-дан E-ге дейінгі, H-тан J-ге дейінгі бағандары Салық кодексінің 221, 222-баптарына сәйкес толтырылады. A-дан E, H, J, K F-ке дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

G бағанының жиынтық мәні 150.00.044 I жолына көшіріледі.

K бағанының жиынтық мәні 150.00.053 жолына көшіріледі.

11. Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс – 150.09-нысанын жасау

51. Бұл нысан Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-баптарына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табысты айқындауға арналған.

52. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) B бағанында оған сәйкес табысқа қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген осы Қағидалардың 58-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;

- 3) С бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Қағидалардың 57-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс көрсетіледі.

12. Жылдық қаржы есептемесінің құрамдас бөліктері туралы мәліметтер – 150.10-нысанын жасау

53. Бұл нысанды салық төлеуші халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасына сәйкес есепті салық кезеңі үшін әзірленген бухгалтерлік есептің деректері негізінде толтырады.

13. Табыстардың, валюталардың, елдердің, халықаралық келісімдер түрлерінің кодтары

54. Декларация толтыру кезінде мынадай табыс түрлерін кодтауды пайдалану қажет.

1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы, одан тысқары жерлердегі тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар;

1021 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызметтерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (соттарда, төрелік сотта немесе аралық сотта өкілдік ету және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстар;

1030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің нақты орындалған (көрсетілген, іске асырылған) жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ резидент көрсетілген тұлғадан алатын өзге де табыстар;

1031 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың,

қызметтерді көрсетудің нақты орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ егер алынатын жұмыстар, қызмет көрсетулер, тауарлар осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент көрсетілген тұлғадан алатын өзге де табыстар

1040 – Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түсетін табыстар;

1041 – резидент шығарған бағалы қағаздарды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түсетін табыстар;

1042 – Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғадағы, консорциумдағы қатысу үлестерін өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары немесе активтері құнының 50 және одан да көп пайызын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен түсетін табыстар;

1044 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1051 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1060 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резиденттен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1061 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

1070 – резиденттің жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге жасалған келісімшарттар (шарттар, келісімдер) және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісімшарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

1071 – резидент еместің Қазақстан Республикасында осындай резидент еместің қызметі барысында туындаған, оның ішінде жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге жасалған келісімшарттар (шарттар, келісімдер) және (

немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісімшарттары бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасында орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемелерін орындау жүктелмеген сенімгерлікпен басқарушы-резиденттен мүлікті сенімгерлікпен басқаруды тағайындау туралы акт бойынша алынған табыстар;

1100 – резиденттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

1101 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, сыйақылар түріндегі табыстар;

1110 – резидент эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

1111 – егер резидент еместің берешегі оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі немесе сонда орналасқан мүлкі бар резидент емес эмитенттен алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

1120 – резиденттен алынатын роялти түріндегі табыстар;

1121 – егер роялти төлеу бойынша шығыстар осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыстар;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

1140 – Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1151 – Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық–талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

1180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1181– жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;

1190 – өздеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындайтын орнының маңызы жоқ;

1200 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

1201 – резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасында тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

1210 – жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) еңбек шартының (келісімшартының) негізінде шеккен, резидент емес жеке тұлғаны материалдық, әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстарды қоса алғанда, осындай жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оның балаларын оқу орындарында оқытуға жұмсалатын шығыстар, оның отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуін қоса алғанда, демалуға байланысты шығыстар жатады;

1211 – өзге тұлға еңбек шартының (келісімшартының) негізінде шеккен, резидент емес жеке тұлғаны материалдық, әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз етуге жұмсалған шығыстарды қоса алғанда, осындай жеке тұлғаның Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оның балаларын оқу орындарында оқытуға жұмсалатын шығыстар, оның отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуін қоса алғанда, демалуға байланысты шығыстар жатады;

1220 – резидент жинақтаушы зейнетақы қоры жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино, радио, теледидар артистіне, музыкантқа,

суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1240 – резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтыс төлемі тұрақты мекеме қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 – Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;

1261 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті тегін алудан табыстар;

1270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

1280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

1290 – күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

1300 – банктер мен лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

1320 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

1330 – тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

1340 – геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

1350 – кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

1360 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

1370 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

1390 – әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

1400 – мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

1410 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге де жағдайларда

пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түскен таза табыстар;

1480 – ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыстар;

1430 – Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасынан тыс көздерден табыстар:

2010 – Қазақстан Республикасынан тыс, шет мемлекетте орналасқан тауарларды өткізуден түскен табыстар;

2020 – Қазақстан Республикасынан тыс жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

2021 – резидент емеске Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқарушылық, қаржылық (тәуекелдерді сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша қызмет көрсетулерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (өкілдік және соттарда және алқалық органдарда мүдделерді қорғау бойынша қызметтерді, сондай-ақ нотариалды қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түскен табыстар;

2030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместен резидент алатын осындай мемлекетте жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстар, сондай-ақ өзге де табыстар;

2040 – Қазақстан Республикасынан тыс аумақта орналасқан мүлікті өткізу нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

2041 – резидент емес шығарған бағалы қағаздарды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

2042 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан резидент емес заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

2043 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай акцияларының немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

2044 – егер резидент емес заңды тұлғаның осындай қатысу үлестерінің немесе активтерінің құнының 50 пайызынан астамын Қазақстан Республикасында орналасқан мүлік құрайтын болса, резидент емес заңды тұлғада, консорциумда қатысу үлестерін сату нәтижесінде алынған құн өсімінен табыстар;

2050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

2060 – талап ету құқығын сатып алған салық төлеуші үшін резидент еместен қарызды талап ету құқықтарын беруден табыстар;

2070 – резиденттің міндеттемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға жасасқан келісімшарттар (шарттар, келісімдер) бойынша және (немесе) тауарларды жеткізуге сыртқы сауда келісімшарттары бойынша орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін резидент еместен алынатын тұрақсыздық айыптары (айыппұлдар, өсімақылар)

2080 – резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

2081 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;

2090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың басқа жағдайларында пайда алушы болып табылатын резидент үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде салық міндеттемесін орындау жүктелмеген резидент емес сенімгерлікпен басқарушыдан мүлікті сенімгерлікпен басқаруды белгілеу туралы акті бойынша алынған табыстар;

2100 – резидент еместен алынған борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда сыйақылар түріндегі табыстар;

2110 – резидент емес эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар түріндегі табыстар;

2120 – резидент еместен алынатын роялти түріндегі табыстар;

2130 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;

2140 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

2150 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

2151 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылар түріндегі табыстар;

2160 – резидент еместен алынатын, халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

2161 – резидент еместен алынатын, Қазақстан Республикасының шегінен тыс көліктік қызмет көрсетуден табыстар;

2170 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан құбыр жолдарын, электр беру желілерін (ЭБЖ), оптикалық–талшықты байланыс желілерін пайдаланудан алынатын табыстар;

2180 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табысы;

2181 – жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент жеке тұлғаның табысы;

2190 – өздеріне резидент емеске қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындайтын орнының маңызы жоқ;

2200 – резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент емес оған төлейтін үстемеақы;

2201 – резидент жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс тұруына байланысты жұмыс беруші болып табылатын резидент оған төлейтін үстемеақы;

2210 – еңбек шарты (келісімшарт) негізінде жұмыс беруші (резидент немесе резидент емес) төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуін қоса алғанда, демалуға байланысты шығыстар жатады;

2211 – қызмет көрсетуге (жұмыстарды орындауға) шарт негізінде өзге тұлға төлеген резидент жеке тұлғаның материалдық, әлеуметтік игіліктерін қоса алғанда, материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметінен резидент жеке тұлғаның табыстары. Бұл ретте мұндай шығыстарға осындай жеке тұлғаның тамақтануына, тұруына, оқу мекемелерінде оның балаларын оқытуға шығыстар, олардың отбасы мүшелерінің демалысқа барып-келуін қоса алғанда, демалуға байланысты шығыстар жатады;

2220 – резидент емес жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

2230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасынан тыс қызметтен төленетін табыстар;

2240 – резидент еместер төлейтін ұтыстар;

2250 – Қазақстан Республикасынан тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;

2260 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті өтеусіз алу түріндегі табыстар;

2261 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті өтеусіз алудан табыстар;

2270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;

2280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;

2290 – күмәнді міндеттемелер бойынша табыстар;

2300 – резидент еместен алынатын, лицензия негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жасаған провизиялардың мөлшерін азайтудан табыстар;

2310 – резидент еместен алынатын, сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан табыстар;

2320 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алынған табыстар;

2330 – Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;

2340 – Қазақстан Республикасынан тыс геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды өндіруге дайындық жұмыстарына шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түскен табыстар;

2350 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кен орындарын әзірлеу салдарларын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарларын жою бойынша нақты шығыстар сомасынан артуынан түскен табыстар;

2360 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

2370 – бұрын Қазақстан Республикасының шегінен тыс резидент еместен жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

2380 – оң бағамдық айырма сомасының қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

2390 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

2410 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан табыстар;

2420 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде туындайтын басқа да табыстар.

55. Валюта кодын толтыру кезінде "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюталардың кодын пайдалану қажет.

56. Ел кодын толтыру кезінде шешімнің "Әлем елдерінің жіктеушісі" 22–қосымшасына сәйкес елдердің кодын пайдалану қажет.

57. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 – табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 – Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – жаңа үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкін құру туралы келісім;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы конвенция

;

17 – "Нұр–Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Қазақстан Республикасына Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 – Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
18-қосымша
Нысан 200.00 Бет 01

Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
19-қосымша

Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (200.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (200.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 2013 жылғы 27 маусымдағы, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" (бұдан әрі – Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң) 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген.

Қағидалар жеке табыс салығын, әлеуметтік салықтарды есептеуге, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының (бұдан әрі – міндетті зейнетақы жарналары), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (бұдан әрі – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары) сомаларын есептеуге, ұстауға (қоса есептеуге) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар (бұдан әрі – әлеуметтік аударымдар) сомаларын есептеуге және аударуға арналған жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны Салық кодексінің 6-бөлімі 18, 19-тарауларына, 12-бөліміне сәйкес жеке тұлғаларға қатысты шаруа немесе фермер қожалықтары үшін және оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, салық агенттері, сондай-ақ Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда, Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңда белгіленген мөлшерлерде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (қоса есептелген) сомалары, есептелген әлеуметтік аударымдары бойынша дара кәсіпкерлер (оңайлатылған декларация және патент негізінде шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар жасайды.

Салық кодексінің 355-бабы 2-тармағына сәйкес заңды тұлғаның шешімімен дербес әлеуметтік салық төлеушілер болып танылған құрылымдық бөлімшелер жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып танылады.

Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес қызметін арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асыратын және салық салынуы жалпыға бірдей тәртіпте жүргізілетін қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші декларацияны Салық кодексінің 64-бабы 1-тармағына сәйкес әрбір қызмет түрі бойынша бөлек табыс етеді.

2. Декларация декларацияның өзінен (200.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпараттарды егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (200.01-ден 200.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті декларацияның торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларация жолдарын толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшаларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған жағдайда олар жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштер саны асып түскен жағдайда, декларацияға қосымшалардың осындай тағы парағы толтырылады.

8. Осы Қағидадаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық агенті/салымшы (төлеуші) не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық агенті салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөліміндегі көрсетілген тиісті деректерді көрсетеді.

2. Декларацияны жасау (200.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі).

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – есепті салық кезеңдері кіретін есепті тоқсан;

3) салық агентінің атауы/салымшының (төлеушінің) Т.А.Ә.;

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне декларацияны жатқызу ескеріле отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларацияны табыс еткен жағдайда белгіленеді.

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөз егер салық төлеуші А, В, С жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді.

Егер 6В бағанын белгілеген салық төлеуші бір мезгілде 6А немесе 6С бағанына жатқан жағдайда, онда тиісінше 6В мен 6А немесе 6В мен 6С бағандарының екеуін де белгілейді;

7) қызметкерлердің (адам) саны;

Есепті тоқсанда табыстар есептелген қызметкерлердің саны көрсетіледі;

8) резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған құрылымдық бөлімшелерінің бар-жоғы;

Резидент заңды тұлғада жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда тиісті торкөз белгіленеді. Торкөздердің бірі міндетті түрде толтырылуы тиіс;

9) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

10) 200.02 қосымшаларының саны.

Резидент заңды тұлғаның жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған құрылымдық

бөлімшелерінің санына сәйкес келуі тиіс 200.02 қосымшаларының саны көрсетіледі.

11) 200.03 қосымшаларының саны.

Заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасасқан келісімшарттар санына сәйкес келуі тиіс 200.03 қосымшаларының саны көрсетіледі;

15. "Есептік көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) 200.00.001 I, 200.00.001 II және 200.00.001 III жолдары осы нысанға 200.02-қосымшада көрсетуге тиіс жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 161-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер) жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айында бюджетке аударылуға жататын жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

200.00.001 IV жол 200.00.001 I, 200.00.001 II және 200.00.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

2) 200.00.002 I, 200.00.002 II және 200.00.002 III жолдары осы нысанға 200.02-қосымшада көрсетуге тиіс салық агенттерімен дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын міндетті зейнетақы жарналары сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 161-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуға жататын міндетті зейнетақы жарналары сомасын көрсетуге арналған.

200.00.002 IV жол 200.00.002 I, 200.00.002 II және 200.00.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

2-1) 200.00.003 I, 200.00.003 II және 200.00.003 III жолдары осы нысанға 200.02-қосымшада көрсетуге тиіс салық агенттерімен дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 161-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелерді қоса алғанда) Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары сомасын көрсетуге арналған.

200.00.003 IV жол 200.00.002 I, 200.00.002 II және 200.00.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

3) 200.00.004 I, 200.00.004 II, 200.00.004 III жолдар дара кәсіпкерлер (оңайлатылған декларация және патент негізінде шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар есепті тоқсанның әрбір айы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өз пайдасына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын көрсетуге арналған.

200.00.004 IV жол 200.00.004 I, 200.00.004 II, 200.00.004 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсанда міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

4) 200.00.005 I, 200.00.005 II және 200.00.005 III жолдар осы нысанға 200.02-қосымшада көрсетуге тиіс жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 161-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер) Салық кодексінің 358-бабы 1 және 3-тармақтарына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айы үшін есептелген және Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасына азайтылған әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

Бұл ретте 200.00.005 I, 200.00.005 II, 200.00.005 III және 200.00.005 IV жолдарының сомасы тиісінше 200.03.003 I, 200.03.003 II, 200.03.003 III және 200.03.003 IV жолдарына енгізілмейді.

Бұл жолдарды ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар толтырмайды.

Төлеуге тиіс әлеуметтік салықтың есептелуі әрбір жұмысшы бойынша жүргізіледі.

200.00.005 IV жол 200.00.005 I, 200.00.005 II және 200.00.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

5) Декларацияны ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар табыс етілген жағдайда бюджетке аударылуға жататын әлеуметтік салықтың сомасы

Салық кодексінің 451-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, 200.00.005 жолында көрсетіледі (6 В торкөзін толтырған жағдайда).

200.00.006 I, 200.00.006 II және 200.00.006 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін заңды тұлға бойынша есептелген әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

200.00.006 IV жол 200.00.006 I, 200.00.006 II және 200.00.006 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

6) 200.00.007 I, 200.00.007 II және 200.00.007 III жолдары салық төлеуші есепті тоқсанның әрбір айында өзі үшін және есепті тоқсанның әрбір айында әрбір үшін төленетін, Салық кодексінің 358-бабы 2-тармағына сәйкес есептелген, бюджетке төлеуге тиіс әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

200.00.007 IV жол 200.00.007 I, 200.00.007 II және 200.00.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

7) 200.00.008 I, 200.00.008 II және 200.00.008 III жолдар осы нысанға 200.02-қосымшада көрсетуге тиіс жеке табыс салығы бойынша салық агенттері және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеушілер болып танылмаған, құрылымдық бөлімшелер үшін бюджетке төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын қоспағанда, салық агенті үшін (оның ішінде Салық кодексінің 161-бабына сәйкес салық агенттері болып танылған құрылымдық бөлімшелер) тоқсанның әрбір айы үшін есептелген және Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

200.00.008 IV жол 200.00.008 I, 200.00.008 II және 200.00.008 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

8) 200.00.009 I, 200.00.009 II, 200.00.009 III жолдар дара кәсіпкерлердің (шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған, оңайлатылған декларация және патент негізіндегі арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың есепті тоқсанның әрбір айы үшін өз пайдасына әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуіне арналған.

200.00.009 IV жолы 200.00.009 I, 200.00.009 II, 200.00.009 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салымшы (төлеуші) басшысының Т.А.Ә." деген жолда басшының құрылтай құжаттарына/салымшының (төлеушінің) жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Егер декларацияны дара кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы табыс еткен болса, жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген ағымдағы күн көрсетіледі;

3) бенефициар салық органының жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша коды.

Салық агентінің тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің, салымшының (төлеушінің) орналасқан орны (тұрғылықты жері) бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Жеке табыс салығын және әлеуметтік салықты, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу – 200.01-нысанын жасау

17. "Жеке табыс салығы" деген бөлімде:

1) 200.01.001 I, 200.01.001 II және 200.01.001 III жолдары салық агентінің салық тоқсанының әрбір айы үшін жеке тұлғаларға есептеген табыстарының, соның ішінде материалдық пайда түрінде алынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыстарды қоса алғанда жұмысшының жұмыс берушіден ақшалай немесе заттай нысанда алған

табыстары, оның ішінде Салық кодексінің 156-бабында көрсетілген табыстардың сомасын көрсетуге арналған.

200.01.001 IV жолы 200.01.001 I, 200.01.001 II және 200.01.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған. 200.00.001 IV жолы оның ішінде 200.01.001 А және 200.01.001 В жолдарының сомасын қамтиды;

200.01.001 А жолы есепті тоқсан үшін қызметкерлерге есептелген табысты көрсетуге арналған;

200.01.001 В жолы есепті тоқсан үшін дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыстар сомасын көрсетуге арналған;

2) 200.01.002 I, 200.01.002 II және 200.01.002 III жолдары есепті тоқсанның әр айы ішінде жеке тұлғаларға есептелген, табыстарынан есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

200.01.002 IV жол 200.01.002 I, 200.01.002 II және 200.01.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

3) 200.001.003 жол міндетті, ерікті зейнетақы және міндетті, кәсіптік зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйақыларын және жеке табыс салығын есепке алмағанда, салық агентінің есептелген, бірақ есепті тоқсан соңында жеке тұлғаларға төленбеген табыстар бойынша берешектер сомасын көрсетуге арналған;

4) 200.01.004 жол есептелген, бірақ есепті тоқсанның басында төленбеген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған;

5) 200.01.005 жол есептелген, бірақ есепті тоқсанның соңында төленбеген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған;

6) 200.01.006 I, 200.01.006 II және 200.01.006 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айында жеке тұлғаларға төленген табыстар сомасын көрсетуге арналған.

200.01.006 IV жолы 200.01.006 I, 200.01.006 II және 200.01.006 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

18. "Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары" бөлімінде:

1) 200.01.007 I, 200.01.007 II және 200.01.007 III жолдар Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айы үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасын көрсетуге арналған.

200.01.007 IV жолы 200.01.007 I, 200.01.007 II және 200.01.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

2) 200.01.008 I, 200.01.008 II және 200.01.008 III жолдар Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айы үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есепке жазылған (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасын көрсетуге арналған.

200.01.008 IV жолы 200.01.008 I, 200.01.008 II және 200.01.008 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

3) 200.01.009 I, 200.01.009 II, 200.01.009 III жолдары дара кәсіпкерлер (шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған, оңайлатылған декларация және патент негізіндегі арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар есепті тоқсанның әрбір айы үшін өз пайдасына мәлімдейтін табыстардың сомаларын көрсетуге арналған;

200.01.009 IV жол 201.01.009 I, 201.01.009 II, 201.01.009 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін мәлімдейтін табыстың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

19. "Мүгедек қызметкерлердің саны және еңбекақыларын төлеу бойынша шығыстар" деген бөлімде Салық кодексінің 135-бабы 3-тармағының шарттарына сәйкес келетін тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар толтырады. Бұл бөлімде:

1) 200.01.010 I, 200.01.010 II және 200.01.010 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін мүгедек қызметкерлердің санын көрсетуге арналған;

2) 200.01.011 I, 200.01.011 II және 200.01.011 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін мүгедек қызметкерлер санының жұмыскерлердің жалпы санындағы үлес салмағын көрсетуге арналған;

3) 200.01.012 I, 200.01.012 II және 200.01.012 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін мүгедек қызметкерлердің еңбекақысын төлеу бойынша шығыстардың еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардағы үлес салмағын көрсетуге арналған.

20. "Салық кодексінің 358-бабы 1, 3-тармақтарында белгіленген ставкаларды қолданылған әлеуметтік салық" деген бөлімді салық агенттері болып табылатын, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Салық кодексінің 191-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер толтырады.

Бұл бөлімде:

1) 200.01.013 I, 200.01.013 II және 200.01.013 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін әлеуметтік салық салынатын объекті болып табылатын табыстарды көрсетуге арналған.

200.01.013 IV жолы 200.01.013 I, 200.01.013 II және 200.01.013 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

21. "Әлеуметтік аударымдар" деген бөлімде:

1) 200.01.014 I, 200.01.014 II және 200.01.014 III жолдары Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес салық кезеңінің әрбір айында әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы органдарының және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің, жеке тұлғаның ақшалай табысы түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстарын қоса отырып, жеке тұлғаларға табыс түрінде төленетін жұмыс берушінің шығыстарын көрсетуге арналған.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінен Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңымен белгіленген мөлшерде жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табыс Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет туралы заңында белгіленген ең төменгі еңбек ақының он еселенген мөлшерінен асып кетпеуі тиіс.

200.01.014 IV жолы 200.01.014 I, 200.01.014 II және 200.01.014 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін жеке тұлғалардың табыстарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

2) 200.01.015 I, 200.01.015 II, 200.01.015 III жолдары дара кәсіпкерлер (шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған, оңайлатылған декларация және патент негізіндегі арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда), жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар өз пайдасына есепті тоқсанның әр айында әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қолданатын табыс сомасын көрсетуге арналған.

200.01.015 IV жолы 200.01.015 I, 200.01.015 II, 200.01.015 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін табыстың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

3. Құрылымдық бөлімшелер бойынша жеке табыс салығының сомасын және әлеуметтік салықты есептеу – 200.02-нысанын жасау

22. Осы нысан салық агенті заңды тұлғаның жеке табыс салығы бойынша салық агенті және әлеуметтік салық бойынша дербес төлеуші бойынша болып танылмаған филиалы/өкілдігі бойынша төлеуге жататын жеке табыс салығының, әлеуметтік салықтың, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомаларын есептеуіне

арналған. Нысанды заңды тұлға Салық кодексінің 161, 162, 362, 364-баптарына сәйкес әрбір филиал/өкілдік бойынша жасайды.

23. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

1) БСН – салық агентінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемелерін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, жолда сенімгерлікпен басқарушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық агентінің атауы;

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде, жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды.

Заңды тұлғаның тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – есепті салық кезеңдері кіретін тоқсан (араб сандарымен көрсетіледі);

5) түрі.

Тиісті торкөздер декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларацияның түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

7) БСН – филиалдың/өкілдіктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

8) филиалдың/өкілдіктің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес филиалдың/өкілдіктің атауы көрсетіледі;

9) филиалдың/өкілдіктің тіркеу орны бойынша салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

24. "Есептік көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) 200.02.001 I, 200.02.001 II және 200.02.001 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айына филиалдың/өкілдіктің және жеке тұлғалар төлеген бюджетке аударуға жататын табыстардан есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

200.02.001 IV жол 200.02.001 I, 200.02.001 II және 200.02.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

2) 200.02.002 I, 200.02.002 II және 200.02.002 III жолдары Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың төленген

табыстарынан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

200.02.002 IV жолы 200.02.002 I, 200.02.002 II және 200.02.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

3) 200.02.003 I, 200.02.003 II және 200.02.003 III жолдары Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың төленген табыстарынан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

200.02.003 IV жолы 200.02.003 I, 200.02.003 II және 200.02.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

4) 200.02.004 I, 200.02.004 II және 200.02.004 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша есептелген әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

200.02.004 IV жолы 200.02.004 I, 200.02.004 II және 200.02.004 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

5) 200.02.005 I, 200.02.005 II және 200.02.005 III жолдары Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес айқындалатын, есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік аударымдар сомасын көрсетуге арналған.

200.02.005 IV жолы 200.02.005 I, 200.02.005 II және 200.02.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

25. "Салық агентінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі.

2) тапсырылған күні.

200.02 нысанының салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша бенефициар салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) "Нысанды қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." деген жолда 200.02 нысанын қабылдаған лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

6) қабылданған күн.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес 200.02 нысанының табыс етілген күні көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін 200.02 нысанының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

4. Келісімшарт бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің әлеуметтік салығын есептеу – 200.03-нысанын жасау

26. Бұл нысан Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісімшарттар (бұдан әрі – келісімшарттар) бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің әлеуметтік салығын есептеуге арналған. Нысан әрбір келісімшарт бойынша бөлек жасалады.

27. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі).

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – есепті салық кезеңдері кіретін есепті тоқсан;

3) "Қызметкерлердің саны (адам), оның ішінде" деген жолда шетелдік маман қызметкерлерін және шетелдік жұмысшы қызметкерлерін бөле отырып, қызметкерлердің саны көрсетіледі;

4) "Келісімшарттың деректемелері" деген жолда келісімшарттың деректемелері көрсетіледі:

А – келісімшарттың нөмірі;

В – келісімшарттың жасалған күні;

29. "Қызметкерлер үшін әлеуметтік салық" деген бөлімде.

Бұл бөлім шетелдік маман қызметкерлерін және шетелдік жұмысшы қызметкерлерін қоспағанда, қызметкерлер үшін әлеуметтік салықты есептеуге арналған:

1) 200.03.001 I, 200.03.001 II және 200.03.001 III жолдары шетелдік маман қызметкерлерін және шетелдік жұмысшы қызметкерлерін қоспағанда, есепті тоқсанның әрбір айы үшін қызметкерлердің салық салынатын табыстарының сомасын көрсетуге арналған.

200.03.001 IV жолы 200.03.001 I, 200.03.001 II және 200.03.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

2) 200.03.002 I, 200.03.002 II және 200.03.002 III жолдары келісімшартқа сәйкес белгіленген қызметкер үшін әлеуметтік салық ставкасының мөлшерін көрсетуге арналған.

3) 200.03.003 I, 200.03.003 II және 200.03.003 III жолдары шетелдік маман қызметкерлерін және шетелдік жұмысшы қызметкерлерін қоспағанда, 200.03.001 және 200.03.002 жолдарының тиісті сомаларының көбейту жолымен айқындалатын, есепті тоқсанның әрбір айы үшін есептелген қызметкерлер үшін әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

200.03.003 IV жолы 200.03.003 I, 200.03.003 II және 200.03.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
20-қосымша
Нысан 210.00 Бет 01

**Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты жеке табыс
салығы мен әлеуметтік салық бойынша
декларация**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
21-қосымша

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (210.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (210.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заң), "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына (бұдан әрі – Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заң) сәйкес әзірленген.

Қағидалар жеке табыс салығын, әлеуметтік салықты есептеуге, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының (бұдан әрі – міндетті зейнетақы жарналары), міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының (бұдан әрі - міндетті кәсіби зейнетақы жарналары) сомаларын есептеуге, ұстап қалуға (қоса есептеуге) және аударуға, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар (бұдан әрі – әлеуметтік аударымдар) сомаларын қоса есептеуге және аударуға арналған осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды.

Декларацияны шаруа және фермер қожалықтарына және шағын бизнес субъектілеріне арналған оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, Салық кодексінің 6-бөлімі 18, 19-тарауларына, 7-бөлімінің 25-тарауына және 12-бөліміне сәйкес шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты салық агенттері жасайды.

Салық кодексінің 355-бабы 2-тармағына сәйкес заңды тұлғаның шешімі бойынша дербес әлеуметтік салық төлеуші деп танылған құрылымдық бөлімшелер осы Қағидалардың мақсаты үшін жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып танылады.

2. Декларация декларацияның өзінен (210.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (210.01-ден 210.02-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті түрде жасалуы тиіс.

6. Декларацияға қосымшалар ашып көрсетуге жататын деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық агенті не оның өкілі қол қояды және салық агентінің не оның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар өкілінің мөрімен куәландырылуға тиіс.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігінің қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшаның "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (210.00-нысан)

14. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық агенті мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі).

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – есепті салық кезеңдеріне кіретін тоқсан;

3) салық агентінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне декларацияны жатқызу ескеріле отырып тиісті торкөздер белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларацияның түрі табыс етілген жағдайда толтырылады.

6) салық агентінің санаты.

Торкөз егер салық агенті А, В, С жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санатқа жатқан жағдайда белгіленеді;

7) қызметкерлердің саны (адам).

Есепті тоқсанда табыстар есептелген қызметкерлердің саны көрсетіледі;

8) құрылымдық бөлімшелердің бар-жоғы.

Құрылымдық бөлімшелер болған жағдайда тиісті торкөз белгіленеді;

9) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

10) 210.02 қосымшаларының саны.

210.02 қосымшаларының саны көрсетіледі, ол заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің санына сәйкес болуы тиіс.

15. "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" деген бөлімде;

1) 210.00.001 I, 210.00.001 II және 210.00.001 III жолдары салық агенті есепті тоқсанның әрбір айы үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға есептеген табыстардың, оның ішінде материалдық пайда түрінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша алынған табыстарды, оның ішінде Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Салық кодексі 156-бабында көрсетілген табыстарды қоса алғанда, қызметкердің жұмыс берушіден ақшалай немесе заттай нысанда алған табыстарының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.001 IV жолы 210.00.001 I, 210.00.001 II және 210.00.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

210.00.001 A жолы есепті тоқсан үшін қызметкерлерге есептелген табыстардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.001 B жолы есепті тоқсан үшін дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түрінде есептелген табыстардың сомасын көрсетуге арналған;

2) 210.00.002 I, 210.00.002 II және 210.00.002 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға есептелген табыстардан Салық кодексінің 167, 169, 171, 172, 174, 176, 201 және 202-баптарына сәйкес есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған

210.00.002 IV жолы 210.00.002 I, 210.00.002 II және 210.00.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.00.003 жолы салық агенті міндетті, ерікті зейнетақы және міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйлықақыларын және жеке табыс салығын есептемей, есепті тоқсан соңында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға есептеген, бірақ төлемеген табыстар бойынша берешектің сомасын көрсетуге арналған;

4) 210.00.004 I, 210.00.004 II және 210.00.004 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардың сомасын көрсетуге арналған. Бұл ретте Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес салық салуға жатпайтын табыстар осы жолдарда көрсетілмейді.

210.00.004 IV жолы 210.00.004 I, 210.00.004 II және 210.00.004 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

5) 210.00.005 I, 210.00.005 II және 210.00.005 III жолдары шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті

тоқсанның әрбір айы үшін бюджетке аударылуы тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.005 IV жолы 210.00.005 I, 210.00.005 II және 210.00.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

6) 210.00.006, 210.00.007 жолдары салық агентінің құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда толтырылады;

7) 210.00.006 I, 210.00.006 II және 210.00.006 III жолдары шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін бюджетке бас ұйым үшін аударылуы тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.006 IV жолы 210.00.006 I, 210.00.006 II және 210.00.006 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

8) 210.00.007 I, 210.00.007 II және 210.00.007 III жолдары 210.02 барлық нысандары бойынша 210.02.001 I, 210.02.001 II, 210.02.001 III жолдарының сомалары ретінде айқындалатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиалдар/өкілдіктер бойынша бюджетке аударылуы тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.007 IV жолы 210.01.007 II және 210.01.007 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

16. "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу" деген бөлімде:

1) 210.00.008 I, 210.00.008 II және 210.00.008 III жолдары шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың есепті тоқсанның әрбір айы үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) табыстарының сомаларын көрсетуге арналған.

210.00.008 IV жолы 210.00.008 I, 210.00.008 II және 210.00.008 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан ішіндегі табыстарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

2) 210.00.009 I, 210.00.009 II және 210.00.009 III жолдары Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың төленген табыстарынан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.009 IV жолы 210.00.009 I, 210.00.009 II және 210.00.009 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.00.010 I, 210.00.010 II және 210.00.010 III жолдары Қазақстан Республикасының Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін есепті тоқсанның әр айы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.010 IV жолы 210.00.010 I, 210.00.010 II және 210.00.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының жиынтық сомасын көрсетуге арналған.

4) 210.00.011 жолдары салық агентінің құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда толтырылады;

5) 210.00.011 I, 210.00.011 II және 210.00.011 III жолдары Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың төленген табыстарынан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.011 IV жолы 210.00.011 I, 210.00.011 II және 210.00.011 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

6) 210.00.012 I, 210.00.012 II және 210.00.012 III жолдары 210.02 барлық нысандары бойынша 210.02.002 I, 210.02.002 II, 210.02.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың төленген табыстарынан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиалдар/өкілдіктер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.012 IV жолы 210.00.012 I, 210.00.012 II және 210.00.015 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

17. "Мүгедек қызметкерлердің саны және еңбекақысын төлеу бойынша шығыстар" деген бөлімде Салық кодексінің 135-бабы 3-тармағының шарттарына сәйкес тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар толтырады. Бұл бөлімде :

1) 210.00.013 I, 210.00.013 II және 210.00.013 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін мүгедек қызметкерлердің жалпы санын көрсетуге арналған;

2) 210.00.014 I, 210.00.014 II және 210.00.014 III жолдарында 8 және 210.00.012 тиісті жолдарының қатынасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсанның әрбір ай үшін жалпы қызметкерлер санындағы мүгедек қызметкерлер санының үлес салмағын көрсетуге арналған;

3) 210.00.015 I, 210.00.015 II және 210.00.015 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардағы мүгедек қызметкерлерге еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың үлес салмағын көрсетуге арналған.

18. "Салық кодексінің 358-бабы I, 3-тармақтарында белгіленген ставкаларды қолдана отырып, әлеуметтік салықты есептеу" деген бөлімді Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Салық кодекстің 191-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын салық агенті болып табылатын резидент еместер толтырады. Бұл бөлімде:

1) 210.00.016 I, 210.00.016 II және 210.00.016 III жолдары Салық кодексінің 163-бабы 2-тармағында, 192-бабының 18)–21) тармақшаларында айқындалған табыс түрінде, сондай-ақ есепті тоқсанның әрбір айы үшін Салық кодексінің 191-бабы 7-тармағында белгіленген табыстар түрінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген жұмыс беруші шығыстарының сомасын көрсетуге арналған.

210.00.016 IV жолы 210.00.016 I, 210.00.016 II және 210.00.015 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

2) 210.00.017 I, 210.00.017 II және 210.00.017 III жолдары Салық кодексінің 359-бабы 1-тармағына сәйкес есепті тоқсанның әрбір айы үшін есептелген және "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасына азайтылған әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.017 IV жолы 210.00.017 I, 210.00.017 II және 210.00.016 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін табыстардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.00.018, 210.00.019 жолдары салық агентінің құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда толтырылады;

4) 210.00.018 I, 210.00.018 II және 210.00.018 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін бас ұйым үшін есептелген әлеуметтік салықтың жалпы сомасын көрсетуге арналған.

210.00.018 IV жол 210.00.018 I, 210.00.018 II және 210.00.018 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды жалпы сомасын көрсетуге арналған;

5) 210.00.019 I, 210.00.019 II және 210.00.019 III жолдары 210.02 барлық нысандары бойынша 210.02.004 I, 210.02.004 II, 210.02.004 III жолдарының

сомалары ретінде айқындалатын, есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиалдар/ өкілдіктер бойынша есептелген әлеуметтік салықтың жалпы сомасын көрсетуге арналған.

210.00.019 IV жолы 210.00.019 I, 210.00.019 II және 210.00.019 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды жалпы сомасын көрсетуге арналған;

б) декларацияны ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арналған арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар табыс еткен жағдайда, аударуға жататын әлеуметтік салықтың жалпы сомасы Салық кодексінің 451-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, 210.00.020 жолында көрсетіледі (6 В торкөзді толтырған кезде).

210.00.020 I, 210.00.020 II және 210.00.020 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін заңды тұлға бойынша есептелген әлеуметтік салықтың жалпы сомасын көрсетуге арналған.

210.00.020 IV жолы 210.00.020 I, 210.00.020 II және 210.00.020 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың жалпы қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

19. "Салық кодексінің 358-бабы 2-тармағында белгіленген ставканы қолдана отырып, әлеуметтік салықты есептеу" деген бөлімді арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, адвокаттар, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары толтырады. Бұл бөлімде:

1) 210.00.021 I, 210.00.021 II және 210.00.021 III жолдары Салық кодексінің 359-бабы 2-тармағына сәйкес есептелген, әлеуметтік салық сомасына кемітілген және салық төлеуші есепті тоқсанның әрбір айы үшін өзі үшін және қызметкерлері үшін төлейтін, бюджетке төлеуге тиіс әлеуметтік салық сомасын көрсетуге арналған.

210.00.021 IV жолы 210.00.021 I, 210.00.021 II және 210.00.021 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

20. "Әлеуметтік аударымдарды есептеу" деген бөлімде:

1) 210.00.022 I, 210.00.022 II, 210.00.022 III жолдары Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес есепті тоқсанның әрбір айында жұмыс берушінің әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті, қаржы полициясы және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерін ақшалай ұстауға шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға табыстар

түрінде төленетін шығыстарына енгізе отырып, жұмыс берушінің шетелдік азаматтарға немесе азаматтығы жоқ тұлғаларға төлейтін табыстары түріндегі шығыстарын көрсетуге арналған.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңда белгіленген әлеуметтік аударымдар объектісінен есептелінген мөлшерде жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеуге қабылданатын ай сайынғы табыс Республикалық бюджет туралы Заңда белгіленген ең төменгі еңбекақының он еселенген мөлшерінен артық болмауы керек.

210.00.022 IV жолы 210.00.022 I, 210.00.022 II және 210.00.022 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

2) 210.00.023 I, 210.00.023 II және 210.00.023 III жолдары Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес айқындалатын, есепті тоқсанның әрбір айында әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.023 IV жолы 210.00.023 I, 210.00.023 II және 210.00.023 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.00.024, 210.00.025 жолдары салық агентінің құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда толтырылады;

4) 210.00.024 I, 210.00.024 II және 210.00.024 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айында бас ұйым бойынша әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.024 IV жолы 210.00.024 I, 210.00.024 II және 210.00.024 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

5) 210.00.025 I, 210.00.025 II және 210.00.025 III жолдары 210.02 барлық нысандары бойынша 210.02.005 I, 210.02.005 II, 210.02.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсанның әрбір айында филиалдар/өкілдіктер бойынша әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған.

210.00.025 IV жолы 210.00.025 I, 210.00.025 II және 210.00.025 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

21. "Салық агентінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық агентінің атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

Егер декларацияны дара кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус табыс етсе, жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар салық органының коды.

Салық агентінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны табыс етілген күні көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе басқа байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" 210.01-нысанын жасау

22. Бұл нысан салық агентінің шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығының сомасын есептеуіне арналған. Нысан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты табыс етіледі.

23. "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан жеке табыс салығын есептеу" деген бөлімде:

1) А бағанда кезекті реттік нөмірі қойылады;

2) В бағанда есепті тоқсанда табыстар есептелген, төленген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың тегі, аты-жөні көрсетіледі;

3) С бағанда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірлері көрсетіледі;

4) D бағанында резиденттік белгісі көрсетіледі "1" - резидент, "2" - резидент емес;

5) E бағанында осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың резиденттік елінің коды көрсетіледі;

6) F бағанында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Осы баған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың салықтық тіркеу нөмірі болған кезде толтырылады;

7) G бағанында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат түрінің коды, сондай-ақ осындай құжаттың нөмірі мен берілген күні көрсетіледі;

Декларацияны толтырған кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжат түрлерінің мынадай кодтарын пайдалану қажет:

01 – шетел азаматының төлқұжаты;

02 – шетел азаматының жеке куәлігі;

03 – теңізшінің төлқұжаты;

04 – ықтиярхаты;

05 – басқа да құжаттар.

8) H бағанында осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленетін табыс түрінің коды көрсетіледі;

9) I бағанында осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі, осыған сәйкес N бағанында көрсетілген табысқа қатысты, Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекшеленетін салық салу тәртібі қарастырылған;

10) J бағанында егер салық агенті K бағанында халықаралық шарт түрінің кодын 22 "Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар)" деп көрсеткен жағдайда толтырылуға жататын халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;

11) K бағанында осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасасқан елдің коды көрсетіледі. Баған, егер салық төлеуші мемлекетаралық немесе үкіметаралық шарттың ережелерін қолданған жағдайда толтырылады;

12) L бағанында халықаралық шартта немесе Салық кодексінің 194, 158-баптарында белгіленген төлем көзінен ұсталатын табыс салығының ставкасы көрсетіледі;

13) M бағанында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға есептелген табыстар, оның ішінде материалдық пайда түрінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша алынған табыстарды, оның

ішінде Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Салық кодексі 156-бабында көрсетілген табыстарды қоса алғанда, қызметкердің жұмыс берушіден ақшалай немесе заттай нысанда алған табыстары көрсетіледі.

14) N бағанында Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген салықтық шегерім көрсетіледі;

15) O бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

16) P бағанында Қазақстан Республикасының Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін есепті тоқсанның әр айы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар өз пайдасына енгізетін және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын ерікті зейнетақы жарналары көрсетіледі;

18) R бағанында жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар өз пайдасына енгізген және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын сақтандыру сыйлықақыларының сомалары көрсетіледі;

19) S бағанында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын сомалар көрсетіледі;

20) T бағанында Салық кодексі 166-бабы 6-тармағына сәйкес белгіленген мөлшерде және шарттарда медициналық қызметтерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеуге жұмсалатын және Салық кодексінің 166-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес шегерімге жатқызылатын шығыстар көрсетіледі;

21) U бағанында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарын қоспағанда, Салық кодексінің 156-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын табыстары көрсетіледі;

22) V бағанында есепті тоқсан үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген жеке табыс салығының сомалары көрсетіледі;

23) W бағанында Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға салық кезеңінде төленген табыстар көрсетіледі;

24) X бағанында міндетті зейнетақы жарналарын және Салық кодексінің 156-бабы 1-тармағының 24) тармақшасында көрсетілген табыстарды қоспағанда, Салық кодексінің 357-бабы 3-тармағына сәйкес әлеуметтік салық салынбайтын табыстар көрсетіледі;

25) Y бағанында әлеуметтік салық салынатын табыстардың барлығы көрсетіледі. Y бағаны жолдарының шамасы $(M - X - O)$ формуласы бойынша анықталады;

26) Z бағанында есепті тоқсан үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табыстарынан есептелген әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі;

27) AA бағанында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес айқындалатын, әлеуметтік аударымдар есептелетін жұмыс берушінің шығыстары көрсетіледі;

28) AB бағанда Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

M бағанының 00000001 қорытынды жолының шамасы 210.00.001 IV жолына көшіріледі. W бағанының 00000001 қорытынды жолының шамасы 210.00.004 IV жолына көшіріледі. V бағанының 00000001 қорытынды жолының шамасы 210.00.002 IV жолына көшіріледі.

4. "Құрылымдық бөлімше бойынша жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық сомасын есептеу" - 210.02-нысанын жасау

24. Бұл нысан салық агенті заңды тұлғаның филиал/өкілдік бойынша төлеуге жататын жеке табыс салығының, әлеуметтік салықтың, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомаларын есептеуіне арналған. Нысанды заңды тұлға Салық кодексінің 161, 162, 362, 364-баптарына сәйкес әрбір филиал/өкілдік бойынша жасайды.

25. "Салық агенті туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық агентінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) салық агентінің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды.

Заңды тұлғаның тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – есепті салық кезеңдері кіретін тоқсан (араб сандарымен көрсетіледі);

5) түрі.

Декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып, тиісті торкөздер белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген Декларация түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

7) БСН – филиалдың/өкілдіктің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

8) филиалдың/өкілдіктің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес филиалдың/өкілдіктің атауы көрсетіледі;

9) филиалдың/өкілдіктің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

26. "Есептік көрсеткіштер" деген бөлімде:

1) 210.02.001 I, 210.02.001 II және 210.02.001 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және филиал/өкілдік бойынша бюджетке аударылуға тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

210.02.001 IV жолы 210.02.001 I, 210.02.001 II және 210.02.001 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

2) 210.02.002 I, 210.02.002 II және 210.02.002 III жолдары Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және есепті тоқсанның әрбір айында филиал/өкілдік бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.02.002 IV жолы 210.02.002 I, 210.02.002 II және 210.02.002 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін міндетті зейнетақы жарналарының қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

3) 210.02.003 I, 210.02.003 II және 210.02.003 III жолдары Қазақстан Республикасының Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес есепті

тоқсанның әр айы үшін филиал/өкілдік үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының сомасын көрсетуге арналған.

210.02.003 IV жолы 210.02.003 I, 210. 02.003 II және 210. 02.003 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті тоқсан үшін міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының жиынтық сомасын көрсетуге арналған;

4) 210.02.004 I, 210.02.004 II, 210.02.004 III жолдары есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша есептелген әлеуметтік салықтың сомасын көрсетуге арналған.

210.02.004 IV жолы 210.02.004 I, 210.02.004 II және 210.02.004 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін салықтың қорытынды сомасын көрсетуге арналған;

5) 210.02.005 I, 210.02.005 II, 210.02.005 III жолдары Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес айқындалған есепті тоқсанның әрбір айы үшін филиал/өкілдік бойынша әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетуге арналған

210.02.005 IV жолы 210.02.005 I, 210.02.005 II және 210.02.005 III жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, есепті тоқсан үшін әлеуметтік аударымдардың қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

27. "Салық агентінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық агентінің атауы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес сенімгерлікпен басқарушының немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

2) тапсырылған күн.

210.02-нысанының салық органына тапсырылған күні көрсетіледі;

3) жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша бенефициар салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің тіркеу есебінің орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бенефициар салық органының коды.

Филиалдың/өкілдіктің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

5) "Нысанды қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." деген жолда 210.02-нысанын қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

6) қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес 210.02-нысаны табыс етілген күн көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген 210.02-нысанының тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

5. Табыс түрлерінің, елдердің және халықаралық шарттардың кодтары

28. Декларация толтыру кезінде мынадай Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс түрлерін кодтауды пайдалану керек:

1010 – Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1011 – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы, одан тысқары жерлердегі тауарларды өткізуден түскен табыстар;

1020 – Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар;

1021 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызметтерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (соттарда, төрелік сотта немесе аралық сотта өкілдік ету және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстар;

1030 – Қазақстан Республикасының Үкіметі Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындайтын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің нақты орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ Салық кодексінің 192-бапта белгіленген өзге де табыстары;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікке құқық немесе мүлікпен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1041 – Қазақстан Республикасының аумағындағы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1042 – резидент шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғаның, консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 және одан да көп пайызын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды, сондай-ақ резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін - резидентке борышты талап ету құқықтарын беруден түсетін табыстар;

1051 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емеске борышты талап ету құқықтарын беруден түсетін табыстар;

1060 – талап ету құқығын сатып алатын салық төлеуші үшін - резиденттен борышты талап ету құқықтарын алудан түсетін табыстар;

1061 – талап ету құқығын сатып алатын салық төлеуші үшін - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен борышты талап ету құқықтарын алудан түсетін табыстар;

1070 – бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдардың бюджетке қайтарылғандарынан басқа, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және санкциялардың басқа да түрлері;

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құрылған пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер нысанындағы табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемелерін орындау жүктелмеген сенімгерлікпен басқарушы-резиденттен мүлікті сенімгерлікпен басқаруды тағайындау туралы акт бойынша алынған табыстар;

1100 – борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1101 – эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1120 – роялти нысанындағы табыстар;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түсетін табыстар;

1140 – Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар;

1151 – Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымалдарда қызметтерді көрсетуден түсетін табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден түсетін табыстар;

1162 – теңіз тасымалы шартында (келісімшартта) көзделген сталиялық уақыттан тыс тиеу-түсіру операцияларында кеменің бос тұрып қалғаны үшін төлем түріндегі табыс;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағындағы құбырларды, электр беру желілерін, оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан түсетін табыстар;

1180 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін табыстары;

1181 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін табыстары;

1190 – өздеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты, мұндай міндеттерді нақты орындайтын жеріне қарамастан, басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1200 – жұмыс беруші болып табылатын резиденттің Қазақстан Республикасында тұруына байланысты резидент еместің жеке тұлғаға төлейтін үстемақылары;

1201 – жұмыс беруші болып табылатын резидент еместің Қазақстан Республикасында тұруына байланысты резидент еместің жеке тұлғаға төлейтін үстемақылары;

1210 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс берушіден алған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстары;

1211 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылмайтын тұлғадан алған материалдық пайда түріндегі табыстары;

1220 – резидент бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1240 – резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтысты төлеу осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 – Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 – резидент емес жеке тұлғаның резидент жеке тұлғадан өтеусіз алынған мүлкін қоспағанда, өтеусіз алынған немесе мұраға қалдырылған мүлік, оның ішінде жұмыстар, қызметтер түріндегі табыстары;

1270 – туынды қаржылық құралдар бойынша табыстар;

1280 – міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;

1290 – күмәнді міндеттемелер бойынша табыс;

1300 – банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс;

1320 – талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;

1330 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;

1340 – тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс;

1350 – табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс;

1360 – кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс;

1370 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;

1380 - егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

1390 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1400 – өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;

1410 – дивидендтер;

1420 – депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар, ислам жалдау сертификаты;

1430 – оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі. Бағамдық айырма сомасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады;

1440 – ұтыстар;

1450 – әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;

1460 – кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;

1470 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

1480 – ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс;

1490 – 1010 – 1480 табыс кодтарында көрсетілмеген басқа да табыстар.

29. Ел кодын толтыру кезінде "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" – қосымшасына сәйкес елдерді кодтауды пайдалану қажет.

30. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 – Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 – Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

- 13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкінің құру туралы;
- 14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;
- 15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;
- 16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;
- 17 – "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;
- 18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 – Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
22-қосымша
Нысан 220.00 Бет 01

Жеке табыс салығы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
23-қосымша

Жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (220.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (220.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығын есептеуге арналған жеке табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 20-тарауы 183-бабына, 21-тарауына сәйкес жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар – дара кәсіпкерлер, сондай-ақ Салық кодексінің 7-бөліміне сәйкес резидент емес жеке тұлғалар жасайды.

2. Декларация декларацияның өзінен (220-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (220.01-ден 220.04-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не оның өкілінің мөрімен куәландырылуға тиіс.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық органына қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөліміндегі көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (220.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы жасаған кезде жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу ескеріле отырып белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөз, егер салық төлеуші А немесе В жолында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді;

7) валюта коды.

Осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) табыс етілген қосымшалар.

Салық төлеуші табыс еткен декларацияға қосымшалардың нөмірі белгіленеді;

9) резиденттік белгісі:

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді;

10) резиденттік елінің коды мен салықтық тіркеу нөмірі;

Егер декларацияны Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі.

11) Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде тұрақты мекемесінің болуы.

Торкөзді Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты мекемесі бар Қазақстан Республикасының резиденті толтырады.

15. "Салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысы" деген бөлімде:

1) 220.00.001 жолында Салық кодексінің 86-бабына сәйкес айқындалатын өткізуден түскен табыс сомасы көрсетіледі;

2) 220.00.002 жолында Салық кодексінің 87-бабына сәйкес айқындалатын құн өсімінен түскен табыс сомасы көрсетіледі;

3) 220.00.003 жолында Салық кодексіне сәйкес салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысына кіретін салық төлеушінің өзге де табыстары көрсетіледі;

4) 220.00.004 жолында 220.00.001-ден 220.00.003-ке дейінгі жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкер табысының жалпы сомасы көрсетіледі;

5) 220.00.005 жолында Салық кодексінің 99-бабы 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкер табысын түзету сомасы көрсетіледі;

6) 220.00.006 жолында Салық кодексінің 99-бабы 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкер табысын түзету сомасы көрсетіледі;

7) 220.00.007 жолында Салық кодексінің 156-бабына сәйкес салық салуға жатпайтын табыстардың жалпы сомасы көрсетіледі;

8) 220.00.008 жолында салық салуға жатпайтын табыстарды және түзетулерді есепке ала отырып, 220.00.004, 220.00.005, 220.00.007 жолдарының айырмасы (

220.00.004 – 220.00.005 – 220.00.007), 220.00.006 жолына ұлғайту (егер осы жолдың мәні оң болса) немесе 220.00.006 жолына азайту (егер осы жолдың мәні теріс болса) (220.00.004 – 220.00.005) +(-) (220.00.006 – 220.00.007) ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін жиынтықпен алынған дара кәсіпкердің табысы көрсетіледі.

16. "Шегерімдер" деген бөлімде:

1) 220.00.009 жолында Салық кодексінің 100-бабы 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын өткізілген (пайдаланылған) тауарлардың өзіндік құны, сатып алынған жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. 220.00.009 I – 220.00.009 II + 220.00.009 III + 220.00.009 IV + 220.00.009 V – 220.00.009 VI – 220.00.009 VII – 220.00.009 VIII – 220.00.009 IX ретінде айқындалады;

220.00.009 I жолында салық кезеңінің басына тауарлардың, шикізаттардың, материалдардың (оның ішінде сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақталатын бұйымдар, конструкциялар мен бөлшектер, отын, қосалқы бөлшектер және тағы басқалары) (бұдан әрі – ТМҚ) теңгерімдік құны көрсетіледі. Бастапқы декларацияда аталған жол салық кезеңінің басына бухгалтерлік теңгерім бойынша айқындалған деректерге сәйкес толтырылады. Өзінің бастапқы декларациясын табыс ететін салық төлеушіде салық кезеңінің басында ТМҚ болмауы мүмкін;

220.00.009 II жолы салық кезеңінің соңына бухгалтерлік теңгерім деректеріне сәйкес толтырылады. Салық кезеңінің ішінде салық төлеуші табыс ететін тарату декларациясында 220.00.009 II жолы тиісті салық кезеңінің соңына бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде толтырылады;

220.00.009 III жолында:

салық кезеңінің ішінде келіп түскен, оның ішінде сатып алынған, өтеусіз алынған, бірігу жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған, жарғылық капиталға салым ретінде алынған, сондай-ақ өзге де негіздер бойынша келіп түскен ТМҚ;

тараптас ұйымдар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар орындаған жұмыстар мен көрсеткен қызметтердің құны көрсетіледі.

220.00.009 III А және 220.00.009 III В жолдары мәндерінің қосындысымен (220.00.009 III А + 220.00.009 III В жолдары) айқындалады:

220.00.009 III А жолында салық төлеуші есепті салық кезеңі ішінде сатып алған, өтеусіз алған ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.009 III В жолында қаржылық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.009 III С жолында жарнамалық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі

;

220.00.009 III D жолында консультациялық қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.009 III E жолында маркетингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.009 III F жолында дизайнерлік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.009 III G жолында инжинирингтік қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі;

220.00.009 III H жолында өзге де жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға жұмсалған шығыстар көрсетіледі;

220.00.009 III B жолында есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған өзге де жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны көрсетіледі. Бұл жолға декларацияның 220.00.010-нан 220.00.017-ге дейінгі жолдары, декларацияның 220.00.024 жолдары бойынша шегерімге жатқызылатын сатып алынған жұмыстар, қызметтер көрсетулер бойынша шығыстардың сомасы қосылмайды;

220.00.009 IV жолында

Салық кодексінің 155-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында беліленген тәуліктік мөлшерінің асып кетуін білдіретін қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақы сомаларын;

тіркелген активтердің, преференциялар объектілерінің, амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енетін қызметкерлер табыстарын;

Салық кодексінің 122-бабына сәйкес кейінгі шығыстар деп танылған қызметкерлер табыстарын қоспағанда, Салық кодексінің 110-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын қызметкерлердің есептелген табыстары мен жеке тұлғаларға өзге де төлемдер бойынша шығыстары көрсетіледі;

220.00.009 V жолында алдыңғы салық кезеңдерінде алдағы кезеңдердің шығыстары деп танылған және есепті салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылатын жұмыстар мен қызмет көрсету құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.009 VI жолында тіркелген активтер, жалға алынған негізгі құралдар бойынша кейінгі шығыстар деп танылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.009 VII жұмыстар мен қызмет көрсетулердің нақты құны, тіркелген активтердің, преференция объектілерінің, амортизацияға жатпайтын активтердің бастапқы құнына енетін ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.009 VIII жолында 220.00.009 VII жолы бойынша көрсетілетін құнды қоспағанда, Салық кодексінің 115-бабының негізінде шегерімдерге жатқызылмайтын жұмыстар мен қызметтердің нақты құны, ТМҚ өзіндік құны, сондай-ақ Салық кодексіне сәйкес шегерімдерге жатқызылмайтын ТМҚ табиғи кему сомасы. Бұдан басқа, аталған жол бойынша декларацияның 220.00.010-нан 220.00.017-ге дейінгі жолдар, 220.00.024 жолдары бойынша шегерімге жататын ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

220.00.009 IX жолында есепті салық кезеңінде алдағы кезеңдердің шығыстары деп танылған және кейінгі салық кезеңдерінде шегерімге жатқызылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің құны, ТМҚ өзіндік құны көрсетіледі;

2) 220.00.010 жолында Салық кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыптарының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 220.00.011 жолында Салық кодексінің 100-бабы 12-тармағында белгіленген негіздер бойынша шегерімге жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

4) 220.00.012 жолында Салық кодексінің 100-бабы 14-1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық төлеушінің есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі;

5) 220.00.013 жолында Салық кодексінің 103-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын сыйақылар бойынша шегерімдер сомасы көрсетіледі;

6) 220.00.014 жолында Салық кодексінің 102-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын өкілдік шығыстардың сомасы көрсетіледі;

7) 220.00.015 жолында Салық кодексінің 105-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын күмәнді талаптар сомасы көрсетіледі;

8) 220.00.016 жолында Салық кодексінің 114-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы көрсетіледі;

9) 220.00.017 жолында Салық кодексінің 116-122-баптарына сәйкес айқындалатын, тіркелген активтер мен жалға берілген негізгі құралдар бойынша шегерімдердің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.04.011 және 220.04.012 жолдарының сомасы көшіріледі.

10) 220.00.018 жолында табыс есептелетін Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің сомасы көрсетіледі. Бір жыл ішіндегі салық шегерімінің жалпы сомасы Салық кодексінің 157-бабында белгіленген салық салынбайтын жылдық жиынтық табыстың мөлшерінің сомасынан аспауға тиіс;

11) 220.00.019 жолында "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшердегі міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

12) 220.00.020 жолында өз пайдасына енгізілетін ерікті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

13) 220.00.021 жолында жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі;

14) 220.00.022 жолында Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінен алған қарыздары бойынша сыйақыны өтеуге бағытталған сомалар көрсетіледі;

15) 220.00.023 жолында Салық кодексінің 166-бабы 6-тармағында белгіленген мөлшерде және шарттарда медициналық қызметтерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеуге жұмсалатын шығыстар сомасы көрсетіледі;

16) 220.00.024 жолында Салық кодексіне сәйкес шегерімге жататын өзге де шығыстар сомасы көрсетіледі;

17) 220.00.025 жолында 220.00.009-дан 220.00.024-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын шегерімге жататын жалпы сома көрсетіледі.

17. "Салық кодексіне сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

1) 220.00.026 жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес айқындалатын табыстар мен шегерімдерді түзетудің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.00.026 I және 220.00.026 II жолдарының сомасы (220.00.026 I + 220.00.026 II) ретінде айқындалады;

2) 220.00.026 I жолында Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес айқындалатын табыстарды түзету сомасы көрсетіледі;

3) 220.00.026 II Салық кодексінің 131, 132-баптарына сәйкес айқындалатын шегерімдерді түзету сомасы көрсетіледі.

18. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес табыстар мен шегерімдерді түзету" деген бөлімде:

1) 220.00.027 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын табыстарды түзету сомасы көрсетіледі;

2) 220.00.028 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес айқындалатын шегерімдерді түзету сомасы көрсетіледі.

19. "Дара кәсіпкердің салық салынатын табысының есебі" деген бөлімде:

1) 220.00.029 жолында дара кәсіпкердің салық салынатын табысы (залал) көрсетіледі. 220.00.008 – 220.00.025 + 220.00.026 + 220.00.027 - 220.00.028 ретінде айқындалады;

2) 220.00.030 жолында резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасынан тыс көздерден алған табыстардың сомасы көрсетіледі. 220.00.030 жолы анықтамалық сипатқа ие. Бұл жол өзіне 220.00.030 I жолын да қамтиды:

220.00.030 I жолында Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыстар көрсетіледі. Бұл жолға 220.03-нысаны I бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

3) 220.00.031 жолында Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына сәйкес халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 220.02-нысаны E бағанының қорытынды мәні көшіріледі.

4) 220.00.032 жолында халықаралық салық салу ерекшелігі ескеріле отырып, дара кәсіпкердің салық салынатын табысының (залалының) сомасы көрсетіледі. Бұл ретте 220.00.030 I жолында көрсетілген сома дара кәсіпкердің салық салынатын табысына қосылуға жатады, салық салынатын табыс болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы резидентінің залалы азайтылады. 220.00.032 жолы 220.00.029 және 220.00.030 I жолдарының сомасы алу 220.00.031 жолы (220.00.029 + 220.00.030 I - 220.00.031) ретінде айқындалады;

5) 220.00.033 жолында Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес көшірілуі тиіс залал көрсетіледі. Егер 220.00.032 жолының теріс мәні болса, 220.00.033 жолы 220.00.032 жолының және 220.04.008 I жолы модулінің сомасы ретінде айқындалады. Егер 220.00.032 жолы оң мәнге ие болса, 220.00.033 жолына 220.04.008 I жолы көшіріледі;

6) 220.00.034 жолында Салық кодексінің 133-бабына сәйкес дара кәсіпкердің салық салынатын табысын кеміту сомасы көрсетіледі. 220.00.034 жолы 220.00.034 I және 220.00.034 II жолдарын өзіне қосады;

220.00.034 I жолында салық төлеуші Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық салынатын табысты кемітуге құқығы бар шығыстар көрсетіледі.

220.00.034 II жолында салық төлеуші Салық кодексінің 133-бабы 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес салық салынатын табысты кемітуге құқығы бар табыстар көрсетіледі;

7) 220.00.035 жолында Салық кодексінің 133-бабына сәйкес есептелген азайту ескерілген дара кәсіпкердің салық салынатын табысы көрсетіледі. 220.00.032 және 220.00.034 жолдарының айырмасы (220.00.032 – 220.00.034) ретінде айқындалады. Егер 220.00.034 жолы 220.00.032 жолынан артық болса, 220.00.035 жолында нөл көрсетіледі;

8) 220.00.036 жолында алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар көрсетіледі;

9) 220.00.037 жолында көшірілген залалдар ескерілген дара кәсіпкердің салық салынатын табысы көрсетіледі. Егер 220.00.035 жолында оң мән көрсетілген

жағдайда толтырылады. 220.00.035, 220.00.036 жолдарының айырмасы (220.00.035 – 220.00.036) ретінде айқындалады. Егер 220.00.036 жолы 220.00.035 жолынан артық болса, 220.00.037 жолында нөл көрсетіледі.

20. "Салық міндеттемесінің есебі" деген бөлімде:

1) 220.00.038 жолында Салық кодексінің 158-бабы 1-тармағына сәйкес жеке табыс салығының ставкасы пайызда көрсетіледі;

2) 220.00.039 жолында дара кәсіпкердің салық салынатын табысынан алынатын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. 220.00.037 және 220.00.038 жолдарының туындысы (220.00.037 x 220.00.038) ретінде айқындалады;

3) 220.00.040 жолында Салық кодексінің 139-бабы 1-тармағына сәйкес салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. 220.00.039, 220.00.040 I, 220.00.040 II, 220.00.040 III, 220.00.040 IV жолдарының айырмасы (220.00.039 – 220.00.040 I – 220.00.040 II – 220.00.040 III – 220.00.040 IV) ретінде айқындалады. Егер алынған айырма нөлден төмен болса, онда 220.00.040 I жолында нөл көрсетіледі;

4) 220.00.040 I жолында Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде ескерілетін Қазақстан Республикасынан тыс төленген табысқа салықтардың немесе резидент салық төлеуші Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алған табыстарға соған ұқсас табыс салығы түрлерінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға

220.03-нысаны R бағанының қорытынды мәні көшіріледі;

5) 220.00.040 II жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс жеке табыс салығының сомасына кемітілетін салық кезеңінде ұтыс түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

6) 220.00.040 III жолында сыйақы түріндегі табыстан төлем көзінен ұсталған және Салық кодексінің 139-бабы 3-тармағына сәйкес алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

7) 220.00.040 IV жолында Салық кодексінің 139-бабы 2-тармағына сәйкес бюджетке төленуі тиіс жеке табыс салығының сомасына кемітілетін сыйақы түріндегі табыстан салық кезеңінде төлем көзінен ұсталған жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

8) 220.00.041 жолында Салық Кодексінің 599-бабына сәйкес жеке табыс салығын төлеуді есебіне жүзеге асырылатын есепке жатқызулар сомаларын қоса алғанда, төленген салық сомасы көрсетіледі. Жеке табыс салығын төлеу Салық кодексінің 179-бабы 1-тармағына сәйкес айқындалады.

21. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." деген жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларация салық органына табыс етілген күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияны табыс ету күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. ҚҚС төлеуші болып табылмайтын салық төлеушілердің өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша шығыстары – 220.01-нысанын жасау

22. Бұл нысанды қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын тұлғалар толтырады. Нысанда шегерімге жатқызылмайтындарды қоса алғанда, сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) туралы мәліметтер көрсетіледі. Осы нысандағы мәліметтер декларацияға және оған қосымшаларға көшірілмейді.

23. "Шығыстар" деген бөлімде:

А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

В бағанында салық төлеуші контрагенттің бизнес-сәйкестендіру (жеке сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

С бағанында осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес резидент емес контрагенттің резиденттік елінің коды көрсетіледі;

Д бағанында резидент емес контрагенттің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі. Баған С бағанында резиденттік елінің коды көрсетілген кезде толтырылады;

Е бағанында шығыс түрлерінің коды көрсетіледі:

1 – қаржылық қызмет көрсетулер;

- 2 – жарнамалық қызмет көрсетулер;
- 3 – консультациялық қызмет көрсетулер;
- 4 – маркетингтік қызмет көрсетулер;
- 5 – дизайнерлік қызмет көрсетулер;
- 6 – инжинирингтік қызмет көрсетулер;
- 7 – өзгелері;

F бағанында сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны көрсетіледі.

4. Халықаралық шартқа сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс – 220.02-нысанын жасау

24. Бұл нысан Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табысты айқындауға арналған. Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына сәйкес егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегі қамтылғандардан өзгеше ережелер қолданылса, онда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

25. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында оған сәйкес табысқа қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес халықаралық шарт түрінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес халықаралық шарт жасалған елдің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында халықаралық шарт ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс көрсетіледі.

220.02-нысанының E бағанының қорытынды мәні 220.00.031 жолына көшіріледі.

5. Шетелдік көздерден алынатын табыс, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе пайдасының бір бөлігінің сомалары. Төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасы –220.03 – нысанын жасау

26. Бұл нысан шетел көздерден алынған табыстарды, салық салуда жеңілдігі бар елдерде тіркелген немесе орналасқан компаниялардың пайдасы немесе

пайдасының бір бөлігінің сомаларын, сондай-ақ Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған.

27. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі. Осы бағанда резидент еместің резиденттік елінің коды (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс көзі болып табылатын елдің коды (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында шетел мемлекетіндегі тұрақты мекеменің (тұрақты мекеме арқылы қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), немесе табыс төлейтін резидент еместің (тұрақты мекемеге байланысты емес қызмет көрсетуден табыс алу жағдайында), өзге жағдайларда салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес резидент салық төлеуші тұрақты мекемеге байланысты емес шетел көздерінен алған табыс түрінің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында осы Қағидалардың 29-тармағы 2) тармақшасына сәйкес табыс алу валютасының коды көрсетіледі;
- 6) F бағанында резидент салық төлеушінің салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің, өзге жағдайларда табысты төлейтін резидент еместің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі пайыздарда көрсетіледі;
- 7) G бағанында салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент емес заңды тұлғаның шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша айқындалған пайдасының жалпы сомасы шетел валютасында көрсетіледі;
- 8) H бағанында резидент салық төлеушіге тиесілі, салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген резидент еместің пайдасының сомасы шетел валютасында көрсетіледі. 100 %-ға F және G бағандарының тиісті мәндерінің туындысына қатысы ретінде айқындалады $((F \times G)/100\%)$;
- 9) I бағанында H бағанында көрсетілген, қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген пайда сомасы көрсетіледі;
- 10) J бағанында резидент салық төлеушінің тұрақты мекемеге байланысты емес шетел мемлекетіндегі көздерден есепке жазылған табыстарының сомасы шетел валютасында көрсетіледі;

11) К бағанында J бағанында көрсетілген қайта есептеу жүргізілген күнге айырбастау валютасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қайта есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша есептелген шетел мемлекетіндегі тұрақты база (мекеме) арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша есептелген шетел мемлекетіндегі тұрақты база (мекеме) арқылы қызметтен түскен салық салынатын табыс сомасы көрсетіледі

14) N бағанында бағанында тиісті төлем көзі елінің заңнамасымен немесе халықаралық шартпен белгіленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

15) O бағанында табыстарды төлем көзі елінде төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 158-бабында белгіленген ставка қолданыла отырып, есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуы тиіс табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 223-бабы ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылуға тиісті шетел мемлекетіндегі көздерден алынатын табыстарға салынатын табыс салығының сомалары көрсетіледі.

220.03-нысанының А-дан I-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады.

220.03-нысанының А–дан F–ке дейінгі, J–дан M–ге дейінгі бағандары Салық кодексінің 221-бабына сәйкес толтырылады.

220.03-нысанының А–дан F–ке дейінгі, J–дан R–ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

220.03-нысанының I бағанының жиынтықпен мәні 220.00.030 I жолына көшіріледі.

220.03-нысанының R бағанының жиынтықпен мәні 220.00.040 I жолына көшіріледі.

6. Тіркелген активтер бойынша шегерімдер –220.04-нысанын жасау

28. Бұл нысан Салық кодексінің 116–122-баптарына сәйкес тіркелген активтер бойынша шегерімдерді айқындауға, сондай-ақ Салық кодексінің 137-бабы 1-тармағына сәйкес кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін 1-топтың тіркелген активтерін шығарудан залалды айқындауға арналған.

29. "Тіркелген активтер бойынша шегерімдер" деген бөлімде.

1) 220.04.001 жолында салық кезеңнің басына топтардың құндық теңгерімінің жалпы сомасы көрсетіледі. 220.04.001 I-ден 220.04.001 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.04.001 I жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына I топтың тіркелген активтерінің кіші топтары бойынша құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

220.04.001 II жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына II топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

220.04.001 III жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына III топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

220.04.001 IV жолында Салық кодексінің 117-бабы 7-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңнің басына IV топтың тіркелген активтерінің құндық теңгерімінің сомасы көрсетіледі;

2) 220.04.002 жолында салық кезеңінде келіп түскен тіркелген активтердің жалпы құны көрсетіледі. 220.04.002 I-ден 220.04.002 IV-ке дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады:

220.04.002 I жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен I топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

220.04.002 II жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен II топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

220.04.002 III жолында Салық кодексінің 118-бабына сәйкес айқындалатын келіп түскен III топтың тіркелген активтерінің құны көрсетіледі;

А бағанында 1000 айлық есептік көрсетіштен жоғары мөлшерде Декларация толтыратын тұлғаға немесе оның жұбайына (зайыбына) тиесілі материалдық және қаржы қаражаттарын ұстап тұру немесе уақытша сақтау бойынша осы тұлғамен шарттық қатынастары, келісімдері мен міндеттемелері (оның ішінде ауызша) бар заңды тұлға көрсетіледі;

В бағанында А бағанында көрсетілген заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

С бағанында жоғарыда көрсетілген материалдық және қаржы құралдарының тиісті сомалары көрсетіледі.

4. Мемлекеттік лауазымдағы қызметтегі тұлғалар және олардың жұбайлары (зайыптары), сондай-ақ өзге де санаттағы жеке тұлғалар табыс ететін мәліметтер – 230.02-нысанын жасау

20. Бұл қосымша мемлекеттік қызметтегі тұлғалардың және олардың жұбайларының (зайыптарының), сондай-ақ өзге санаттағы жеке тұлғалардың, оның ішінде жағымсыз себептер бойынша мемлекеттік қызметтен босатылған адамдардың босатылғаннан кейінгі үш жыл бойы, және олардың жұбайларының, сондай-ақ Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес декларация тапсыру бойынша міндет жүктелген адамдардың есепті салық кезеңінде алған табыстарын және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша меншік құқығында болған мүлкін көрсетуге арналған.

21. "Табыс түрлері" деген бөлімде:

1) 230.02.001 жолында салық агенттері берген құжаттар негізінде есепті салық кезеңі үшін есептелген салық салынуы тиіс табыстардың жалпы сомасы анықтамалық түрде көрсетіледі:

230.02.001 I жолы қызметкерге жұмыс беруші есептеген табыстардың сомасын көрсетуге арналған;

230.02.001 II жолы азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша салық агенті жеке тұлғаға есептеген табыстардың сомасын көрсетуге арналған;

2) 230.02.002 жолы төлем көзінен салық салынатын табыстардың жалпы сомасын көрсетуге арналған (төлем көзінен салық салынатын табыс Салық кодексінің 156-бабында көзделген түзетулер ескеріле отырып, салық салынуы тиіс есепті салық кезеңі үшін есептелген табыстары мен Салық кодексінің 166-бабында көзделген салық шегерімдерінің сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады);

3) 230.02.003 жолы 230.02.003 I, 230.02.003 II, 230.02.003 III және 230.02.003 IV жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлем көзінен салық салынбайтын табыстардың жалпы сомаларын көрсетуге арналған;

230.02.003 I жолы мүліктік табыстың, оның ішінде мүлікті өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстың және (немесе) Салық кодексінің 180-бабына сәйкес айқындалатын салық агенттері болып табылмайтын тұлғаларға мүлікті жалға беруден алынған табыстың жалпы сомаларын көрсетуге арналған;

230.02.003 II жолы жеке табыс салығы бойынша декларацияда (220.00-нысан) немесе арнаулы салық режимдері үшін белгіленген салық есептілігінде айқындалған дара кәсіпкер табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған;

230.02.003 III жолы жеке табыс салығы бойынша декларацияда (240.00-нысан) айқындалған жеке нотариустардың, жеке сот орындаушылар мен адвокаттардың табысының жалпы сомасын көрсетуге арналған;

230.02.003 IV жолы еңбектенуге көшіп келушілердің табыстарын (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған табыстар; салық агенттері болып табылатын Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекетінің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерімен, шетел мемлекетінің консулдық мекемелерімен жасасқан еңбек шарттары және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстары; Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасасқан еңбек шарттары бойынша алынған үй қызметкерлерінің табыстары; тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғынжайдағы үлесті талап ету құқығын беруден түсетін табыстар; Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша міндеттемеден босатылған халықаралық және мемлекеттік ұйымдармен, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен және қорлармен жасасқан еңбек шарттары және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстары ; медиаторлардың табыстары) қоспағанда, өзге де табыстардың жалпы сомаларын көрсетуге арналған.

22. "Салықты есептеу" деген бөлімде:

1) 230.02.004 жолы төлем көзінен салық салынатын табыстар бойынша ұсталған салықтың сомасын көрсетуге арналған;

2) 230.02.005 жолы Салық кодексінің 178-бабына сәйкес айқындалатын мүліктік табыс пен өзге де табыстар бойынша есептелген салық сомасын көрсетуге арналған;

230.02.005 I жолы егер жеке табыс салығы бойынша декларацияда (240.00-нысан) көрсетілмеген жағдайда, Салық кодексінің 178-бабына сәйкес

айқындалатын мүліктік табыс бойынша есептелген салық сомасын көрсетуге арналған;

230.02.005 II жолы егер жеке табыс салығы бойынша декларацияда (240.00-нысан) көрсетілмеген жағдайда, Салық кодексінің 178-бабына сәйкес айқындалатын өзге де табыстар бойынша есептелген салық сомасын көрсетуге арналған.

23. "Меншік құқығындағы мүлік" деген бөлімде:

1) 230.02.006 А жолы меншік құқығындағы жылжымайтын мүліктің түрін (тұрғын үй және тұрғынжай емес ғимараттар мен үй-жайлар, оның ішінде пәтер, үй, гараж, саяжай құрылыстары, сондай-ақ кондоминиум орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелері және т.б.) көрсетуге арналған;

230.02.006 В жолы құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес меншік құқығындағы жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірін немесе шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүліктің тіркеу нөмірін көрсетуге арналған;

230.02.006 С жолы меншік құқығындағы жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін (мекенжайын) көрсетуге арналған;

2) 230.02.007 А жолы меншік құқығындағы көлік құралдарының түрін (жеңіл автомобиль, мотоцикл, жүк машинасы және т.б.) көрсетуге арналған. Бұл жолда әуе және теңіз кемелері, ішкі жүзу кемесі, "өзен-теңіз" жүзу кемелері көрсетілмейді;

230.02.007 В жолы құқықты куәландыратын құжаттарға сәйкес көлік құралының мемлекеттік нөмірін көрсетуге арналған;

230.02.007 С жолы құқықты куәландыратын құжаттарға сәйкес көлік құралының VIN-кодын немесе кузов нөмірін көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
26-қосымша
Нысан 240.00 Бет 01

Жеке табыс салығы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің

Жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (240.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жеке табыс салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (240.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке табыс салығын есептеуге арналған жеке табыс салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны мүліктік және басқа табыстар алған жеке тұлғаларды қоса алғанда Салық кодексінің 67-бабы 6-тармағына сәйкес жеке тұлғалар, сондай-ақ Салық кодексінің 185-бабы 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан шетел банктеріндегі шоттарында ақшалары бар жеке тұлғалар толтырады.

2. Декларация Салық кодексінің 67-бабына, 6-бөлімі 18, 20, 21-тарауларына, 204, 205-баптарына сәйкес жасалады. Декларация декларацияның өзінен (240.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (240.01-ден 240.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "х" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (240.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (ай, жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі).

Декларацияны табыс ету үшін салық кезеңі салық жылы болып табылады. Егер салық кезеңінің ұзақтығы мынаны құраса:

күнтізбелік жылдан аз – онда "Ай" торкөзінде декларация берілетін айлар саны көрсетіледі, ал "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

толық күнтізбелік жыл, "Ай" торкөзі толтырылмайды, ал декларацияның "Жыл" торкөзінде ағымдағы салық жылы көрсетіледі;

3) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты

Жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні

Бұл жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

б) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер егер салық төлеуші А, В, С, D жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді.

7) резиденттік белгісі.

Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке тұлғалары толтырады, бұл ретте:

А торкөзін Қазақстан Республикасының азаматы, шетелдік тұлға немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын азаматтығы жоқ адам белгілейді;

В торкөзін шетелдік тұлға немесе Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы болып табылатын азаматтығы жоқ адам белгілейді;

8) азаматтық белгісі.

А торкөзінде "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының және Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын шетелдіктің азаматтық елінің коды көрсетіледі;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын азаматтығы жоқ тұлға белгілейді;

9) Қазақстан Республикасында резидент емес тұлғаның қызмет көрсету, жұмыстарды орындау кезеңі.

Егер декларацияны резидент емес жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында Салық кодексінің 191-бабы 13-тармағына сәйкес айқындалатын резидент емес тұлғаның Қазақстан Республикасында қызмет көрсетуді, жұмыстарды орындауды бастау күні көрсетіледі;

В жолында оларға сәйкес Қазақстан Республикасында жұмыстар орындалатын, қызметтер көрсетілетін резиденті емес жасасқан бір немесе бірнеше келісімшарттар (шарттар, келісімдер) бойынша резидент емес Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетудің нақты аяқталуы күні көрсетіледі. Бұл жол резидент емес тұлғаның Қазақстан Республикасында жұмыстарды орындауды, қызмет көрсетуді нақты (түпкілікті) аяқтағаннан кейін толтырылады. Егер есепті салық кезеңі ішінде жұмыстар, қызметтер аяқталмаған жағдайда бұл жол толтырылмайды;

10) резиденттік елінің коды және салықтық тіркеу нөмірі.

Егер декларацияны Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаның жасаған жағдайда толтырылады, бұл ретте:

А жолында шешіммен бекітілген 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі.

В жолында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;

11) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

15. "Мүліктік табыстар және басқа да табыстар" (еңбекші имигранттың табысын қоспағанда) бөлімінде:

1) 240.00.001 жолы 240.00.001 I және 240.00.001 II жолдарының сомасы ретінде айқындалатын және Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан мүлікті өткізу кезінде алынған мүліктік табыс сомасын көрсетуге арналған;

2) 240.00.002 жолы 240.00.002 I, 240.00.002 II және 240.00.002 III, 240.00.002 IV, 240.00.002 V (240.00.002 I + 240.00.002 II + 240.00.002 III + 240.00.002 IV + 240.00.002 V) жолдарының сомасы ретінде еңбек имигранттарымен алынған табыстарды қоспағанда, айқындалатын өзге де табыс сомаларын көрсетуге арналған;

3) 240.00.002 I жолы Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден түсетін табыс сомаларын көрсетуге арналған. Бұл жолға 240.02-нысанының G бағанында көрсетілген жиынтық сомасы көшіріледі;

4) 240.00.002 II жолы Салық кодексінің 184-бабы 1-тармағының 2) және 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында еңбек шарттары (келісімшарттар) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарынан түскен табыс сомаларын көрсетуге арналған;

5) 240.00.002 III жолы Салық кодексінің 184-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес үй қызметкерлерінің еңбек шарттары бойынша алған табыс сомаларын көрсетуге арналған;

6) 240.00.002 IV жолы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғынжайдағы үлесті талап ету құқығын беруден түскен табыс сомаларын көрсетуге арналған;

7) 240.00.002 V жолы Салық кодексінің 184-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес медиаторлар табысының сомаларын көрсетуге арналған;

8) 240.00.003 жолы салық салуда жеңілдігі бар елде алынған табыс сомаларын көрсетуге арналған. Бұл жолға 240.02 нысанының К бағанында көрсетілген жиынтық сома көшіріледі;

9) 240.00.004 жолы шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға алған өзге де табыс сомаларын көрсетуге арналған.

16. "Мүлік және басқа табыстардан салық есептеу (еңбекші имигранттың табысын қоспағанда) деген бөлімде:

1) 240.00.005 жолы 240.00.001, 240.00.002, 240.00.003 және 240.00.004 (240.00.001 + 240.00.002 + 240.00.003 + 240.00.004) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық салуға жатпайтын табыс сомаларын көрсетуге арналған;

2) 240.00.006 жолы Қазақстан Республикасында салық салуға жатпайтын табыс сомаларын көрсетуге арналған;

3) 240.00.006 I жолы Салық кодексінің 156-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жатпайтын табыс сомаларын көрсетуге арналған;

4) 240.00.006 II жолы халықаралық келісімшарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында салық салуға жатпайтын табыстар сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 240.03-нысанының Е бағанында көрсетілген жиынтық сома көшіріледі;

5) 240.00.007 жолы Салық кодексінің 166-бабына сәйкес салық шегерімдері сомасын көрсетуге арналған, егер жұмысшының табысын анықтаған кезде осындай шегерімдер жүргізілмеген жағдайда. Бұл ретте, жыл бойынша салық шегерімінің жалпы сомасы тиісті қаржы жылының

1 қаңтарында қолданыстағы және республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген жалақының ең аз мөлшерінің жалпы сомасынан аспау керек;

6) 240.00.008 жолы (240.00.005–240.00.006 – 240.00.007) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес салық салуға жататын табыс сомасын көрсетуге арналған;

7) 240.00.009 жолы Салық кодексінің 178-бабына сәйкес есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған;

8) 240.00.010 жолы Салық кодексінің 223-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылатын табыс салығы сомасын көрсетуге арналған;

9) 240.00.011 жолы жолдарының айырмасы 240.00.009 және 240.00.010 (240.00.009 – 240.00.010) ретінде айқындалатын, мүлік және басқа да табыстар бойынша төленуі тиіс жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған.

17. "Еңбек имигранттың табысынан есептелетін жеке табыс салығы" деген бөлімде:

1) 240.00.012 жолы есепті салық кезеңі үшін еңбек имигранттарымен алынған салық салуға жататын жалпы табыстарының сомасын көрсетілуге арналған;

2) 240.00.013 жолы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыстағы және республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген жалақының ең аз мөлшері түріндегі салық шегерімінің сомасы көрсетуге арналған, жеке тұлғада еңбек қызметін жүзеге асыруға шетел қызметкеріне рұқсатта көрсетілген әр ай сайын тиісті кезеңдегі орындалған жұмысқа (көрсетілген қызмет) есептелген;

3) 240.00.014 жолы 240.00.012 мен 240.00.013 (240.00.012 – 240.00.013) жолдарының айырмасы ретінде анықталатын еңбек имигрантының салық салынатын табысын көрсетуге арналған;

4) 240.00.015 жолы 240.00.014 (240.00.014*10 %) жолына 10% ставка бойынша анықталатын, есептелген жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған;

5) 240.00.016 жолы еңбек имигрантымен әр ай сайын тиісті кезеңдегі орындалған жұмысқа (көрсеткен қызмет) есептелген тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыстағы және республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленген, айлық есептік көрсеткіш мөлшері 2 еселенген мөлшерінде есептелген жеке табыс салығы бойынша еңбек имигрантымен төленген төлемді көрсетуге арналған;

6) 240.00.017 жолы 240.00.015 мен 240.00.016 (240.00.015 – 240.00.016) жолдарының айырмасы ретінде анықталатын, еңбек имигрантының табыстары бойынша салық кезеңі үшін төлеуге жататын жеке табыс салығының сомасын көрсетуге арналған;

18. "Нотариустың/жеке сот орындаушысының/адвокаттың табыстарынан салықты есептеу" бөлімін "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 7В торкөздерін толтырған тұлғалар толтырады. Бұл бөлімде:

1) 240.00.018 жолы салық кезеңі ішінде жеке нотариус, жеке сот орындаушысы немесе адвокат алған табыстар сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 240.01 нысанының 01 В жолында көрсетілген жиынтық сома көшіріледі;

2) 240.00.019 жолы салық кезеңі үшін есептелген жеке табыс салығы сомасын көрсетуге арналған. Бұл жолға 240.01 нысанының 02 В жолында көрсетілген жиынтық сома көшіріледі.

19. Бөлім. Қазақстан Республикасының шегінен тысқары шетелдік банктердегі банк шоттардағы ақшалар. Аталған бөлімді Салық кодексінің 185-

бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар толтырады:

1) 240.00.020 А-дан 240.00.025 А дейінгі жолдар жеке тұлғалардың ақшасы бар, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетел банктерінің атауын көрсетуге арналған;

2) 240.00.020 В-дан 240.00.025 В дейінгі жолдар осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың ақшасы бар, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетел банктері елдерінің резиденттілік кодын көрсетуге арналған;

3) 240.00.020 С-тан 240.00.025 С дейінгі жолдар осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес жеке тұлғалардың ақшасы бар, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетел банктері валюта кодын көрсетуге арналған;

4) 240.00.020 D-дан 240.00.025 D дейінгі жолдар Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетел банктерінің банктік шоттарындағы ақша сомасын көрсетуге арналған;

20. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Жеке нотариустың/жеке сот орындаушысының/ адвокаттың табысы - 240.01-нысанын жасау

21. Бұл нысан Қазақстан Республикасының шегінен тыс көздерден алынған табыстардың осыған ұқсас түрлерін қоспағанда, Салық кодексінің 181-бабына сәйкес айқындалатын табыстарды жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың мәлімдеуіне арналған және "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 7 В торкөздерін белгілеген тұлғалар толтырады.

22. "Табыстардың барлығы" деген бөлімде:

01В жолы салық кезеңі үшін, оның ішінде салық кезеңінің әрбір айы үшін жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары немесе адвокаттар алған табыстар сомаларын көрсетуге арналған.

23. "Бюджетке төленуі тиіс салық сомасының барлығы" бөлімінде:

02 В жолы салық кезеңі үшін, оның ішінде салық кезеңінің әрбір айы үшін жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары немесе адвокаттар бюджетке төлеуі тиіс салық сомасын көрсетуге арналған.

4. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден алынған табыс, оның ішінде салық салуда жеңілдігі бар елде алынған табыс. Шетел салығын есепке жатқызу - 240.02-нысанын жасау

24. Бұл нысан шетел мемлекеттеріндегі көздерден алынған табыстарды, оның ішінде салық салуда жеңілдігі бар елде алған табыстарды, сондай-ақ Салық кодексінің 7-бөлімінде айқындалған халықаралық салық салу ерекшеліктеріне сәйкес төленген шетел салығы мен есепке жатқызу сомасын айқындауға арналған.

25. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес табыс төлейтін резидент еместің резиденттік елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі көрсетіледі;
- 4) D бағанында резидент салық төлеуші шетелдегі көздерден алған осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес табыс түрінің коды көрсетіледі;
- 5) Е бағанында осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес табысты алу валютасының коды көрсетіледі;
- 6) F бағанында шетел валютасында шетел мемлекетіндегі көздерден резидент салық төлеушінің есептелген табысының сомасы көрсетіледі;

7) G бағанында операция (төлем) жасау күніне валюта айырбасы бағамы қолданыла отырып, ұлттық валютада F бағанында көрсетілген табыстардың сомалары көрсетіледі;

8) H бағанында C бағанында көрсетілген резидент еместің жарғылық капиталындағы резидент салық төлеушінің қатысу үлесі пайызда көрсетіледі;

9) I бағанында шетел валютасында шоғырландырылған қаржылық есептілігі бойынша айқындалатын C бағанында көрсетілген резидент еместің пайдасының жалпы сомасы көрсетіледі;

10) J бағанында шетел валютасында резидент салық төлеушіге қатысты резидент емес пайдасының сомасы көрсетіледі. H және I бағандарының тиісті мәндердері туындысының және 100% қатынасы айқындалады $((H \times I)/100\%)$;

11) K бағанында табыстар есептелген есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанында валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданыла отырып, ұлттық валютада J бағанында көрсетілген пайда сомасы көрсетіледі;

12) L бағанында Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша пайда сомасы көрсетіледі;

13) M бағанында шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша пайда сомасы көрсетіледі;

14) N бағанында тиісті төлем көзі елінің заңнамасында немесе халықаралық шартпен белгіленген табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

15) O бағанында табыстар төлеу көзі елінің әрқайсысында төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

16) P бағанында Салық кодексінің 158-бабында белгіленген ставка қолданыла отырып, есептелген табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) Q бағанында Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде төленген және Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылатын табыс салығының ставкалары көрсетіледі;

18) R бағанында Салық кодексінің 223-бабының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасында жеке табыс салығын төлеу кезінде есепке жатқызылатын шетел мемлекеттеріндегі көздерден түскен табыстардан алынған табыс салығы сомасы көрсетіледі.

240.02 нысанының А-дан бастап Е-ге дейінгі, H-тан K-ге дейінгі бағандар Салық кодексінің 224-бабына сәйкес толтырылады.

240.02 нысанының А-дан бастап H-қа дейінгі, L және M бағандары Салық кодексінің 221-бабына сәйкес толтырылады.

240.02 нысанының А-дан бастап H-қа дейінгі, L-дан R-ға дейінгі бағандар Салық кодексінің 223-бабына сәйкес толтырылады.

240.02 нысаны G бағанының жиынтық мәні 240.00.002 I жолына көшіріледі.

240.02 нысаны K бағанының жиынтық мәні 240.00.003 жолына көшіріледі.

240.02 нысаны R бағанының жиынтық мәні 240.00.010 жолына көшіріледі.

5. Халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс – 240.03-нысанын жасау

26. Бұл нысан Салық кодексінің 2-бабы 5-тармағына, 212, 213-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табысты айқындауға арналған.

27. "Көрсеткіштер" деген бөлімде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес халықаралық келісімшарт түрінің коды көрсетіледі, оған сәйкес табысқа қатысты Салық кодексінде белгіленген тәртіптен ерекше салық салу тәртібі белгіленген;
- 3) С бағанында халықаралық шарттың атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанында Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасасқан осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес елдің коды көрсетіледі;
- 5) E бағанында халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес салық салудан босатылуы тиіс табыс көрсетіледі.

240.03 нысаны E бағанының жиынтық мәні 240.00.006 II жолына көшіріледі.

6. Табыс түрлерінің, валюталардың, елдердің және халықаралық шарттардың кодтары

28. Декларация толтыру кезінде мынадай табыс түрлерін кодтауды пайдалану керек.

- 1) Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар:
 - 1010 – Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізуден түскен табыстар;
 - 1011 – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы, одан тысқары жерлердегі тауарларды өткізуден түскен табыстар;
 - 1020 – Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар;
 - 1021 – Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде басқарушылық, қаржылық (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру жөніндегі қызметтерді қоспағанда), консультациялық, аудиторлық, заң (соттарда, төрелік сотта немесе аралық сотта өкілдік ету және құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық қызметтерді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстар;

1030 Қазақстан Республикасының Үкіметі Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындайтын жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің нақты орындалған, көрсетілген жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден түсетін табыстары, сондай-ақ Салық кодексінің 192-бапта белгіленген өзге де табыстары;

1040 – Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлікке құқық немесе мүлікпен жасалатын мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1041 – Қазақстан Республикасының аумағындағы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1042 – резидент шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында орналасқан резидент заңды тұлғаның, консорциумның жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1043 – егер резидент емес заңды тұлғаның мұндай акциялары, қатысу үлестері немесе активтері құнының 50 және одан да көп пайызын Қазақстан Республикасындағы мүлік құрайтын болса, резидент емес шығарған акцияларды, сондай-ақ резидент емес заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

1050 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін - резидентке борышты талап ету құқықтарын беруден түсетін табыстар;

1051 – талап ету құқығын берген салық төлеуші үшін - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емеске борышты талап ету құқықтарын беруден түсетін табыстар;

1060 – талап ету құқығын сатып алатын салық төлеуші үшін - резиденттен борышты талап ету құқықтарын алудан түсетін табыстар;

1061 – талап ету құқығын сатып алатын салық төлеуші үшін - Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместен борышты талап ету құқықтарын алудан түсетін табыстар;

1070 – бұрын негізсіз ұсталған айыппұлдардың бюджетке қайтарылғандарынан басқа, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және санкциялардың басқа да түрлері;

1080 – резидент заңды тұлғадан түсетін дивидендтер нысанындағы табыстар;

1081 – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құрылған пайлық инвестициялық қорлардан түсетін дивидендтер нысанындағы табыстар;

1090 – мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге

жағдайларда пайда алушы болып табылатын резидент емес үшін Қазақстан Республикасында салық міндеттемелерін орындау жүктелмеген сенімгерлікпен басқарушы-резиденттен мүлікті сенімгерлікпен басқаруды тағайындау туралы акт бойынша алынған табыстар;

1100 – борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларды қоспағанда, сыйақылар нысанындағы табыстар;

1101 – эмитенттен алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар нысанындағы табыстар;

1120 – роялти нысанындағы табыстар;

1130 – Қазақстан Республикасында орналасқан мүлікті жалға беруден түсетін табыстар;

1140 – Қазақстан Республикасында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар;

1150 – Қазақстан Республикасында туындайтын сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар;

1151 – Қазақстан Республикасында туындайтын тәуекелдерді қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар;

1160 – халықаралық тасымал жөніндегі қызметтерді көрсетуден түсетін табыстар;

1161 – Қазақстан Республикасы ішінде көліктік қызмет көрсетуден түсетін табыстар;

1162 – теңіз тасымалы шартында (келісімшартта) көзделген сталиялық уақыттан тыс тиеу-түсіру операцияларында кеменің бос тұрып қалғаны үшін төлем түріндегі табыс;

1170 – Қазақстан Республикасының аумағындағы құбырларды, электр беру желілерін, оптикалық-талшықты байланыс желілерін пайдаланудан түсетін табыстар;

1180 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидентпен жасасқан еңбек шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін табыстары;

1181 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылатын резидент емеспен жасасқан еңбек шарты (келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін табыстары;

1190 – өздеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты, мұндай міндеттерді нақты орындайтын жеріне карамастан, басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер;

1200 – жұмыс беруші болып табылатын резиденттің Қазақстан Республикасында тұруына байланысты резидент еместің жеке тұлғаға төлейтін үстемақылары;

1201 – жұмыс беруші болып табылатын резидент еместің Қазақстан Республикасында тұруына байланысты резидент еместің жеке тұлғаға төлейтін үстемақылары;

1210 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс берушіден алған материалдық пайда түріндегі Қазақстан Республикасындағы қызметінен түсетін табыстары;

1211 – резидент емес жеке тұлғаның жұмыс беруші болып табылмайтын тұлғадан алған материалдық пайда түріндегі табыстары;

1220 – резидент бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;

1230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасындағы қызметтен төленетін табыстар;

1240 – резидент төлейтін ұтыстар;

1241 – егер ұтысты төлеу осындай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты болса, Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі бар резидент емес төлейтін ұтыстар;

1250 – Қазақстан Республикасында тәуелсіз жеке (кәсіби) қызмет көрсетуден алынған табыстар;

1260 – резидент емес жеке тұлғаның резидент жеке тұлғадан өтеусіз алынған мүлкін қоспағанда, өтеусіз алынған немесе мұраға қалдырылған мүлік, оның ішінде жұмыстар, қызметтер түріндегі табыстары;

1270 – туынды қаржылық құралдар бойынша табыстар;

1280 – міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;

1290 – күмәнді міндеттемелер бойынша табыс;

1300 – банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс;

1310 – сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс;

1320 - талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;

1330 – кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;

1340 – тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс;

1350 – табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс;

1360 – кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс;

1370 – бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;

1380 - егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

1390 – бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

1400 - өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;

1410 - дивидендтер;

1420 - депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар, ислам жалдау сертификаты;

1430 – оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі. Бағамдық айырма сомасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады;

1440 - ұтыстар;

1450 – әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;

1460 – кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;

1470 – сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

1480 – ислам банкінде орналастырылған инвестициялық депозит бойынша табыс;

1490 – 1010 – 1480 кодтарында көрсетілмеген басқа да табыстар.

2) Қазақстан Республикасынан тыс көздерден табыстар:

2010 – Қазақстан Республикасынан тыс, шет мемлекетте орналасқан тауарларды өткізуден түскен табыстар;

2020 – Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерде жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен табыстар;

2030 – Салық кодексінің 224-бабына сәйкес айқындалатын салық салуда жеңілдігі бар мемлекетте жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден, тауарларды сатудан түскен табыстар, сондай-ақ осындай мемлекетте тіркелген резидент еместен резидент алатын өзге де табыстар;

2040 – құн өсімінен табыс;

- 2080 – резидент емес заңды тұлғадан түсетін дивидендтер түріндегі табыстар;
- 2100 – сыйақылар түріндегі табыстар;
- 2120 – роялти түріндегі табыс;
- 2130 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан мүлкін жалға беруден түсетін табыстар;
- 2140 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүлкіктен алынатын табыстар;
- 2150 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс туындайтын сақтандыру (қайта сақтандыру тәуекелдері) шарттары бойынша төленетін сақтандыру сыйлықақылары түріндегі табыстар;
- 2160 – халықаралық тасымалдарда көліктік қызмет көрсетуден табыстар;
- 2161 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс көліктік қызмет көрсетуден табыстар;
- 2180 – еңбек шарты (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасының шегінен тыс қызметтен түсетін резидент емес жеке тұлғаның табыстары;
- 2190 – өздеріне резидентке қатысты жүктелген басқарушылық міндеттерді орындауға байланысты басшының гонорарлары және (немесе) басқару органының (директорлар кеңесінің немесе өзге де органның) мүшелері алатын өзге де төлемдер. Бұл ретте мұндай тұлғалардың басқарушылық міндеттерін нақты орындайтын орнының маңызы жоқ;
- 2220 – жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;
- 2230 – қалайша және кімге төлем жүргізілетініне қарамастан, мәдениет және өнер қызметкеріне: театр, кино артистеріне, радио, теледидар қызметкеріне, музыкантқа, суретшіге, спортшыға Қазақстан Республикасынан тыс қызметтен төленетін табыстар;
- 2240 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс ұтыстар;
- 2250 – Қазақстан Республикасынан тыс жеке (кәсіби) тәуелсіз қызмет көрсетуден алынған табыстар;
- 2260 – Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан мүлікті тегін алу түріндегі табыстар;
- 2270 – туынды қаржы құралдары бойынша табыстар;
- 2280 – міндеттемені есептен шығарудан табыстар;
- 2290 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс шеккен күмәнді міндеттемелер бойынша шығыстар;
- 2330 – Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген активтерді шығарудан түскен табыстар;
- 2360 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс бірлескен қызметті жүзеге асырудан табыстар;

2400 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатудан түскен табыстар;

2410 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы не сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге де жағдайларында пайда алушы алған (алуға тиіс) мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін табыстар;

2420 – Қазақстан Республикасының шегінен тыс өзге де табыстар.

29. Валюта кодын толтыру кезінде Шешімге 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюталарды кодтауды пайдалану қажет.

30. Ел кодын толтыру кезінде Шешімге 22 "Әлем елдерінің жіктеуіші" қосымшасына сәйкес елдерді кодтауды пайдалану қажет.

31. Декларацияны толтыру кезінде халықаралық шарт (келісім) түрлерінің мынадай кодталуын пайдалану керек:

01 – Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция;

02 – Ислам Даму Банкінің құрылтай шарты;

03 – Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім;

04 – Азия Даму Банкінің құрылтай шарты;

05 – Жаңа Үкіметтік ғимараттың құрылысы жобасына грантты пайдалану бойынша келісім;

06 – Қаржылық ынтымақтастық туралы келісім;

07 – Өзара түсіністік туралы меморандум;

08 – Континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және ядролық қарудың таралуына жол бермеуге қатысты келісім;

09 – Халықаралық қайта құру және даму банкінің келісімі;

10 – Халықаралық валюталық қордың келісімі;

11 – Халықаралық қаржылық корпорацияның келісімі;

12 – Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенция;

13 – Еуропалық Қайта құру және Даму банкінің құру туралы келісім;

14 – Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясы;

15 – Орталық Азия университетін құру жөніндегі шарт;

16 – Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігін құру туралы;

17 – "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім;

18 – Әуе қатынасы туралы келісім;

19 – "Агросервистік қызметті қолдау" жобасын дайындауға арналған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің грантын беру туралы келісім;

20 – "Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау" жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанындағы келісім;

21 – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция;

22 – Өзге де халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар).

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
28-қосымша
Нысан 300.00 Бет 01

Қосылған құн салығы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
29-қосымша

Қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (300.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (300.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 8-бөліміне және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) 2, 12, 24, 25, 28, 34, 35, 44, 47, 48, 49, 49-1-баптарына сәйкес қосылған құн салығы сомасын есептеуге

арналған қосылған құн салығы бойынша салық есептілігінің нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация декларацияның өзінен (300.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (300.01-ден 300.12-ге дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді ашып көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "х" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (300.00-нысаны)

14. "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші міндетті түрде мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі көрсетіледі;

2) қосылған құн салығын төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы. Жол міндетті толтырылуға жатады.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы, дара кәсіпкердің дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Салық кодексінің 269-бабына сәйкес декларацияны тапсыру үшін есепті кезең күнтізбелік тоқсан болып табылады. Жол міндетті толтырылуға жатады;

4) декларацияның түрі.

Салық кодексінің 63-бабына сәйкес салық есептілігінің түріне байланысты тиісті торкөздердің бірі міндетті белгіленуге жатады.

Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алып тасталған кезде "тарату" түріндегі декларацияны табыс ету міндетті болып табылады;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларацияның түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

6А торкөзі егер салық төлеуші мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылған жағдайда толтырылуы тиіс.

6В торкөзі егер салық төлеуші мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылған жағдайда толтырылуы тиіс;

7) жол Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім (келісімшарт) шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы толтырады.

Жол, егер салық төлеуші Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығы көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім (келісімшарт) шеңберінде қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы болып табылған жағдайда толтырылады, бұл ретте 7 А және В торкөздерінде міндетті түрде келісім (келісімшарт) нөмірі мен жасалған күні (келісімшарт күні, жасалған күні) көрсетіледі. Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағының шарттарына сәйкес келмейтін келісімшарттар бойынша бұл жол толтырылмайды.

Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында белгіленген әрбір келісім (келісімшарт) бойынша бөлек декларация жасалады;

8) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісі. Тиісті торкөздердің бірі міндетті толтырылуға жатады.

Тиісті торкөз Салық кодексінің 260-бабында сәйкес қосылған құн салығын есепке жатқызудың таңдалған әдісі негізінде толтырылады. Есепке жатқызылатын қосылған құн салығын айқындаудың таңдалған әдісі күнтізбелік жылдың ішінде өзгертуге жатпайды.

"Барабар" торкөзі, егер салық төлеуші қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Бөлек" торкөзі, егер салық төлеуші қосылған құн салығын есептеуге жатқызудың бөлек әдісін таңдаған жағдайда белгіленеді.

"Барабар және бөлек" торкөзі, егер салық төлеуші Салық кодексінің 260-бабы 4 және 5-тармақтарына, 262-бабы 2, 3 және 5-тармақтарына сәйкес бір мезгілде қосылған құн салығын есептеуге жатқызудың барабар және бөлек әдістерін қолданған жағдайда белгіленеді;

10) ҚҚС бойынша куәліктің сериясы мен нөмірі. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің сериясы мен нөмірі көрсетіледі. Жол міндетті толтырылуға жатады;

11) табыс етілген қосымшалар. Табыс етілетін қосымшаларға сәйкес келетін торкөздер міндетті белгіленуге жатады.

15. "ҚҚС есептеу" деген бөлімді толтырған кезде, егер салық төлеуші 300.12-қосымшаны табыс еткен жағдайда, осы бөлімде көзделген формулалардың

қолданылмайтынын ескеру қажет. 300.00.001-ден 300.00.012 аралығындағы тиісті жолдарға 300.12.001-ден 300.12.011 аралығындағы әрбір тиісті жолдардан сома көшіріледі.

"ҚҚС есептеу" деген бөлімде:

1) 300.00.001 А жолында қосылған құн салығы салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі, соның ішінде: тауарларды өтеусіз беру бойынша; айырбас шарттары бойынша; жұмыс берушінің тауарды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді қызметкерге жалақы есебінен беру бойынша; бөліп-бөліп төлеу шартында; комиссия, кепілдік шарттары бойынша; бірлескен қызмет туралы шарт шеңберінде және Салық кодексіне сәйкес қосылған құн салығы салынатын басқа да айналымдар.

2) 300.00.001 В жолында 300.00.001 А жолында көрсетілген айналымдар бойынша есептелген қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында белгіленген келісім (келісімшарт) бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар тиісті жолдарға келісімге (келісімшартқа) сәйкес салық ставкасын қолданады;

3) 300.00.002 А жолында нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын есепті салық кезеңі үшін өткізу бойынша айналым көрсетіледі. Бұл жолға 300.06.010 А жолы ескеріле отырып, 300.01-қосымшаның 300.01.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 300.00.003 А жолында Салық кодексінің 239 және 240-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін есепті салық кезеңі үшін салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың оң да, теріс те мәні болуы мүмкін;

5) 300.00.003 В жолында Салық кодексінің 239 және 240-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін есепті салық кезеңі үшін қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың оң да, теріс те мәні болуы мүмкін;

6) 300.00.004 А жолында Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын, салық кезеңі ішінде қосылған құн салығын төлеуші жүзеге асырған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі;

7) 300.00.005 А жолында қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Сондай-ақ бұл жолда Салық кодексінің 239 және 240-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін босатылған айналым мөлшерін түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың оң да, теріс те мәні болуы мүмкін. Бұл жолға 300.02.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Егер

есепті салық кезеңінде босатылған айналым мөлшеріне түзету жүргізілген жағдайда, бұл жолға 300.06.011 А жолында көрсетілген жүргізілген түзету ескерілген сома көрсетіледі (300.02.006 + 300.06.011 А);

8) 300.00.006 жолында өзіне салық салынатын және босатылған айналым мөлшерін түзету сомасын да қамтитын салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А, 300.00.004, 300.00.005, жолдарының сомасы ретінде айқындалады (300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А + 300.00.004 + 300.00.005);

9) 300.00.007 жолында 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А жолдары сомаларының 300.00.006 жолына пайыздағы қатынасы $(300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А) / (300.00.006) \times 100\%$ ретінде айқындалатын жалпы өткізу айналымдағы салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі;

10) 300.00.008 жолында 300.00.002 жолының 300.00.001 А, 300.00.002, 300.00.003 А жолдары сомаларына пайызда қатынасы $(300.00.002 / (300.00.001 А + 300.00.002 + 300.00.003 А) \times 100\%)$ ретінде айқындалатын жалпы салық салынатын айналымдағы нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым үлесі. Бұл жол 300.00.002 жолының шамасы теріс мәнде болған кезде толтырылмайды;

11) салық төлеуші дербес айқындайтын 300.00.009 жолында Салық кодексінің 260-бабы 3, 4 және 5-тармақтарына және 262-бабы 2, 3, 5 және 6-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығы сомасын есепке жатқызудың бір мезгілде барабар және бөлек әдістерін қолданған жағдайда жалпы өткізу айналымдағы салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Бұл ретте сатып алған кезде есепке жатқызудың бөлек әдісі қолданылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдар жалпы айналым сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағын айқындау кезінде ескерілмейді;

12) 300.00.010 жолында салық кезеңі ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және жер қойнауына арналған келісімшартының шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

13) 300.00.011 жолында 300.00.010 жолында көрсетілген қосылған құн салығының сомасын қоспағанда, салық кезеңінің ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және Енгізу туралы Заңның 49-бабы 74 және 49-1-бабының 19-абзацтарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.04.001 В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

14) 300.00.012 жолында 300.00.001 В, 300.00.003 В, 300.00.010, 300.00.011 (300.00.001 В + 300.00.003 В + 300.00.010 + 300.00.011) жолдарының сомасы

ретінде анықталатын есепті салық кезеңі үшін есептелген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" деген бөлімде толтыру кезінде егер салық төлеуші 300.12-қосымшасын табыс еткен жағдайда осы бөлімде көзделген формулалар қолданылмайтынын ескеру қажет. 300.00.013-тен бастап 300.00.026 арасындағы тиісті жолдарға 300.12.012-тен бастап 300.12.024 арасындағы әрбір тиісті жолдардан сома көшіріледі.

Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер 300.00.013 В-дан 300.00.023 В-ға дейінгі жолдарды толтырған кезде салық салынатын мақсатта пайдаланатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығы сомаларын көрсетеді.

"Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" деген бөлімде:

1) 300.00.013 А жолында Қазақстан Республикасында қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 300.00.013 В жолында Қазақстан Республикасында қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлар жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 300.00.014 А Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын, Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.05.001 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 300.00.014 В жолында өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылатын, резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.00.014 В жолына 300.05.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі. Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер бұл жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданатын жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасын көрсететінін ескеру қажет;

5) 300.00.015 жолында қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша және қосылған құн салығымен сатып алынған, бірақ Салық кодексінің 257-бабына сәйкес қосылған құн салығы есепке жатқызылмайтын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналым сомасы көрсетіледі. Бұл жолда қосылған құн салықсыз сатып алу бойынша айналымның сомасы көрсетіледі;

6) 300.00.016 А жолында 300.00.017, 300.00.018, 300.00.019, 300.00.020, 300.00.026 жолдарында көрсетілетіндерді қоспағанда, Салық кодексінің 247-

бабына және 276-4-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын салық салынатын импорт бойынша айналым сомасы көрсетіледі. Бұл жол тиісті салық кезеңі үшін табыс етілген тауарларға декларация(лар)да, сондай-ақ 320.00-нысанының Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (декларацияларда) және 328.00-нысанының Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады. Жол 300.00.016 I A, 300.00.016II A жолдарын қамтиды;

7) 300.00.016 I A жолында Ресей Федерациясынан әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшері көрсетіледі;

8) 300.00.016 II A жолында Беларусь Республикасынан әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорт мөлшері көрсетіледі;

9) 300.00.016 B кедендік ресімдеу кезінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған жағдайда аталған жолда тауарларға декларация(лар)ға, сондай-ақ 320.00-нысанының Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияға (декларацияларға) және 328.00-нысанының Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішке (өтініштерге) сәйкес импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған жағдайда аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданылатын, импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.00.016 I B, 300.00.016 II B жолдарын қамтиды;

10) 300.00.016 I B жолында Ресей Федерациясынан әкелінген тауарлар бойынша төленген және Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (декларацияларда) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

11) 300.00.016 II B жолында Беларусь Республикасынан әкелінген тауарлар бойынша төленген және Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (декларацияларда) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

12) 300.00.017 Салық кодексінің 255-бабына, 276-15-бабының 2-тармағы 2) тармақшасына және 3-тармағына сәйкес немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импортталатын тауарлар құны көрсетіледі. Аталған жолға 300.02.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

13) 300.00.018 жолында Енгізу туралы Заңның 49-бабы 32-53-абзацтарына сәйкес олар бойынша салық органы қосылған құн салығын төлеу мерзімдерін

өзгерту туралы шешім шығарған импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жол кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарларға декларация(лар), және (немесе) Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларация (декларациялар) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш (өтініштер) негізінде толтырылады ;

14) 300.00.019 жолында Енгізу туралы Заңның 49-бабы 32-53-абзацтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімдері өзгерген импортталатын тауарлар бойынша салық кезеңінде нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған жағдайда аталған жолға 300.01 нысанның J бағаны 0000001 және 0000002 қорытынды жолдарының сомасы көшіріледі. Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған жағдайда аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданылатын импортталған тауарлар бойынша төленген салықтың жиынтық сомасы көрсетіледі;

15) 300.00.020 А жолында қосылған құн салығы жер қойнауын пайдалану келісімшартының шарттарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі;

16) 300.00.020 В жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарына сәйкес тауарлардың импорты бойынша есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

17) 300.00.021 жолында 300.00.013 А, 300.00.014 А, 300.00.015, 300.00.016 А, 300.00.017, 300.00.018, 300.00.020 А және 300.00.026 А жолдарының айқындалатын (300.00.013 А + 300.00.014 А + 300.00.015 + 300.00.016 А + 300.00.017 + 300.00.018+ 300.00.020 А + 300.00.026 А) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша айналымның жалпы сомасы көрсетіледі;

18) 300.00.022 жолында Салық кодексінің 258 және 259-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасын түзету көрсетіледі. Бұл жолдың теріс мәні болуы мүмкін. Аталған жолға 300.06.024 В жолында көрсетілген сома көшіріледі;

19) 300.00.023 жолында 300.00.024 жолында көрсетілген қосылған құн салығының сомасын қоспағанда, салық кезеңі үшін есепке жатқызылатын қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі. 300.00.013 В, 300.00.014В, 300.00.016 В, 300.00.019 В, 300.00.020 В, 300.00.022 В жолдарының сомасы (300.00.01 В + 300.00.014 В + 300.00.016 В + 300.00.019 В + 300.00.020 В – 300.00.022 В) ретінде айқындалады. Бұл жолды 300.00.024 жолын толтыратын қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдісін қолданатын салық төлеуші толтырмайды;

20) 300.00.024 жолында қосылған құн салығының төлеушісі есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдісін қолданған жағдайда, салық

төлеушісі дербес анықтайтын, салық кезеңі үшін есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі, атап айтқанда:

Салық кодексінің 260-бабы 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес бір мезгілде қосылған құн салығы сомаларын есепке жатқызудың барабар және бөлек есептеу әдісін пайдаланған жағдайда Салық кодексінің 249-бабы 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған айналымдары болған кезде салық төлеушілер;

Салық кодексінің 262-бабы 2-тармағына сәйкес басқа алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған кезде кепілдікке берілген мүлікті (тауарларды) алуға және өткізуге байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке бойынша бөлек есептеу әдісті қолдану құқығын пайдаланатын банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микрокредиттік ұйымдар;

Салық кодексінің 262-бабы 3-тармағына сәйкес басқа алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған кезде мүлікті қаржы лизингіне беруге байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке алу бойынша бөлек әдісті қолдану құқығын пайдаланатын лизинг берушілер;

Салық кодексінің 262-бабы 5-тармағына сәйкес басқа алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызудың барабар әдісін қолданған кезде коммерциялық кредит бере отырып, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыру шеңберінде мүлікті сатып алумен және берумен байланысты айналымдар бойынша қосылған құн салығы сомаларын есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісін қолдану құқығын пайдаланатын ислам банктері;

Аталған жол 300.00.024 I, 300.00.024 II, 300.00.024 III жолдарынан тұрады;

21) 300.00.024 I жолында есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістерін қолданған кезде барабарлық әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

22) 300.00.024 II жолында есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістерін қолданған жағдайда бөлек есептеу әдісі бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

23) 300.00.024 III есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістері бойынша салық салынатын және салынбайтын айналымдар мақсатында пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

24) 300.00.025 жолында салық кезеңі үшін қосылған құн салығын рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Жол 300.00.025 I, 300.00.025 II,

300.00.025 III жолдарынан тұрады, қолданатын қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісіне байланысты жолдардың бірі толтырылады;

25) 300.00.025 I жолында есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісі қолданылған кезде қосылған құн салығын рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.00.023 жолының сомасы көшіріледі;

26) 300.00.025 II жолында 300.00.023 және 300.00.007 (300.00.023 x 300.00.007) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, есепке жатқызудың барабарлық әдісі қолданылған кезде қосылған құн салығының рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

27) 300.00.025 III жолында $((300.00.024I \times 300.00.09) + 300.00.024 III \times 300.00.007) + 300.00.024 II$) формуласы бойынша айқындалатын, бөлек есептеу және барабарлық әдістері қолданылған кезде қосылған құн салығының рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

28) 300.00.026 A жолында 300.00.020 A жолында көрсетілген импортталатын тауарларды қоспағанда қосылған құн салығы Енгізу туралы Заңның 49-бабы 74 және 49-1-бабының 19-абзацтарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлар құны көрсетіледі. Бұл жолға 300.04.001 A жолында көрсетілген сома көшіріледі;

29) 300.00.026 B жолында 300.00.020 B жолында көрсетілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығын қоспағанда салық Енгізу туралы Заңның 49-бабы 74 және 49-1-бабының 19-абзацтарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.04.001 B жолында көрсетілген сома көшіріледі.

17. "Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша есептер" деген бөлімде толтыру кезінде егер салық төлеуші 300.12 қосымшасын табыс еткен жағдайда осы бөлімде көзделген формулалардың қолданылмайтынын ескеру қажет. 300.00.027 I-ден 300.00.027 II аралығындағы тиісті жолдарға

300.12.025 I-ден және 300.12.025 II-ге дейінгі әрбір тиісті жолдардан сома көшіріледі.

"Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша есептер" деген бөлімде:

300.00.027 жолында есепті салық кезеңі үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі, 300.00.027 I және 300.00.027 II жолдарынан тұрады:

1) 300.00.027 I жолында салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс салық сомасы көрсетіледі. Аталған жол:

есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісі кезінде 300.00.012, 300.00.025 I және 300.00.026 B (300.00.012 – 300.00.025 I – 300.00.026 B) жолдарының айырмасы ретінде;

есепке жатқызудың барабарлық әдісі кезінде 300.00.012, 300.00.025 II және 300.00.026 B (300.00.012 – 300.00.025 II – 300.00.026 B) жолдарының айырмасы ретінде;

есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістерін қолданған кезде 300.00.012, 300.00.025 III және 300.00.026 B (300.00.012 – 300.00.025 III – 300.00.026 B) жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

2) 300.00.027 II жолында есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есепті салық кезеңі үшін есептелген салықтан асып кету сомасы көрсетіледі.

Аталған жол:

есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісі кезінде (300.00.025 I+300.00.026 B – 300.00.012) формуласы бойынша;

есепке жатқызудың барабарлық әдісі кезінде (300.00.025 II+300.00.026 B – 300.00.012) формуласы бойынша;

есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістерін қолданған кезде (300.00.025 III + 300.00.026 B – 300.00.012) формуласы бойынша айқындалады.

3) 300.00.028 жолында есепті салық кезеңі үшін қосылған құн салығының асып кетуін есептемей, алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген өспелі қорытындымен қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі. Бұл жолды ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Салық кодексінің 267-бабын пайдаланатын салық төлеушілер толтырады;

4) 300.00.029 жолында 300.00.028 жолы шегерілгеннен кейін бюджетке төленуі тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жолды егер 300.00.027 I жолының сомасы 300.00.028 жолының сомасынан асып кеткен шартта ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Салық кодексінің 267-бабын пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Жолдың сомасы (300.00.027 I – 300.00.028) формуласы бойынша айқындалады. Егер 300.00.028 жолы нөлдік мәнге тең болса, онда бұл жолға 300.00.027 I жолының сомасы көрсетіледі. 300.00.029 жолы 300.00.029 I жолын қосады;

5) 300.00.029 I жолында Салық кодексінің 267-бабында көзделген 70%-ға азайтыла отырып бюджетке төлеуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. 300.00.029 жолы мен 30 пайыздың туындысы (300.00.029 I x 30%) ретінде айқындалады;

6) 300.00.030 жолында егер 300.00.028 жолы нөлдік емес мәнге тең және 300.00.027 I жолының сомасы 300.00.028 жолының сомасынан асып түскен жағдайда салық төлеушінің дербес шотында қосылған құн салығын азайту сомасы көрсетіледі. Бұл жолды ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді

жүзеге асыратын және Салық кодексінің 267-бабын пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Жолдың сомасы 300.00.029 және 300.00.029 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады.

7) 300.00.031 жолында шегерілгеннен кейін кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі. Бұл жолды ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Салық кодексінің 267-бабын пайдаланатын салық төлеушілер толтырады. Жол:

егер 300.00.027 I және 300.00.028 жолдары нөлдік емес мәнде толтырылған және 300.00.028 жолының сомасы 300.00.027 I жолының сомасынан асып кеткен жағдайда 300.00.028 және 300.00.027 I жолдарының айырмасы (300.00.028 - 300.00.027 I) ретінде;

егер 300.00.027 II және 300.00.028 жолдары нөлдік емес мәнде толтырылса, 300.00.028 және 300.00.027 II жолдарының сомасы (300.00.028 + 300.00.027 II) ретінде айқындалады. Егер 300.00.027 II жолы нөлдік мәнге тең болса, онда 300.00.031 жолының сомасы 300.00.028 жолының сомасы болып табылады немесе егер 300.00.028 жолы нөлдік мәнге тең болса, онда 300.00.031 жолының сомасы 300.00.027 II жолының сомасы болып табылады.

Бұл жол егер 300.00.027 I жолының сомасы 300.00.028 жолының сомасынан асып кеткен жағдайда толтырылмайды.

8) 300.00.032 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Жолды Енгізу туралы Заңның 25-бабы 2-тармағында және Салық кодексінің 272-бабы 3-тармағында көзделген шарттарды орындаған қосылған құн салығын төлеушілер толтырмайды.

18. "ҚҚС асып кетуін қайтару туралы талап" деген бөлімде:

1) 300.00.033 жолында Енгізу туралы Заңның 12-бабына және Салық кодексінің 272-бабына сәйкес есепке жатқызылатын қосылған құн салығының есептелген салық сомасынан асып кетуін қайтару туралы талап көрсетіледі. Бұл жол егер "Қосылған құн салығын төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 5 жолында "қосымша", "хабарлама бойынша қосымша" декларация түрі белгіленген жағдайда, сондай-ақ егер салық төлеуші Салық кодексінің 273-бабы 5-тармағында көрсетілген санаттардың біріне жатқызылған жағдайда толтырылмайды;

2) 300.00.033 I жолындағы торкөз егер салық төлеуші Салық кодексінің 274-бабына сәйкес ҚҚС асып кетуін қайтарудан бас тартқан жағдайда белгіленеді;

3) 300.00.033 II жолында қосылған құн салығын төлеуші осы қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талапты беретін салық кезеңі көрсетіледі. Егер 300.00.033 жолы толтырылған болса, онда аталған жол міндетті түрде толтырылуға жатады.

19. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны дара кәсіпкер табыс етсе, оның дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

2) декларацияның тапсырылған күні көрсетіледі.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын сату бойынша айналым – 300.01-нысанын жасау

20. Аталған нысан нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын айналымдар туралы, сондай-ақ нөлдік ставка бойынша айналымдар мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомалары туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.01-қосымшасы егер 300.00-нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі "Табыс етілген қосымшалар" 12 "Табыс етілген қосымшалар" жолында "01" торкөзі белгіленген болса, толтырылады.

21. "Нөлдік ставка бойынша салық салынатын өткізу бойынша айналым" бөлімінде Салық кодексінің 31 және 37-1-тарауларына сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар көрсетіледі.

Бұл бөлімде:

1) 300.01.001 жолында тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі. Аталған жол 300.01.001 I, 300.01.001 II және 300.01.001 III жолдарын қамтиды;

2) 300.01.001 I жолында тауарларды кеден одағының мүшесі болып табылмайтын мемлекетке экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

3) 300.01.001 II жолында тауарларды Ресей Федерациясына экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

3-1) 300.01.001 III жолында тауарларды Беларусь Республикасына экспортқа өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

4) 300.01.002 жолында халықаралық тасымалдау бойынша қызметтерді өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

5) 300.01.003 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын басқа өткізулер көрсетіледі;

6) 300.01.004 жолында 300.01.001 жолдан бастап 300.01.004 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын қорытынды өткізу бойынша айналым көрсетіледі.

22. "Есепке жатқызылатын және нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар мақсатында пайдаланылған ҚҚС сомасы" деген бөлімде Енгізу туралы Заңның 25-бабы 2-тармағында және Салық кодексінің 272-бабы 3-тармағында көзделген шарттар орындалатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырмайды.

Осы бөлімде:

1) 300.01.005 жолында тауарларды экспортқа өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

2) 300.01.006 жолында халықаралық тасымалдау бойынша қызметтерді өткізу бойынша айналым мақсатында пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

3) 300.01.007 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын басқа да өткізулер көрсетіледі;

4) 300.01.008 жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мақсаттары үшін пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының жиынтық сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.01.005 жолдан бастап 300.01.007 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

300.01.004 жолының сомасы 300.00.002 жолына көшіріледі.

300.01.008 жолының сомасы 300.00.032 жолына көшіріледі.

4. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу және олардың импорты бойынша айналымдар және – 300.02-нысанын жасау

23. Бұл нысан Салық кодексінің 33-тарауына және 276-15-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу және олардың импорты бойынша айналымдарды егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.02-қосымшасы 300.00-нысанының "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 12 "Табыс етілген қосымшалар" жолында "02" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

24. "ҚҚС босатылған өткізу бойынша айналымдар" деген бөлімде:

1) 300.02.001 жолында Салық кодексінің 248-254-баптарына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған және енгізу туралы Заңның 49-бабының нормаларына сәйкес келетін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдар сомасы көрсетіледі;

2) 300.02.002 жолында осындай босатуды көздейтін халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналым көрсетіледі;

3) 300.02.003 жолында Салық кодексінің 250-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын қаржылық операциялар көрсетіледі;

4) 300.02.004 жолында Салық кодексі 276-15-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды қалпына келтіруді, құрамдас бөліктерін алмастыруды қоса алғанда, оны жөндеу жөніндегі қызметтерді өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі;

5) 300.02.005 жолында Қазақстан Республикасының лизинг алушы салық төлеушісі лизинг шарты бойынша кеден одағына мүше басқа мемлекеттің лизинг берушісіне төлейтін сыйақысы бойынша айналымдар көрсетіледі;

6) 300.02.006 жолында 300.02.001 жолдан бастап 300.02.005 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату бойынша айналымдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

25. "ҚҚС босатылған импорт" деген бөлімде:

1) 300.02.007 жолында Салық кодексінің 255-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импорт көрсетіледі. Аталған жол 300.02.007 I, 300.02.007 II, 300.02.007 III, 300.02.007 IV, 300.02.007 V жолдарын қамтиды;

2) 300.02.007 I жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте гуманитарлық көмек ретінде әкелінетін акцизделетін тауарларды қоспағанда, тауарлардың сомасы көрсетіледі;

3) 300.02.007 II жолында техникалық көмек көрсетуді қоса алғанда, мемлекет, мемлекеттердің үкіметтері, халықаралық ұйымдар желілері бойынша қайырымдылық көмек мақсатында әкелінетін, акцизделетіндерді қоспағанда, тауарлардың сомасы көрсетіледі;

4) 300.02.007 III жолында салық төлеуден босатуды белгілейтін кеден рәсімдерінде Қазақстан Республикасының және (немесе) кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын тауарлардың сомасы көрсетіледі;

5) 300.02.007 IV жолында кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілерілік субстанцияларды; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдар; кез келген нысандағы дәрілік заттарды шығаруға арналған материалдар, жабдықтар және жинақтаушы материалдар, оның ішінде субстанция-дәрілер, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдардың сомасы көрсетіледі;

6) 300.02.007 V жолында Салық кодексінің 255-бабына және (немесе) халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған өзге де импорт сомасы көрсетіледі;

7) 300.02.008 жолында қызметін 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған концессиялық келісімшарттың шеңберінде жүзеге асыратын заңды тұлға, оның мердігерлері әкелген тауарлардың импорты көрсетіледі;

8) 300.02.009 жолында Салық кодексінің 276-15-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес шартта (келісімшартта) көзделген кепілдендірілген қызмет көрсету шеңберінде импортталатын тауарларды кіргізу көрсетіледі;

9) 300.02.010 жолында Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағына сәйкес салық режимінің тұрақтылығы көзделген жер қойнауын пайдалануға арналған келісім (келісімшарт) шеңберінде тауарларды импорты көрсетіледі;

10) 300.02.011 жолында 300.02.007-ден бастап 300.02.010 дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын ҚҚС босатылған қорытынды импорт сомасы көрсетіледі.

300.02.006 жолының сомасы 300.00.005 жолына көшіріледі.

300.02.0011 жолының сомасы 300.00.017 жолына көшіріледі.

5. Қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты – 300.03-нысанын жасау

26. Бұл нысан тауарлар импорты жүзеге асырылған және Енгізу туралы Заңның 49-бабы 28-50-абзацтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген салық кезеңі үшін декларация жасау кезінде де, кейінгі салық кезеңдері үшін декларация жасау кезінде де қосылған құн салығы бойынша берешекті толық өтегенге дейін толтырылады.

300.03-қосымшасы егер 300.00-нысанының "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 12 "Табыс етілген қосымшалар" жолында "03" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

27. "ҚҚС төлеу мерзімі өзгертілген тауарлар импорты" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында импорт түрінің коды көрсетіледі:

1 – өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тауарлар импорты;

2 – су, газ, электр қуаты импорты;

3) С бағанында тауарларға арналған декларацияның анықтамалық нөмірі және күні көрсетіледі. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлар импорты кезінде осы бағанда салық төлеушіге берілетін 328.00 нысанының Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің нөмірі және күні көрсетіледі;

4) D бағанында тауарларға арналған декларацияға сәйкес қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан тауарлар импорты кезінде осы бағанда 328.00-нысанының Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішке сәйкес қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) E бағанында салықты өтеу үшін мерзім (өзгертілген) көрсетіледі. Кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарлар бойынша Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту Салық кодексінің 276-6-бабы 2-тармағына сәйкес осындай тауарларды есепке алған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

6) F бағанында төлеу мерзімі өзгертілген салықтың сомасы бойынша берешекті өтеу есебіне Енгізу туралы Заңның 49-бабы 47-абзацына сәйкес есепті салық кезеңінде есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Көрсетілген салықтың сомасы есепті салық кезеңі үшін жасалған 300.00 нысанының 300.00.011 және 300.00.012 жолдарында көрсетілген сомалар мен 300.00.013 жолында көрсетілген сомалардың айырмасы ретінде анықталады, яғни $300.00.013 - (300.00.011 + 300.00.012)$;

7) G бағанында алдыңғы салық кезеңдерінде Енгізу туралы Заңның 49-бабы 47-абзацына сәйкес өтелген, қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған бағанға С бағанында көрсетілген тауарларға арналған декларацияның анықтамалық нөміріне сәйкес және (немесе) 328.00-нысанның Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш нөміріне сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін F бағанының тиісті жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

8) H бағанында D бағанының тиісті жолдарының F және G бағандары жолдарының сомасынан айырмасы ретінде (D–F+G) айқындалатын үш айлық мерзімнің ішінде өткізілген тауарлар бойынша бюджетпен өзара есеп айырысумен өтелмеген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

9) I бағанында бюджет сынытамасының тиісті коды көрсетіледі;

10) J бағанында импортталатын тауарлар бойынша есепті салық кезеңінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

11) K бағанында импортталатын тауарлар бойынша алдыңғы салық кезеңдерінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған бағанға С бағанында көрсетілген тауарларға арналған декларацияның анықтамалық нөміріне сәйкес және (немесе) Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш нөміріне сәйкес алдыңғы салық кезеңі үшін J бағанының тиісті жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

12) L бағанында бюджетке төленуге жататын салық бойынша берешек сомасы көрсетіледі. Аталған сома D бағанының тиісті жолдарының F, G, J және K бағандары жолдарына айырмасы ретінде айқындалады;

13) 0000001 жиынтық жолында өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған үшін тауарлар импорты бойынша жиынтық сомалар көрсетіледі;

14) 0000002 жиынтық жолында су, газ, электр қуаты импорты бойынша жиынтық сомалар көрсетіледі.

J бағаны 0000001, 0000002 жолдарының жиынтық сомасы 300.00.019 жолына көшіріледі.

6. Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты – 300.04-нысанын жасау

28. Аталған нысан кедендік ресімдеу кезінде қосылған құн салығы Енгізу туралы Заңның 49-бабы 52-77-абзацтарында және 49-1-бабында көзделген есепке жатқызу әдісімен төленетін салық кезеңінің ішінде жүзеге асырылған тауарлар импорты (оның ішінде кеден одағына мүше мемлекеттерден) бойынша ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.04-қосымшасы егер 300.00-нысанының "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 12 "Табыс етілген қосымшалар" жолында "04" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

29. "Есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты бойынша ҚҚС есептеу" деген бөлімде:

1) 300.04.001 А жолында қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін салық салынатын импорттың сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.04.001 I А, 300.04.001 II А, 300.04.001 III А, 300.04.001 IV А, 300.04.001 V А, 300.04.001 VI А, 300.04.001 VII А, 300.04.001 VIII А, 300.04.001 IX А жолдарын қамтиды;

2) 300.04.001 I А жолында импортталған жабдықтың сомасы көрсетіледі;

3) 300.04.001 II А жолында импортталған ауыл шаруашылығы техникасының сомасы көрсетіледі;

4) 300.04.001 III А жолында импортталған автомобиль көлігінің ауыр жүк таситын жылжымалы құрамының сомасы көрсетіледі;

5) 300.04.001 IV А жолында импортталған ұшақтар мен тікұшақтардың сомасы көрсетіледі;

6) 300.04.001 V А жолында импортталған теміржол локомативтері мен вагондардың сомасы көрсетіледі;

7) 300.04.001 VI А жолында импортталған теңіз кемелерінің сомасы көрсетіледі;

8) 300.04.001 VII А жолында импортталған қосалқы бөлшектердің сомасы көрсетіледі;

9) 300.04.001 VIII А жолында импортталған пестицидтердің (улы химикаттардың) сомасы көрсетіледі;

10) 300.04.001 IX А жолында импортталған асыл тұқымды жануарлар барлық түрі және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтың сомасы көрсетіледі;

11) 300.04.001 В жолында есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар импорты бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.04.001 I В, 300.04.001 II В, 300.04.001 III В, 300.04.001 IV В, 300.04.001 V В, 300.04.001 VI В, 300.04.001 VII В, 300.04.001 VIII В, 300.04.001 IX В жолдарын қамтиды;

12) 300.04.001 I В жолында импортталған жабдық бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

13) 300.04.001 II В жолында импортталған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

14) 300.04.001 III В жолында автомобиль көлігінің ауыр жүк таситын жылжымалы құрамы бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

15) 300.04.001 IV В жолында импортталған ұшақтар және тік ұшақтар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

16) 300.04.001 V В жолында импортталған теміржол локомотивтері мен вагондары бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

17) 300.04.001 VI В жолында импортталған теңіз кемелері бойынша қосылған құн салығының сомасы бойынша көрсетіледі;

18) 300.04.001 VII В жолында импортталған қосалқы бөлшектер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

19) 300.04.001 VIII В жолында импортталған (улы химикаттарға) пестицидтер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

20) 300.04.001 IX В жолында импортталған барлық асыл тұқымды жануарлардың барлық түрі және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

300.04.001 А жолының сомасы 300.00.026 А жолына көшіріледі.

300.04.001 В жолының сомасы 300.00.012 және 300.00.026 В жолдарына көшіріледі.

7. Резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер – 300.05-нысанын жасау

30. Бұл нысан Салық кодексінің 241-бабына сәйкес резидент емес үшін төлеуге жататын және төленген қосылған құн салығының сомалары туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.05-қосымшасы 300.0-нысанының "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 12 "Табыс етілген қосымшалар" жолында "05" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

31. "Есепті салық кезеңінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша" деген бөлімде:

1) 300.05.001 жолында резидент еместен сатып алынған жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналым көрсетіледі. Салық салынатын айналымның мөлшері Салық кодексінің 241-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады;

2) 300.05.002 жолында қосылған құн салығының 300.05.001 жолында көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төленуге жататын сомасы көрсетіледі. Аталған жол 300.05.001 жолы толтырылған жағдайда міндетті түрде толтырылуға жатады;

3) 300.05.003 жолында 300.05.001 жолында көрсетілген айналым бойынша бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолға Енгізу туралы Заңның 31-бабына сәйкес резидент емес үшін төленуге

жататын қосылған құн салығы бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылған бюджетке артық төленген салықтың сомасы да енгізіледі;

32. "Алдыңғы салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызметтер бойынша" бөлімінде резидент емес үшін қосылған құн салығының сомасын төлеу есепті салық кезеңінде бір бөлігі немесе толық жүргізілген алдыңғы салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар, қызметтер бойынша мәліметтер көрсетіледі:

1) 300.05.004 жолында алдыңғы салық кезеңдерінде резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызметтер бойынша салық салынатын айналым көрсетіледі. Аталған жол егер бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығы белгіленген мерзімде төленбеген (немесе ішінара төленген) жағдайда толтырылады;

2) 300.05.005 жолында 300.05.004 жолында көрсетілген айналым бойынша резидент емес үшін төленуге тиіс қосылған құн салығын, резидент еместе жататын төлеудің сомасы көрсетіледі;

3) 300.05.006 жолында 300.05.004 жолында көрсетілген айналым бойынша салық кезеңінің ішінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Аталған жолға Енгізу туралы Заңның 31-бабына сәйкес резидент емес үшін төленуге жататын қосылған құн салығы бойынша бересіні өтеу есебіне есепке жатқызылған бюджетке артық төленген салықтың сомасы да енгізіледі;

4) 300.05.007 жолында 300.05.003 және 300.05.006 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын резидент еместен сатып алынған жұмыстар мен қызметтер бойынша салық кезеңінде бюджетке нақты төленген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

300.05.001 жолының сомасы 300.00.014 А жолына көшіріледі.

300.05.007 жолының сомасы 300.00.014 В жолына көшіріледі.

8. Салық салынатын және босатылған айналым мөлшерін және есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету – 300.06-нысанын жасау

33. Аталған нысан есепті салық кезеңінде жүргізілген салық салынатын және босатылған айналым мөлшерін және қосылған құн салығының сомасын түзетуді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған. Салық салынатын және босатылатын айналымдар мөлшерін және қосылған құн салығының сомасын түзету Салық кодексінің 239 және 240-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте

жүргізіледі. Сондай-ақ бұл нысанда Салық кодексінің 258 және 259-баптарына сәйкес жүргізілген есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету бойынша мәліметтер көрсетіледі.

300.06 қосымшасы егер 300.00-нысанының "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөліміндегі 12 "Табыс етілген қосымшалар" жолында "06" торкөзі белгіленген жағдайда толтырылады.

Осы нысан жолдарының мәндері теріс және (немесе) оң болуы мүмкін. Босатылған айналым мөлшері түзетілген және нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мөлшері түзетілген жағдайда "Салық салынатын және босатылатын айналым мөлшерін түзету" бөліміндегі "ҚҚС түзету сомасы" "В" бағаны толтырылмайды.

Егер салық салынатын айналым мөлшерін түзетуді жүзеге асыру жағдайларын растайтын басқа да құжатта қосылған құн салығының сомасы көрсетілмеген жағдайда, онда бұл сома салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасына салық ставкасын қолдану жолымен анықталады.

34. "Салық салынатын және босатылатын айналым мөлшерін түзету" деген бөлімде 300.06.001 А бастап 300.06.008 А дейінгі жолдар салық салынатын айналым мөлшерін түзету кезінде де, босатылған айналым мөлшері түзетілген де толтырылады.

"Салық салынатын және босатылатын айналым мөлшерін түзету" деген бөлімде:

1) 300.06.001 А жолында тауардың бір бөлігін немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

2) 300.06.001 В жолында тауарлардың бір бөлігін немесе толық қайтарумен байланысты салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің сомасы көрсетіледі;

3) 300.06.002 А жолында мәміленің шарттары өзгертілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша салық салынатын айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

4) 300.06.002 В жолында мәміленің шарттары өзгертілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;

5) 300.06.003 А жолында өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның өзгеруіне, өтемақыға байланысты жүргізілген айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

6) 300.06.003 В жолында өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның өзгеруіне, өтемақыға байланысты жүргізілген салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;

- 7) 300.06.004 А жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты салық салынатын айналымды түзету сомасы көрсетіледі;
- 8) 300.06.004 В жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;
- 9) 300.06.005 А жолында теңгемен төленген кезде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін құн айырмашылығы алынған кезде айналымды түзету сомасы көрсетіледі;
- 10) 300.06.005 В жолында теңгемен төленген кезде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін құн айырмашылығы алынған кезде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;
- 11) 300.06.006 А жолында ыдысты қайтару кезінде айналымды түзету сомасы көрсетіледі;
- 12) 300.06.006 В жолында ыдысты қайтару кезінде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;
- 13) 300.06.007 А жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде айналымды түзету сомасы көрсетіледі;
- 14) 300.06.007 В жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;
- 15) 300.06.008 А жолында күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу құнына салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту кезінде айналымды түзету сомасы көрсетіледі;
- 16) 300.06.008 В жолында күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу құнына салық салынатын айналымның мөлшерін ұлғайту кезінде салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі;
- 17) 300.06.009 А жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасын қоспағанда, салық салынатын айналым мөлшерін түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі және нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды қоспағанда, салық салынатын айналымдар бойынша 300.06.001 А бастап 300.06.008 А дейінгі жолдардан сомаларды қосу жолымен айқындалады;
- 18) 300.06.009 В жолында салық салынатын айналымдар бойынша 300.06.001 В бастап 300.06.008 В дейінгі жолдардан сомаларды қосу жолымен айқындалатын салық салынатын айналым бойынша қосылған құн салығын түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі;
- 19) 300.06.010 А жолында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша 300.06.001 А бастап 300.06.008 А дейінгі жолдардан сомаларды қосу жолымен анықталатын нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мөлшерін түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі;

20) 300.06.011 А жолында босатылған айналымдар бойынша 300.06.001 А бастап 300.06.008 А дейінгі жолдардан сомаларды қосу жолымен анықталатын босатылған айналым мөлшерін түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі

35. "Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасын түзету" деген бөлімде:

1) 300.06.012 А жолында алдыңғы салық кезеңдерінде қосылған құн салығы есепке жатқызылған және есепті салық кезеңінде салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымның түзету сомасы көрсетіледі;

2) 300.06.013 А жолында жоғалған немесе бүлінген жағдайда тауарлар бойынша айналымды түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні тек қана теріс болады;

3) 300.06.014 А жолында нормадан тыс шығындар бойынша айналымды түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері болып табылатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады;

4) 300.06.015 А жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген мүлік бойынша айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

5) 300.06.016 А жолында жеткізушіге бір бөлігі немесе толық қайтарылған тауарлар бойынша айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

6) 300.06.017 А жолында мәміленің шарттары өзгерген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

7) 300.06.018 А жолында сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты жүргізілетін айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

8) 300.06.019 А жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

9) 300.06.020 А жолында теңгеде төленген өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер құнындағы айырмашылық алынуына байланысты айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

10) 300.06.021 А жолында ыдыста қайтару кезінде айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

11) 300.06.022 А жолында күмәнді міндеттемелер, міндеттемелерді есептен шығару бойынша айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

12) 300.06.023 А жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде қосылған құн салығы бойынша бұрын есепке жатқызуды түзету жүргізілген күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу жүзеге асырылған кезде айналымды түзету сомасы көрсетіледі;

13) 300.06.024 А жолында 300.06.012 А бастап 300.06.023 А аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалатын сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымды түзетудің жиынтық сомасы көрсетіледі;

14) 300.06.012 В жолында алдыңғы салық кезеңдерінде қосылған құн салығы есепке жатқызылған және есепті салық кезеңінде салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзету сомасы көрсетіледі.

Тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша есепке жатқызуды түзету мынадай жолмен жүргізіледі:

салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған негізгі құралдар бойынша түзетуге жататын қосылған құн салығының сомасы теңгерімдік құны бойынша, яғни амортизациялық аударымдарды шегерумен, қайта бағалау есепке алмай, негізгі құралды сатып алу сәтінде қолданыста болған қосылған құн салығының ставкасын қолдану жолымен айқындалады;

бір бөлігі салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған тауарлық материалдық қорлар бойынша бұрын есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасын түзету салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған тауарлар бойынша есепке жатқызылған салық сомасының бөлігінде жүргізіледі;

жұмыстарды, қызметтерді салық салынатын айналым мақсатында пайдаланбаған кезде түзету бұрын салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылмаған жұмыстар, қызметтер бойынша жүргізіледі;

15) 300.06.013 В жолында жоғалған немесе бүлінген жағдайда тауарлар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі. Аталған жолдың мәні тек қана теріс болуы тиіс;

16) 300.06.014 В жолында нормадан тыс шығындар бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзету сомасы көрсетіледі. Аталған жолды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополия субъектілері болып табылатын қосылған құн салығының төлеушілері толтырады;

17) 300.06.015 В жарғылық капиталға жарна ретінде берілген мүлік бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

18) 300.06.016 В жолында жеткізушіге бір бөлігі және толық қайтарылған тауарлар бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

19) 300.06.017 В жолында мәміленің шарттары өзгерген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

20) 300.06.018 В жолында сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін бағаның, өтемақының өзгеруіне байланысты жүргізілетін қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

21) 300.06.019 В жолында баға жеңілдігіне, сатулардан жеңілдікке байланысты қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

22) 300.06.020 В жолында теңгеде төленген өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер құнындағы айырмашылық алынуына байланысты қосылған құн салығын есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

23) 300.06.021 В жолында ыдыста қайтару кезіндегі қосымша құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

24) 300.06.022 В жолында күмәнді міндеттемелер, міндеттемелерді есептен шығару бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

25) 300.06.023 В жолында күмәнді міндеттемелерді тану кезінде қосылған құн салығы бойынша бұрын есепке жатқызуды түзету жүргізілген күмәнді міндеттемелер бойынша төлеу жүзеге асырылған кезде қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі;

26) 300.06.024 В жолында 300.06.012 В бастап 300.06.023 В аралығындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалатын қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызуды түзетудің сомасы көрсетіледі.

300.06.009 А жолының сомасы 300.00.003 А жолына көшіріледі.

300.06.009 В жолының сомасы 300.00.003 В жолына көшіріледі.

300.06.010 А жолының сомасы 300.00.002 А жолында есепке алынады.

300.06.011 А жолының сомасы 300.00.005 А жолында есепке алынады.

300.06.024 В жолының сомасы 300.00.022 жолына көшіріледі.

9. Есепті салық кезеңі ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі – 300.07-нысанын жасау

36. Аталған нысан өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша жазылған шот-фактуралар туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған. Есепті салық кезеңі үшін өткізу бойынша айналымдар болған кезде бұл қосымша міндетті түрде ұсынуға және толтыруға жатады.

37. Осы нысанда өткізу бойынша айналымды жүзеге асыру күні есепті салық кезеңіне тұс келетін шот-фактуралар көрсетіледі.

Есепті кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) жазып берілген, соның ішінде

комиссионерлер, комитенттер, сенім білдірушілер, сенім білдірілгендер, Салық кодексінің 233-бабы 2-тармағында белгіленген жағдайларда экспедиторлар, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар жазып берілген шот-фактуралар бойынша табыс етіледі.

38. Тізілімде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырмайтын, оның ішінде филиал немесе өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместердің атына жазылған, сондай-ақ дара кәсіпкерлерді қоспағанда жеке тұлғаларға жазылған шот-фактуралар көрсетілмейді.

39. "Өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша ҚҚС сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында өнім берушінің мәртебесі кириллицаның бас әріптерімен көрсетіледі. Аталған баған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бірлескен қызмет туралы келісімшарты шеңберінде, комиссия, тапсырма, көлік экспедициялары, қаржы лизингі шарттары бойынша өткізілген жағдайда толтырылады. Егер өнім беруші комитент болса, онда "К" мәртебесі көрсетіледі; комиссионер – "М" мәртебесі көрсетіледі; сенім білдіруші – "Д" мәртебесі көрсетіледі; сенім білдірілген – "П" мәртебесі көрсетіледі; экспедитор – "Э" мәртебесі көрсетіледі; лизинг беруші – "Л" мәртебесі көрсетіледі. Егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізуді бірлескен қызмет туралы шарттары шеңберінде өнім беруші – бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы(лар) жүзеге асырса, онда бұл бағанда "С" мәртебесі көрсетіледі;

3) С бағанында шот-фактурада көрсетілген сатып алушының салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында сатып алушының жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

5) E бағанында шот-фактурада көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс араб цифрларымен шот-фактураның нөмірі көрсетіледі.

Есепті кезең ішінде өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі электронды түрде берілген кезде шот-фактура нөмірлерін көрсетуге арналған торкөздер саны шектелмейді;

6) F бағанында салық салынатын немесе босатылған айналымды түзету кезінде шот-фактураның немесе Салық кодексінің 265-бабына сәйкес жазып берілген қосымша шот-фактураның жазып берілген күні көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеуші бойынша қызмет түрінің белгісі көрсетіледі. Бұл ретте бұл бағанда егер шот-фактура тек салық салуы жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызметті жүзеге асыру мақсатында жазып берілсе, "1" белгіленеді; егер шот-фактура тек салық салуы

Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызметті жүзеге асыру мақсатында жазып берілсе, "2" белгіленеді;

8) Н бағанында қосылған құн салығын есепке алмағандағы шот-фактурада көрсетілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер құнының барлығы көрсетіледі;

Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушыға шот-фактураларды Салық кодексінің 264-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, жазып беретін салық төлеушілер бұл бағанда көлік экспедициясы шарты шеңберінде тасымалдаушылар және (немесе) өнім берушілер орындаған және көрсеткен жұмыстар мен қызметтердің құнын есепке ала отырып, шот-фактурада көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша (салық салынатын және (немесе) салық салынбайтын) айналымдардың жалпы сомасын көрсетеді.

Шот-фактураларды Салық кодексінің 263-бабы 18-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алушыға жазып беретін комиссиянерлер комиссиянерлер сатып алушыға өткізетін тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің құны негізінде комиссиянер жазып берген шот-фактурада көрсетілген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша (салық салынатын және (немесе) салық салынбайтын) айналымдардың жалпы сомасын көрсетеді.

Өзі беретін лизинг нысанасына шот-фактура жазып беретін лизинг берушілер бұл бағанда сыйақы және қосылған құн салығы сомалары енгізілместен, қаржы лизингінің шартына сәйкес барлық лизинг төлемдерінің жалпы сомасы негізінде шот-фактурада көрсетілген (салық салынатын немесе салық) айналым мөлшерін көрсетеді.

Н бағанының жиынтық шамасы 300.07-нысанының бірінші бетіндегі 00000001 жолында ғана көрсетіледі және барлық беттердің осы бағанында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен айқындалады;

9) І бағанында шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. І бағанының жиынтық шамасы 300.07-нысанының бірінші бетіндегі 00000001 жолында ғана көрсетіледі және барлық беттердің осы бағанында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен айқындалады;

10) J бағанында есепті салық кезеңі үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде бұл бағанда Салық кодексінің 238-бабы 10-тармағына сәйкес анықталған салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 263-бабы 11-тармағына сәйкес мерзімді баспа басылымдарын өткізу кезінде жазып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанда Салық кодексінің 238-бабы 16-тармағына сәйкес айқындалған салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 235-бабының 1-тармағына сәйкес бірлескен қызмет туралы шарттың шеңберінде жазып берілген шот-фактура бойынша осы бағанда бірлескен қызмет туралы шарттың осы қатысушысына келетін қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 235-бабының 3-тармағына сәйкес жазып берілген шот-фактура бойынша бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысына (қатысушыларына) өткізу жүзеге асырылған кезде бұл бағанда бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысына келетін қосылған құн салығының есептелген сомасы көрсетіледі. Бұл ретте бір шот-фактура Тізілімде бірлескен қызмет туралы шарт қатысушыларының санына қарай бірнеше жолда көрсетілуі мүмкін.

J бағаны егер тиісті жолда I бағаны толтырылған жағдайда міндетті түрде толтыруға жатады. J бағанының жиынтық шамасы тек 300.07 нысанының бірінші бетінде 00000001 жолында көрсетіледі және барлық беттің осы бағанында көрсетілген барлық сомаларды қосу жолымен айқындалады.

40. Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу мыналар ескеріле отырып жүргізіледі:

1) 300.00-нысанының ҚҚС бойынша декларацияның негізгі нысанында Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағында көзделген салық есептілігінің түріне жатқызылуын есепке ала отырып, "қосымша" немесе "хабарлама бойынша қосымша" торкөздерінде белгі қою міндетті;

2) Тізілімнің "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі (болған кезде) және өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін салық кезеңі көрсетіледі;

3) Тізілімнің "Өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша ҚҚС сомасы" бөлімінің В, С, D, E, F, G, H, I, J бағандарында қателік табылса, онда алдында көрсетілген қате шот-фактураның Тізілімнен жоюлуы жүзеге асырылады. Қате шот-фактураны жою үшін қосымша Тізілімде өзгерістер енгізу кезеңіндегі алдында табыс етілген Тізілімнің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетіледі, В, С, D, E, F, G бағандарында алдында көрсетілген деректер көрсетіледі, ал H, I, J бағандарындағы алдында көрсетілген сомалар алу белгісімен көрсетіледі. Одан кейін жаңа жолдан деректері мен сомалары дұрыс шот-фактуралар енгізіледі;

4) Салық кезеңіндегі Тізілімді жаңа жолдармен толықтырған жағдайда өзгертулер енгізу кезеңіндегі алдында табыс етілген Тізілімнің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетіледі.

41. Қағидалардың 41-тармағы 3) және 4) тармақшаларын қолданған кезде егер кезекті декларациядан кейін қосымша декларация бірінші рет табыс етілсе, онда Тізілімді толықтыру немесе Тізілімнің жолдарын жою кезінде кезекті декларация Тізілімінің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетілетінін ескерген жөн.

Егер алдында қосымша декларациялар табыс етілген кезекті декларацияға қосымша декларация табыс етілсе, онда Тізілімді толықтыру немесе Тізілімнің жолдарын жою кезінде соңғы қосымша декларацияға табыс етілген Тізілімінің соңғы нөмірінен кейінгі нөмір көрсетіледі.

10. Есепті салық кезеңі ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар (мемлекеттік материалдық резерв резервінен тауарларды шығаруға арналған құжаттар) тізілімі – 300.08-нысанын жасау

42. 300.08-нысаны Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар (мемлекеттік материалдық резерв қорынан тауарларды шығаруға құжаттар) туралы мәліметтерді көрсетуге арналған. Есепті салық кезеңі ішінде тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алынған жағдайда осы қосымша міндетті түрде табыс етуге және толтыруға жатады.

Есепті кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) де комиссиянерлер, комитенттер, сенім білдірушілер, сенім білдірілгендер, экспедиторлар, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылар табыс етеді.

Тізілімде Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырмайтын, оның ішінде филиал немесе өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместерден сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша шот-фактуралар көрсетілмейді.

43. "Сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша ҚҚС сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында тауарлар, жұмыстар, қызметтер комиссия, көлік экспедициялары, қаржы лизингі шарттары бойынша, бірлескен қызмет туралы шарттардың шеңберінде сатып алынған жағдайда өнім берушінің мәртебесі кириллицаның бас әріптерімен көрсетіледі.

Егер шот-фактура бойынша өнім беруші комитент болса, онда "К" мәртебесі көрсетіледі; экспедитор – "Э" мәртебесі көрсетіледі; лизинг беруші – "Л" мәртебесі көрсетіледі. Егер тауарлар, жұмыстар, қызметтер өнім беруші – бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушыдан сатып алынған жағдайда, онда бұл бағанда "С" белгісі көрсетіледі;

3) С бағанында шот-фактурада (құжатта) көрсетілген өнім беруші салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) D бағанында өнім берушінің сәйкестендіру жеке сәйкестендіру (бизнес сәйкестендіру) нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

5) E бағанында шот-фактурада көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс араб цифрларымен шот-фактураның нөмірі көрсетіледі немесе мемлекеттік материалдық резерв қорынан тауарларды шығаруға құжат нөмірі көрсетіледі.

Есепті кезең ішінде сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралар тізілімі электронды түрде берілген кезде шот-фактура нөмірін көрсетуге арналған торкөздер саны шектелмейді;

6) F бағанында шот-фактураның (құжаттың) жазып берілген күні көрсетіледі;

7) G бағанында Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеуші бойынша қызмет түрінің белгісі көрсетіледі. Бұл ретте бұл бағанда егер шот-фактура тек салық салуы жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызметті жүзеге асыру мақсатында жазып берілсе, "1" белгіленеді; егер шот-фактура тек салық салуы Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызметті жүзеге асыру мақсатында жазып берілсе, "2" белгіленеді; егер шот-фактура бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу салық салуы жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын қызмет пен салық салуы Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес арнаулы салық режимі шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет арасында бөлінетін болса, "3" белгіленеді;

8) H бағанында қосылған құн салығын есепке алынбай шот-фактурада көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы құны көрсетіледі. H бағанының жиынтық шамасы 300.08 нысанының бірінші бетінде 00000001 жолында ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады;

9) I бағанында шот-фактурада (құжатта) көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. I бағанының жиынтық шамасы 300.08 нысанының бірінші бетінде 00000001 жолында ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады;

10) J бағанында көрсетілген шот-фактура (құжат) бойынша есепке жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Қаржы лизингі шарты бойынша жазып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанда Салық кодексінің 256-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес есепке жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Салық кодексінің 263-бабы 11-тармағына сәйкес мерзімді баспа басылымдарын өткізу кезінде жазып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанда Салық кодексінің 256-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес есепке жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысынан (қатысушыларынан) сатып алынған кезде Салық кодексінің 235-бабының 1-тармағына сәйкес жазып берілген шот-фактура бойынша бұл бағанда бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысынан есепке жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте бір шот-фактура Тізілімде бірлескен қызмет туралы шарт қатысушыларының санына қарай бірнеше жолда көрсетілуі мүмкін.

Бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысы (қатысушылары) осындай қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алатын болса, Салық кодексінің 235-бабының 3-тармағына сәйкес жазылған шот-фактура бойынша бұл бағанда бірлескен қызмет туралы шарттың осы қатысушысы есепке жатқызуға тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

J бағанының жиынтық шамасы 300.08-нысанының бірінші бетінде 00000001 жолында ғана көрсетіледі және барлық беттердің аталған бағанында көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады.

44. Бұрын табыс етілген сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі осы Қағидаларын 41, 42-тармақтарына сәйкес өткізілген тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша Тізілімге өзгерістер енгізу тәртібіне ұқсас.

11. Салық кезеңі ішінде Ресей Федерациясына өткізілген тауарлар және (немесе) алыс-беріс шикізатын өңдеу бойынша орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімі – 300.09-нысанын жасау

45. Аталған нысан Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салық кезеңі ішінде Ресей Федерациясына өткізілген тауарлар немесе

орындалған жұмыстар бойынша жазып берілген шот-фактуралар туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

Сондай-ақ бұл нысанда Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салықтық кезең ішінде Ресей Федерациясына сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазып берілген шот-фактуралар көрсетілуі тиіс.

46. Есепті салық кезең ішінде Ресей Федерациясына тауарларды өткізу және Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін басқа мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша орындалған жұмыстар бойынша айналымдар болған кезде 300.09 қосымшасын табыс ету міндетті болып табылады.

47. Бұл нысанда өткізу бойынша айналым жасалған күн есепті салық кезеңіне тура келетін шот-фактуралар көрсетіледі.

48. Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін басқа мемлекеттің аумағына әкете отырып, Ресей Федерациясының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салықтық кезең ішінде Ресей Федерациясына сатылған (тиеген) тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімі жазылған шот-фактуралар бойынша ұсынылады.

49. Шот-фактуралар тізілімінде Қазақстан Республикасының, қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын резиденттері үшін алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша Қазақстан Республикасының аумағында сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазылған және 300.07 қосымшада көрініс тапқан шот-фактуралар көрсетілмейді.

50. "Өткізілген тауарлар, жұмыстар бойынша ҚҚС сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында Ресей Федерациясының сатып алушысының – ССН/ЕСК – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі / тіркеу есебіне қою себептерінің коды көрсетіледі. Егер сатып алушы заңды тұлға болса, онда "/" белгісі арқылы ССН және ЕСК көрсетіледі, егер сатып алушы дара кәсіпкер болса, онда ССН көрсетіледі. Тауарлар экспорты оның негізінде жүзеге асырылатын келісімге (келісімшартқа) сәйкес, тауарларды сатып алушы кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің резиденті болып табылатын болса, ал тауарларды алушы Ресей Федерациясының резиденті болып табылатын болса, бұл баған аталған келісімдегі (келісімшарттағы) жүк алушының ССН/ЕСК туралы мәліметтер бар болған кезде толтырылады. Бұл ретте F бағанда айналымның тиісті түрі көрсетілуі тиіс;

3) С бағанында шот-фактурада көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс шот-фактураның нөмірі араб цифрларымен көрсетіледі.

Электрондық түрде, есепті кезең ішінде сатылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша шот-фактуралардың тізілімін беру кезінде

шот-фактураның нөмірін көрсету үшін торкөздердің саны шектелмейді;

4) D бағанында шот-фактураның немесе Салық кодексінің 265-бабына сәйкес жазылған қосымша шот-фактураның жазылған күні көрсетіледі;

5) E бағанында Салық кодексінің 276-6-бабы 1 және 4-тармақтарына сәйкес айқындалатын, сату бойынша айналымның жасалған күні көрсетіледі;

6) F бағанында нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым түрі кириллица форматында бас әріптермен көрсетіледі. Егер шот-фактура кеден одағына мүше мемлекеттерге экспортталған тауарлар бойынша жазылса, "Э" көрсетіледі. Егер шот-фактура кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің резиденті болып табылатын болса, ал тауарларды алушы Ресей Федерациясының резидентіне жазылған болса "Г" көрсетіледі. Егер шот-фактура Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар бойынша жазылған болса "Р" көрсетіледі;

7) G бағанында шот-фактурада көрініс тапқан және салық кезеңі ішінде кеден одағына мүше мемлекеттерге сатылған (тиелген) тауарлар немесе Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар бойынша нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым мөлшерінің барлығы көрсетіледі.

G бағанының жиынтық мөлшері 300.09 нысанының бірінші бетіндегі 00000001 жолында ғана көрсетіледі және балық беттердің аталған бағанасыда көрсетілген барлық сомалардың қосындысымен анықталады.

12. Салық кезеңі ішінде Беларусь Республикасына өткізілген тауарлар және (немесе) алыс-беріс шикізатын өңдеу жөніндегі орындалған жұмыстар бойынша шот-фактуралардың тізілімі – 300.10-нысанын жасау

51. Аталған нысан Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Беларусь Республикасының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу

бойынша салықтық кезең ішінде Беларусь Республикасына сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазылған шот-фактуралар туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

Сондай-ақ бұл нысанда Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін келісімге (келісімшартқа) сәйкес кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің резиденті болып табылатын басқа мемлекеттің аумағына әкете отырып, Беларусь Республикасының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша салықтық кезең ішінде Беларусь Республикасына сатылған тауарлар немесе орындалған жұмыстар бойынша жазылған шот-фактураларды көрсетуі тиіс.

52. Есепті салықтық кезеңде Беларусь Республикасына тауарларды сату және Қазақстан Республикасының аумағына кейіннен қайта өңдеу өнімдерін екінші мемлекеттің аумағына әкете отырып, Беларусь Республикасының аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша орындалған жұмыстар бойынша айналымдар болған кезде 300.10 қосымшаны ұсыну міндетті болып табылады.

53. Бұл нысанды толтыру тәртібі осы Қағидалардың 48- 51-тармақтарында белгіленген толтыру тәртібіне ұқсас. Бұл ретте "Сатылған тауарлар, жұмыстар бойынша қосылған құн салығының сомасы" деген бөлімнің В бағанында Беларусь Республикасынан сатып алушының – төлеушінің есептік нөмірі – ТЕН көрсетіледі. Тауарлар экспорты оның негізінде жүзеге асырылатын келісімге (келісімшартқа) сәйкес, тауарларды сатып алушы кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің резиденті болып табылатын болса, ал тауарларды алушы Беларусь Республикасының резиденті болып табылатын болса, бұл баған аталған келісімдегі (келісімшарттағы) жүк алушының ССН/ЕСК туралы мәліметтер бар болған кезде толтырылады. Бұл ретте F бағанда айналымның тиісті түрі көрсетілуі тиіс.

13. Қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомалары бойынша мәліметтер – 300.11-нысанын жасау

54. Аталған нысан Салық кодексінің 272-274-баптарына сәйкес қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомалары бойынша мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

55. Бұл нысан егер "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 5-жолында "қосымша", "хабарлама бойынша қосымша" декларация түрі белгіленген жағдайда, сондай-ақ егер салық төлеуші Салық кодексінің 273-бабы 5-тармағында көрсетілген санаттардың біріне жатқызылған жағдайда толтырылмайды.

56. "Қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомасы" деген бөлімде талап ету мерзімі ішінде салық кезеңдерінің қимасында салық төлеуші мәлімдеген ҚҚС сомасы көрсетіледі.

Бұл бөлімде:

1) 300.11.001 жолында қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының асып кету сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.11.001 I-ден бастап 300.11.001 V-ге дейінгі жолдардың сомасын қамтиды;

2) 300.11.001 I жолында кеден одағы шеңберінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды қоспағанда, нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қалыптасқан, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі;

3) 300.11.001 II жолында кеден одағы шеңберінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қалыптасқан, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі;

4) 300.11.001 III жолында импортқа қосылған құн салығын төлеуге байланысты қалыптасқан, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі;

5) 300.11.001 IV жолында резидент емес үшін қосылған құн салығын төлеуге байланысты қалыптасқан, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі;

6) 300.11.001 V жолында пайдалануға енгізілетін негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, сатып алынған биологиялық активтер бойынша қалыптасқан, оның ішінде талап ету мерзімі шегінде салық кезеңдері бойынша бөле отырып, қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі.

300.11.001 жолдарының сомасы 300.00.033 жолына көшіріледі.

6. Бөлек есеп жүргізу көзделген қызмет түрлері бойынша ҚҚС есептеу жөнінде салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы – 300.12-нысанын жасау

57. Аталған нысан Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер толтырады және қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылатын қызмет бойынша және (немесе) Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші

занды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша қосылған құн салығын есептеу бойынша салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

300.12-қосымшасы егер 300.00-нысанының "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде 12 "Тапсырылған қосымшалар" жолында "12" торкөзі белгіленсе, толтыруға жатады.

58. Есепті салық кезеңі үшін 300.12 нысанының 2-қосымшасы:

Салық кодексінің 448-452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтеріне арналған арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша. Бұл ретте "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 4-жолында 4А "Салық кодексінің

448-452-баптарында көзделген" торкөзі белгіленуі тиіс;

қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылатын қызмет бойынша. Бұл ретте "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 4-жолында 4 "Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп" торкөзі белгіленуі тиіс.

59. "ҚҚС есептеу" деген бөлімде:

1) 300.12.001 А жолында қосылған құн салығы салынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

2) 300.12.001 В жолында 300.12.001 А жолында көрсетілген айналымдар бойынша есептелген қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

3) 300.12.002 А жолында осындай өткізу бойынша айналым мөлшерін түзету ескеріле отырып нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынатын есепті салық кезеңі үшін өткізу бойынша айналым көрсетіледі,;

4) 300.12.003 А жолында Салық кодексінің 239 және 240-баптарында көзделген жағдайда және тәртіпте жүргізілетін есепті салық кезеңі үшін салық салынатын айналым мөлшерін түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні оң да , теріс те болуы мүмкін;

5) 300.12.003 В жолында Салық кодексінің 239 және 240-баптарында көрсетілген жағдайда және тәртіпте жүргізілетін есепті салық кезеңі үшін қосылған құн салығын түзету сомасы көрсетіледі. Бұл жолдың мәні оң да, теріс те болуы мүмкін;

6) 300.12.004 жолында Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып табылмайтын, салық кезеңі ішінде қосылған құн салығын төлеуші жүзеге асырған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдар көрсетіледі;

7) 300.12.005 жолында қосылған құн салығынан босатылған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Егер есепті салық кезеңінде босатылған айналым мөлшеріне түзету жүргізілген жағдайда, Бұл жолға жүргізілген түзету ескерілген сома көрсетіледі;

8) 300.12.006 жолында өзіне салық салынатын және босатылған айналым мөлшерін түзету сомасын да қамтитын салық кезеңі ішінде жүзеге асырылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.12.001 А, 300.12.002, 300.12.003 А, 300.12.004, 300.12.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады ($300.12.001 А + 300.12.002 + 300.12.003 А + 300.12.004 + 300.12.005$);

9) 300.12.007 жолында 300.12.001 А, 300.12.002, 300.12.003 А, 300.12.006 жолдары сомаларының 300.12.006 жолына пайыздағы қатынасы ($300.12.001 А + 300.12.002 + 300.12.003 А$)/($300.12.006$) x 100%) ретінде айқындалатын жалпы өткізу айналымындағы салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі;

10) 300.12.008 жолында 300.12.002 жолының 300.12.001 А, 300.12.002, 300.12.003 А, жолдары сомаларына пайызда қатынасы ($300.12.002$)/($300.12.001 А + 300.12.002 + 300.12.003 А$) x 100%) ретінде айқындалатын жалпы салық салынатын айналымдағы нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым үлесі. Бұл жол 300.12.002 жолының шамасы теріс мәнде болған кезде толтырылмайды;

11) салық төлеуші өзі дербес айқындайтын, 300.12.009 салық төлеуші Салық кодексінің 260-бабы 3, 4 және 5-тармақтарына және 262-бабы 2, 3, 5 және 6-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығы сомасын есепке жатқызудың бір мезгілде барабар және бөлек есептеу әдістерін қолданған жағдайда жалпы өткізу айналымындағы салық салынатын айналым үлесі көрсетіледі. Бұл ретте сатып алған кезде есепке жатқызудың бөлек әдісі қолданылған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу бойынша айналымдар жалпы айналым сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағын айқындау кезінде ескерілмейді. Бұл жол арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асыру кезінде толтырылмайды;

12) 300.12.010 жолында салық кезеңі ішінде импортталатын тауарлар бойынша есептелген және Енгізу туралы Заңның 49-бабы 74 және 49-1-бабының 19-абзацтарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

13) 300.12.011 жолында 300.12.001 В, 300.12.003 В, 300.12.010 В, ($300.12.001 В + 300.12.003 В + 300.12.010$) жолдарының сомасы ретінде анықталатын есепті салық кезеңі үшін есептелген қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

60. "Есепке жатқызылатын ҚҚС сомасы" деген бөлімде:

1) 300.12.012 А жолында Қазақстан Республикасында қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша айналымдардың жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 300.12.012 В жолында Қазақстан Республикасында қосылған құн салығымен сатып алынған тауарлар жұмыстар, қызметтер бойынша қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

3) 300.12.013 А Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместен сатып алынған, Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып танылатын жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым сомасы көрсетіледі;

4) 300.12.013 В жолында Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместен сатып алынған, Салық кодексінің 236 және 276-5-баптарына сәйкес өткізу орны Қазақстан Республикасы болып танылатын жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

5) 300.12.014 жолында қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша және қосылған құн салығымен сатып алынған, бірақ Салық кодексінің 257-бабына сәйкес қосылған құн салығы есепке жатқызылмайтын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша айналым сомасы көрсетіледі;

6) 300.12.015 А жолында 300.12.016, 300.12.017, 300.12.024 жолдарында көрсетілетіндерді қоспағанда, Салық кодексінің 247-бабына және 276-4-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалатын салық салынатын импорт бойынша айналым сомасы көрсетіледі. Бұл жол тиісті салық кезеңі үшін табыс етілген тауарларға декларация(лар)да, сондай-ақ 320.00 нысанының Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (декларацияларда) және 328.00 нысанының Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген мәліметтер негізінде толтырылады. Жол 300.12.015 I А, 300.12.015 II А жолдарын қамтиды;

7) 300.12.015 I А жолында Ресей Федерациясынан әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорттың мөлшері көрсетіледі;

8) 300.12.015 II А жолында Беларусь Республикасынан әкелінген тауарлар бойынша салық салынатын импорт мөлшері көрсетіледі;

9) 300.12.015 В кедендік ресімдеу кезінде төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың барабарлық әдісін қолданған жағдайда аталған жолда тауарларға декларация(лар)ға, сондай-ақ Импортталған тауарлар

бойынша жанама салықтар бойынша декларацияға (декларацияларға) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішке (өтініштерге) сәйкес импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған жағдайда аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданылатын, импортталатын тауарлар бойынша төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.12.015 I B, 300.12.015 II B жолдарын қамтиды;

10) 300.12.015 I B жолында Ресей Федерациясынан әкелінген тауарлар бойынша төленген және Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (декларацияларда) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

11) 300.12.015 II B жолында Беларусь Республикасынан әкелінген тауарлар бойынша төленген және Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларацияда (декларацияларда) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініште (өтініштерде) көрсетілген импортқа қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

12) 300.12.016 Салық кодексінің 255-бабына, 276-15-бабының 2-тармағы 2) тармақшасына және 3-тармағына сәйкес немесе халықаралық шарттарға сәйкес қосылған құн салығынан босатылған импортталатын тауарлар құны көрсетіледі;

13) 300.12.017 жолында Енгізу туралы Заңның 49-бабы 32-53-абзацтарына сәйкес олар бойынша салық органы қосылған құн салығын төлеу мерзімдерін өзгерту туралы шешім шығарған импортталатын тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жол кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарларға декларация(лар), және (немесе) Импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар бойынша декларация (декларациялар) және Тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш (өтініштер) негізінде толтырылады ;

14) 300.12.018 жолында Енгізу туралы Заңның 49-бабы 32-53-абзацтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеу мерзімдері өзгерген импортталатын тауарлар бойынша салық кезеңінде нақты төленген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл ретте есепке жатқызудың бөлек әдісін қолданған жағдайда аталған жолда салық салынатын айналым мақсатында қолданылатын импортталған тауарлар бойынша төленген салықтың жиынтық сомасы көрсетіледі;

15) 300.04.019 жолында 300.12.012 A, 300.12.013 A, 300.12.014, 300.12.015 A, 300.12.016, 300.12.017, 300.12.024 A жолдарының сомасы (300.12.012 A +

300.12.013 А + 300.12.014 + 300.12.015 А + 300.12.016 + 300.12.017 + 300.12.024 А) ретінде айқындалатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу бойынша айналымның жалпы сомасы көрсетіледі;

16) 300.12.020 жолында Салық кодексінің 258 және 259-баптарында көзделген жағдайларда және тәртіпте жүргізілетін, есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасын түзету көрсетіледі. Бұл жолдың теріс мәні болуы мүмкін;

17) 300.12.021 жолында 300.12.022 жолында көрсетілген қосылған құн салығының сомасын қоспағанда, салық кезеңі үшін есепке жатқызылатын қосылған құн салығының жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жол 300.12.012 В, 300.12.013 В, 300.12.015 В, 300.12.018, 300.12.020 жолдарының сомасы (300.12.012 В + 300.12.013 В + 300.12.015 В + 300.12.018 В – 300.12.020) ретінде айқындалады;

18) 300.12.022 жолында Салық кодексінің 260-бабының

3-5-тармақтарына және 262-бабының 2, 3, 5, 6-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдісін қолданған жағдайда, салық төлеуші дербес анықтайтын, салық кезеңі үшін есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Бұл жол 300.12.022 I, 300.12.022 II, 300.12.022 III жолдарынан тұрады;

19) 300.12.022 I жолында бір мезгілде есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістерін қолданған кезде барабарлық әдісі бойынша есепке жатқызылған қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

20) 300.12.022 II жолында бір мезгілде есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістерін қолданған жағдайда бөлек есептеу әдісі бойынша есепке жатқызылатын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

21) 300.12.022 III жолында есепке жатқызудың барабарлық және бөлек есептеу әдістері бойынша бір мезгілде салық салынатын және салынбайтын айналымдар мақсатында пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;

22) 300.12.023 жолында салық кезеңі үшін қосылған құн салығын рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

23) 300.12.023 I жолында есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісі қолданылған кезде қосылған құн салығын рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 300.12.021 жолының сомасы көшіріледі;

24) 300.12.023 II жолында 300.12.021 және 300.12.007 (300.12.021 x 300.12.007) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, есепке жатқызудың барабарлық әдісі қолданылған кезде қосылған құн салығын рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

25) 300.12.023 III жолында ((300.12.022I x 300.12.009) + 300.12.022 III x 300.12.007) + 300.12.022 II) формуласы бойынша айқындалатын, бөлек есептеу және барабарлық әдістері қолданылған кезде қосылған құн салығын рұқсат етілген есепке жатқызу сомасы көрсетіледі;

26) 300.12.024 A жолында қосылған құн салығы Енгізу туралы Заңның 49-бабының 74 және 49-1-бабының 19-абзацтарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлар құны көрсетіледі;

27) 300.12.024 B жолында қосылған құн салығы Енгізу туралы Заңның 49-бабының 74 және 49-1-бабының 19-абзацтарына сәйкес есепке жатқызу әдісімен төленген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы сомасы көрсетіледі.

61. "Салық кезеңі үшін ҚҚС бойынша есептер" деген бөлімде:

1) 300.12.025 жолында 300.12.025 I, 300.12.025 II жолдарынан тұратын есепті салық кезеңі үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Егер "ҚҚС төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің 4-жолы бойынша А немесе В торкөзінің бірі белгіленбесе, бұл жол толтыруға жатпайды.

300.12.025 I жолында салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Бұл жол:

есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісі кезінде 300.12.011, 300.12.023 I және 300.12.024 B жолдарының айырмасы ретінде (300.12.011 – 300.12.023 I – 300.12.024 B);

есепке жатқызудың барабарлық әдісі кезінде 300.12.011, 300.12.023 II және 300.12.024 B жолдарының айырмасы ретінде (300.12.011 – 300.12.023 II – 300.12.024 B);

бір мезгілде есепке жатқызудың бөлек есептеу және барабарлық әдістерін қолданған кезде 300.12.011, 300.12.023 III және 300.12.024 B жолдарының айырмасы ретінде (300.12.011 – 300.12.023 III – 300.12.024 B) айқындалады.

2) 300.12.025 II жолында есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есепті салық кезеңі үшін есептелген салық сомасынан асып кетуі көрсетіледі.

Бұл жол:

есепке жатқызудың бөлек есептеу әдісі кезінде 300.12.023 I+300.12.024 B – 300.12.011 формуласы бойынша;

есепке жатқызудың барабарлық әдісі кезінде 300.12.023 II+300.12.024 B – 300.12.011 формуласы бойынша;

бір мезгілде есепке жатқызудың бөлек есептеу және барабарлық әдістерін қолданған кезде 300.12.023 III + 300.12.024 B – 300.12.011 формуласы бойынша айқындалады.

3) 300.12.026 жолында есепті салық кезеңі үшін қосылған құн салығының асып кетуі есепке алынбай, алдыңғы салық кезеңдерінен көшірілген өспелі қорытындымен қосылған құн салығы асып кетуінің сомасы көрсетіледі. Бұл жол тек арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша толтырылады;

4) 300.12.027 жолында 300.12.026 жолы шегерілгеннен кейін бюджетке төлеуге тиіс қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. Бұл жол егер 300.12.025 I жолының сомасы 300.12.026 жолының сомасынан асып кеткен жағдайда тек арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша толтырылады. Бұл жолдың сомасы $(300.12.025 \text{ I} - 300.12.026)$ формуласы бойынша айқындалады. Егер 300.12.026 жолы нөлдік мәнге тең болса, бұл жолда 300.12.025 I жолының сомасы көрсетіледі. 300.12.027 жолы 300.12.027 I жолын қосады.

5) 300.12.027 I жолында Салық кодексінің 451-бабында көзделген 70 пайызға азайту ескеріле отырып, бюджетке төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі. 300.12.027 жолы мен 30 пайыздың туындысы $(300.12.027 \times 30\%)$ ретінде айқындалады;

6) 300.12.028 жолында салық төлеушінің дербес шотындағы қосылған құн салығын азайту сомасы көрсетіледі. Бұл жол егер 300.12.026 жолы нөлдік емес мәнге тең болса және 300.12.025 I жолының сомасы 300.12.026 жолының сомасынан асып кеткен жағдайда тек арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша толтырылады. Жолдың сомасы 300.12.027 және 300.12.027 I жолдарының айырмасы ретінде айқындалады;

7) 300.12.029 жолында кейінгі салық кезеңдеріне көшірілетін қосылған құн салығының асып кету сомасы көрсетіледі. Бұл жол тек арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша толтырылады. Жол:

егер 300.12.025 I және 300.12.026 жолдары нөлдік емес мәнде толтырылған және 300.12.026 жолының сомасы 300.12.025 I жолының сомасынан асып кеткен жағдайда 300.12.025 I және 300.12.026 жолдарының айырмасы $(300.12.028 - 300.12.025 \text{ I})$ ретінде;

егер 300.12.025 II және 300.12.026 жолдары нөлдік емес мәнде толтырылса, 300.12.026 және 300.12.025 II жолдарының сомасы $(300.12.026 + 300.12.025 \text{ II})$ ретінде айқындалады. Егер 300.12.025 II жолы нөлдік мәнге тең болса, 300.12.029 жолының сомасы 300.12.026 жолының сомасы болып табылады немесе егер 300.12.026 жолы нөлдік мәнге тең болса, 300.12.029 жолының сомасы 300.12.025 II жолының сомасы болып табылады.

300.12.029 жолы егер 300.12.025 I жолының сомасы 300.12.026 жолының сомасынан асып кеткен жағдайда толтырылмайды.

62. 300.12.001-ден 300.12.024-ға дейінгі жолдарының әрқайсысының сомасы 300.00-нысанының тиісті жолдарына көшіріледі. Егер салық кезеңі үшін арнаулы

салық режимі қолданылатын қызмет бойынша және қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылатын қызмет бойынша 300.12-нысанының 2 қосымшасы табыс етілген жағдайда 300.00-нысанының тиісті жолдарына 300.12 екі қосымшасының тиісті жолдарын арасында жиынтықтау жолымен айқындалған 300.12.001-ден 300.12.024-ға дейінгі жолдарының әрқайсысының жиынтық сомасы көшіріледі.

Қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылатын қызмет бойынша 300.12.025 I жолының сомасы мен арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша

300.12.027 I жолының сомасы өзара жиынтықталады және бұл жолдардың жиынтық шамасы анықтамалық түрде 300.00-нысанының 300.00.027 I жолына көшіріледі.

Қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылатын қызмет бойынша 300.12.025 II жолының сомасы мен арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша

осы жолдың сомасы өзара жиынтықталады және бұл жолдардың жиынтық шамасы анықтамалық түрде 300.00-нысанының 300.00.027 II жолына көшіріледі.

Егер қосылған құн салығын есептеудің және төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібі қолданылатын қызмет бойынша немесе арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша 300.12-нысанының бір қосымшасы табыс етілсе, онда 300.00.027 I жолына 300.12.025 I немесе 300.12.027 I жолдарының бірі көшіріледі, ал 300.00.027 II жолына 300.12.025 II жолы көшіріледі.

Арнаулы салық режимі қолданылатын қызмет бойынша толтырылатын 300.12.026, 300.12.027, 300.12.028, 300.12.029 жолдары 300.00-нысанына көшірілмейді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
30-қосымша
Нысан 320.00 Бет 01

**Импортталған тауарлар бойынша жанама
салықтар жөніндегі
декларация**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы

**Импортталған тауарлар бойынша жанама
салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау
қағидалары (320.00-нысан)**

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (320.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 8-9-бөлімдеріне және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) 11-1 11-2, 21, 49, 49-1-баптарына сәйкес Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан тауарлардың импорттаған кезде қосылған құн салығы және акциздер бойынша салық міндеттемелерін есептеуге арналған импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) (бұдан әрі – Декларация) жасау тәртібін айқындайды.

2. Декларация декларацияның өзінен (320.00-нысан), қосылған құн салығы және акциздер бойынша салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (320.01-тен 320.07-нысандар бойынша) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар Декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация толтыру кезінде қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысымен толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта – салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Декларацияға қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (320.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші міндетті түрде мынадай деректерді көрсетеді:

35. Бұл нысан Салық кодексінің 299-бабы 2-тармағына сәйкес акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар импорты туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

Егер 320.00-нысанының "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде "Табыс етілген қосымшалар" 15-жолда "06" торкөзі белгіленген болса, 320.06 қосымшасы толтырылуы тиіс.

36. Акцизделетін тауарлардың әрбір түріне бөлек парақ толтырылады.

37. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар импорты" бөлімінде:

1) А бағанының 320.06.001-жолда темекі өнімдерінің түрі көрсетіледі;

2) В бағанының 320.06.001-жолда Ресей Федерациясынан импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша бюджет жіктеуішінің коды көрсетіледі

3) С бағанының 320.06.001-жолда Беларусь Республикасынан импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша бюджет жіктеуішінің коды көрсетіледі.

4) 320.06.002-жолда импортталатын акцизделетін тауардың көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 320.06.002 I-ден 320.06.002 V-ке дейінгі-жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

5) 320.06.002 I-жолда жол бойы бағытында және аралық аялдама пункттерінде халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын көлік құралдарын пайдалану үшін қажетті импортталатын акцизделетін тауарлардың көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі;

6) 320.06.002 II-жолда Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізгенге дейін бүлінуі салдарынан бұйымдар және материалдар ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған импортталатын акцизделетін тауарлардың көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі;

7) 320.06.002 III-жолда шет елдің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік–техникалық персоналы қатарындағы адамдардың, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, жеке пайдалануы үшін әкелінген импортталатын акцизделетін тауарлардың көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі;

8) 320.06.002 IV-жолда Кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін, "Ішкі тұтыну үшін шығару" кеден рәсімін қоспағанда, Кеден одағының кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кеден рәсімдері шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына босатылатын импортталатын акцизделетін тауарлардың көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі;

9) 320.06.002 V-жолда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы импортталатын өнімнің (бальзамдардан басқа) көлемі мен құны туралы мәліметтер көрсетіледі.

38. Импортталатын акцизделетін тауар көлемі салық базасына сәйкес айқындалады.

320.06.002В жолының сомасы Декларацияның 320.00.017 жолына көшіріледі.

9. Тауарлар әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер тізілімі – 320.07-нысанын жасау

39. Бұл нысан Салық кодексінің 276-20-бабы 3-тармағына сәйкес импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияға қоса берілетін Тауарлар әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер (бұдан әрі - Өтініш) туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

320.07 қосымшасы міндетті түрде толтырылуы тиіс, тиісінше 320.00 нысанның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде "Табыс етілген қосымшалар" 15-жолда "07" торкөзі белгіленуі тиіс.

40. "Тауарлар әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер тізілімі" бөлімінде:

- 1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) В бағанында импорт елінің коды көрсетіледі;
- 3) С бағанында салық төлеушіге берілетін Өтініштің нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) D бағанында Өтініштің 15-бағанында көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі;
- 5) E бағанында Өтініштің 16 және (немесе) 17-бағандарында көрсетілген акциз сомасы көрсетіледі;
- 6) D бағанының 0000001 қорытынды-жолда Тауарлар Өтініштің 15-бағанында көрсетілген қосылған құн салығының қорытынды сомалары көрсетіледі;
- 7) E бағанының 0000001 қорытынды-жолда Өтініштің 16-17-бағандарында көрсетілген акциздердің қорытынды сомалары көрсетіледі.

41. Өтініштер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мыналар ескеріле отырып, жүргізіледі:

- 1) 320.00-нысанының импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар Декларациясының негізгі нысанында Салық кодексінің 276-22-бабы 6-тармағында көзделген салық есептілігі түріне жатқызу ескеріле отырып, " қосымша" немесе "хабарлама бойынша қосымша" торкөзіне белгі қою міндетті;
- 2) Тізілімнің "Салық төлеуші туралы ақпарат" бөлімінде салық төлеушінің СТН, ЖСН/БСН нөмірі және өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін салық кезеңі көрсетіледі;

3) "Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер тізілімі" бөлімінің В, С, D, Е бағандарының кез келгенінде қате табылған жағдайда Тізілімнен бұрын көрсетілген қате Өтініш жойылады. Қате Өтінішті жою үшін қосымша Тізілімде өзгерістер енгізілетін кезең үшін бұрын табыс етілген Тізілімнің жолының соңғы нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетіледі, бұрын көрсетілген В, С бағандарының деректемелері көрсетіледі, ал D, Е бағандарында бұрын көрсетілген сомалар "алу" белгісімен көрсетіледі. Одан әрі жаңа жолдан дұрыс деректемелер мен сомалары бар Өтініш жүргізіледі;

4) Салық кодексінің 276-22-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қате табыс етілген Өтініш кері қайтарылған жағдайда бұрын көрсетілген қате табыс етілген Өтінішті Тізілімнен жою жүргізіледі.

Қате Өтінішті жою үшін қосымша Тізілімде өзгерістер енгізілетін кезең үшін бұрын табыс етілген Тізілімнің жолының соңғы нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетіледі, бұрын көрсетілген В, С бағандарының деректемелері көрсетіледі, ал D, Е бағандарында бұрын көрсетілген сомалар "алу" белгісімен көрсетіледі;

5) Салық кодексінің 276-22-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Өтінішке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Тізілімнен бұрын көрсетілген және кері қайтарылған Өтінішті жою және жаңа, орнына табыс етілген Өтініш бойынша мәліметтерді көрсету жүргізіледі.

Бұрын көрсетілген және кері қайтарылған Өтінішті жою үшін қосымша Тізілімде өзгерістер енгізілетін кезең үшін бұрын табыс етілген Тізілімнің жолының соңғы нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетіледі, бұрын көрсетілген В, С бағандарының деректемелері көрсетіледі, ал D, Е бағандарында бұрын көрсетілген сомалар "алу" белгісімен көрсетіледі. Одан әрі жаңа жолмен бұрын табыс етілген және кері қайтарылған Өтініштің орнына табыс етілген жаңа Өтініш бойынша мәліметтер енгізіледі;

1) салық кезеңі үшін Тізілім жаңа жолдармен толықтырылған жағдайда жаңа жолдармен толықтыру енгізілетін кезең үшін бұрын табыс етілген Тізілімнің жолының соңғы нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетіледі.

2) Қағидалардың осы тармағының 3)-6) тармақшалары қолданылған кезде мынаны ескеру керек: егер кезекті Декларация табыс етілгеннен кейін бірінші қосымша декларация табыс етілсе, онда Тізілімді толықтыру немесе Тізілімнен жолдарды жою кезінде кезекті декларацияға Тізілімнің соңғы жолынан кейінгі жолдың нөмірі көрсетіледі.

Егер оған қосымша декларациялар табыс етілген кезекті Декларацияға қосымша декларация табыс етілсе, онда Тізілімді толықтыру немесе Тізілімнен жолдарды жою кезінде соңғы қосымша Декларацияға табыс етілген Тізілімнің соңғы жолынан кейінгі жолдың нөмірі көрсетіледі.

Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
32-қосымша
328.00-нысан

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
33-қосымша

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті толтыру және табыс ету қағидалары (328.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті толтыру және табыс ету қағидалары тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) толтыру және табыс ету тәртібін айқындайды.

2. Өтініш тауарлардың әкелінуі туралы және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған үш бөлімнен және оған қосымшадан тұрады.

Өтініштің бірінші және үшінші бөлімдері мен оған қосымшаны салық төлеуші, екінші бөлімді салық органы толтырады.

3. Өтінішті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Өтініште көрсетілуге тиіс мәліметтер (ақпараттар) болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Өтінішке қосымша онда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

6. Өтінішті жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспахана бас символдармен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды түрде – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 68-бабына сәйкес толтырылады.

Өтініштің беттерін салық төлеуші нөмірлеуге тиіс.

7. Қағаз жеткізгіштегі өтінішке Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

Өтініш электронды түрде салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы не болмаса ақпаратты компьютерлік өңдеуге болатын электронды жеткізгіште табыс етіледі.

Бұл ретте, салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесі арқылы табыс етілген электронды түрдегі өтініш Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Электронды түрдегі өтініште көрсетілген мәліметтер қағаз жеткізгіштегі өтініште қамтылған мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.

8. Өтінішті салық төлеуші не оның өкілі орналасқан (тұрғылықты) орны бойынша салық органына қағаз жеткізгіште және электронды түрде төрт данада импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі салық декларациясымен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 276-20-бабының 3-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып табыс етеді.

9. Электронды түрде табыс етілген өтінішке салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабымен тіркеу нөмірі беріледі.

Қағаз жеткізгіште табыс етілген өтінішті салық органы электронды түрде табыс етілген өтінішке салық есептілігін қабылдау және өңдеу жүйесінің орталық торабымен берілген тіркеу нөмірімен Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштерді тіркеу журналына (бұдан әрі – Журнал) тіркейді.

Бұл тіркеу нөмірін салық органы қағаз жеткізгіште табыс етілген өтініш даналарының екінші бөліміне қояды.

Бұл ретте қағаз жеткізгіштегі өтінішті салық органы қабылдаған күн өтініш табыс етілген күн болып табылады.

2. Өтінішті толтыру

10. Өтініштің әрбір бетінің жоғарғы оң жақ бұрышына салық төлеуші өтініштің нөмірін, оның толтырылған күнін, айын және жылын қояды.

11. Өтініштің "Сатушы/Сатып алушы" жолдарында:

Беларусь Республикасының салық төлеушілері үшін – ТЕН (төлеушінің есептік нөмірі), Қазақстан Республикасының салық төлеушілері үшін – СТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірі) не БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі) не ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі), Ресей Федерациясының салық төлеушілері үшін – ССН/ЕСК (салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі/есепке қою себебінің коды);

заңды тұлғаның атауы немесе дара кәсіпкердің, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Лизинг шарты жасалған жағдайда тиісті торкөзде "X" белгісі қойылады.

Алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу шарты жасалған жағдайда тиісті торкөзде "X" белгісі қойылады.

12. 1-бөлімнің толтырылуы.

01 жолында (Сатушы) 02 жолында көрсетілген Сатып алушымен немесе комиссионермен, сенім білдірілген адаммен шарт (келісімшарт) жасасқан тұлға көрсетіледі.

02 жолында (Сатып алушы) тауарларды импорттаған және орналасқан орны (тұрғылықты жері) бойынша салық органына өтініш табыс ететін Қазақстан Республикасының салық төлеушісі көрсетіледі.

03 жолында Сатушының елінің коды, орналасқан орнының (тұрғылықты жерінің) мекенжайы көрсетіледі.

04 жолында Сатып алушының елінің коды, орналасқан орнының (тұрғылықты жерінің) мекенжайы көрсетіледі.

1-бөлімді Қазақстан Республикасы тауарларды Сатып алушы, сондай-ақ Салық кодексінің 276-19-бабы нормаларында белгіленген жағдайларда комиссионер, сенім білдірілген адам толтырады.

05 жолында Сатушы мен Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген адам) арасында жасалған шарттың (келісімшарттың) нөмірі мен күні, оның негізінде Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан тауарлар импортталған шартқа (келісімшартқа) ерекшеліктердің нөмірі мен күні көрсетіледі.

Сатушы мен Сатып алушы (комиссионер, сенім білдірілген адам) арасында жасалған шарт (келісімшарт) болмаған кезде бөлшек саудада сатып алу-сату жағдайында Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды алғанын (не сатып алғанын) растайтын құжаттың (оның ішінде бақылау-касса машиналарының чектері, тауарлық чектер, сатып алу актілері) нөмірі мен күні көрсетіледі.

Өтініштің 06 және 07 жолдарын Қазақстан Республикасының салық төлеушісі толтырмайды. Бұл ретте егер Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасында комиссиянердің, сенім білдірілген адамның, агенттің жанама салықтарды төлеуі көзделмеген болса, аталған мемлекеттердің салық төлеушілері (төлеушілері) бұл жолдарды толтыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Қазақстан Республикасының аумағына басқа кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында сатып алынған және кеден одағына мүше үшінші бір мемлекеттің аумағында қайта өңделген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауарларды әкелген жағдайда 2 (екі) өтініш толтырылады, бұл ретте:

тауарларды (алыс-беріс шикізатын) Сатып алушыға жіберілетін өтініштің бағандарын толтыру кезінде кестенің 2 және 6-бағандарында тиісінше алыс-беріс шикізатының атауы және құны көрсетіледі;

алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды Сатып алушыға жіберілетін өтініштің бағандарын толтыру кезінде кестенің 2 және 6-бағандарында тиісінше қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауардың атауы және алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстардың құны көрсетіледі.

Тауарлар импорты кезінде жанама салықтар сомаларын айқындау үшін салық төлеуші мыналар көрсетілетін кестені толтырады:

2-бағанда – шот-фактуралар немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың негізінде тауардың атауы;

3-бағанда – СЭҚ ТН Бірыңғай тауарлық номенклатурасы бойынша тауар коды (10 белгі);

4-бағанда – шот-фактурада немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжатта не импортталған тауардың сатып алынуын растайтын өзге құжатта көрсетілген тауар санының өлшем бірлігі;

5-бағанда – 4-бағанда көрсетілген өлшем бірліктердегі тауар саны;

6-бағанда – шот-фактурадан немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардан не импортталған тауардың сатып алынуын растайтын өзге құжаттан мәліметтердің негізінде тауар (жұмыс) құны;

7-бағанда – валюта коды;

8-бағанда – импортталған тауарларды есепке қабылдау күніне шот-фактурада немесе көліктік (тауарға ілеспе) құжатта көрсетілген валютаға Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген теңге бағамы;

9-бағанда – көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың сериясы, нөмірі;

10-бағанда – көліктік (тауарға ілеспе) құжаттардың күні;

11-бағанда – шот-фактура нөмірі;

12-бағанда – шот-фактура күні;

13-бағанда – салық төлеушінің тауарды есепке қабылдаған күні;

14-бағанда - импортталған тауардың заттай мәніндегі көлемінің негізінде акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы.

Акциздерді өзге уәкілетті орган алатын акцизделетін тауарлар бойынша кеден одағына мүше мемлекеттің бюджетіне төленген акциздер сомасы 19-бағанда көрсетіледі. Бұл ретте 14, 16 және 17-бағандарында сызықша көрсетіледі ;

15-бағанда – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ҚҚС бойынша салық базасы. Салық базасы Салық кодексінің 276-8-бабының талаптары ескеріле отырып есептеледі. ҚҚС бойынша салық базасының мөлшеріне 19-бағанда көрсетілген акцизделетін тауарлар бойынша акциздер сомасы енгізіледі;

16 және 18-бағандарында – Салық кодексінде белгіленген акциздер мен ҚҚС бойынша салық ставкалары. Егер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар бойынша ҚҚС және (немесе) акциздерді төлеуден босату көзделген жағдайда бағандарда "жеңілдік" сөзі қойылады. Акцизделетін тауарлар бойынша 16-бағанда ұлттық валютада акциз ставкасы көрсетіледі;

17-бағанда – сызықша қойылады;

19-бағанда – тауарларды Сатып алушы 16-бағанда көрсетілген қолданылатын салық ставкаларының негізінде есептеген акциз сомасы.

Егер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар бойынша акциздерді төлеуден босату көзделген жағдайда 16-бағанда "жеңілдік" сөзі қойылады, 19-бағанда "0" (нөл) қойылады;

20-бағанда – 15-бағанда көрсетілген, салық базасына 18-бағанда көрсетілген, салық ставкасына негізделе отырып есептелген ҚҚС сомасы.

Егер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тауарларды ҚҚС төлеуден босату көзделген жағдайда және 18-бағанда "жеңілдік" деген сөз қойылса, 20-бағанда "0" (нөл) қойылды.

Егер кеден одағына мүше бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына тауарлардың өткізілуін растайтын көліктік (ілеспе тауарға) құжатта жиынтық жол болатын болса, біріне-бірі тауарларды әкелетін осыған ұқсас ортақ атауын көрсетумен, көліктік (ілеспе тауарға) құжаттың жиынтық жолының мәліметтерін өтініштің бір жолына көшіруге рұқсат етіледі.

Егер көліктік (ілеспе тауарға) құжатта акцизделетін тауарлар көрсетілген немесе түрлі ставкалар бойынша жанама салықтар салынатын немесе әртүрлі

өлшеу бірліктері бар тауарларға жататын көрсеткіштер келтірілген болса, онда өтінішке көліктік (ілеспе тауарға) құжаттан тауарлардың барлық атаулары (әрбір позициясы) көшіріледі.

Егер көліктік (ілеспе тауарға) құжатта бір-бірлеріне ұқсас бірнеше тауарлар көрсетілсе, жиынтық жолы болмаса, көліктік (ілеспе тауарға) құжаттың әрбір жолында көрсетілген көрсеткіштер өтінішке көшіріледі. Бұл ретте өтініштің 9 және 10-бағандарда көліктік сол бір көліктік (ілеспе тауарға) құжаттың мәліметтері көрсетіледі.

Егер шот-фактурада бірнеше көліктік (ілеспе тауарға) құжаттарда көрсетілген тауарлар саналған болса, онда өтінішке жоғарыда айтылған талаптарды ескере отырып, әрбір көліктік (ілеспе тауарға) құжаттан позициялар көшіріледі. Бұл ретте өтініштің 11 және 12-бағандарында мұндай шот-фактурада деректері қайталанады.

13. Өтініштің 3-бөлімінде мынадай жағдайларда толтырылады:

1) егер өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген Сатушы тауарларды өткізу бойынша айналымдары (операциялары) өтініштің 1-бөлімінде көрсетілген Сатып алушыға, Сатушы - кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жанама салық салу объектісі болып табылмайды, себебі Сатушы - кеден одағына мүше мемлекеттің аумағы осындай тауарларды өткізу орны деп танылмайды. Бұл ретте "Сатушы (комитент, сенім артушы, принципал)" 08-жолда осындай тауарларды өткізу кезінде 0 процент мөлшерінде ҚҚС ставкасын (акциздер бойынша босату) қолданған, аумағынан тауарлар әкетілген кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі көрсетіледі. 12-жолда шарттың (келісімшарттың) деректемелері (шарттың (келісімшарттың) нөмірі және 08 және 09-жолдарда Сатушының Сатып алушымен жасасқан шарттың (келісімшарттың) күні) көрсетіледі.

2) Сатып алушыға комиссионер, сенім білдірілген адам немесе агент арқылы тауарларды өткізген кезде (02-жол). 12-жолда комиссияның, тапсырыстың немесе агенттік шарттың (келісімшарттың) деректемелері (шарттың (келісімшарттың) нөмірі, ал 08 және 09-жолдарда осы шарттың (келісімшарттың) тараптары көрсетіледі.

14. Тауарларды жеткізуде үш тұлғадан артық адамдар қатысқан жағдайларда, салық төлеуші қосымшада Сатушыдан бастап (0 процент мөлшерінде ҚҚС ставкасын немесе акциздер бойынша босатуды қолдану заңдылығын растайтын құжаттар жиынтығын салық органына табыс ететін, аумағынан тауарлар әкетілген кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі) тауарларды өткізу жөнінде мәмілелер туралы мәліметтерді, Сатып алушыға дейін (өтінішті тапсырушы салық төлеуші) тиісті мәмілелерге қатысушы тұлғаларды көрсетумен, сондай-ақ шарттың (келісімшарттың) мәліметтерін: ТЕН, ССН/ЕСК, СТН не

болмаса БСН не ЖСН, ел кодын, оның орналасқан орнын (тұрғылықты орны), шарттың (келісімшарттың) нөмірін, шарттың (келісімшарттың) күнін, ерекшіліктердің нөмірлері мен күнін көрсетеді.

15. Қағаз жеткізгіштегі өтініштің және Салық кодексінің 276-20-бабы 3-тармағында көзделген құжаттардың келіп түсу күнінен он жұмыс күні ішінде, салық органының лауазымды тұлғасы оны қарап және жанама салықтарды төлеу (босату не болмаса төлеудің өзге де жолдары) фактісін растауы, не болмаса тиісті растаудан дәлелді бас тартуы және өтініштің 2-бөлімінде тиісті белгі қоюы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
34-қосымша
Нысан 400.00 Бет 01

Акциз бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
35-қосымша

Акциз бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (400.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Акциз бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (400.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және акциз сомаларын есептеуге арналған акциз бойынша салық есептілігі нысанын (бұдан әрі – декларация) толтыру тәртібін айқындайды. Декларацияны акциз төлеушілер Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес толтырады.

Бензин (авиациялықты қоспағанда) мен дизель отынын өткізуді жүзеге асыратын акциз төлеушілерді қоспағанда, орналасқан орны бойынша салық органында тіркелген салық салуға байланысты бір объектісі бар акциз төлеуші акциз бойынша декларацияны құрылымдық бөлімшелер немесе салық салуға байланысты объекті үшін есепті қоса бермей-ақ табыс етеді.

2. Декларация декларацияның өзінен (400.00-нысан) және салық міндеттемесінің есептелуі туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (400.01-ден 400.08-ге дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (400.00-нысаны)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Сенімгерлікпен басқарушы салық міндеттемесін орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

2) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы немесе жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлік басқарушы заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (ай, жылы) – декларация табыс етілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі). Декларация табыс ету үшін күнтізбелік күн Салық кодексінің 295-бабына сәйкес есепті салық кезеңі болып табылады;

4) декларация түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу есебімен белгіленеді;

5) хабарлама нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

6) салық төлеуші санаты.

Торкөз егер төлеуші А жолында көрсетілген санатқа жататын болса, белгіленеді;

7) валюта коды.

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378

шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді;

9) құрылымдық бөлімшелер үшін немесе салық салуға байланысты объектілер үшін табыс етілген есептер.

Тиісті торкөз құрылымдық бөлімшелер үшін немесе салық салуға байланысты объектілер үшін жасалған есеп нысанына қарай белгіленеді.

15. "Төлеуге акциздер есептелді" деген бөлімде:

1) 400.00.001 жолында барлық спирт және (немесе) шарап материалының түрлері бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.01.015 (400.01-нысанының барлық беттері бойынша) жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 400.00.002 жолында алкоголь өнімі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.02.013 (400.02-нысанының барлық беттері бойынша) жолдарында көрсетілген сомалар көшіріледі;

3) 400.00.003 жолында темекі бұйымдары бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.03.013 (400.03-нысанының барлық беттері бойынша) жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 400.00.004 жолында шикі мұнай, газ конденсаты бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.04.013 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 400.00.005 жолында бензин (авиациялықты қоспағанда) бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.05.003 С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 400.00.006 жолында дизель отыны бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.05.006 С жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 400.00.007 жолында Салық кодексінің 279-бабы б) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.08.011 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 400.00.008 жолында өзге де акцизделетін тауарлар бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолды жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен белгіленген салық режимінде акциз есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын төлеушілер толтырады;

9) 400.00.009 жолында 400.00.001-ден 400.00.008-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

10) 400.00.010 жолында салықтан шегерім сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 400.06-нысаны Е бағанының 00000001 жолында көрсетілген қорытынды сома көшіріледі;

11) 400.00.011 жолында 400.00.009 және 400.00.010 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын есептелген акциздің қорытынды сомасы көрсетіледі;

12) 400.00.012 жолында құрылымдық бөлімшелер үшін немесе салық салуға байланысты объектілер үшін есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

16. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар" деген бөлімде:

1) 400.00.013 жолында Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған басты мекеменің өткізілген акцизделетін тауарлардың барлық құны, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жолға 400.07.004 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

2) 400.00.014 жолында Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған құрылымдық бөлімшенің өткізілген акцизделетін тауарлардың барлық құны, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жол 400.00.014 I, 400.00.014 II, 400.00.014 III, 400.00.014 IV, 400.00.014 V, 400.00.014 VI, 400.00.014 VII, 400.00.014 VIII, 400.00.014 IX, 400.00.014 X, 400.00.014 XI, 400.00.014 XII, 400.00.014 XIII, 400.00.014 XIV жолдарының сомасы болып анықталады;

3) 400.00.014 I жолында акцизден босатылған өткізілген спирттің құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 I B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

4) 400.00.014 II жолында акцизден босатылған өткізілген арақтың және айрықша арақтың құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 II B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 400.00.014 III жолында акцизден босатылған өткізілген ликер-арак өнімдерінің құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 III B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

6) 400.00.014 IV жолында акцизден босатылған өткізілген шарап құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 IV B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 400.00.014 V жолында акцизден босатылған өткізілген коньяк құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 V B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

8) 400.00.014 VI жолында акцизден босатылған өткізілген бренди құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 VI B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

9) 400.00.014 VII жолында акцизден босатылған өткізілген сыра құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 VII B жолында көрсетілген сома көшіріледі;

10) 400.00.014 VIII жолында акцизден босатылған өткізілген шарап материалы құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 VIII В жолында көрсетілген сомасы көшіріледі;

11) 400.00.014 IX жолында акцизден босатылған өткізілген темекі бұйымдарының құны көрсетіледі;

12) 400.00.014 X жолында акцизден босатылған өткізілген бензиннің (авиациялықты қоспағанда) құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 IX В жолында көрсетілген сомасы көшіріледі;

13) 400.00.014 XI жолында акцизден босатылған өткізілген дизель отынының құны көрсетіледі. Осы жолға 421.00.009 X В жолында көрсетілген сомасы көшіріледі;

14) 400.00.014 XII жолында акцизден босатылған өткізілген шикі мұнай, газ конденсаты құны көрсетіледі;

15) 400.00.014 XIII жолында акцизден босатылған Салық кодексінің 279-бабы б) тармақшасында көзделген өткізілген акцизделетін тауарлар құны көрсетіледі;

16) 400.00.014 XIV жолында акцизден босатылған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы бальзамдар басқа құрамында спирт бар өнімнің сомасы көшіріледі.

17 "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде жолда "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолын қамтуы тиіс, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Спирт және (немесе) шарап материалы бойынша салық салынатын операциялар - 400.01-нысанын жасау

18. Осы нысан өз өндірісіндегі спирттің және шарап материалының барлық түрлері бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған, мынадай салық төлеушілер толтырады:

1) спирт және (немесе) шарап материалын өндірушілер;

2) спирттің және (немесе) шарап материалының конкурстық массасын өткізуді жүзеге асыратындар;

3) емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсету үшін сатып алынған спиртті мақсатсыз пайдалануды жүзеге асыратындар, сондай-ақ базалықтан төмен ставка бойынша акцизбен спирт және шарап материалын сатып алғандар және оны алкоголь өнімінің өндірісіне пайдаланбайтындар.

19. Әрбір өнім түріне жеке бет жасалады.

20. "Спирт және (немесе) шарап материалы бойынша салық салынатын операциялар" деген бөлімде:

1) А бағанында салық базасының мөлшері (литр) көрсетіледі;

2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) 400.01.001 А жолында өнімінің түрі көрсетіледі;

5) 400.01.001 В жолында тиісті бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі.

6) 400.01.002 жолында алкоголь өнімін өндіру үшін өткізілген спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 400.01.003 жолында алкоголь өнімін өндіру үшін сатылмайтын спирт және (немесе) шарап материалы жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

Бұл жолда алкоголь өнімін өндірушілерге спиртті өткізу туралы мәліметтер, сондай-ақ емдік және фармацевтік құралдарды өндіруге және медициналық қызмет көрсетуге арналған спиртті және (немесе) шарап материалын өткізу туралы мәліметтер көрсетілмейді;

21. 400.01.004 жолында өз өндірісінің қажеттілігі үшін пайдаланылатын спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

22. 400.01.005 жолында акцизделетін тауарларды өзі өндіру үшін пайдаланылған спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

23. 400.01.006 жолында алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге берілген спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

24. 400.01.007 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

25. 400.01.008 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

26. 400.01.009 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиіп-жөнелтілген спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

27. 400.01.010 жолында конкурстық массасы өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

28. 400.01.011 жолында спирт және (немесе) шарап материалын өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

29. 400.01.012 жолында бүлінуі немесе жоғалуы фактісі анықталған спирт және (немесе) шарап материалы бойынша мәліметтер көрсетіледі;

30. 400.01.013 жолында алкоголь өнімінің өндірісі, емдік және фармацевтік құралдар өндіру мен медициналық қызмет көрсету үшін сатып алынған, бірақ мақсаты бойынша пайдаланылмаған спирт бойынша мәліметтер көрсетіледі;

31. 400.01.014 жолында алкоголь өнімінің өндірісі үшін сатып алынған кезде спиртті және (немесе) шарап материалын жеткізушілерге төленген акциз сомасы көрсетіледі.

400.01.014 жолы 400.01.013 жолы толтырылған жағдайда толтырылады. Жол спиртті және (немесе) шарап материалын жеткізушіге акцизді есепке алумен төленгенін растайтын төлем құжаттарының негізінде толтырылады;

32. 400.01.015 жолында 400.01.014 жолы шегерілген 400.01.001С 400.01.013С жолдарының сомасы ретінде айқындалатын салық салынатын акцизделетін өнімдер бойынша операцияларға есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі.

33. 400.01-нысанының барлық беттері бойынша 400.01.015 жолының сомасы декларацияның 400.00.001 жолына көшіріледі.

4. Алкоголь өнімі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім бойынша салық салынатын операциялар – 400.02-нысанын жасау

34. Бұл нысан салық кезеңінің ішінде жасалған өзінің өндірісінің алкоголь өнімдері (шарап материалын қоспағанда) бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

35. Алкоголь өнімінің әрбір түріне жеке бет жасалады.

36. "Алкоголь өнімі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім бойынша салық салынатын операциялар" деген бөлімде:

- 1) 400.02.001 А жолында алкоголь өнімінің түрі көрсетіледі;
- 2) 400.02.001 В жолында тиісті бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі;
- 3) 400.02.002 жолында өткізілген өзінің өндірісінің алкоголь өнімдерінің көлемі көрсетіледі;
- 4) 400.02.003 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген өзінің өндірісінің алкоголь өнімдерінің көлемі көрсетіледі;
- 5) 400.02.004 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған алкоголь өнімдерінің көлемі көрсетіледі;
- 6) 400.02.005 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген алкоголь өнімдерінің көлемі көрсетіледі;
- 7) 400.02.006 жолында салық төлеушінің өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі;
- 8) 400.02.007 жолында алкоголь өнімінің өткізілген конкурстық массасының көлемі көрсетіледі;
- 9) 400.02.008 жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі;
- 10) 400.02.009 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі;
- 11) 400.02.010 жолында есепке алу-бақылау таңбасы бүлінген немесе жоғалған кезде салық салынатын базаға енгізілетін алкоголь өнімінің көлемі көрсетіледі. 400.02.010 жолының С бағанының жиынтық сомасы 400.02.010 I, 400.02.010 II және 400.02.010 III жолдарының сомасы ретінде айқындалады;
- 12) А бағанының 400.02.010 I, 400.02.010 II және 400.02.010 III жолдарында бүлінген немесе жоғалған есепке алу-бақылау таңбасының саны көрсетіледі;
- 13) В бағанының 400.02.010 I, 400.02.010 II және 400.02.010 III жолдарында тұтыну ыдысының сыйымдылығы көрсетіледі;
- 14) С бағанының 400.02.010 I, 400.02.010 II және 400.02.010 III жолдарында А және В бағандарының тиісті жолдарының туындысы ретінде есептелетін салық базасы көрсетіледі;
- 15) 400.02.011 жолында 400.02.002-ден 400.02.010-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;
- 16) 400.02.012 жолында белгіленген акциз ставкасы көрсетіледі;
- 17) 400.02.013 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

37. Осы Қағидалардың 25-тармағы 3) – 11) тармақшаларында көрсетілген жолдар литрде салық базасын көрсетуге арналған.

38. Арақ, ликер-арақ өнімдері, коньяк, бренди үшін салық базасы ретінде 100 пайыздық спирттің литрі қаралады.

39. 400.02.013 жолының 400.02-нысанының барлық беттер бойынша сомасы декларацияның 400.00.002 жолына көшіріледі.

5. Темекі бұйымдары бойынша салық салынатын операциялар – 400.03-нысанын жасау

40. Бұл нысан құрамында никотині бар фармацевтикалық өнімді қоспағанда, тұтынушы ыдысына қорапталған және соңғы тұтынушыға арналған фильтрлі сигареталарды, фильтрсіз сигареталарды, папиростарды, сигараларды, сигариллаларды, шегетін, трубкалы, шайнайтын, соратын, иіскейтін, кальянды және өзге темекіні (бұдан әрі – темекі) қоса алғанда, өз өндірісінің темекі бұйымдары бойынша, сондай-ақ конкурстық массасын өткізу бойынша салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

41. Бұл нысанды толтыру кезінде акциз ставкасы темекі бұйымдарының бір данасының және/немесе килограммының есебін негізге ала отырып көрсетіледі. Ол үшін темекі бұйымдарының бірлікке белгіленген данадағы өлшемін, акциз ставкасын 1000 бөлу қажет.

42. Темекі бұйымдарының әрбір түріне жеке бет жасалады.

43. "Темекі бұйымдары бойынша салық салынатын операциялар" деген бөлімде:

- 1) 400.03.001 А жолында темекі бұйымының түрі көрсетіледі;
- 2) 400.03.001 В жолында тиісті бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі;
- 3) 400.03.002 жолында өткізілген темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;
- 4) 400.03.003 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;
- 5) 400.03.004 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;
- 6) 400.03.005 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиіп-жөнелтілген темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;
- 7) 400.03.006 жолында салық төлеушінің өзінің өндірістік қажеттіліктеріне және акцизделетін тауарларды өзі өндіру үшін пайдаланылған темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;
- 8) 400.03.007 жолында темекі бұйымдарының өткізілген конкурстық массасының саны көрсетіледі;

9) 400.03.008 жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген темекі өнімдерінің саны көрсетіледі;

10) 400.03.008 А жолында өткізуге арналған темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;

11) 400.03.008 В жолында экспортқа арналған темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;

12) 400.03.009 жолында Салық Кодексінің 290-бабының 2-тармағына сәйкес салық базасын түзетуі көрсетіледі;

13) 400.03.010 жолында бұліну немесе жоғалу фактісі анықталған темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;

14) 400.03.011 жолында акциздік таңбалары бүлінген немесе жоғалған кезде салық салу базасына енгізілетін темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;

15) А бағанының 400.03.011 жолында бүлінген және жоғалған акциздік таңбалардың саны көрсетіледі;

16) В бағанының 400.03.011 жолында данамен, қорапта килограммен темекі бұйымдарының саны көрсетіледі;

17) 400.03.012 жолында темекі бұйымдары бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жол 400.03.008 В жолының сомасын шегерілген 400.03.001-даң 400.03.011-ге жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

18) 400.03.013 жолында акциз ставкасы көрсетіледі;

19) 400.03.014 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.03.012 және 400.03.013 жолдарының туындысы мен 400.03.009 жолының сомасын шегерілген сомасы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі.

44. 400.03.014 жолының 400.03-нысанының барлық беттер бойынша сомасы декларацияның 400.00.003 жолына көшіріледі.

6. Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша салық салынатын операциялар – 400.04-нысанын жасау

45. Бұл нысан шикі мұнай, газ конденсаты бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнайдың конкурстық массасын өткізу бойынша салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

46. "Шикі мұнай, газ конденсаты бойынша салық салынатын операциялар" деген бөлімде:

1) 400.04.001 жолында экспортқа өткізілетін шикі мұнайдан, газ конденсатынан басқа, өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

2) 400.04.002 жолында экспорт бойынша өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

3) 400.04.002 А жолында Кеден одағы елдеріне экспорт бойынша өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

4) 400.04.002 В жолында үшінші елдерге экспорт бойынша өткізілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

5) 400.04.003 жолында алыс-беріс негізінде қайта өңдеуге берілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

6) 400.04.004 жолында салық төлеушінің өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

7) 400.04.005 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

8) 400.04.006 жолында заттай төлем кезінде пайдаланылған шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

9) 400.04.007 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиіп-жөнелтілген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

10) 400.04.008 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген шикі мұнайдың, газ конденсатының өткізілген конкурстық массасының көлемі көрсетіледі;

11) 400.04.009 жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

12) 400.04.010 жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

13) 400.04.011 жолында шикі мұнай, газ конденсаты бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері анықталады. Осы жол 400.04.001-ден 400.04.010-ға арасындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

14) 400.04.012 жолында акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

15) 400.04.013 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.04.011 және 400.04.012 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі.

47. 400.04.013 жолының сомасы декларацияның 400.00.004 жолына көшіріледі.

48. Осы Қағидалардың 37-тармағы 1)–11) тармақшаларында көрсетілген жолдар тоннада салық базасын көрсетуге арналған.

7. Бензин (авиациялықты қоспағанда), дизель отыны бойынша салық салынатын операциялар – 400.05-нысанын жасау

49. Бұл нысан бензин (авиациялықты қоспағанда), дизель отыны (бұдан әрі – мұнай өнімдері) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген мұнай өнімдерінің конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңі ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

50. "Бензин (авиациялықты қоспағанда)" деген бөлімде:

1) А бағанында салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері тоннада көрсетіледі;

2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексі 289-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі;

4) 400.05.001 жолында көтерме саудада өткізілген бензин (авиациялықты қоспағанда) (бұдан әрі – бензин) бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 400.05.001 I, 400.05.001 II, 400.05.001 III, 400.05.001 IV, 400.05.001 V жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

5) 400.05.001 I жолында бензинді көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

6) 400.05.001 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында немесе импорт бойынша сатып алынған бензинді көтерме саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

7) 400.05.001 III жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне бензинді тиеп-жөнелту бойынша мәлімет көрсетіледі;

8) 400.05.001 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

9) 400.05.001 V жолында өндіруші лицензияда көрсетілген өндіріс мекен-жайынан көшірген бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

10) 400.05.002 жолында бөлшек саудада өткізілген бензин бойынша мәлімет көрсетіледі. Бұл жол 400.05.002 I – 400.05.002 VII арасындағы жолдардың сомасы ретінде айқындалады;

11) 400.05.002 I жолында бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

12) 400.05.002 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында немесе импорт бойынша сатып алынған бензинді бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

13) 400.05.002 III жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

14) 400.05.002 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

15) 400.05.002 V жолында бүліну немесе жоғалу фактісі белгіленуіне қатысты , бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

16) 400.05.002 VI жолында өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

17) 400.05.002 VII жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған, Қазақстан Республикасында одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензин бойынша мәлімет көрсетіледі;

18) 400.05.003 жолында 400.05.001 және 400.05.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады. Бұл жол 400.05.001 және 400.05.002 жолдардың сомасы ретінде айқындалады.

51. "Дизель отыны" деген бөлімде:

1) 400.05.004 жолында көтерме саудада өткізілген дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 400.05.004 I, 400.05.004 II, 400.05.004 III, 400.05.004 IV, 400.05.004 V жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

2) 400.05.004 I жолында дизель отынын көтерме сату бойынша мәлімет көрсетіледі;

3) 400.05.004 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында немесе импорт бойынша сатып алынған дизель отынын көтерме саудада сату бойынша мәлімет көрсетіледі;

4) 400.05.004 III жолында алдағы өткізулерге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне дизель отынын тиеп-жөнелту бойынша мәлімет көрсетіледі;

5) 400.05.004 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша акциз есептеу туралы мәлімет көрсетіледі;

6) 400.05.004 V жолында өндірушінің лицензияда көрсетілген мекен-жайдан дизель отынын көшіру бойынша мәлімет көрсетіледі;

7) 400.05.005 жолында бөлшек саудада өткізілген дизель отыны бойынша акцизді есептеу туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл жол 400.05.005 I, 400.05.005 II, 400.05.005 III, 400.05.005 IV, 400.05.005 V, 400.05.005 VI, 400.05.005 VII жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

8) 400.05.005 I жолында дизель отынын бөлшек сату бойынша мәлімет көрсетіледі;

9) 400.05.005 II жолында бұрын Қазақстан Республикасында сатып алынған немесе импортталған дизель отынын бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

10) 400.05.005 III жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

11) 400.05.005 IV жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын бөлшек саудада өткізу бойынша мәлімет көрсетіледі;

12) 400.05.005 V жолында бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

13) 400.05.005 VI жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

14) 400.05.005 VII жолында өз өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған, Қазақстан Республикасы аумағында алдағы өткізулер үшін бұрын сатып алынған дизель отыны бойынша мәлімет көрсетіледі;

15) 400.05.006 жолында 400.05.004 және 400.05.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері, сондай-ақ осы операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасы айқындалады. Бұл жол 400.05.004 және 400.05.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

52. "Акцизді есептелді" деген бөлімде:

1) 400.05.007 жолында бензин және дизель отыны бойынша есептелген акциз туралы мәліметтер көрсетіледі, ол екі бағаннан тұрады:

2) А бағанында бюджет жіктемесінің коды көрсетіледі. Бір бюджет жіктемесіне бір жол сәйкес келеді;

3) В бағанында есепті ай үшін есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

53. 400.05.003 С және 400.05.006 С жолдарының жиынтық сомасы декларацияның 400.00.005 және 400.00.006 жолдарына сәйкесінше көшіріледі.

8. Салықтан шегерім – 400.06-нысанын жасау

54. Бұл нысан салық кезеңінде акцизделетін өнімдер өндіруге нақты пайдаланылған шикізатқа төленген және Салық кодексінің 291-бабына сәйкес шегерімге жататын акциз сомасын есептеуге арналған.

55. "Шегерім сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі, ол 00000001 жолынан басталады;

2) В бағанында бюджеттік жіктеу коды көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде акцизделетін тауар өндіруге пайдаланылған шикізаттың көлемі көрсетіледі;

4) D бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

5) Е бағанында шегерімге жатқызылатын акциз сомасы көрсетіледі.

56. Е бағанында 00000001 жолының жиынтық сомасы декларацияның 400.00.010 жолына көшіріледі.

9. Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар – 400.07-нысанын жасау

57. 400.07-нысаны Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлар бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

58. "Акциз салуға жатпайтын акцизделетін тауарлар" деген бөлімде:

1) 400.07.001 А жолында Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған басты мекеменің өткізілген акцизделетін тауарлардың көлемі, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлардың көлемі көрсетіледі;

2) 400.07.001 I А жолында өткізілген спирттің көлемі көрсетіледі;

3) 400.07.001 II А жолында өткізілген арақтың және айрықша арақтың көлемі көрсетіледі;

4) 400.07.001 III А жолында өткізілетін ликер-арақ өнімінің көлемі көрсетіледі;

5) 400.07.001 IV А жолында өткізілген шарап көлемі көрсетіледі;

6) 400.07.001 V А жолында өткізілген коньяк көлемі көрсетіледі;

7) 400.07.001 VI А жолында өткізілген бренди көлемі көрсетіледі;

8) 400.07.001 VII А жолында өткізілген сыра көлемі көрсетіледі;

9) 400.07.001 VIII А жолында өткізілген шарап материалы көлемі көрсетіледі;

10) 400.07.001 IX А жолында өткізілген темекі бұйымының көлемі көрсетіледі;

11) 400.07.001 X A жолында өткізілген бензин (авиациялықты қоспағанда) көлемі көрсетіледі;

12) 400.07.001 XI A жолында өткізілген дизель отыны көлемі көрсетіледі;

13) 400.07.001 XII A жолында өткізілген шикі мұнай, газ конденсаты көлемі көрсетіледі;

14) 400.07.001 XIII A жолында Салық кодексінің 279-бабы 6) тармақшасында көзделген өткізілетін акцизделетін тауарлар көлемі көрсетіледі;

15) 400.07.001 B жолында Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған басты мекеменің өткізілген акцизделетін тауарлардың құны, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан бүлінген, жоғалған кездегі акцизделетін тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жол 400.07.001 I B, 400.07.001 II B, 400.07.001 III B, 400.07.001 IV B, 400.07.001 V B, 400.07.001 VI B, 400.07.001 VII B, 400.07.001 VIII B, 400.07.001 IX B, 400.07.001 X B, 400.07.001 XI B, 400.07.001 XII B, 400.07.001 XIII B жолдарының сомасы болып анықталады;

16) 400.07.001 I B жолында өткізілген спирттің құны көрсетіледі;

17) 400.07.001 II B жолында өткізілген арақтың және айрықша арақтың құны көрсетіледі;

18) 400.07.001 III B жолында өткізілетін ликер-арақ өнімінің құны көрсетіледі

;

19) 400.07.001 IV B жолында өткізілген шарап құны көрсетіледі;

20) 400.07.001 V B жолында өткізілген коньяк құны көрсетіледі;

21) 400.07.001 VI B жолында өткізілген бренди құны көрсетіледі;

22) 400.07.001 VII B жолында өткізілген сыра құны көрсетіледі;

23) 400.07.001 VIII B жолында өткізілген шарап материалы құны көрсетіледі;

24) 400.07.001 IX B жолында өткізілген темекі бұйымдарының құны көрсетіледі;

25) 400.07.001 X B жолында өткізілген бензин (авиациялықты қоспағанда) құны көрсетіледі;

26) 400.07.001 XI B жолында өткізілген дизель отыны құны көрсетіледі;

27) 400.07.001 XII B жолында өткізілген шикі мұнай, газ конденсаты құны көрсетіледі;

28) 400.07.001 XIII B жолында Салық кодексінің 279-бабы 6) тармақшасында көзделген өткізілетін акцизделетін тауарлар құны көрсетіледі;

29) 400.07.002 A жолында акциз салудан босатылған емдік және фармацевтік құралдарды дайындауға жіберілген этиль спиртінің көлемі көрсетіледі;

30) 400.07.002 B жолында акциз салудан босатылған емдік және фармацевтік құралдарды дайындауға жіберілген этиль спиртінің құны көрсетіледі;

31) 400.07.003 А жолында мемлекеттік медициналық мекемелерге жіберілген этиль спиртiнiң көлемi көрсетiледi;

32) 400.07.003 В жолында мемлекеттік медициналық мекемелерге жіберілген этиль спиртiнiң құны көрсетiледi;

33) 400.07.004 жолында акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлардың жиынтық құны көрсетiледi. Осы жол 400.07.001 В-ден 400.07.003 В-ге жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

59. 400.07.004 В жолының сомасы декларацияның 400.00.013 жолына көшіріледі.

60. Өткізілетін акцизделетін тауар көлемі салық базасына сәйкес айқындалады.

10. Салық кодексінің 279-бабы 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарлар бойынша салық салынатын операциялар – 400.08-нысанын жасау

61. 400.08-нысаны Салық кодексінің 279-бабы 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарлар (бұдан әрі – акцизделетін тауарлар) бойынша, сондай-ақ тәркіленген және (немесе) иесіз, мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне тегін берілген жеңіл автомобильдердің конкурстық массасын өткізу бойынша есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

62. "Салық кодексінің 279-бабы 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарлар бойынша салық салынатын операциялар" деген бөлімде:

1) 400.08.001 жолында өткізілген акцизделетін тауарлар саны көрсетiледi;

2) 400.08.002 жолында жарғылық капиталға жарна ретінде берілген акцизделетін тауарлар саны көрсетiледi;

3) 400.08.003 жолында заттай төлеу кезінде пайдаланылған акцизделетін тауарлар саны көрсетiледi;

4) 400.08.004 жолында өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп-жөнелтілген акцизделетін тауарлар саны көрсетiледi;

5) 400.08.005 жолында төлеушінің өз өндірістік қажеттіліктері үшін пайдаланылған акцизделетін тауарлар саны көрсетiледi;

6) 400.08.006 жолында тәркіленген және (немесе) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен иесіз және мемлекет меншігіне тегін берілген акцизделетін тауарлар өткізілген конкурстық массасының саны көрсетiледi;

7) 400.08.007 жолында өндіруші лицензияда көрсетілген мекенжайдан көшірген акцизделетін тауарлар саны көрсетiледi;

8) 400.08.008 жолында бүліну немесе жоғалу анықталған өз өндірісі акцизделетін тауарлар саны көрсетіледі;

9) 400.08.008 жолында акцизделетін тауарлар есепті салық кезеңінің ішінде жасалған салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшері көрсетіледі. Осы жол 400.08.001-ден 400.08.008-ге жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

10) 400.08.010 жолында қозғалтқыштың 1 текше см. көлемі үшін акциздің белгіленген ставкасы көрсетіледі;

11) 400.08.011 жолында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген, 400.08.009 және 400.08.010 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын акциз сомасы көрсетіледі.

63. 400.08.011 жолының сомасы декларацияның 400.00.007 жолына көшіріледі.

64. Осы Қағидалардың 63-тармағы 1)–9) тармақшаларында көрсетілген жолдар текше см салық базасын көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
36-қосымша
нысан 421.00 Бет 01

Құрылымдық бөлімшелер немесе салық салуға байланысты объектілері үшін акциз есебі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
37-қосымша

Құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (421.00-нысаны)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (421.00-нысаны) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және құрылымдық бөлімшесі немесе салық салуға байланысты объектілері бар акциз төлеушілердің Салық кодексінің 9-бөліміне сәйкес құрылымдық бөлімшелер жүзеге асырған операциялар бойынша немесе салық салуға байланысты объектілер бойынша спиртке, алкоголь өнімдеріне, бензинге (авиациялықтан басқа), дизель отынына акциз сомаларын есептеуіне арналған акциз салық есептілігін (есебін) (бұдан әрі – есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есеп есептің (421.00-нысан) өзінен және салық міндеттемелерін есептеу туралы ақпараттарды егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (421.01-ден 421.04-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Есепке қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін есептегі жолдар толтырылған кезде міндетті түрде жасалады.

6. Есепке қосымшаларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған кезде олар жасалмайды.

7. Есепке қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, есепке қосымшалардың осыған ұқсас парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Есепті табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (421.00-нысаны)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) нөмірі;

2) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің БСН;

3) акциздерді есептеу:

егер акциздерді есептеу салық салуға байланысты объектілері үшін жүзеге асырылған жағдайда А торкөзі белгіленеді;

егер акциздерді есептеу құрылымдық бөлімшелер үшін жүзеге асырылған жағдайда В торкөзі белгіленеді;

егер акциздерді есептеу құрылымдық бөлімшенің салық салуға байланысты объектілері үшін жүзеге асырылған жағдайда С торкөзі белгіленеді;

4) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің атауы;

5) салық органының коды:

А жолында салық салуға байланысты объектінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

В жолында заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің тіркеу есебі орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (айы, жылы) – есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

7) есептің түрі.

Тиісті торкөздер есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызу есебімен белгіленеді;

8) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген есеп түрі табыс етілген жағдайда толтырылады;

9) салық төлеушінің санаты.

Егер төлеуші А жолында көрсетілген санатқа жатқызылған жағдайда торкөзге белгі жасалады;

10) валюта коды.

"Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

11) табыс етілген қосымшалар.

Табыс етілген қосымшалардың торкөздері белгіленеді.

15. "Құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер үшін акциз есептелді" деген бөлімде:

1) 421.00.001 жолында меншікті өндірісінің спирті және (немесе) шарап материалы бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 421.01.002 – 421.01.004 жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

2) 421.00.002 жолында алкоголь өнімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім және (немесе) конкурстық массаны өткізу, алкоголь өнімі бойынша есептелген акциздің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 421.02-нысаны F бағанының 00000001 жиынтық жолында көрсетілген сома көшіріледі;

3) 421.00.003 жолында 421.00.001-ден 421.00.002-ге дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объекті үшін есептелген жалпы акциз сомасы көрсетіледі;

4) 421.00.004 жолында алкоголь өнімі бойынша салықтан шегеру сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 421.03-нысаны E бағанының 00000001 жиынтық жолында көрсетілген сома көшіріледі;

5) 421.00.005 жолында 421.00.003 және 421.00.004 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын алкоголь өнімі бойынша есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 421.00.006 жолында бензин (авиациалықтан басқа) және (немесе) дизель отыны бойынша есептелген акциз сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 421.04.003 С және 421.04.006 С жолдарында көрсетілген сома көшіріледі;

7) 421.00.007 жолында бензин (авиациалықтан басқа) және (немесе) дизель отыны бойынша салықтан шегеру сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 421.04.007 С жолында көрсетілген жиынтық сомасы көшіріледі;

8) 421.00.008 жолында бензин (авиациалықтан басқа) және (немесе) дизель отыны бойынша есептелген акциздің жалпы сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 421.04.008 В жолында көрсетілген жиынтық сомасы көшіріледі.

16. "Акциз салудан босатылған акцизделетін тауарлар" деген бөлімде:

1) 421.00.009 А жолында құрылымдық бөлімше өткізген Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған акцизделетін тауарлардың көлемі, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан акцизделетін тауарлардың бүлінген, жоғалған кездегі көлемі көрсетіледі;

2) 421.00.009 I А жолында өткізілген спирттің көлемі көрсетіледі;

3) 421.00.009 II А жолында өткізілген арақтың және айрықша арақтың көлемі көрсетіледі;

4) 421.00.009 III А жолында өткізілген ликер-арақ өнімдерінің көлемі көрсетіледі;

5) 421.00.009 IV А жолында өткізілген шараптың көлемі көрсетіледі;

6) 421.00.009 V А жолында өткізілген коньяктың көлемі көрсетіледі;

7) 421.00.009 VI А жолында өткізілген бренди көлемі көрсетіледі;

8) 421.00.009 VII А жолында өткізілген сыра көлемі көрсетіледі;

9) 421.00.009 VIII А жолында өткізілген шарап материалының көлемі көрсетіледі;

10) 421.00.009 IX А жолында өткізілген бензиннің (авиациялықтан басқа) көлемі көрсетіледі;

11) 421.00.009 X А жолында өткізілген дизель отынының көлемі көрсетіледі;

12) 421.00.009 XI А жолында өткізілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирт бар өнімнің (бальзамдардан басқа) көлемі көрсетіледі.

13) 421.00.009 В жолында құрылымдық бөлімше өткізген Салық кодексінің 281-бабы 3-тармағына сәйкес акциздерден босатылған акцизделетін тауарлардың құны, сондай-ақ Салық кодексінің 285-бабы 1-тармағына сәйкес төтенше оқиғалар салдарынан акциздер салудан босатылған бүлінген, жоғалған акцизделетін тауарлардың құны көрсетіледі. Бұл жол 421.00.009 I В, 421.00.009 II В, 421.00.009 III В, 421.00.009 IV В, 421.00.009 V В, 421.00.009 VI В, 421.00.009 VII В, 421.00.009 VIII В, 421.00.009 IX В, 421.00.009 X В жолдарын қамтиды;

14) 421.00.009 I В жолында өткізілген спирттің құны көрсетіледі;

15) 421.00.009 II В жолында өткізілген арақтың және айрықша арақтың құны көрсетіледі;

16) 421.00.009 III В жолында өткізілген ликер-арақ өнімдерінің құны көрсетіледі;

17) 421.00.009 IV В жолында өткізілген шараптың құны көрсетіледі;

18) 421.00.009 V В жолында өткізілген коньяктың құны көрсетіледі;

19) 421.00.009 VI В жолында өткізілген бренди құны көрсетіледі;

20) 421.00.009 VII В жолында өткізілген сыра құны көрсетіледі;

21) 421.00.009 VIII В жолында өткізілген шарап материалының құны көрсетіледі;

22) 421.00.009 IX В жолында өткізілген бензиннің (авиациялықтан басқа) құны көрсетіледі;

23) 421.00.009 X В жолында өткізілген дизель отынының құны көрсетіледі;

24) 421.00.009 XI В жолында өткізілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирт бар өнімнің (бальзамдардан басқа) құны көрсетіледі.

17. Өткізілген акцизделетін тауар көлемі салық базасына сәйкес айқындалады

18. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Басшының Т.А.Ә." жолында басшының құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Егер есепті жеке тұлға табыс еткен кезде "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында салық төлеушінің жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) есептің тапсырылған күні.

Салық органына есептің тапсырылған күні көрсетіледі;

3) "Есепті қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

4) құрылымдық бөлімшенің немесе салық салуға байланысты объектінің тіркеу орны бойынша есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) салық органының коды.

Төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Спирт және (немесе) шарап материалы бойынша салық салынатын операциялар - 421.01-нысанын жасау

19. Бұл нысан меншікті өндірісінің спирті және (немесе) шарап материалы бойынша салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

20. "Спирт бойынша акциз сомасы" деген бөлімде:

- 1) А бағанында салық базасы көрсетіледі (литр);
- 2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;
- 3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) 421.01.001 I жолы алкоголь өнімдерін өндіру үшін тиеп-жөнелтілген меншікті өндірісінің спиртті бойынша акциздің есептелуі туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

5) 421.01.001 II жолында алкоголь өнімдерін өндіру үшін емес тиеп-жөнелтілген меншікті өндірісінің спиртті бойынша акциздің есептелуі туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

6) 421.01.002 жолы С бағанының 421.01.001 I және С бағанының 421.01.001 II жолдарының сомалары ретінде айқындалатын спирт бойынша есептелген акциздің қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

21. "Шарап материалы бойынша акциз сомасы" деген бөлімде:

- 1) А бағанында салық базасы көрсетіледі (литр);
- 2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;
- 3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

4) 421.01.003 I жолы алкоголь өнімдерін өндіру үшін тиеп-жөнелтілген меншікті өндірісінің шарап материалы бойынша акциздің есептелуі туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

5) 421.01.003 II жолы алкоголь өнімдерін өндіру үшін емес тиеп-жөнелтілген меншікті өндірісінің шарап материалы бойынша акциздің есептелуі туралы мәліметтерді көрсетуге арналған;

6) 421.01.004 жолы С бағанының 421.01.003 I және С бағанының 421.01.003 II жолдарының сомасы ретінде айқындалған шарап материалы бойынша есептелген акциздің қорытынды сомасын көрсетуге арналған.

22. 421.01.002 және 421.01.004 жолдарының сомасы 421.00.001 жолына көшіріледі.

4. Алкоголь өнімі, спирт және (немесе) алкоголь өнімінің конкурстық массасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спиртті бар медициналық мақсаттағы өнім бойынша салық салынатын операциялар - 421.02-нысанын жасау

23. Бұл нысан есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің спирттің, алкоголь өнімін өндіру үшін нақты пайдаланылған шикізат үшін төленген және Салық

кодексінің 291-бабына сәйкес шегерімге жататын акциз сомаларын есептеуге арналған.

24. "Акциз сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында 00000001 жолынан басталатын жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында түр-түрлері қимасында көрсетілмей, өнім түрлері көрсетіледі;

3) С бағанында тиісті бюджет сыныптауышының коды көрсетіледі.

Бір бюджет сыныптауышының кодына бір жол сәйкес келеді;

4) D бағанында алкоголь өнімінің көрсетілген түрі бойынша салық базасы көрсетіледі;

5) E бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

6) F бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес есептелген акциз сомасы көрсетіледі;

7) F бағанының 00000001 жолында F бағаны бойынша жиынтық сома көрсетіледі.

Осы нысанның F бағанының 00000001 жолының жиынтық сомасы 421.00.002 жолына көшіріледі.

25. Арақ, ликер-арақ өнімдері, коньяк, бренди үшін салық базасы болып 100 пайыздық спирті литр қаралады, алкоголь өнімдерінің басқа түрлері бойынша литрде көрсетіледі.

5. Алкоголь өнімдері бойынша салықтан шегерім – 421.03-нысанын жасау

26. Бұл нысан есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің өндірісі үшін нақты пайдаланылған және Салық кодексінің 291-бабына сәйкес шегерімге жататын шикізат үшін төленген акциз сомасын есептеуге арналған.

27. "Шегерім сомасы" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында бюджет сыныптауышының коды көрсетіледі;

3) С бағанында есепті салық кезеңінде алкоголь өнімінің өндірісіне пайдаланылған шикізаттың көлемі (литр) көрсетіледі. Акцизделетін тауар шикізатының пайдаланылған көлемі салық базасына сәйкес айқындалады;

4) D бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

5) E бағанында шегерімге жататын акциз сомасы көрсетіледі.

6) E бағанының 00000001 жолында E бағаны бойынша жиынтық сома көрсетіледі.

Осы нысанның E бағанының 00000001 жолының жиынтық сомасы 421.00.004 жолына көшіріледі.

6. Бензин (авиациялықтан басқа) және (немесе) дизель отыны бойынша салық салынатын операциялар – 421.04-нысанын жасау

28. "Құрылымдық бөлімшемен немесе салық салуға байланысты объектілермен жүзеге асырылатын бензин (авиациялықтан басқа) бойынша операциялар" бөлімі бензин (авиациялықтан басқа) бойынша салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшемен немесе салық салуға байланысты объектілермен жүзеге асырылған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған:

1) А бағанында салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері көрсетіледі. Салық базасы тоннада көрсетіледі;

2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі;

4) 421.04.01 жолында 421.04.001 I-ден 421.04.001 IV-ке дейінгі жолдары сомасы ретінде айқындалатын көтерме сауда саласында өткізілген бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

5) 421.04.001 I жолында құрылымдық бөлімшелер өндірген немесе салық салуға байланысты объектілер өндірген бензинді көтерме саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

6) 421.04.001 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған бензинді көтерме өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 421.04.001 III жолында тәркіленген және (немесе) иесіз, мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне тегін берілген бензиннің конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 421.04.001 IV жолында лицензияда көрсетілген өндіріс мекенжайынан өндіруші жүзеге асыратын акцизделетін тауарларды жылжыту бойынша мәліметтер көрсетіледі;

9) 421.04.002 жолында 421.04.002 I-ден 421.04.002 VI-ға дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалатын бөлшек сауда саласында өткізілген бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

10) 421.04.002 I жолында құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер өндірген бензинді бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

11) 421.04.002 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған бензинді бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

12) 421.04.002 III жолында тәркіленген және (немесе) иесіз, мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне тегін берілген

бензиннің конкурстық массасын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

13) 421.04.002 IV жолында оның бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

14) 421.04.002 V жолында өзінің өндірістік қажеттілігіне пайдаланылған меншікті өндірісінің бензині бойынша мәліметтер көрсетіледі;

15) 421.04.002 VI жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған және өз өндірісінің қажеттілігіне пайдаланылған бензин бойынша мәліметтер көрсетіледі;

16) 421.04.003 жолы 421.04.001, 421.04.002 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшерін, сондай-ақ осы 421.04.001 және 421.04.002 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасын айқындауға арналған.

29. "Құрылымдық бөлімшемен немесе салық салуға байланысты объектілермен жүзеге асырылатын дизель отыны бойынша операциялар" деген бөлімде дизель отыны бойынша есепті салық кезеңінің ішінде құрылымдық бөлімшемен немесе салық салуға байланысты объектілермен жасалған салық салынатын операциялар туралы ақпаратты көрсетуге арналған:

1) А бағанында салық салынатын операциялар бойынша салық базасының мөлшері көрсетіледі. Салық базасы тоннада көрсетіледі;

2) В бағанында акциз ставкасы көрсетіледі;

3) С бағанында Салық кодексінің 289-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын операциялар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі;

4) 421.04.004 жолында 421.04.004 I бастап 421.04.004 IV дейінгі жолдардың сомалары ретінде айқындалатын көтерме сауда саласында сатылған дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

5) 421.04.004 I жолында құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер өндірген дизель отынын көтерме саудада өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

6) 421.04.004 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған дизель отынын көтерме саудада өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

7) 421.04.004 III жолында тәркіленген және (немесе) иесіз, мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын көтерме саудада өткізу бойынша мәліметтер көрсетіледі;

8) 421.04.004 IV жолында лицензияда көрсетілген өндіріс мекенжайынан өндіруші жүзеге асыратын акцизделетін тауарларды жылжыту бойынша мәліметтер көрсетіледі;

9) 421.04.005 жолында 421.04.005 I-ден 421.04.005 VI-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын бөлшек сауда саласында өткізілген дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

10) 421.04.005 I жолында құрылымдық бөлімше немесе салық салуға байланысты объектілер өндірген дизель отынын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

11) 421.04.005 II жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған дизель отынын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

12) 421.04.005 III жолында тәркіленген және (немесе) иесіз, мемлекетке мұралау құқығы бойынша өткен және мемлекет меншігіне тегін берілген дизель отынының конкурстық массасын бөлшек саудада сату бойынша мәліметтер көрсетіледі;

13) 421.04.005 IV жолында ол бойынша бүліну немесе жоғалу фактісі анықталған дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

14) 421.04.005 V жолында өзінің өндірісінің қажеттілігіне пайдаланылған меншікті өндірісінің дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

15) 421.04.005 VI жолында бас ұйымнан немесе жеткізушіден алынған және өз өндірісінің қажеттілігіне пайдаланылған дизель отыны бойынша мәліметтер көрсетіледі;

16) 421.04.006 жолы 421.04.004, 421.04.005 жолдарында көрсетілген салық салынатын операциялар бойынша салық базасының жалпы мөлшерін, сондай-ақ осы 421.04.004 және 421.04.005 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын операциялар бойынша есептелген акциздің жиынтық сомасын айқындауға арналған.

30. "Шегерімдер" деген бөлімде шегерімге жатқызылатын, сондай-ақ бюджет сыныптауышының кодтары қимасында акциздер сомаларын егжей-тегжейлі көрсетуге арналған:

1) 421.04.07 жолында шегерімнің жиынтық сомасы көрсетіледі;

2) А бағанында бюджет сыныптауышының коды көрсетіледі. Бір бюджет сыныптауышының кодына бір жол сәйкес келеді;

3) В бағанында акцизделетін тауардың көлемі (тоннада) көрсетіледі;

4) С бағанында есепті ай үшін акциз бойынша шегерім сомасы көрсетіледі.

31. "Акцизді есептеу" деген бөлімде 421.04.007 жолында көрсетілген шегерімдер кемітілген акциздердің есептелген жиынтық сомасын, сондай-ақ бюджет сыныптауышының кодтарының қимасында егжей-тегжейлі көрсетуге арналған:

1) 421.04.008 жолында есептелген акциздің жиынтық сомасы көрсетіледі;

2) А бағанында бюджет сыныптауышының коды көрсетіледі. Бір бюджет сыныптауышының кодына бір жол сәйкес келеді;

3) В бағанында есепті ай үшін есептелген акциз сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
38-қосымша
Нысан 500.00 Бет 01

**Роялти өндіру бонусы, өнімді бөлу бойынша
Қазақстан Республикасының үлесі,
Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін
жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының
қосымша төлемі бойынша декларация**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
39-қосымша

**Роялти бойынша, өндіру бонусы бойынша, өнімді бөлу бойынша
Қазақстан Республикасының үлесі бойынша, өнімді бөлу туралы
келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер
қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық
есептілігін (декларация) жасау қағидалары (500.00-нысан)**

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Роялти бойынша, өндіру бонусы бойынша, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі бойынша, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық есептілігін (декларация) жасау қағидалары (500.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және роялти, өндіру бонусы, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі, жер қойнауын

пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салықты есептеуге арналған роялти бойынша, өндіру бонусы, бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі бойынша, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін анықтайды. Декларацияны салық режимі Салық кодексінің 308-1-бабына сәйкес белгіленген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа немесе өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) (бұдан әрі – Жер қойнауын пайдалану келісімшарты) сәйкес қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды. Декларацияны жер қойнауын пайдаланушы орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірмей табыс етеді. Салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады. Салық төлеуші салықтың есептелген сомасын орналасқан жері бойынша бюджетке салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей төлеуге міндетті.

2. Декларация декларацияның өзінен (500.00-нысан) және оған салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшалардан (500.01-ден 500.07 дейінгі-нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштердің мәнін ашуды қажет ететін декларациядағы жолдарды толтыру кезінде міндетті түрде жасалады.

5. Декларацияға қосымшаларда көрсетілуге тиіс мәліметтер болмаған кезде олар жасалмайды.

6. Қосымша парағында бар жолдарда көрсеткіштер саны асып кеткен жағдайда, қосымшаның дәл сондай парағы толтырылады.

7. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) сол жағындағы бірінші торкөзде "-" белгісімен көрсетіледі.

8. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспа әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

9. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Декларация тапсыру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште (жеткізгіште) – нысандар екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен бірге салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта бойынша – салық төлеуші поштаның немесе байланыстың өзге ұйымының хабарламасын алады;

3) электрондық түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

11. Қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (500.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – салық төлеушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) декларацияның түрі – тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні – торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрі тапсырылған жағдайда толтырылады;

6) валюта коды – "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланыталын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) келісімшарт пен кен орнының атауы – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт пен кен орындарының атауы көрсетіледі;

8) пайдалы қазбаның коды – осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалар кодтарына сәйкес пайдалы қазба коды көрсетіледі

9) келісімшарт жасасқан күні – уәкілетті мемлекеттік органмен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасқан күн көрсетіледі;

10) келісімшарт нөмірі – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың уәкілетті мемлекеттік орган берген тіркеу нөмірі көрсетіледі.

11) ұсынылған қосымшалар – ұсынылған қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді;

12) өлшем бірлігі – өнімді бөлу туралы келісімшартқа сәйкес өндірілген пайдалы қазбалардың өлшем бірлігі көрсетіледі (тоннада, текше/м., унцияда және т.б.).

13. "Роялти, өндіру бонусы, өнімді бөлу, өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі" бөлімінде салық төлеуші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

500.00.001 жолында бюджетке төлеуге жататын роялти сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 500.01.038 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

500.00.002 жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделген салық режиміне сәйкес ағымдағы салық кезеңі үшін есептелген өндіру бонусының сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 500.02.006 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

500.00.003 жолында бюджетке төлеуге жататын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің есептелген сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 500.03.033 жолында көрсетілген сома көшіріледі;

500.00.004 жолында жер қойнауын пайдаланушының есептелген қосымша төлемінің сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 500.07.007 жолында көрсетілген сома көшіріледі.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде салық төлеуші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында.

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларация салық органына берілген күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларация қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

5) декларация қабылданған күн.

Салық органына декларацияның нақты тапсырылған немесе пошта немесе өзге байланыс ұйымынан келіп түскен күні көрсетіледі.

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген құжаттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымында қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Роялти – 500.01-нысанын жасау

15. 500.01-нысанын роялти бойынша салықты есептеуге арналған-нысанды салық режимі Салық кодексінің 308-1-бабына сәйкес белгіленген жер қойнауын пайдалану келісімшартына немесе өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) сәйкес қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

16. "Төленетін роялти" бөлімінде:

500.01.001 жолында шикі мұнай өндірудің жылдық көлемі, тоннада көрсетіледі;

500.01.002 жолында салық кезеңі ішінде шикі мұнайдың өндірілген көлемі, тоннада көрсетіледі;

500.01.003 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес роялти есептеу үшін айқындалған шикі мұнай өткізуде орташа бағасы көрсетіледі;

500.01.004 жолында шикі мұнай өткізу болмаған кезде өндірілген мұнай құнын есептеу үшін айқындалған шикі мұнай өндіруге нақты шығындар көрсетіледі;

500.01.005 жолында салық базасы көрсетіледі;

500.01.006 жолында "Трансферттік баға белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес айқындалған шикі мұнай құнының ауытқуы көрсетіледі;

500.01.007 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзетулер ескерілген салық базасы, 500.01.005 және 500.01.006 жолдарының айқындалатын сомасы көрсетіледі;

500.01.008 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес белгіленген ставка көрсетіледі;

500.01.009 жолында шикі мұнайға есептелген роялти сомасы көрсетіледі;

500.01.010 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес жүргізілетін роялти сомаларын түзету көрсетіледі. Егер роялти сомаларын түзету жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделмеген жағдайда, есептелген роялти сомаларын түзету алғашқы тауар өнімін өткізудің нақты құнын негізге ала отырып, алғаш өткізу орын алған салық кезеңінде жүргізіледі. Өндірілген пайдалы қазбаларды кейінгі өткізу жағдайында, сондай-ақ Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес толтырылады;

500.01.011 жолында төлеуге жатын шикі мұнайға роялти сомасы көрсетіледі;

500.01.012 жолында газ конденсатын өндірудің жылдық көлемі, текше метрде көрсетіледі;

500.01.013 жолында салық кезеңі ішінде өндірілген газ конденсатының көлемі, текше метрде көрсетіледі;

500.01.014 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес роялти есептеу үшін айқындалған газ конденсатын өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

500.01.015 жолында газ конденсатын өткізу болмаған кезде өндірілген газ конденсатының құнын есептеу үшін айқындалған газ конденсатын өндіруге нақты шығындар көрсетіледі;

500.01.016 жолында салық базасы көрсетіледі;

500.01.017 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалған газ конденсаты құнының ауытқуы көрсетіледі;

500.01.018 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескерілген салық базасы, 500.01.016 және 500.01.017 жолдарының айқындалатын сомасы көрсетіледі;

500.01.019 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес белгіленген ставка көрсетіледі;

500.01.020 жолында газ конденсатына роялти есептеу сомасы көрсетіледі;

500.01.021 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес жүргізілетін роялти сомаларын түзету көрсетіледі. Егер роялти сомаларын түзету Жер қойнауын пайдалану келісімшартында көзделмеген жағдайда, есептелген роялти сомаларын түзету алғашқы тауар өнімін өткізудің нақты құнын негізге ала отырып, алғаш өткізу орын алған салық кезеңінде жүргізіледі. Өндірілген пайдалы қазбаларды кейінгі өткізу жағдайында, сондай-ақ Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес толтырылады;

500.01.022 жолында төлеуге жататын газ конденсатына есептелген роялти сомасы көрсетіледі;

500.01.023 жолында табиғи газ өндірудің жылдық көлемі, текше метрде көрсетіледі;

500.01.024 жолында салық кезеңі ішінде табиғи газдың өндірілген көлемі, текше метрде көрсетіледі;

500.01.025 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес роялти есептеу үшін айқындалған табиғи газ өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

500.01.026 жолында табиғи газ өткізу болмаған кезде өндірілген газ конденсатының құнын есептеу үшін айқындалған табиғи газ өндіруге нақты шығындар көрсетіледі;

500.01.027 жолында салық базасы көрсетіледі;

500.01.028 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалған табиғи газ құнының ауытқуы көрсетіледі;

500.01.029 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес салық базасын түзету, 500.01.027 және 500.01.028 жолдарының айқындалатын сомасы көрсетіледі;

500.01.030 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес белгіленген ставка көрсетіледі;

500.01.031 жолында табиғи газға есептелген роялти сомасы көрсетіледі;

500.01.032 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес жүргізілетін роялти сомаларын түзету көрсетіледі. Егер роялти сомаларын түзету жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көзделмеген жағдайда, есептелген роялти сомаларын түзету алғашқы тауар өнімін өткізудің нақты құнын негізге ала отырып, алғаш өткізу орын алған салық кезеңінде жүргізіледі. Өндірілген пайдалы қазбаларды кейінгі өткізу жағдайында, сондай-ақ Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес толтырылады;

500.01.033 жолында төлеуге жататын табиғи газға роялти сомасы көрсетіледі;

500.01.034 жолында салық кезеңі ішінде жерасты суларының өндірілген көлемі, текше метрде көрсетіледі;

500.01.035 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес есептелген салық базасы көрсетіледі;

500.01.036 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес белгіленген ставка көрсетіледі;

500.01.037 жолында төлеуге жататын жерасты сулары бойынша есептелген роялти сомасы көрсетіледі;

500.01.038 жолында бюджетке төлеуге жататын роялти сомасы, айқындалатын 500.01.011, 500.01.022, 500.01.033 және 500.01.037 жолдарының сомасы көрсетіледі. 500.01.038 жолының сомасы Декларацияның 500.00.001 жолына көшіріледі.

4. Өндіру бонусы – 500.02-нысанын жасау

17. 500.02-нысанын өндіру бонусын есептеуге арналған, оны салық режимі Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында сәйкес белгіленген Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

Нысанды жасау Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағында көрсетілген жер қойнауын пайдаланушылар, осындай келісімшарт жасалған кездегі қолданыста болған салық заңнамасының нормаларының және келісімшартта айқындалған салық режимінің ерекшеліктерін ескере отырып толтыру жүзеге асырылады.

18. "Төлеуге өндіру бонусы" бөлімінде:

Бұл бөлім келісімшарттық аумақта коммерциялық табу және уәкілетті органмен өндірудің жылдық жоспарын бекіткен жағдайда толтырылады;

500.02.001 жолында келісімшарт бойынша пайдалы қазбаны өндірудің қол жеткізілген жинақталған көлемі көрсетіледі;

500.02.002 жолында жер Жер қойнауын пайдалану келісімшартында көзделген салық режиміне сәйкес есептелген өндіру бонусының сомасы көрсетіледі;

500.02.003 жолында жыл басынан өндіру бонусының жиналған сомасы көрсетіледі.

19. "Коммерциялық табуға дейінгі өндіру бонусы" бөлімінде:

Бұл бөлім Жер қойнауын пайдалану келісімшартында көзделген салық режиміне сәйкес толтырылады;

500.02.004 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшартында көзделген салық режиміне сәйкес салық кезеңі үшін есептелген өндіру бонусының сомасы көрсетіледі;

500.02.005 жолында жыл басынан өндіру бонусының жинақталған сомасы көрсетіледі.

500.02.006 жолында төлеуге жататын өндіру бонусының сомасы, 500.02.003 немесе 500.02.005 жолдарының аңқыталатын мәні көрсетіледі. Осы жолдың мәні Декларацияның 500.00.002 жолына көшіріледі.

5. Өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі – 500.03-нысанын жасау

20. 500.03-нысанын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеуге арналған. Нысан Жер қойнауын пайдалану келісімшартын жасасқан жер қойнауын пайдаланушылармен жасалады.

21. "2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасасқан жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:

1) 500.03.001 жолында салық кезеңі ішінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі. Егер өндірілген өнімнің жалпы көлемі Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып табылған жағдайда, осы жол жер қойнауын пайдаланушылармен толтырылады;

2) 500.03.002 жолында салық кезеңінде өткізілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі. Бұл жол жер қойнауын пайдаланушылармен, егер өткізілген өнімнің жалпы көлемі Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып табылған жағдайда толтырылады;

3) 500.03.003 жолында өндірілген өнімнің жалпы құны көрсетіледі. Осы жол жер қойнауын пайдаланушылармен, егер өндірілген өнімнің жалпы құны Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып табылған жағдайда толтырылады;

4) 500.03.004 жолында қосылған құн салығы мен акцизді есепке алмағандағы өнімді өткізуден түскен табыс көрсетіледі. Бұл жолға 500.04-нысанының Е бағаны 00000001 жолының жиынтық сомасы көшіріледі. Бұл жолды Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес өткізілген өнімнің жалпы көлемі Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін база болып табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылармен толтырылады;

5) 500.03.005 жолында өнімді сатумен байланысты шығындар көрсетіледі, егер Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес аталған шығындар өтемдік және пайдалыға бөлуге жататын болса, өнімнің құнын айқындау кезінде есепке алынады. Бұл жолға 500.05-нысанының С бағаны 00000001 жолының жиынтық сомасы көшіріледі;

6) 500.03.006 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес салық кезеңі ішінде роялтидің нақты төленген сомасы көрсетіледі;

7) 500.03.007 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес айқындалған өтемдік және пайдалыға бөлуге жататын өнімнің жалпы құны көрсетіледі;

8) 500.03.008 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалған өтемдік және пайдалыға бөлуге жататын өнім құнының ауытқу сомасы көрсетіледі;

9) 500.03.009 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескерілген Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес айқындалған өтемдік және пайдалыға бөлуге жататын өнімнің жалпы құны (500.03.007 және 500.03.008 жолдарының сомасы) көрсетіледі;

10) 500.03.010 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына ең көп жол берілген мөлшерден аспайтын мөлшердегі салық кезеңі үшін өтелетін өнім есебінен өтелген шығындар сомасы көрсетіледі. Бұл жолға 500.06.005 жолының шамасы көшіріледі;

11) 500.03.011 жолында 500.03.009 және 500.03.010 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасында бөлінуі тиіс пайда өнімінің сомасы көрсетіледі.

12) 500.03.012 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес белгіленген өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасы үлесінің қолданылатын ставкасы, пайызда көрсетіледі;

13) 500.03.013 жолында 500.03.011 және 500.03.012 жолдарында көрсетілген шамалардың туындысы ретінде жер қойнауын пайдалану Келісімшартымен көрсетілген өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінен шегерілген (ұсталған) айқындалатын бюджетке төленуі тиіс өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің есептелген сомасы көрсетіледі;

14) 500.03.014 жолында Республикаға бөлінген есептелген банк пайыздарының сомасы көрсетіледі. Бұл жол келісімшартқа сәйкес бекітілген мәмілелер шеңберінде соңғы сатулардан түсімдер бірлескен банк шотына аударылатын және шығындарды төлегенге дейін және қатысушылар арасында бөлгенге дейін сонда болатын, орналасқан кезеңіне банк пайыздары есептелетін кәсіпорындар үшін қолданылады.

Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. "2005 жылдың 1 қаңтарынан кейін жасалған Жер қойнауын пайдалану келісімшарт бойынша өнім бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу" бөлімінде:

1) 500.03.015 жолында салық кезеңі ішінде өндірілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі;

2) 500.03.016 жолында қосылған құн салығы мен акцизді есепке алмағандағы өнім өткізуден түскен табыс көрсетіледі. Бұл жолға 500.04-нысанының Е бағаны 00000001 жолының жиынтық сомасы көшіріледі;

3) 500.03.017 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзетуден түскен табыс көрсетіледі;

4) 500.03.018 жолында егер өнімді өткізуге байланысты шығындар келісімшарттар шарттары бойынша өтемдік және пайдалыға бөлуге жататын өнім құнын айқындау кезінде ескерілген жағдайда аталған шығындар көрсетіледі. Бұл жолға 500.05-нысанының С бағаны 00000001 жолының жиынтық сомасы

көшіріледі. Бұл жолға 500.05-қосымшаның С бағанының жиынтық шамасы көшіріледі;

5) 500.03.019 жолында салық кезеңі ішінде өткізілген өнімнің жалпы көлемі көрсетіледі;

6) 500.03.020 жолында (500.03.016+500.03.017-500.03.018) /500.03.019 жолдарының қатынасы ретінде анықталатын, бөлу нүктесіндегі өнімді өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

7) 500.03.021 жолында 500.03.015 және 500.03.020 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын өндірілген өнімнің құны көрсетіледі;

8) 500.03.022 жолында өтемдік өнімнің үлесі көрсетіледі;

9) 500.03.023 жолында өтемдік өнімнің көлемі көрсетіледі;

10) 500.03.024 жолында өтелетін шығындар көрсетіледі, салық кезеңінде өтемдік өнім есебінен нақты өтелген. Бұл жолға 500.06.009 жолының шамасы көшіріледі;

11) 500.03.025 жолында 500.03.015 және 500.03.023 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасы мен жер қойнауын пайдаланушы арасында бөлуге жататын өндірілген өнім көлемі көрсетіледі;

12) 500.03.026 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес айқындалатын R-факторы (табыстылық көрсеткіші) көрсетіледі;

13) 500.03.027 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес айқындалатын PИH (рентабельділіктің ішкі нормасы) көрсетіледі;

14) 500.03.028 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес айқындалатын P–факторы (баға коэффициенті) көрсетіледі;

15) 500.03.029 жолында жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі, пайызда көрсетіледі;

16) 500.03.030 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының пайда түсіретін өнімдегі үлесі көрсетіледі;

17) 500.03.031 жолында 500.03.025 және 500.03.030 жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі көрсетіледі;

18) 500.03.032 жолында 500.03.020 және 500.03.031 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, құндық түрдегі өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі көрсетіледі;

19) 500.03.033 жолында төлеуге жататын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі көрсетіледі. Бұл жолға 500.03.013 немесе 500.03.014 немесе 500.03.032 жолдарының сомасы көшіріледі. Осы жолдың мәні Декларацияның 500.00.003 жолына көшіріледі.

6. Өнімді өткізуден түскен табыстар – 500.04-нысанын жасау

23. 500.04-нысаны салық кезеңі ішінде өнімді сатудан түскен табыстарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

Егер Жер қойнауын пайдалану келісімшартында Қазақстан Республикасы үлесінің есебі үшін есептің кассалық әдісі қолданылатыны көзделсе, онда есепте төлем жер қойнауын пайдаланушының немесе уәкілетті мемлекеттік органның тиісті шотына түскен өткізу бойынша айналымдар ғана көрсетіледі.

24. "Өткізу көлемі" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі, ол 00000001 жолынан басталады;

2) В бағанында салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе резиденттік елінің коды көрсетіледі.

Резидент емес салық төлеушінің резидент елінің коды Тауарларды декларациялау Қағидасының 22 "Әлем елдері жіктеушісіне" қосымшасына сәйкес көрсетіледі;

3) С бағанында өткізілген өнім көлемі (тоннада, текше м, унцияларда және т. б.) көрсетіледі;

4) D бағанында осы өнімді сату бағасы көрсетіледі;

5) E бағанында өнімді сатудан түскен табыс көрсетіледі.

E бағанында 00000001 жолының жиынтық сомасы 500.03-нысанның 500.03.004 немесе 500.03.016 жолына көшіріледі.

7. Өтемдік және пайдалыға бөлуге тиісті өнімнің құнын айқындау кезінде шегеруге жататын шығындар – 500.05-нысанын жасау

25. 500.05-нысаны, егер Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттары бойынша осы шығындар өтемдік және пайдалыға бөлуге тиісті өнімнің құнын айқындау кезінде ескерілетін жағдайда, салық кезеңі үшін өнімді өткізумен байланысты шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған. Бұл ретте, осы нысанды 2004 жылғы 1 қаңтарға дейін және 2005 жылғы 1 қаңтарынан кейін Жер қойнауын пайдалану келісімшартын жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар толтырады.

26. "Шегерімге жататын шығындар" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі, ол 00000001 жолынан басталады;

2) В бағанында шығындар баптарының қимасында салық кезеңі үшін өнімді өткізумен байланысты шығыстар көрсетіледі;

3) С бағанында өнімді өткізумен байланысты шығындар сомасы көрсетіледі.

С бағанында 00000001 жолының жиынтық сомасы 500.03-нысанның 500.03.005 немесе 500.03.018 жолына көшіріледі.

8. Өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар – 500.06-нысанын жасау

27. 500.06-нысаны өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығындарды айқындау бойынша ақпаратты көрсетуге арналған.

28. "2004 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған Жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша өтелетін шығындар" бөлімінде:

1) 500.06.001 жолында есепті салық кезеңінің басында өтемдік өнімдер есебінен өтеуге жататын шығындар" көрсетіледі. Бұл жолға 500.06.006 жолынан салық кезеңінің басына өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығындар сомасы көшіріледі. Егер декларация бірінші рет табыс етілсе, онда аталған жол толтырылмайды;

2) 500.06.002 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын салық кезеңі үшін жүргізілген нақты шығындар сомасы көрсетіледі;

3) 500.06.003 жолында 500.06.001 және 500.06.002 жолдарында көрсетілген сомалардың қосындысымен айқындалатын өтемдік өнім есебінен өтеуге жататын шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі;

4) 500.06.004 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес салық кезеңінің басына өтелмеген шығындардың қалдығына есептелген сома көрсетіледі;

5) 500.06.005 жолында Жер қойнауын пайдалану келісімшарт шарттарына сәйкес салық кезеңі үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін мөлшерден асырылмай өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар сомасы көрсетіледі;

6) 500.06.006 жолында салық кезеңінің соңына, өтелмеген шығыстар қалдығына есептелген соманы ескеріп өтемдік өнім есебінен өтелетін шығыстар сомасы көрсетіледі, ол кейінгі салық кезеңдеріне көшіріледі және (500.06.003 + 500.06.004 - 500.06.005) жолдарының қатынасы ретінде айқындалады.

29. "2004 жылдың 1 қаңтарынан кейін жасалған Жер қойнауын пайдалану келісімшарт бойынша өтелетін шығындар" бөлімінде:

1) 500.06.007 жолында салық кезеңінің басына жер қойнауын пайдаланушы өтемеген өтелетін шығындар көрсетіледі;

2) 500.06.008 жолында салық кезеңінде нақты жүргізілген өтелетін шығындар көрсетіледі;

3) 500.06.009 жолында есепті салық кезеңінде өтемдік өнім есебінен нақты өтелген өтелетін шығындар сомасы көрсетіледі;

4) 500.06.010 жолында келесі салық кезеңдеріне көшірілетін және (500.06.007 + 500.06.008 - 500.06.009) қатынасы ретінде айқындалатын, салық кезеңінің соңына өтелмеген шығындардың қалдығы көрсетіледі.

9. Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі – 500.07-нысанын жасау

30. 500.07-нысан Жер қойнауын пайдалану келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша ақпаратты көрсетуге арналған. Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі бойынша нысанды Жер қойнауын пайдалану келісімшартын жасаған жер пайдаланушылар толтырады.

31. "2005 жылғы 1 қаңтардан кейін жасасқан Жер қойнауын пайдалану келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі" бөлімінде:

1) 500.07.001 өндірілген өнім көлемінің жалпы құны көрсетіледі;

2) 500.07.002 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалған өндірілген өнім көлемінің құнының ауытқу сомасы көрсетіледі;

3) 500.07.003 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескеріле отырып, өндірілген өнім көлемінің жалпы құны, 500.07.001 және 500.07.002 жолдарының айқындалатын сомасы көрсетіледі;

4) 500.07.004 жолында мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі, бұл ретте мемлекет түсімдерінің үлесі деп қосылған құн салығын, акциз бен оларға қатысты жер қойнауын пайдаланушы салық агенті ретінде әрекет ететін салықтарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушы нақты төлеген Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді білдіретін соманы айтамыз;

5) 500.07.005 жолында өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 10 пайызын құрайтын салық кезеңіндегі мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі;

6) 500.07.006 жолында өндірілген өнімнің жалпы көлемі құнының 40 пайызын құрайтын салық кезеңіндегі мемлекет түсімдері үлесінің сомасы көрсетіледі;

7) 500.07.007 жолында жер қойнауын пайдаланушының есептелген қосымша төлемінің сомасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеген кезде, егер 500.07.005 және 500.07.004 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтіне дейін 500.07.006 және 500.07.004 жолдарының айырмасы инвестиция салу сәтінен кейін оң болып табылған жағдайда, онда мұндай айырма жер қойнауын пайдаланушы үшін өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қосымша төлем болып табылатынын ескеру қажет. 500.07.007 жолының сомасы Декларацияның 500.00.004 жолына көшіріледі.

32. Пайдалы қазбалардың кодтары:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Бериллий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш

0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон

0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-кұм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстары (балкуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары

0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфияллық жыныстары
0121	Тоқпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
40-қосымша
Нысан 510.00 Бет 01

Қол қойылатын бонус және коммерциялық табу бонусы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
41-қосымша

Қол қойылатын бонус және коммерциялық табу бонусы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (510.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қол қойылатын бонус және коммерциялық табу бонусы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (510.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қол қойылатын бонус бойынша салықты есептеуге арналған қол қойылатын бонус бойынша салық есептілігінің нысандарын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Қол қойылатын бонус бойынша декларацияны жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалған әрбір жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бөлек жасайды.

2. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Декларацияда соманың теріс мәні тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

4. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас символдармен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

5. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

6. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (510.00-нысан)

7. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (жыл) – салық төлеуші декларацияны толтыратын жыл көрсетіледі;

3) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

4) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

5) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрі тапсырылған жағдайда толтырылады;

7) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың және кен орнының атауы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың және кен орындарының атауы көрсетіледі;

8) пайдалы қазба коды.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалар кодтарына сәйкес пайдалы қазба коды көрсетіледі;

9) келісімшарттың жасалған күні.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жасалған күнінен күшіне енетін күні көрсетіледі;

10) келісімшарттың нөмірі.

Уәкілетті мемлекеттік орган берген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

11) салық төлеушіні конкурс жеңімпазы деп жариялаған күні.

Қазақстан Республикасының жер қойнаулары мен жер қойнауларын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен салық төлеушінің конкурс жеңімпаз деп жарияланған күні көрсетіледі;

12) тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күн.

Қазақстан Республикасының жер қойнаулары мен жер қойнауларын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылған күн көрсетіледі;

13) алынып жатқан қорлар көлемінің бекітілген күні.

Кен орнында уәкілетті мемлекеттік органның пайдалы қазбалардың алынатын қорларының физикалық көлемін бекіткен күні көрсетіледі;

14) төлемнің түрі.

Тиісті торкөздер белгіленеді.

8. "Төлеуге қол қойылатын бонус" деген бөлімде:

"Бюджетке төлеуге қол қойылатын бонус" 510.00.001 жолында Салық кодексіне сәйкес қол қойылатын бонус сомасы көрсетіледі.

9. "Төлеуге коммерциялық табу бонусы" деген бөлімде:

1) А бағанында бір пайдалы қазба түріне арналған жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанында осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген пайдалы қазбалардың кодтарына сәйкес пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;

3) С бағанында уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен кен орнында пайдалы қазбалардың алынатын қорлардың физикалық көлемі (тоннада, текше/м., унцияда, грамда және т.б.) көрсетіледі;

4) D бағанында бюджетке төлеуге жататын коммерциялық табу бонусының сомасы көрсетіледі.

10. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында.

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармақшасына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген құжаттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымында қойылған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

11. Пайдалы қазбалардың кодтары:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Бериллий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций
0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон

0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий
0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий

0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты–доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас
0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-құм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балкуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді–әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты–алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт

0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфикалық жыныстары
0121	Тоқпақ тас
0122	Құм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Құмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
42-қосымша
Нысан 540.00 Бет 01

Үстеме пайда салығы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
43-қосымша

Үстеме пайда салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (540.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Үстеме пайда салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (540.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және үстеме пайда салығын есептеуге арналған үстеме пайда салығы бойынша салық

есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Үстеме пайда салығы бойынша декларацияны өнімді бөлу туралы келісімдер (келісімшарттар), кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен емдік балшықты өндіруге арналған келісімшарттар, сондай-ақ барлауға және өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындарды қоспағанда, бұл келісімшарттар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көздемеген жағдайда, жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша жасайды.

2. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

5. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

7. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (540.00-нысан)

8. 540.00-нысаны жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша салық кезеңі үшін төлеуге жататын үстеме пайда салығының сомасын көрсетуге арналған.

9. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

6) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) келісімшарт пен кен орнының атауы.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың және кен орындарының атауы көрсетіледі;

8) келісімшарттың жасалған күні.

Уәкілетті мемлекеттік органмен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты жасасқан күн көрсетіледі;

9) келісімшарттың нөмірі;

Уәкілетті мемлекеттік орган берген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

10) резидент емес.

Декларацияны резидент емес табыс еткен кезде белгіленеді.

10. "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша үстеме пайда салығы есептелді" деген бөлімде:

1) 540.00.001 жолында Салық кодексінде белгіленген тәртіппен үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жиынтық табыстың сомасы көрсетіледі;

2) 540.00.002 жолында "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес айқындаған табыс сомасы көрсетіледі;

3) 540.00.003 жолында 540.00.001 және 540.00.002 (540.00.001 + 540.00.002) жолдары сомасының айырмасы ретінде айқындалатын, Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескеріле отырып, ол бойынша Салық кодексінде белгіленген тәртіпте үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жылдық жиынтық табыс сомасы көрсетіледі;

4) 540.00.004 жолында 540.00.007, 540.00.010 және 540.00.011 жолдарынан 540.00.014 (540.00.007 + 540.00.010 + 540.00.011 – 540.00.014) жолдарын алып тастаған сома ретінде айқындалатын, ол бойынша үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шегерімдер сомасы көрсетіледі;

5) 540.00.005 жолында ол бойынша үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша Салық кодексінің 348-4-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында шегерімдерге жатқызылған шығыстар сомасы көрсетіледі;

6) 540.00.006 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес 540.00.005 жолында көрсетілген шығыстарды түзетулер сомасы көрсетіледі;

7) 540.00.007 жолында 540.00.005 және 540.00.006 (540.00.005 + 540.00.006) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескеріле отырып, ол бойынша үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша Салық кодексінің 348-4-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында шегерімдерге жатқызылған шығыстар сомасы көрсетіледі;

8) 540.00.008 жолында Салық кодексінің 384-4-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде тіркелген активтер құруға және (немесе) сатып алуға нақты жұмсалған шығыстардың сомасы көрсетіледі. Осы шығыстар жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша кез келген мөлшерде (нақты жұмсалған шығыстар шегінде) және кез келген салық кезеңінде шегерімдерге жатқызылады;

9) 540.00.009 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес 540.00.008 жолында көрсетілген салық кезеңі ішінде іс жүзінде жұмсалған шығыстарды түзету сомасы көрсетіледі;

10) 540.00.010 жолында 540.00.008 және 540.00.009 (540.00.008 + 540.00.009) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескеріле отырып, Салық кодексінің 384-4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес салық кезеңі ішінде тіркелген активтерді құруға және (немесе) сатып алуға нақты жұмсалған шығыстардың сомасы көрсетіледі;

11) 540.00.011 жолында Салық кодексінің 348-4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес алдыңғы салық кезеңдері ішінде жұмсалған залалдар сомасы көрсетіледі;

12) 540.00.012 жолында Салық кодексінің 348-4 бабының 3-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдар сомасына шегерімдер сомасының түзетуі көрсетіледі;

13) 540.00.013 жолында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес 540.00.012 жолында көрсетілген шегерімдерді түзетулер сомасы көрсетіледі;

14) 540.00.014 жолында 540.00.012 және 540.00.013 (540.00.012 + 540.00.013) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес түзету ескеріле отырып, ол бойынша үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша Салық кодексінің 348-4-бабының 3-тармағына сәйкес амортизациялық аударымдар сомасына шегерімдер сомасының түзетуі көрсетіледі;

15) 540.00.015 жолында 540.00.003 және 540.00.004 (540.00.003 – 540.00.004) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 133-бабына сәйкес жүзеге асырылатын азайту ескеріле отырып, Салық кодексінің 348-2-бабына сәйкес үстеме пайда салығын есептеу мақсаттары үшін салық салынатын табыс көрсетіледі. Егер Салық кодексінің 133-бабына сәйкес 540.00.003 және 540.00.004 жолдарының айырмасы нөлден кем болса, осы жолда нөлге тең мән көрсетіледі;

16) 540.00.016 жолында ол бойынша үстеме пайда салығын есептеу жүргізілетін Салық кодексінің 348-5-бабына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша келісімшарттық қызметі бойынша корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі;

17) 540.00.017 жолында Салық кодексінің 349-бабына сәйкес келісімшарттық қызметі бойынша таза табыс бойынша туындайтын таза табысқа салынатын салық сомасы көрсетіледі. Тұрақты мекеме арқылы жер қойнауын пайдалану бойынша келісімшарттық қызметті жүзеге асыратын резидент емес толтырады;

18) 540.00.018 жолында 540.00.015 жолы алу 540.00.016 жолы және алу 540.00.017 жолы (540.00.015 – 540.00.016 – 540.00.017) ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін нақты алынған таза табыс сомасы көрсетіледі;

19) 540.00.019 жолында 540.00.004 жолының және 25 пайыздың туындысы (540.00.004 x 25%) ретінде айқындалатын шегерімдердердің 25 пайыздық сомасы көрсетіледі;

20) 540.00.020 жолында 540.00.018 және 540.00.019 жолдарының айырмасы (540.00.018 – 540.00.019) ретінде айқындалатын шегерімдер сомасының 25 пайызынан асатын жер қойнауын пайдаланушының таза табысының бөлігі ретінде есептелетін үстеме пайда салығының салықтық базасы көрсетіледі. Егер жолдардың айырмасы теріс мәнде болса, нөлге тең мән көрсетіледі;

21) 540.00.021 жолында деңгейлер бойынша үстеме пайда салығы сомасының есебі көрсетіледі, оның ішінде:

540.00.021А бағанында деңгейлер көрсетілген;

540.00.021В бағанында жылдық жиынтық табыстың шегерімдерге қатынасының жоғарғы шектерінің мәндері келтірілген;

540.00.021С бағанында Салық кодексінің 348-4-бабына сәйкес үстеме пайда салығы мақсатындағы шегерімдер көрсетіледі;

540.00.021D бағанында Салық кодексінің 351-бабына сәйкес белгіленген әрбір деңгей бойынша үстеме пайда салығы мақсатында таза табысты бөлудің шекті сомалары көрсетіледі.

540.00.021 Е бағанында мынадай тәртіпте есептелген Салық кодексінің 351-бабында көзделген бөлінген нақты таза табыс көрсетіледі:

1 деңгей үшін:

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығының мақсаттары үшін таза табыстың сомасы бірінші деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасынан көп болса, онда бірінші деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі бірінші деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасына тең болады;

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыстың сомасы бірінші деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасынан кем болса, онда бірінші деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатындағы таза табыстың сомасына тең болады.

Бұл ретте келесі деңгейлер үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табысты бөлу жүргізілмейді;

2-7 деңгейлер үшін:

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыс пен алдыңғы деңгейлер бойынша таза табыстың бөлінген бөліктерінің жалпы сомасы

арасындағы айырма тиісті деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасынан артық не тең болса, онда бұл деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі осы тиісті деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасына тең болады;

егер салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табыс пен алдыңғы деңгейлер бойынша таза табыстың бөлінген бөліктерінің жалпы сомасы арасындағы айырма тиісті деңгей үшін таза табысты бөлудің шекті сомасынан кем болса, онда осы деңгей үшін таза табыстың бөлінген бөлігі сондай айырмаға тең болады. Бұл ретте келесі деңгейлер үшін үстеме пайда салығы мақсатында таза табысты бөлу жүргізілмейді.

Таза табыстың бөліктерінің деңгейлері бойынша бөлінген жалпы сома салық кезеңі үшін үстеме пайда салығы мақсатындағы таза табыстың жалпы сомасына тең болуға тиіс;

540.00.021 F бағанында Салық кодексінің 351-бабына сәйкес салық ставкалары пайызда келтірілген;

540.00.021 G бағанында 540.00.021 E бағындағы әрбір жолдың 540.00.013 F бағанындағы тиісті ставкасына туындысы ретінде жол-жолмен айқындалатын үстеме пайда салығының есептелген сомасы көрсетіледі;

22) 540.00.022 жолында 540.00.021 G бағанының жолдарының сомасы ретінде айқындалатын төлеуге тиіс үстеме пайда салығының есептелген сомасы көрсетіледі.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде салық төлеуші мына мәліметтерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында.

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларация тапсырылған күн.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органының лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін құжаттың тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
44-қосымша
Нысан 560.00 Бет 01

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
45-қосымша

Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (560.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (560.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдерді есептеуге арналған тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасалғанға дейін мемлекет тиісті келісімшарт аумағын геологиялық зерттеуге және жайластыруға шығын шеккен

пайдалы қазбалардың кен орындары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

5. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (560.00-нысан)

7. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрі тапсырылған жағдайда толтырылады;

6) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланыталын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі

№ 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

8. "Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем" деген бөлімде:

1) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

2) В бағанына уәкілетті мемлекеттік орган берген келісімшарттың тіркеу нөмірі мен жасасқан күні көрсетіледі;

3) С бағанында "Бюджетке төленуі тиіс тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем сомасы" Салық кодексінің 328-бабына сәйкес бюджетке төленуі тиіс тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем сомасы көрсетіледі;

9. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында.

Декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

Декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
46-қосымша
Нысан 570.00 Бет 01

Экспортқа рента салығы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
47-қосымша

Экспортқа рента салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (570.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Экспортқа рента салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (570.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және экспортқа рента салығын есептеуге арналған экспортқа рента салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Экспортқа рента салығы бойынша декларацияны шикі мұнай, газ конденсатын, көмірді экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

5. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

7. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

8. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (570.00-нысан)

9 "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация тапсырылатын есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

4) декларацияның түрі.

Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрі тапсырылған жағдайда толтырылады;

6) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – шешім) бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

7) өлшем бірлігі.

Шикі мұнайдың, газ конденсатының, көмірдің өлшем бірлігі (тоннада, текше метр және т.б.) көрсетіледі;

10. "Төленуге экспортқа рента салығы" деген бөлімде:

1) 570.00.001 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген шикі мұнайдың көлемі көрсетіледі;

2) 570.00.002 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес шикі мұнайдың әлемдік бағасы көрсетіледі;

3) 570.00.003 жолында 570.00.001 және 570.00.002 (570.00.001 x 570.00.002) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын экспортқа өткізілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

4) 570.00.004 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген газ конденсатының көлемі көрсетіледі;

5) 570.00.005 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес газ конденсатының әлемдік бағасы көрсетіледі;

6) 570.00.006 жолында 570.00.004 және 570.00.005 (570.00.004 x 570.00.005) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын газ конденсатының экспортқа өткізілген көлемінің құны көрсетіледі;

7) 570.00.007 жолында 570.00.003 және 570.00.006 (570.00.003 + 570.00.006) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын экспортқа өткізілген шикі мұнай, газ конденсаты көлемінің құны көрсетіледі;

8) 570.00.008 жолында Салық кодексінің 303-бабына сәйкес шикі мұнай мен газ конденсатының экспортқа рента салығының ставкасы көрсетіледі;

9) 570.00.009 жолында 570.00.007 және 570.00.008 (570.00.007 x 570.00.008) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын шикі мұнай мен газ конденсатының экспортқа рента салығының сомасы көрсетіледі;

10) 570.00.010 жолында салық кезеңі үшін экспортқа өткізілген көмір көлемі көрсетіледі;

11) 570.00.011 жолында көмірдің нақты өткізу бағасы көрсетіледі;

12) 570.00.012 жолында 570.00.010 және 570.00.011 (570.00.010 x 570.00.011) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын көмірдің экспортқа өткізілген көлемінің құны көрсетіледі;

13) 570.00.013 жолында "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес айқындалған экспортқа өткізілген көмір құнының ауытқу сомасы көрсетіледі;

14) 570.00.014 жолында 570.00.012 және 570.00.013 (570.00.012 + 570.00.013) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, Трансферттік баға белгілеу туралы Заңға сәйкес түзету ескеріле отырып, экспортқа өткізілген көмір көлемінің құны көрсетіледі;

15) 570.00.015 жолында Салық кодексінің 303-бабына сәйкес көмірдің экспортқа рента салығының ставкасы көрсетіледі;

16) 570.00.016 жолында 570.00.012 және 570.00.015 (570.00.012 x 570.00.015) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын көмірдің экспортқа рента салығының сомасы көрсетіледі;

17) 570.00.017 жолында 570.00.013 және 570.00.015 (570.00.013 x 570.00.015) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын көмірдің экспортқа рента салығының сомасы көрсетіледі;

18) 570.00.018 жолында 570.00.009, 570.00.016 және 570.00.017 (570.00.009 + 570.00.016 + 570.00.017) жолдарының сомасы ретінде айқындалатын экспортқа рента салығының сомасы көрсетіледі.

11. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында:

декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін құжаттың тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
48-қосымша
Нысан 590.00 Бет 01

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
49-қосымша

Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (590.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (590.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық

және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Енгізу туралы Заң) сәйкес әзірленген және пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеуге арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны жасалған әрбір бөлек жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, мұнайды, минералды шикізатты, кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты сулары мен емдік балшықты өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жасайды.

2. Декларация декларацияның өзінен (590.00-нысан) және пайдалы қазбаларды өндіру салығын төлеу бойынша салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (590.01-ден 590.05-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларация жолдарын толтыру кезінде декларацияға қосымшалар міндетті тәртіпте жасалады.

5. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуге жататын деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

6. Қосымша парағындағы жолдардан көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, қосымшаның осындай парағы толтырылады.

7. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақ торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

8. Декларацияны жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

9. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

11. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (590.00-нысан)

12. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі

(бизнес-сәйкестендіру нөмірі). Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) көрсетіледі;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес атауы көрсетіледі;

4) валюта коды – "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

5) декларацияның түрі – тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызуды ескере отырып белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні – торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрін тапсырған жағдайда толтырылады;

7) кен орны мен келісімшарттың атауы – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың және кен орнының атауы көрсетіледі;

8) келісімшарттың жасалған күні – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған күні көрсетіледі;

9) келісімшарттың нөмірі – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың уәкілетті мемлекеттік орган берген тіркеу нөмірі көрсетіледі;

10) табыс етілген қосымшалар – табыс етілген қосымшалардың тиісті торкөздері белгіленеді.

13. "Төлеуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығы" деген бөлімде:

1) 590.00.001 жолында салық кезеңі үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бюджетке төленуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

Осы жол декларацияға 590.01.078, 590.02 G, 590.03 V, 590.04 L, 590.05 N қосымшаларының жолдары мен бағандарында түзетулерді ескере отырып көрсетілген, есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы ретінде айқындалады.

2) 590.00.002 жолында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес түзетулерді ескергендегі пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

Осы жол есепті салық кезеңінде Лондон метал биржасында немесе Лондон бағалы металдар биржасында (бұдан әрі – Лондон металдар биржасында) бекітілген бағаның ресми бағамдаулары бар пайдалы қазбаларды өндіруді жүргізетін жер қойнауын пайдаланушылар үшін ғана қолданыла алады.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) "Салық төлеушінің Т.А.Ә." жолында:

декларацияны заңды тұлға табыс еткен кезде құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі.

декларацияны жеке тұлға табыс еткен кезде деректер жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарына сәйкес толтырылады;

2) декларацияның тапсырылған күні – декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) салық органының коды – салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) декларацияның қабылданған күні – Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі - салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі.

7) пошта штемпелінің күні – пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.01-нысанын жасау

15. "Шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" деген бөлімде:

1) 590.01.001 жолында шикі мұнай өндірудің жоспарланған жылдық көлемі тоннада көрсетіледі;

2) 590.01.002 жолында салық кезеңі үшін өндірілген шикі мұнайдың жалпы көлемі тоннада көрсетіледі;

3) 590.01.003 жолында салық кезеңі үшін мұнай өңдеу зауыттарына өңдеу үшін өткізілген, өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннада көрсетіледі;

4) 590.01.004 жолында өткізілген өнімнің бірлігі үшін мұнай өңдеу зауыттарының іс жүзіндегі сатып алу бағасы көрсетіледі;

5) 590.01.005 жолында 590.01.003 және 590.01.004 ($590.01.003 \times 590.01.004$) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, өңдеу үшін мұнай өңдеу зауыттарына өткізілетін өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

6) 590.01.006 жолында салық кезеңі үшін өңдеу үшін мұнай өңдеу зауыттарына алыс-беріс шикізаты ретінде берілген өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннада көрсетіледі;

7) 590.01.007 жолында салық кезеңі үшін жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннада көрсетіледі;

8) 590.01.008 жолында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өнімнің бірлігі үшін өндірудің өзіндік құны көрсетіледі;

9) 590.01.09 жолында $((590.01.006 + 590.01.007) \times 590.01.008)$ формуласы бойынша айқындалатын, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауыттарына өңдеу үшін алыс-беріс шикізаты ретінде берілген өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

10) 590.01.010 жолында салық кезеңі үшін заттай түрде берілген өндірілген шикі мұнайдың көлемі тоннада көрсетіледі;

11) 590.01.011 жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте айқындалатын өткізу бағасы көрсетіледі;

12) 590.01.012 жолында 590.01.010 және 590.01.011 ($590.01.010 \times 590.01.011$) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, заттай түрде берілген өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

13) 590.01.013 жолында салық кезеңі үшін 590.01.002,– 590.01.003, 590.01.006 , 590.01.007 және 590.01.010 (590.01.002 – 590.01.003 – 590.01.006 – 590.01.007 – 590.01.010) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, тауарлық шикі мұнайдың өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

14) 590.01.014 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын шикі мұнайға әлемдік баға көрсетіледі;

15) 590.01.015 жолында 590.0.013 және 590.01.014 (590.01.013 x 590.01.014) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын тауарлық шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі;

16) 590.01.016 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

17) 590.01.017 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған төмендетуші коэффициентті ескергендегі шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

18) 590.01.018 жолында $((590.01.005+590.01.009+590.01.012) \times 590.01.017)+(590.01.015 \times 590.01.016)$ формула бойынша айқындалатын шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

16. "Газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" деген бөлімде:

1) 590.01.019 жолында газ конденсатын өндірудің жоспарланған жылдық көлемі тоннада көрсетіледі;

2) 590.01.020 жолында салық кезеңі үшін өндірілген газ конденсатының жалпы көлемі тоннада көрсетіледі;

3) 590.01.021 жолында салық кезеңі үшін мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін өткізілген газ конденсатының өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

4) 590.01.022 жолында өткізілген өнімнің бірлігі үшін мұнай өңдеуші зауыттың нақты сатып алу бағасы көрсетіледі;

5) 590.01.023 жолында 590.01.021 және 590.01.022 (590.01.021 x 590.01.022) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, мұнай өңдеу зауытына өңдеу үшін өткізілген өндірілген газ конденсаты көлемінің құны көрсетіледі;

6) 590.01.024 жолында салық кезеңі үшін мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде берілген газ конденсатының өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

7) 590.01.025 жолында жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

8) 590.01.026 жолында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өнімнің бірлігі үшін өндірудің өзіндік құны көрсетіледі;

9) 590.01.027 жолында 590.01.024 және 590.01.025 жолдарын 590.01.026 ((590.01.024 + 590.01.025) x 590.01.026) жолына көбейту ретінде айқындалатын, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауыттарына алыс-беріс шикізаты ретінде берілген газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

10) 590.01.028 жолында заттай түрде берілген газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

11) 590.01.029 жолында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте айқындалған өткізу бағасы көрсетіледі;

12) 590.01.030 жолында 590.01.028 және 590.01.029, (590.01.028 x 590.01.029) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, заттай түрде берілген газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі көрсетіледі;

13) 590.01.031 жолында 590.01.020, 590.01.021, 590.01.024, 590.01.025 және 590.01.028 (590.01.020 – 590.01.021 – 590.01.024 – 590.01.025 – 590.01.028) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, тауарлық газ конденсатының салық кезеңі үшін өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

14) 590.01.032 жолында Салық кодексінің 334-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын, газ конденсатына әлемдік баға көрсетіледі;

15) 590.01.033 жолында 590.01.031 және 590.01.032 (590.01.031 x 150.01.032) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, тауарлық газ конденсаты көлемінің құны көрсетіледі;

16) 590.01.034 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

17) 590.01.035 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы төмендетуші коэффициентті ескере отырып, көрсетіледі;

18) 590.01.036 жолында (((590.01.023 + 590.01.027 + 590.01.030) x 590.01.035) + (590.01.033 x 590.01.034)) ретінде айқындалатын, газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

17. "Табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" деген бөлімде :

1) 590.01.037 жолында табиғи газды өндірудің жоспарланған жылдық көлемі текше метрмен көрсетіледі;

2) 590.01.038 жолында жер қойнауына кері айдалатын табиғи газды қоспағанда, салық кезеңі үшін өндірілген табиғи газдың жалпы көлемі текше метрде көрсетіледі;

3) 590.01.039 жолында Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі текше метрмен көрсетіледі;

4) 590.01.040 жолында өткізілген өнімнің бірлігі үшін өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

5) 590.01.041 жолында 590.01.039 және 590.01.040 (590.01.039 x 590.01.040) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына өткізілген табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

6) 590.01.042 жолында жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі текше метрде көрсетіледі;

7) 590.01.043 жолында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өнімнің бірлігі үшін өндірудің өндірістік өзіндік құны көрсетіледі;

8) 590.01.044 жолында 590.01.042 және 590.01.043 (590.01.042 x 590.01.043) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған табиғи газдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

9) 590.01.045 жолында 590.01.038, 590.01.039 және 590.01.042 (590.01.038 – 590.01.039 – 590.01.042) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын, тауарлық табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемі текше метрмен көрсетіледі;

10) 590.01.046 жолында Салық кодексінің 334-бабы 4-тармағына сәйкес айқындалатын, табиғи газға әлемдік баға көрсетіледі;

11) 590.01.047 жолында 590.01.045 және 590.01.046 (590.01.045 x 590.01.046) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, тауарлық табиғи газдың салық кезеңі үшін өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

12) 590.01.048 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалатын, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

13) 590.01.049 жолында Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған, ішкі нарықта өткізілген табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

14) 590.01.050 жолында 590.01.041 және 590.01.049 (590.01.041 x 590.01.049) ретінде айқындалатын, ішкі нарығына өткізілген табиғи газдың салық кезеңі үшін өндіруге салық көрсетіледі;

15) 590.01.051 жолында (590.01.050 + ((590.01.044 + 590.01.047) x 590.01.048)) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

18. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын түзету" деген бөлімде:

Шикі мұнайға, газ конденсатына, табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасын түзету Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

1) 590.01.052 жолында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың жеке әрбіреуі бойынша есепті күнтізбелік жыл үшін шикі мұнай іс жүзінде өндірілген көлемі тоннада көрсетіледі;

2) 590.01.053 жолында есепті жылдың 1–3-тоқсандары үшін шикі мұнайға есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

3) 590.01.054 жолында мұнай өңдеуші зауыттарға өткізілген, есепті жылдың 1–3-тоқсандары үшін өндірілген шикі мұнай көлемінің құны көрсетіледі

4) 590.01.055 жолында есепті жылдың 1–3-тоқсандары үшін жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған және мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде өңдеу үшін өткізілген шикі мұнайдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

5) 590.01.056 жолында заттай түрде берілген, есептік жылдың 1–3-тоқсандары үшін шикі мұнайдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

6) 590.01.057 жолында есепті жылдың 1–3-тоқсандары үшін тауарлық шикі мұнайдың өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

7) 590.01.058 жолында есепті жылдың қорытындысы бойынша өндірілген мұнайдың нақты көлемі негізге алына отырып, Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

8) 590.01.059 жолында есепті жылдың қорытындысы бойынша өндірілген шикі мұнайдың нақты көлемі негізге алына отырып, Салық кодексінің 336-бабына сәйкес айқындалған төмендету коэффициенті ескеріле отырып шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

9) 590.01.060 жолында $((590.01.054 + 590.01.055 + 590.01.056) \times 590.01.059) + (590.01.057 \times 590.01.058)$ формуласы бойынша айқындалатын шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

10) 590.01.061 жолында 590.01.060 және 590.01.053 жолдарының айырмасы (590.01.060–590.01.053) ретінде айқындалатын Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес шикі мұнайға пайдалы қазбаларды өндіру салығын түзету сомасы көрсетіледі;

11) 590.01.062 жолында әрбір бөлек жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша есепті жылдың қорытындысы бойынша өндірілген газ конденсатының нақты көлемі тоннада көрсетіледі;

12) 590.01.063 жолында есепті жылдың 1–3-тоқсандары үшін газ конденсатына есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

13) 590.01.064 жолында мұнай өңдеу зауыттарына өткізілген салық жылының 1–3-тоқсандары үшін өндірілген газ конденсаты көлемінің құны көрсетіледі;

14) 590.01.065 жолында есепті жылдың 1-3-тоқсандары үшін мұнай өңдеу зауытына алыс-беріс шикізаты ретінде қайта өңдеу үшін берілген және жеке

өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылған газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

15) 590.01.066 жолында есепті жылдың 1-3-тоқсандары үшін заттай түрде берілген газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

16) 590.01.067 жолында есепті жылдың 1-3-тоқсандары үшін тауарлық газ конденсатының өндірілген көлемінің құны көрсетіледі;

17) 590.01.068 жолында есепті жылдың қорытындысы бойынша өндірілген газ конденсатының нақты көлемі негізге алына отырып Салық кодексінің 336-бабында айқындалған газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

18) 590.01.069 жолында есепті жылдың қорытындысы бойынша өндірілген газ конденсатының нақты көлемі негізге алына отырып, Салық кодексінің 336-бабында айқындалған төмендету коэффициенті ескеріле отырып газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

19) 590.01.070 жолында $((590.01.064+590.01.065+590.01.066) \times 590.01.069)+(590.01.067 \times 590.01.068)$ ретінде айқындалатын газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

20) 590.01.071 жолында 590.01.070 және 590.01.063 жолдарының айырмасы ($590.01.070 - 590.01.063$) ретінде айқындалатын Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес газ конденсатына пайдалы қазбаларды өндіру салығын түзету сомасы көрсетіледі;

21) 590.01.072 жолында жер қойнауына кері айдалатын табиғи газды қоспағанда, есепті жылдың қорытындысы бойынша әрбір жеке жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша өндірілген табиғи газдың нақты көлемі текше метрде көрсетіледі;

22) 590.01.073 жолында есепті жылдың 1-3-тоқсандары үшін ішкі нарықта өткізілген табиғи газға есептелген пайдалы қазбаларды өндіру салығы көрсетіледі;

23) 590.01.074 жолында есепті жылдың 1-3-тоқсандары үшін Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізілген өндірілген табиғи газ көлемінің құны көрсетіледі;

24) 590.01.075 жолында есепті жылдың қорытындысы бойынша өндірілген газ конденсатының нақты көлемі негізге алына отырып, Салық кодексінің 336-бабында айқындалған, ішкі нарықта өткізілген табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының ставкасы көрсетіледі;

25) 590.01.076 жолында 590.01.074 және 590.01.075 жолдарының туындысы ($590.01.074 \times 590.01.075$) ретінде айқындалатын, ішкі нарықта өткізілген табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

26) 590.01.077 жолында 590.01.076 және 590.01.073 жолдарының айырмасы (590.01.076 – 590.01.073) ретінде айқындалатын, Салық кодексінің 335-бабы 3-тармағына сәйкес ішкі нарықта өткізілген табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіру салығын түзету сомасы көрсетіледі.

19. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығы" деген бөлімде:

1) 590.01.078 жолында 590.01.018, 590.01.036, 590.01.051, 590.01.061, 590.01.071 және 590.01.077 жолдарының сомасы (590.01.018 + 590.01.036 + 590.01.051 + 590.01.061 + 590.01.071 + 590.01.077) ретінде айқындалатын, бюджетке төленуге жататын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

590.01.078 жолының мәні 590.00-нысанының 590.00.001 жолына көшіріледі.

4. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, салық кезеңінде Лондон металдар биржасында тіркелген ресми баға белгілеулері бар құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.02-нысанын жасау

20. 590.02-нысаны салық кезеңінде Лондон металдар биржасында тіркелген ресми баға белгілеулері бар құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге үшін арналған.

21. "Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералды шикізаттың көлемі" деген бөлімде:

590.02.001 жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар, құрамында пайдалы қазбалары бар минералды шикізаттың өндірілген көлемі көрсетіледі;

22. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" деген бөлімде:

1) "Минералды шикізаттың атауы" бөлімінде Лондон металдар биржасында тіркелген, олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар, құрамында пайдалы қазбалары бар өндірілген минералды шикізаттың атауы көрсетіледі;

2) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

3) В бағанының жолдарында Лондон металдар биржасында тіркелген, үшін олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

4) С бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

5) D бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын, биржалық орташа баға көрсетіледі;

6) E бағанының жолдарында С және D бағандарының туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың құрамындағы пайдалы қазбалардың төленген запастарының салық салынатын көлемінің құны ретінде есептелген салық базасы көрсетіледі;

7) F бағанының жолдарында Салық кодексінің 339-бабында айқындалған, салық ставкасы көрсетіледі;

8) G бағанының жолдарында E және F бағандарының туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбаларға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

9) H бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес есептелген салықтың түзету сомасы көрсетіледі;

10) I бағанының жолдарында G және H бағандарының (G + H) сомасы ретінде айқындалатын, пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзетулерді ескергендегі сомасы көрсетіледі;

I бағанының қорытынды сомасы 590.00 нысанының 590.00.001 жолына көшіріледі.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша қосымша декларация өткізетін болса, онда I бағанының мәні 590.00-нысанының 590.00.002 жолына көшіріледі.

5. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында салық кезеңінде бір мезгілде Лондон металдар биржасында тіркелген ресми баға белгілеулері бар пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа және өндірілуі, қолданылуы (өткізілуі) жер қойнауын арналған келісімшарттың талаптарында көзделген пайдалы қазбалардың басқа түрлеріне пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.03-нысанын жасау

23. 590.03-нысаны құрамында салық кезеңінде бір мезгілде Лондон металдар биржасында тіркелген ресми баға белгілеулері бар пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа және өндірілуі, қолданылуы (өткізілуі) жер қойнауын арналған келісімшарттың талаптарында көзделген пайдалы қазбалардың басқа

түрлеріне пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге үшін арналған.

24. "Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералды шикізаттың көлемі" деген бөлімде: 590.03.001 жолында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар, бір уақытта құрамында пайдалы қазбалары бар және алынуы, қолданылуы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлері бойынша минералдық шикізаттың өндірілген көлемі көрсетіледі (тонна, килограмм, грамм).

25. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" бөлімінде:

1) "Минералды шикізаттың атауы" жолда Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар, бір уақытта құрамында пайдалы қазбалары бар және алынуы, қолданылуы (іске асырылуы) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарында көзделген, пайдалы қазбалардың басқа түрлері бойынша өндірілген минералдық шикізаттың атауы көрсетіледі;

2) А бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

3) В бағанының жолдарында Лондон металдар биржасында тіркелген, олар бойынша салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

4) С бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

5) D бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалатын, биржалық орташа баға көрсетіледі;

6) E бағанының жолдарында С және D бағандарының (С x D) туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалар көлемінің құны ретінде есептелген салық базасы көрсетіледі;

7) F бағанының жолдарында Салық кодексінің 339-бабында сәйкес айқындалған салық ставкасы көрсетіледі;

8) G бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің атаулары көрсетіледі;

9) H бағанының жолдарында салық кезеңі үшін минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

10) I бағанының бағанының жолдарында басқа заңды тұлғаға қайта өндіруге берілген минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

11) J бағанының жолдарында бір заңды тұлғаның шеңберінде әрі қарай өндіру үшін құрылымдық бөлімшеге берілген, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

12) K бағанының жолдарында жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылған , минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

13) L бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабы 2-тармағына сәйкес айқындалатын өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

14) M бағанының жолдарында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, сондай пайдалы қазбалар түрлеріне келетін, өндірудің және алғашқы өңдеудің (байытудың) 20 пайыз қосылған өндірістік өзіндік құны көрсетіледі;

15) N бағанының жолдарында төмендегідей айқындалатын, минералды шикізаттағы пайдалы қазбалардың төленген запастарының салық салынатын көлемінің құны ретінде есептелген салық базасы көрсетіледі:

N және L бағандарының туындысы $(N \times L)$ ретінде;

I, J, K бағандарына M бағанының туындысы $((I + J + K) \times M)$ ретінде;

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт қолданысы басталғаннан бастап пайдалы қазбаларды өткізу мүлдем болмаған жағдайда, құны N және M бағандарының туындысы $(M \times N)$ ретінде айқындалады;

16) O бағанының жолдарында "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес айқындалатын минералды шикізаттағы пайдалы қазбалардың өтелген запастарының салық салынатын көлемі құнының ауытқу сомасы көрсетіледі;

17) P бағанының жолдарында Салық кодексінің 339-бабында сәйкес айқындалған салық ставкасы көрсетіледі;

18) R бағанының жолдарында E және F бағандарының және N және P бағандарының туындысы $((E \times F) + (N \times P))$ ретінде айқындалатын, пайдалы қазбаларды өндіруге есептелген салықтың сомасы көрсетіледі;

19) S бағанының жолдарында Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына және Салық кодексінің 338-бабы 6-тармағының 3) тармақшасына

сәйкес айқындалатын және Трансферттік баға белгілеу туралы Заңның ережелері ескеріле отырып, салықты түзету көрсетіледі;

20) T бағанының жолдарында R және S бағандарының (R+S) сомасы ретінде айқындалатын түзету ескерілгендегі пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

21) U бағанының жолдарында O және P бағандарының туындысы (O x P) ретінде айқындалатын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

22) V бағанының жолдарында (T және U) бағандарының сомасы ретінде айқындалатын пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

V бағанының қорытынды сомасы 590.00-нысанының 590.00.001 жолына көшіріледі.

Егер жер қойнауын пайдаланушы Салық кодексінің 338-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша қосымша декларация табыс еткен жағдайда, V бағанының мәні 590.00-нысанының 590.00.002 жолына көшіріледі.

6. Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда және Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.04-нысанын жасау

26. 590.04-нысаны Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар минералдық шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған.

27. "Кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералды шикізаттың көлемі" деген бөлімде:

1) 590.03.001 жолында Лондон металдар биржасында тіркелген салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар өндірілген минералды шикізаттың көлемі көрсетіледі;

28. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" деген бөлімде:

1) "Минералды шикізаттың атауы" жолында Лондон металдар биржасында тіркелген салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, құрамында пайдалы қазбалары бар өндірілген минералдық шикізаттың атауы көрсетіледі;

2) A бағанында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

3) В бағанының жолдарында Лондон металдар биржасында тіркелген, салық кезеңінде олар бойынша бағаның ресми бағамдары бар пайдалы қазбаларды қоспағанда, минералдық шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың атауы көрсетіледі;

4) С бағанының жолдарында минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалардың көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, унция, грамм және т.б.);

5) D бағанының жолдарында өткізудің орташа бағасы көрсетіледі;

6) E бағанының жолдарында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, пайдалы қазбалардың осындай түрлеріне келетін, өндіру және алғашқы өңдеудің (байытудың) өндірістік өзіндік құны көрсетіледі;

7) F бағанының жолдарында C бағаны жолдарының және D бағаны жолдарының (C x D) туындысы ретінде айқындалатын, минералды шикізаттың төленген запастарының салық салынатын көлеміндегі пайдалы қазбалар көлемінің құны ретінде есептелетін салық базасы көрсетіледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қызмет етуінен бастап алғашқы өңдеуден (байыту) өткен пайдалы қазбалардың өткізілуі мүлде болмағанда, құн C бағанының жолдары және E бағанының жолдарының (C x E) туындысы ретінде айқындалады;

8) G бағанының жолдарында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалған минералды шикізаттағы пайдалы қазбалар өтелген запастарының салық салынатын көлемінің ауытқу сомасы көрсетіледі;

9) H бағанының жолдарында Салық кодексінің 339-бабында айқындалған салық ставкасы көрсетіледі;

10) I бағанының жолдарында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңының ережелерін ескере отырып, Салық кодексінің 338-бабы 6-тармағының 3) тармақшасына сәйкес алғашқы өңдеуден (байыту) өткен, минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

11) J бағанының жолдарында F және G (O x P) бағандарының туындысы ретінде айқындалатын және H бағанына ((F x H) + I) ұлғайтылған, алғашқы өңдеуден (байыту) өткен, минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

12) K бағанының жолдарында G және H бағандарының туындысы (G x H) ретінде айқындалатын, бастапқы өңдеуден (байыту) өткен минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

13) L бағанының жолдарында J және K сомалары (J + K) ретінде айқындалатын, бастапқы өңдеуден (байыту) өткен минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

L бағаны жолының қорытынды сомасы 590.00-нынасының 590.00.001 жолына көшіріледі.

7. Кең таралған пайдалы қазбаларды, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу – 590.05-нысанын жасау

29. "Пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу" деген бөлімде:

- 1) A бағанының жолдарында жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) B бағанының жолдарында пайдалы қазбаның коды көрсетіледі;
- 3) C бағанының жолдарында өндірілген кең таралған пайдалы қазбалардың, жер асты сулары мен шипалы балшықтардың атауы көрсетіледі;
- 4) D бағанының жолдарында кең таралған пайдалы қазбалардың, жер асты сулары мен шипалы балшықтардың салық кезеңі үшін физикалық өндірілген көлемі көрсетіледі (тонна, текше метр, килограмм, грамм);
- 5) E бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабы 2, 3-тармақтарына сәйкес айқындалатын орташа өткізу бағасы көрсетіледі;
- 6) F бағанының жолдарында халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына және Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, 20 пайыз қосылған, өндіру мен алғашқы өңдеуден (байыту) өткізудің өндірістік өзіндік құны көрсетіледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың қолданысқа енгенінен бастап кең таралған пайдалы қазбаларды өткізу мүлдем болмаған жағдайда ғана толтырылады;
- 7) G бағанының жолдарында Салық кодексінің 341-бабына сәйкес D және E немесе D және F бағандарының туындысы (D x E) немесе (D x F) ретінде айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу үшін салық базасы көрсетіледі;
- 8) H бағанының жолдарында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалған кең таралған пайдалы қазбаларды, жер асты сулары мен шипалы балшықтар құнының ауытқу сомасы көрсетіледі;
- 9) I бағанының жолдарында Салық кодексінің 342-бабында айқындалған салықтың ставкасы көрсетіледі;
- 10) J бағанының жолдарында G және I бағандарының (G x I) туындысы ретінде айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен

шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі ;

11) К бағанының жолдарында Трансферттік баға белгілеу туралы Заңын ескере отырып, Салық кодексінің 341-бабы 4-тармағына сәйкес айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының түзету сомасы көрсетіледі;

12) L бағанының жолдарында L және K бағандарының (L+K) сомасы ретінде айқындалатын, түзету ескере отырып, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

13) M бағанының жолдарында H және I бағандарының (H+I) сомасы ретінде айқындалатын, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі;

14) N бағанының жолдарында L және M бағандарының (L+M) сомасы ретінде айқындалатын, түзету ескере отырып, кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты сулары мен шипалы балшықтарға пайдалы қазбаларды өндіру салығының сомасы көрсетіледі.

N бағанының қорытынды сомасы 590.00-нынасының 590.00.001 жолына көшіріледі.

30. Пайдалы қазбалардың кодтары:

0001	Сутегі
0002	Гелий
0003	Литий
0004	Бериллий
0005	Бор
0006	Көміртегі
0007	Азот
0008	Оттегі
0009	Фтор
0010	Неон
0011	Натрий
0012	Магний
0013	Алюминий
0014	Кремний
0015	Фосфор
0016	Күкірт
0017	Хлор
0018	Аргон
0019	Калий
0020	Кальций

0021	Скандий
0022	Титан
0023	Ванадий
0024	Хром
0025	Марганец
0026	Темір
0027	Кобальт
0028	Никель
0029	Мыс
0030	Мырыш
0031	Галлий
0032	Германий
0033	Күшән
0034	Селен
0035	Бром
0036	Криптон
0037	Рубидий
0038	Стронций
0039	Иттрий
0040	Цирконий
0041	Ниобий
0042	Молибден
0043	Технеций
0044	Рутений
0045	Родий
0046	Палладий
0047	Күміс
0048	Кадмий
0049	Индий
0050	Қалайы
0051	Сүрме
0052	Теллур
0053	Йод
0054	Ксенон
0055	Цезий
0056	Барий
0057	Лантан
0058	Гафний
0059	Тантал
0060	Вольфрам
0061	Рений
0062	Осмий

0063	Иридий
0064	Платина
0065	Алтын
0066	Сынап
0067	Таллий
0068	Қорғасын
0069	Висмут
0070	Полоний
0071	Астат
0072	Радон
0073	Франций
0074	Радий
0075	Актиний
0076	Резерфодий
0077	Дубний
0078	Сиборгий
0079	Борий
0080	Хассий
0081	Майтнерий
0082	Металлургия үшін кенге жатпайтын шикізат
0083	Қалыптық құмдар
0084	Алаптық шпат
0085	Пегматит
0086	Басқа да алюминий тотығы жыныстары
0087	Әктас
0088	Доломит
0089	Әктасты-доломит жыныстары
0090	Тамақ өнеркәсібі үшін әктас
0091	Басқа да кенге жатпайтын шикізат
0092	Отқа төзімді саздар
0093	Каолин
0094	Вермикулит
0095	Ас тұзы
0096	Жергілікті құрылыс материалдары
0097	Вулкандық кеуек жыныстары
0098	Вулкандық суқұрамдас әйнек
0099	Әйнек тәріздес жыныстар
0100	Перлит
0101	Обсидиан
0102	Малта тас
0103	Қиыршық тас

0104	Гипс
0105	Қиыршық тас-кұм аралас
0106	Гипсті тас
0107	Ангидрит
0108	Гажа
0109	Саз
0110	Саз жыныстар (балкуы ауыр және оңай балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды тақтатастар)
0111	Әкбор
0112	Мергель
0113	Мергельді-әкбор жыныстары
0114	Кремний жыныстары (трепел, опоктар, диатомит)
0115	Кварцты-алап шпат жыныстары
0116	Гранит
0117	Диабаз
0118	Мәрмар
0119	Базальт
0120	Басқа тұнбалы, атылған, метаморфияллық жыныстары
0121	Тоқпақ тас
0122	Кұм (кварцтық, құрылыс, алап шпаттық)
0123	Кұмдық
0124	Табиғи пигменттер
0125	Ұлу тас
0126	Жер асты сулары
0127	Мұнай
0128	Газ
0129	Мұнайгаз конденсаты
0130	Басқалар

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
50-қосымша
Нысан 641.00 Бет 01

Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударымдардың және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары есебі

Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударымдардың және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (641.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударымдардың және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (641.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 308-1-бабында көзделген салық режимінің тұрақтылығына Қазақстан Республикасы кепілдік берген, заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасымен жасалған келісімшарттар (бұдан әрі – келісімшарттар) бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілердің жұмыспен қамтуға көмектесу, міндетті медициналық сақтандыру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорларына, зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударымдардың және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары есебін (бұдан әрі – есеп) жасау тәртібін айқындайды.

2. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

4. Сомалардың теріс мәндері тиісті жолдың (бағанның) бірінші сол торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі;

5. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара не көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

7. Есепті табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен төлеушіге қайтарылады;

4. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

5. Сомалардың теріс мәндері есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

6. Есептерді жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

7. Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін объектілер бойынша есепті пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы толтырады және табыс етеді.

8. Концессия шарты бойынша берілген объектілер бойынша есепті концессионер толтырады және табыс етеді.

9. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

10. Есепті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

2. Есепті жасау (701.01-нысан)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) жер салығы және мүлік салығы бойынша төлеушінің ЖСН/БСН;

2) салық есептілігі тапсырылатын кезең (жыл) – есеп берілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) есептің түрі.

Тиісті торкөздер есепті Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Торкөздер Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4)тармақшасында көзделген хабарлама бойынша қосымша есепті табыс еткен жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А, В, жолдарында көрсетілген бір немесе бірнеше санаттарға жатқан жағдайда толтырылады;

7) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

12. "Жер салығы және мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеу" деген бөлімде:

1) А бағанында жер салығы және мүлік салығының бюджет сыныптамасының тиісті кодтары көрсетіледі;

2) В бағанында салықтардың атауы көрсетіледі;

3) С, D, E, F, G жолдарында жер учаскесінің бюджет сыныптамасының кодына сәйкес келетін бір санаттағы бірнеше жер учаскесі болған жағдайда көрсетілген жер учаскелері бойынша ағымдағы төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі;

4) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша есепті тапсыру кезінде С бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда есепті тапсырған кезде С бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (–) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

5) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша есепті тапсыру кезінде D бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 мамырынан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда есепті тапсырған кезде D бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 мамырынан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (–) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

6) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша есепті тапсыру кезінде E бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 тамызынан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда есепті тапсырған кезде E бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 тамызынан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (–) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

7) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша есепті тапсыру кезінде F бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 қарашадан кешіктірмей төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда есепті тапсырған кезде F бағанында жер учаскесі және мүлікке сәйкес бюджет сыныптамасы кодының алдына салық кезеңінің 25 қарашадан кешіктірмей төленуге (+), азайтуға (–) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі;

8) салық кезеңінің басындағы салық салу объектісі бойынша есепті тапсыру кезінде G бағанында алдағы салық кезеңі үшін төленуге жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

Салық міндеттемесі өзгерген жағдайда есепті тапсырған кезде G бағанында жер учаскесі алдағы салық кезеңі үшін төленуге (+), азайтуға (-) жататын ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің (басшының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) есептің тапсырылған күні.

Салық органына есептің тапсырған ағымдағы күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі.6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы беретін есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
58-қосымша
Нысан 710.00 Бет 01

**Ойын бизнесі салығы бойынша және тіркелген
салық бойынша декларация**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің

Ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (710.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (710.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және ойын бизнесі салығын және тіркелген салықты есептеуге арналған ойын бизнесі салығы және тіркелген салық бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) жасау (бұдан әрі – Декларация) тәртібін айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 411 және 420-баптарында айқындалған ойын бизнесі саласында қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Декларацияның өзінен (710.00-нысан) және оған салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшалардан (710.01-нысан және 710.02-нысан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, тазартуларға және өшіруге жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін Декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымша Декларациядағы оларда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда, Декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Соманың теріс мәні Декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны тапсырған кезде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (710.00-нысаны)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру (бизнес- сәйкестендіру) нөмірі;

2) салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) Декларацияның түрі. Тиісті торкөздер Декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні. А және В торкөздері Салық кодексінің 63-бабының 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген Декларация түрін тапсырған жағдайда толтырылады;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер төлеуші А немесе В жолда көрсетілген санаттардың біріне жататын болса белгіленеді;

А – салық міндеттемесінің орындалуы сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген шартпен мүлікті басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – салық міндеттемесінің орындалуы сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген шартпен мүлікті басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушының құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге жағдайларында пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

7) төлеушінің санаты.

А – ойын бизнесі салығының төлеушісі болып табылатын салық төлеуші;

В – тіркелген салық төлеушісі болып табылатын салық төлеуші;

Егер салық төлеуші бір мезгілде ойын бизнес салығы және тіркелген салық төлеушісі болып табылса А және В торкөздерінің екеуі де белгіленеді;

8) "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген "Валюта жіктеуіші" 23-қосымшасына сәйкес валюта коды;

9) табыс етілген қосымшалардың саны.

15. "Ойын бизнесі салығы" бөлімінде:

1) 710.00.001 жолында барлық 710.01-нысандары бойынша 710.01.007 С жолынан көшірілетін салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс есептелген ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 710.00.002 жолында барлық 710.01-нысандары бойынша 710.01.012 С жолынан көшірілетін салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс есептелген қосымша төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Тіркелген салық" бөлімінде:

710.00.003 жолында барлық 710.02-нысандары бойынша 710.02.007 С жолынан көшірілетін салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс есептелген ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі;

17. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

көрсетіледі. Егер Декларацияны жеке тұлға тапсырған жағдайда жолда салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі, деректер жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылады;

2) Декларацияны салық органына тапсыру күні;

3) жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының аты-жөні" жолында Декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

5) салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі көрсетіледі. Салық органы берген Декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 710.01-нысанын жасау

18. 710.01-нысаны салық кезеңі үшін (тоқсан) Салық кодексінің 412-бабында айқындалған барлық салық салынатын объектілер (олар ол болған жағдайда) бойынша ойын бизнесі салығының есептелген сомасы туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

19. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 3 жолда мөлшері "2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 қарашадағы Заңымен тиісті қаржы жылына белгіленетін АЕК – айлық есептік көрсеткіш көрсетіледі;

2) 4 А торкөзі айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді;

3) 4 В торкөзі айдың 15-нен кейін енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді.

Салық кезеңінде салық салу объектілерінің болуына қарай торкөздердің бірі ғана белгіленеді.

Әрбір белгіленген торкөз бойынша 710.01-нысаны бойынша бөлек қосымша толтырылады.

20. "Бюджетке төленуге жататын ойын бизнесі салығын есептеу" бөлімі мынадай жолдардан тұрады: 710.01.001 – ойын үстелі, 710.01.002 – ойын автоматы, 710.01.003 – тотализатор кассасы, 710.01.004 – тотализатордың

электронды кассасы, 710.01.005 – букмекерлік кеңсе кассасы, 710.01.006 – букмекерлік кеңсенің электронды кассасы, 710.01.007 – ойын бизнесі салығы – барлығы.

Бұл жолдарда:

1) А бағанында – салық кезеңінің әр айы үшін салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

2) В бағанында – Салық кодексінің 413-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын объектінің тиісті түріне қолданылатын ойын бизнесі салығының ставкасы теңгеде көрсетіледі.

Айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы әрбір салық салу объектісі бойынша АЕК-те белгіленген салық ставкасы мен "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшері туындысы ретінде айқындалады.

Айдың 15-нен кейін енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы әрбір салық салу объектісі бойынша АЕК-те белгіленген салық ставкасы мен "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшері туындысының $1/2$ ретінде айқындалады;

3) С бағанында – А бағаны мен В бағаны тиісті жолдарының туындысы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін салық салу объектісі бойынша теңгедегі ойын бизнесі салығының сомасы көрсетіледі.

Мысалға, ойын үстелдері бойынша көрсетілген бағандар бойынша тиісті жолдарды толтыру былайша жүргізіледі.

710.01.001 А жолында салық кезеңінің әр айы үшін ойын үстелдерінің саны көрсетіледі.

710.01.001 В жолында былайша айқындалатын ойын үстелдеріне қолданылатын теңгедегі тиісті салық ставкасы көрсетіледі:

айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және айдың 15-нен кейін шығарылған ойын үстелдері бойынша 830 АЕК мөлшерінде белгіленген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшері туындысы ретінде айқындалады (830 x 1 АЕК);

айдың 15-нен кейін енгізілген және айдың 15-не дейін шығарылған ойын үстелдері бойынша 830 АЕК мөлшерінде бекітілген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшері туындысының $1/2$ ретінде айқындалады ((830 x 1 АЕК) / 2).

710.01.001 С жолында 710.01.001 А және 710.01.001 В жолдарының (710.01.001 А x 710.01.001 В) туындысы ретінде салық кезеңінің әр айы үшін

ойын үстелдерінің санына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін салық сомасы көрсетіледі.

Объектілердің өзге түрлері (ойын автоматтары, тотализатор кассалары, электронды тотализатор кассалары, букмекерлік кеңселердің электронды кассалары, букмекерлік кеңселердің кассалары) бойынша жолдарды толтыру ойын үстелдері бойынша толтыру сияқты жүргізіледі;

4) 710.01.007 С жолында 710.01.001 С-ден 710.01.006 С-ға дейінгі жолдардың жиынтығымен айқындалатын салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын объектілердің барлық түрлері бойынша есептелген ойын бизнесі салығының жалпы сомасы көрсетіледі.

21. "Бюджетке төленуге жататын қосымша төлемдерді есептеу" бөлімі ойын бизнесі саласындағы қызметтен түскен табыстың Салық кодексінің 416-бабы 2-тармағында белгіленген шекті табыстан асып түскен жағдайда толтырылады.

Бөлім мынадай жолдардан тұрады: 710.01.008 – казино, 710.01.009 – ойын автоматтар залы, 710.01.010 – тотализатор, 710.01.011 – букмекерлік кеңсе, 710.01.012 – қосымша төлемдер – барлығы, мұнда:

1) А бағанында салық кезеңі үшін тиісті ойын бизнесі саласындағы қызметтен түскен табыстың нақты мөлшері көрсетіледі;

2) В бағанында табыстың нақты мөлшері (А бағаны) мен Салық кодексінің 416-бабы 2-тармағында белгіленген табыстың шекті мөлшерінің сомасының оң айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін ойын бизнесі саласындағы қызметтің әрбір түрі бойынша табыстың шекті мөлшерінен асатын сома көрсетіледі;

3) С бағанында табыстың шекті мөлшерінен асып кету сомасына "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 4-бабында белгіленген мөлшердегі ставканы қолдану жолымен айқындалатын салық кезеңі үшін ойын бизнесі саласындағы қызметтің әрбір түрі бойынша есептелген қосымша төлем сомасы көрсетіледі;

Мысалға, казино қызметі бойынша қосымша төлем есептеу былайша жүргізіледі.

710.01.008 А жолында салық кезеңі үшін казино қызметінен түскен табыстың нақты мөлшері көрсетіледі.

710.01.008 В жолында 710.01.008 А жолы мен 135000-еселенген мөлшердегі АЕК мөлшеріндегі казино қызметінен түсетін табыстың шекті мөлшерінің айырмасы ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін казино қызметінен түскен табыстың шекті мөлшерінен асатын сома көрсетіледі.

710.01.008 С жолында 710.01.008 В жолында көрсетілетін казино қызметінен түскен табыстың шекті мөлшерінен асатын сомаға 20 пайыз мөлшеріндегі ставканы қолдану жолымен айқындалатын, бюджетке төленуге тиіс, салық кезеңі үшін есептелген қосымша төлем сомасы көрсетіледі.

Ойын бизнесі саласындағы қызметтің өзге түрлері бойынша (ойын автоматтарының залдары, тотализаторлар, букмекерлік кеңселер) жолдарды толтыру казино қызметі бойынша толтырғанға ұқсас жүзеге асырылады;

710.01.012 С жолында 710.01.008 С-дан 710.01.011 С-ға дейінгі жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс ойын бизнесі қызметінің барлық түрлері бойынша есептелген қосымша төлемнің жалпы сомасы көрсетіледі.

4. 710.02-нысанын жасау

23. 710.02 нысаны салық кезеңі үшін (тоқсан) Салық кодексінің 412-бабында айқындалған барлық салық салынатын объектілер (олар болған жағдайда) бойынша есептелген тіркелген салық сомасы туралы ақпараттарды көрсетуге арналған.

24. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) 3 жолда мөлшері "2011–2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңымен тиісті қаржы жылына белгіленетін АЕК – айлық есептік көрсеткіш көрсетіледі;

2) 4 А торкөзі айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді;

3) 4 В торкөзі айдың 15-нен кейін енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері болған кезде белгіленеді.

Салық кезеңінде салық салу объектілерінің болуына қарай торкөздердің бірі ғана белгіленеді.

Әрбір белгіленген торкөз бойынша 720.01 - нысаны бойынша бөлек қосымша толтырылады.

25. "Бюджетке төленуге жататын тіркелген салықты есептеу" бөлімі мынадай жолдардан тұрады: 710.02.001 – бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы, 710.02.002 – біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы, 710.02.003 – ойын өткізуге пайдаланылатын дербес компьютер, 710.02.004 – ойын жолы, 710.02.005 – карт, 710.02.006 – бильярд үстелі, 710.02.007 – тіркелген салық – барлығы.

Бұл жолдарда:

1) А бағанында – салық кезеңінің әр айы үшін салық салынатын объектілердің саны көрсетіледі;

2) В бағанында – Салық кодексінің 422-бабына сәйкес айқындалатын салық салынатын объектінің тиісті түріне қолданылатын тіркелген салық ставкасы теңгеде көрсетіледі.

айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және 15-нен кейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы тиісті салық салу объектісі бойынша АЕК–те жергілікті өкілді орган белгілеген салық ставкасы мен "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшерінің туындысы ретінде айқындалады.

айдың 15-нен кейін пайдалануға енгізілген және 15-не дейін шығарылған салық салу объектілері бойынша теңгедегі салық ставкасы АЕК–те жергілікті өкілді орган белгіленген салық ставкасы мен "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "АЕК" торкөзінде көрсетілген АЕК мөлшерінің туындысының $1/2$ ретінде айқындалады;

3) С бағанында А бағаны мен В бағанының тиісті жолдарының туындысы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін тіркелген салық сомасы көрсетіледі;

Мысалға, бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша көрсетілген бағандар бойынша тиісті жолдарды толтыру былайша жүргізіледі.

710.02.001 А – жолында салық кезеңінің әр айы үшін тіркелген салық салынатын объектілердің – бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтарының саны көрсетіледі.

710.02.001 В – жолында былайша айқындалатын бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтарына қолданылатын теңгедегі тиісті салық ставкасы көрсетіледі:

айдың 15-не дейін енгізілген толық ай пайдалануында болған және айдың 15-нен кейін шығарылған бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша салық ставкасы жергілікті өкілді орган белгілеген тіркелген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшерінің туындысы ретінде айқындалады;

айдың 15-нен кейін енгізілген және айдың 15-не дейін шығарылған ойын үстелдері бойынша бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша белгіленген тіркелген салық ставкасы мен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК мөлшерінің туындысының $1/2$ ретінде айқындалады.

710.02.001 С жолында 710.02.001 А және 710.02.001 В жолдарының туындысы ($710.02.001 А \times 710.02.001 В$) ретінде салық кезеңінің әр айы үшін бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматының санына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы айқындалатын салық кезеңінің әр айы үшін салық сомасы көрсетіледі;

Объектілердің өзге түрлері (біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматтары, ойын өткізуге пайдаланылатын дербес компьютерлер, ойын жолдары, карттар, бильярд үстелдері) бойынша жолдарды толтыру бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматтары бойынша жолдарды толтырғанға ұқсас жүзеге асырылады;

710.02.007 С жолында 710.02.001 С жолынан бастап 710.02.006 С жолына дейінгі жолдардың жиынтығымен айқындалатын салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын объектілердің барлық түрлері бойынша есептелген тіркелген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
60-қосымша
Нысан 810.00 Бет 01

Аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
61-қосымша

Аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы есептеуге арналған аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияға 810.01-нысанының қосымшасын Салық кодексінің 464-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сатуға шығаратын жеке және заңды тұлғалар жасайды. Декларацияға 810.02-нысанының қосымшасын Салық кодексінің 525-бабына сәйкес мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 468-бабына және 527-бабының 8-тармағына сәйкес жасалады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

6. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

7. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

9. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (810.00 – нысаны)

10. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) аукциондардан алым, кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің ЖСН/БСН;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандармен көрсетіледі).

Тек 810.02 қосымшасы толтырылған жағдайда салық кезеңін – жылды ғана көрсету қажет;

3) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

4) декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне декларацияны жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жол Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады.

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А немесе В жолында көрсетілген санаттардың біріне жататын болса белгіленеді;

А – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

7) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

8) қосымшалар саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

11. "Бюджетке төленуге жататын аукциондардан алымы" деген бөлімде:

810.00.001 жолында 810.01-нысанының барлық қосымшалары бойынша тиісті 810.01.006 жолдарының алым сомасы көрсетіледі.

12. "Бюджетке төлеуге жататын кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы" деген бөлімде:

810.00.002 жолында салық кезеңі үшін бюджетке есептелген және төленуге тиіс кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы көрсетіледі, ол 810.02-нысанының барлық қосымшалары бойынша 810.02.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." деген жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) декларация тапсырылған күн.

Декларацияның салық органына тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Төлемақы төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 810.01-нысанын жасау

14. 810.01-нысаны салық кезеңі үшін аукциондардан алым сомасын есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

15. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) аукциондардан алым төлеушінің ЖСН/БСН;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандармен көрсетіледі);

3) салық кезеңі ішінде өткізілген аукциондар саны.

Салық кезеңі ішінде өткізілген аукциондар саны көрсетіледі.

16. "Бюджетке төлеуге жататын аукциондардан алым" бөлімінде:

1) 810.01.001 жолында салық кезеңі ішінде өткізілген барлық аукциондардың нәтижелері бойынша өткізілген мүліктің (мүліктік құқықтардың) жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 810.01.002 жолында бюджетке төлеуге жататын атқарушылық санкцияның жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 810.01.003 жолында 810.01.001 және 810.01.002 (810.01.001 – 810.01.002) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 467-бабы 2-тармағына сәйкес атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген өткізілген мүліктің (мүліктік құқықтардың) жалпы құны көрсетіледі;

4) 810.01.004 жолында Салық кодексінің 466-бабына сәйкес аукциондардан алым ставкасы көрсетіледі;

5) 810.01.005 жолында 810.01.003 және 810.01.004 (810.01.003 x 810.01.004) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, алымды төлеушінің орналасқан орны бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын аукциондардан алымның жалпы сомасы көрсетіледі;

6) 810.01.006 жолында айлар бойынша бюджетке төлеуге жататын алым сомасы көрсетіледі.

4. 810.02-нысанын жасау

17. 810.02-нысаны салық кезеңі (жыл) үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомаларын есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған және әрбір кеме бойынша бөлек толтырады.

18. "Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

1) 810.02.001 жолында кеменің атау көрсетіледі;

2) 810.02.002 жолында кеменің түрі көрсетіледі;

3) 810.02.003 жолында кемені мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) 810.02.004 жолында "Ішкі су көлігіндегі кеме құжаттарының нысандарын, оларды беру және жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2011 жылғы 8 шілдедегі № 781 қаулысымен бекітілген кеме құжаттарына сәйкес кемеңің (тіркелімдік тоннамен) жалпы сыйымдылығы (көлемі) көрсетіледі;

5) 810.02.005 жолында айларда, ағымдағы жылға көлік саласындағы уәкілетті органы белгілейтін навигацияның кезеңі көрсетіледі.

19. "Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы" бөлімінде:

1) 810.02.006 жолында кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жылдық ставкасы көрсетіледі, ол республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,26 есебінен және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданатын жалпы тіркелімдік 1 тоннасы үшін (0,26 x АЕК) есебінен айқындалады. Егер төлемақының сомасы 0,5 және одан жоғары бөлшек мәнін құраған жағдайда, онда мұндай мән бүтін бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5 кем болса – дөңгелектеуге жатпайды;

2) 810.02.007 жолында кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдалану мерзімі көрсетіледі.

3) 810.02.008 жолында төлемақының жылдық ставкасы, тіркелімдік тоннада кемеңің жалпы сыйымдылығы негізге алына отырып айқындалатын кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жылдық сомасы көрсетіледі (810.02.006 x 810.02.004);

4) 810.02.009 жолында ағымдағы жылға көлік саласындағы уәкілетті органы белгілейтін навигацияның кезеңіне кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген жылдық сомасын бөлу жолымен айқындалатын ай үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшері көрсетіледі (810.02.008 /810.02.005);

5) 810.02.010 жолында кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдаланған мерзіміне ай үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшерін көбейту жолымен айқындалатын бюджетке төленуге жататын төлемақының нақты сомасы көрсетіледі (810.02.009 x 810.02.007). Бұл ретте салық кезеңі үшін төлемақы сомасы ай үшін төлемақы мөлшерінен аз болмауға тиіс.

Бұл ретте шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, резидент емес шетелдік заңды тұлғалар бір жолғы ай үшін кеме кіретін кезде бюджетке төлемақының мөлшерінде кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлейді. Олар Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында бір айдан астам мерзімде болған кезде, олар кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыны бюджетке Салық кодексінің

527-бабында белгіленген тәртіпте төлейді.

Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
62-қосымша
Нысан 851.00 Бет 01

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша есебі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
63-қосымша

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (ағымдағы төлемдер сомасы есебін) жасау қағидалары (851.00-нысаны)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (ағымдағы төлемдер сомасының есебін) жасау қағидалары (851.00-нысаны) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы есептеуге арналған жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігінің нысанын (ағымдағы төлемдер сомасының есебі) (бұдан әрі – есеп) жасау тәртібін айқындайды. Есепті дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаларды, сондай-ақ мүлік салығы бойынша салық базасы Салық кодексінің 406-бабына сәйкес есептелетін және (немесе) жеке тұрғын үй құрылысына бөлінген салық салынатын объектілер орналасқан жер учаскелері бойынша дара кәсіпкерлерді қоспағанда, Салық кодексінің 478-бабында айқындалған төлемақы төлеушілер жасайды.

2. Есеп есептің өзінен (851.00-нысан) және оған салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшадан (851.01–нысан) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.
4. Көрсеткіштер болмаған кезде есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.
5. Есепке қосымша тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін есептегі жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.
6. Есепке қосымша онда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.
7. Есепке қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда есепке қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.
8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.
9. Сомалардың теріс мәндері есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.
10. Есепті жасау кезінде:
 - 1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;
 - 2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.
11. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.
12. Есепті тапсырған кезде:
 - 1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;
 - 2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;
 - 3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.
13. Есепке қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (851.00-нысаны)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің ЖСН/БСН;

2) құрылымдық бөлімшесі филиал, өкілдік болып табылатын заңды тұлғаның БСН;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (жыл) – есеп табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) толық атауы көрсетіледі;

5) есептің түрі.

Тиісті торкөздер есептің Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түрлеріне жатқызылу ескеріле отырып белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген есеп түрі тапсырылған жағдайда белгіленеді;

7) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді.

А – талаптарымен салық міндеттемесін орындау сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – талаптарымен салық міндеттемесін орындау сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

8) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) қосымшалар саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленуге жататын төлемақы" деген бөлімде:

1) 851.00.001 жолында 851.01-нысанының барлық қосымшалары бойынша 851.01.008 және (немесе) 851.01.009 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, төлемақы төлеушілер есептеген, салық кезеңі үшін бюджетке төленуге тиіс барлық жер учаскелері бойынша жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 851.00.002 жолында Салық кодексінің 481-бабы 5-тармағында белгіленген мерзімдерде бюджетке төленуге тиіс жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақылардың есептелген ағымдағы төлемдерінің сомасы көрсетіледі:

851.00.002 I жолында салық кезеңінің 25 ақпанынан кешіктірмейтін мерзімде төлеуге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі;

851.00.002 II жолында салық кезеңінің 25 мамырынан кешіктірмейтін мерзімде төлеуге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі;

851.00.003 III жолында салық кезеңінің 25 тамызынан кешіктірмейтін мерзімде төлеуге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі;

851.00.002 IV жолында салық кезеңінің 25 қарашасынан кешіктірмейтін мерзімде төлеуге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі.

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдерінің сомасы әрбір көрсетілген жол бойынша төлемақының жалпы сомасын салық кезеңінің аяқталуына дейін қалған төлеу мерзімдерінің санына бөлумен айқындалады;

3) 851.00.003 жолда Салық кодексінің 481-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі. Бұл жол төлемақы төлеудің соңғы мерзімінен (ағымдағы жылдың 25 қарашасы) кейін мемлекет өтемін төлеп уақытша жер пайдалануға жер учаскелерін берген жағдайда толтырылады:

851.00.003 I жолында салық кезеңінің 25 желтоқсанынан кешіктірмейтін мерзімде төлеуге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі;

851.00.003 II жолында салық кезеңінің 25 қаңтарынан кешіктірмейтін мерзімде төлеуге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі.

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының ағымдағы төлемдерінің сомасы әрбір көрсетілген жол бойынша төлемақының жалпы сомасын салық

кезеңінің аяқталуына дейін қалған төлеу мерзімдерінің санына бөлумен айқындалады;

4) 851.00.004 жолында Салық кодексінің 481-бабының 7-тармағына сәйкес жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы көрсетіледі. Бұл жол өтемін төлеп уақытша жер пайдалану шартының мерзімі біткен соң немесе салық кезеңі басталғаннан кейін ол бұзылған кезде толтырылады.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер есепті жеке тұлға тапсырған жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес төлемақы төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

2) есептің тапсырылған күні.

Есептің салық органына тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы алу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Есепті қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) есептің қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есептің табыс етілген күні көрсетіледі;

6) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген есептің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 851.01-нысанын жасау

17. 851.01-нысан уақытша өтеулі жер пайдалану құқығындағы (жалдау) әрбір жер учаскесі бойынша салық кезеңі үшін жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы сомаларын есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған және әрбір жер учаскесі үшін бөлек толтырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

4 жолын Салық кодексінің 448–452-баптарына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды

тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер толтырылады;

4 А жолын арнаулы салық режимі қолданылатын қызметінде пайдаланылмайтын жер учаскелері бойынша төлемақы төлеушілер белгілейді;

4 В жолын арнаулы салық режимі қолданылатын қызметінде пайдаланылатын жер учаскелері бойынша төлемақы төлеушілер белгілейді.

19. "Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыларды есептеу үшін мәліметтер" деген бөлімде:

1) 851.01.001 жолында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер учаскесінің тиісті санаты белгіленеді;

2) 851.01.002 жолында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер учаскесінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

3) 851.01.003 жолында жалға алу шартының қолданылу мерзімі көрсетіледі;

4) 851.01.004 жолында жер учаскесін нысаналы пайдаланудың тиісті түрі белгіленеді;

5) 851.01.005 жолында салық кезеңінде жер учаскесін пайдаланған күндер саны көрсетіледі.

20. "Бюджетке төленуге тиіс жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу" деген бөлімде:

1) 851.01.006 жолында 851.01.006 I (гектарда) және 851.01.006 II (шаршы метрде) жолдарында белгіленген, тиісті өлшем бірлікте жер учаскесін жалға алу шартына сәйкес жер учаскесінің жалпы ауданы көрсетіледі;

2) 851.01.007 жолында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес айқындалатын, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасының мөлшері көрсетіледі;

3) 851.01.008 жолында 851.01.006 және 851.01.007 жолдарының туындысының 851.01.005 жолына көбейтілген 365-ке қатынасы $((851.01.006 \times 851.01.007) / 365 \times 851.01.005)$ ретінде айқындалатын, ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын төлемақы төлеушілерді қоспағанда, салық кезеңінде жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер есептеген бюджетке төлеуге жататын жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі;

4) 851.01.009 жолында ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын төлемақы төлеушілер есептеген, Салық кодексінің 451-бабына сәйкес 70 пайызға кемітілген сомада салық кезеңінде бюджетке төленуге жататын жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
64-қосымша
Нысан 860.00 Бет 01

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
65-қосымша

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (860.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (860.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеуге арналған жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, Салық кодексінің 485-бабында айқындалған төлемақы төлеушілер жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 491-бабына сәйкес жасалады, декларацияның (860.00-нысан) өзінен және оған салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған қосымшадан (860.01-нысан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымша тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымша онда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз жеткізгіште хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдағаны не қабылдамағаны туралы хабарламасын алады.

13. Декларацияға қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (860.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің ЖСН/БСН;

2) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

3) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;

4) декларация түрі.

Тиісті торкөздер декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрі тапсырылған жағдайда белгіленеді;

6) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді.

А – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

7) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

8) қосымшалар саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Бюджетке төлеуге жататын жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы" деген бөлімде:

860.00.001 жолда белгіленген лимиттің шегінде (860.01-нысанының барлық қосымшалары бойынша 860.01.006 жол) және белгіленген лимиттен жоғары (860.01-нысанының барлық қосымшалары бойынша 860.01.007 жол) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін есептелген және бюджетке төлеуге жататын арнайы су пайдаланудың барлық түрлері бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі;

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға тапсырған жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес төлемақы төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Салық органына декларацияның тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Рұқсат құжатында көрсетілген арнайы су пайдаланылатын жер бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны куәландырған су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында Салық кодексінің 491-бабы 4-тармағына сәйкес декларацияны куәландырған су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті мемлекеттік органда декларацияның куәландырылған күні.

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті мемлекеттік органда декларацияның куәландырылған күні көрсетіледі;

6) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті мемлекеттік органның коды.

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы алу объектілерінің орналасқан орны бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы өңірлік уәкілетті мемлекеттік органның коды көрсетіледі;

7) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

8) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның табыс етілген күні көрсетіледі;

9) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

10) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 860.01-нысанын жасау

17. 860.01-нысаны салық кезеңі (тоқсан) үшін әрбір арнайы су пайдалану түрі бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомаларын есептеу туралы ақпараттарды көрсетуге арналған және әрбір арнайы су пайдалану түрі бойынша бөлек толтырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

1) арнайы су пайдалануға рұқсат құжаты болған кезде А торкөзінде рұқсат құжатының берілген күні, В торкөзінде рұқсат құжатының нөмірі көрсетіледі;

2) арнайы су пайдалану түрі.

Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген арнайы су пайдалану түріне қарай бір торкөз белгіленеді;

3) суды пайдаланудың өлшем бірлігі.

"Арнайы су пайдалану түрі" жолында көрсетілген жүргізілетін арнайы су пайдаланудың өлшем бірлігі белгіленеді.

19. "Төлемақы есептеу үшін су пайдалану көлемі туралы мәліметтер" деген бөлімде 5-жолда көрсетілген су пайдалану өлшем бірліктерінде толтырылады:

1) 860.01.001 I, 860.01.001 II, 860.01.001 III жолдарында салық кезеңінің әрбір айы үшін белгіленген лимит (есепті салық кезеңі үшін есептен) көрсетіледі;

2) 860.01.002 I, 860.01.002 II, 860.01.002 III жолдарында салық кезеңінің әрбір айы үшін су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі;

3) 860.01.003 I, 860.01.003 II, 860.01.003 III жолдарында 860.01.002 және 860.01.001 жолдарының әртүрлі түрінде есептелетін, салық кезеңінің әрбір айы үшін белгіленген лимиттен артық арнайы су пайдалану көлемі көрсетіледі.

860.01.003 IV жолында салық кезеңі (тоқсан) үшін белгіленген лимиттен жоғары арнайы су пайдалану көлемі көрсетіледі.

20. "Төлемақыны есептеу үшін белгіленген ставкалар туралы мәліметтер" деген бөлімде:

1) 860.01.004 жолында Салық кодексінің 487-бабы 1-тармағына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді орган бекіткен белгіленген лимит шегінде жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі:

2) 860.01.005 жолында Салық кодексінің 487-бабы 2-тармағына сәйкес белгіленген төлемақы ставкаларын (860.01.004) бес есеге ұлғайта отырып айқындалатын, белгіленген лимиттен жоғары жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі.

21. "Бюджетке төленуге жататын төлемақыны есептеу" деген бөлімде:

1) 860.01.006 жолында бюджетке төленуге жататын салық кезеңі үшін белгіленген лимит шегінде жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген сомасы көрсетіледі.

Мысалы:

Егер салық кезеңі үшін белгіленген лимит салық кезеңінің әрбір айы үшін 2 мыңды, ал бірінші айда су пайдаланудың нақты көлемі 1 мың 800 болса, екінші айда 3 мың және үшінші айда 2 мыңды құраса, онда 860.01.006 жол былайша есептеледі:

1) $1 \text{ мың } 800 \times 860.01.004 + 2 \text{ мың} \times 860.01.004 + 2 \text{ мың} \times 860.01.004$. Екінші айда белгіленген лимиттің 1 мыңнан асып кетуіне байланысты, белгіленген лимиттен жоғары төлемақы сомасы 860.01.007 жолда есептелетін және көрсетілетін болады;

2) 860.01.007 жолда бюджетке төленуге жататын, салық кезеңі үшін белгіленген лимиттен жоғары жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген сомасы көрсетіледі:

$860.01.007$ жолы $860.01.003$ IV және $860.01.005$ жолдарының туындысы ($860.01.003$ IV \times $860.01.005$) ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
66-қосымша
Нысан 870.00 Бет 01

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
67-қосымша

Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (870.00-нысан)

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (870.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны есептеуге арналған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық есептілігі нысанын (декларацияны) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілерді қоспағанда, Салық кодексінің 493-бабында белгіленген төлемақы төлеушілер жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 498-бабына сәйкес жасалады, декларацияның өзінен (870.00-нысан) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшадан (870.01 нысан) тұрады.

3. Декларацияны толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде декларацияның тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымша тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін декларациядағы жолдар толтырылған кезде міндетті тәртіпте толтырылады.

6. Декларацияға қосымша онда көрсетілуге тиіс деректер болмаған жағдайда жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабының 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда өзінің атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің мөрімен не оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) қағаз жеткізгіште хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылдағаны не қабылдамағаны туралы хабарламасын алады.

13. Декларацияға қосымшаның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (870.00-нысан)

14. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеушінің ЖСН/БСН;

2) құрылымдық бөлімшесі филиал, өкілдік болып табылатын заңды тұлғаның БСН;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (тоқсан, жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) толық атауы көрсетіледі;

5) декларация түрі.

Тиісті торкөздер декларацияның Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

б) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жолдар Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрі тапсырылған жағдайда белгіленеді;

7) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В, С жолдарында көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді.

А – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші.

В – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын салық төлеуші.

С – декларацияны жылдық жиынтық көлемінде төлем көлемі 100 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін болатын қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеуші жасайды және табыс етеді;

8) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюта жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) қосымшалар саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

15. "Бюджетке төлеуге жататын қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы" бөлімінде:

870.00.001 жолда 870.01-нысанының барлық қосымшалары бойынша 870.01.012 және 870.01.013 жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, арнаулы табиғат пайдаланудың барлық түрлері бойынша бюджетке төлеуге жататын салық кезеңі үшін есептелген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға тапсырған жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларация тапсырылған күн.

Салық органына декларацияның тапсырылған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Салық органының коды:

стационарлық ластау көздері бойынша – ластау объектісінің орналасқан орны бойынша;

мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы көздер бойынша – осындай тіркеуді жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын жылжымалы көздерді тіркеу орны бойынша;

мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы көздер бойынша – салық төлеушінің орналасқан орны бойынша көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларацияның тапсырылған күні көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 870.01-нысанын жасау

17. 870.01-нысаны салық кезеңі үшін арнайы табиғат пайдаланудың әрбір түрі бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасының есептелуі туралы ақпаратты көрсетуге арналған және ластаудың (арнаулы табиғат пайдаланудың) әрбір түрі үшін бөлек толтырылады.

18. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде:

1) қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсат болған кезде А торкөзінде рұқсаттың нөмірі көрсетіледі, В торкөзінде рұқсаттың берілген күні көрсетіледі, С торкөзінде объектілердің санаты (I, II, III, IV) көрсетіледі, D торкөзінде рұқсатты алған күні және рұқсаттың қолданыс мерзімінің нақты аяқталу күні көрсетіледі;

2) арнаулы табиғат пайдаланудың түрі.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген арнайы табиғат пайдаланудың түріне қарай бір торкөз белгіленеді;

3) ластайтын заттың түрі.

Салық кодексінің 495-бабы тиісті тармағының тармақшасының нөмірі көрсетіледі.

Мысалы, ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары бойынша 870.01 қосымшасын толтырған кезде бұл торкөзде Салық кодексінің 495-бабы 6-тармағының 1.3.6. тармақшасының нөмірі көрсетіледі;

4) табиғатты пайдаланудың өлшем бірлігі.

"Арнаулы табиғат пайдаланудың түрі" жолында көрсетілген арнаулы табиғат пайдалану жүргізілетін өлшем бірліктің тиісті торкөзі белгіленеді.

20. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы есептеу үшін 9-жолда көрсетілген өлшем бірліктерде ластау көлемдері туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 870.01.001 жолында тоқсанның басына норматив қалдығы көрсетіледі. Бұл жолды төлем көлемі жылдық жиынтық көлемде 100 АЕК дейін болатын төлемақы төлеушілерді қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеушілер толтырады.

Декларация күнтізбелік жылдың бірінші тоқсаны үшін жасалған кезде 870.01.001 жолда белгіленген жылдық нормативтің шамасы көрсетіледі.

Декларация күнтізбелік жылдың екінші – төртінші тоқсандары үшін жасалған кезде тоқсандар арасындағы айырма көрсетіледі;

Мысалы:

Егер жылдық норматив 1 млн. 500 мың болып белгіленген болса және бірінші тоқсанда 500 мың мөлшерде норматив пайдаланылса, онда екінші тоқсанда 870.01.001 жолда белгіленген норматив пен бірінші тоқсанда пайдаланылған норматив арасындағы айырма, яғни 1 млн. көрсетіледі.

Салық кезеңінің үшінші, төртінші тоқсандары үшін норматив қалдығы да осыған ұқсас айқындалады;

2) 870.01.002 жолында тоқсанның басына нормативтің асып кетуі көрсетіледі. Бұл жолды төлем көлемі жылдық жиынтық көлемде 100 АЕК дейін болатын төлемақы төлеушілерді қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеушілер толтырады.

3) 870.01.003 жолында қоршаған ортаға эмиссияға сатып алынған нормативтің көлемі көрсетіледі. Бұл жолды төлем көлемі 870.00 декларациясының 9 С жолында белгіленген жылдық жиынтық көлемде 100 АЕК дейін болатын қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы төлеушілер толтырады. Бұл ретте 870.01.003 жолының мәні 870.01.004 жолына көшіріледі;

4) 870.01.004 жолында белгіленген нормативтер шегінде салық кезеңі үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі көрсетіледі;

5) 870.01.005 жолында белгіленген нормативтерден жоғары (ол болған жағдайда) қоршаған ортаға эмиссиялардың нақты көлемі көрсетіледі.

20. "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы есептеу үшін белгіленген ставкалар туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 870.01.006 жолында Салық кодексінің 495-бабына сәйкес белгіленген норматив шегінде қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі.

Мысалы, дизель отыны бойынша 870.01-қосымша толтырылған кезде Салық кодексінің 495-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін 0,45 АЕК ставкасы қолданылады;

2) 870.01.007 жолында Салық кодексінің 495-бабы 9-тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша төлемақы ставкасының асып кету мөлшері көрсетіледі.

Мысалы, меркаптан бойынша (Салық кодексінің 495-бабы 3-тармағының 8) тармақшасы) 870.01-қосымшасын толтырған кезде жергілікті өкілді органдары төлемақы ставкаларының мөлшерін жиырма еседен аспайтындай арттыруға құқығы бар;

3) 870.01.008 жолында 870.01.006 және 870.01.007 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша ставканың арту мөлшері ескеріле отырып, белгіленген норматив шегіндегі төлемақы ставкасы көрсетіледі;

4) 870.01.009 жолында Салық кодексінің 495-бабында көзделген төлемақы ставкаларын немесе жергілікті өкілді органдардың шешіміне сәйкес төлемақы ставкаларының асып кету мөлшері ескерілген төлемақы ставкаларын он есеге көбейтіліп ($870.01.006 \times 10$) немесе ($870.01.008 \times 10$) айқындалатын белгіленген нормативтен артық қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі. Бұл ретте белгіленген нормативтен артық ставкаларды айқындау кезінде 870.01.010 жолда көрсетілген коэффициент ескерілмейді;

5) 870.01.010 жолында Салық кодексінің 495-бабы 7-тармағына сәйкес төлемақы төлеушілерге қолданылатын тиісті коэффициенттің торкөзі белгіленеді . Бұл ретте, Салық кодексінде салық төлеушілердің санатына қарай ставкаларға мынадай коэффициенттер белгіленген:

коммуналдық қызметтер көрсету кезінде қалыптасқан эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін:

А торкөзінде стационарлық көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін коэффициент көрсетіледі – 0,3;

С торкөзінде ластағыш заттардың төгінділері үшін коэффициент көрсетіледі – 0,43;

Д торкөзінде күл мен күлшлактар қалдықтары бойынша өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін коэффициент көрсетіледі – 0,05;

тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін:

В торкөзінде коммуналдық қалдықтарды (тұрмыстық қатты қалдықтар, кәріздік немесе тазарту құрылыстары) орналастырғаны үшін коэффициент көрсетіледі – 0,2;

б) 870.01.011 жолында 870.01.006 және 870.01.010 А (В, С немесе D) жолдарының туындысы (870.01.006 x 870.01.010 А (В,С немесе D) немесе 870.01.008 және 870.01.010 А (В, С немесе D) жолдарының туындысы (870.01.008 x 870.01.010 А (В,С немесе D) ретінде айқындалатын Салық кодексінің 495-бабы 9-тармағына сәйкес жергілікті органдардың шешімі бойынша төлемақы ставкаларының мөлшері және Салық кодексінің 495-бабы 7-тармағына сәйкес төлемақы төлеушілерге қолданылатын коэффициенттер ескеріле отырып, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі.

21. "Бюджетке төленуге тиіс қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны есептеу" бөлімінде:

1) 870.01.012 жолында 870.01.004 және 870.01.008, немесе 870.01.004 және 870.01.006, немесе 870.01.004 және 870.01.011 жолдарының туындысы (870.01.004 x 870.01.006 (870.01.008 немесе 870.01.011)) ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін белгіленген норматив шегінде қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының есептелген сомасы көрсетіледі.

Егер Салық кодексінің 495-бабы 9-тармағына сәйкес жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша төлемақы ставкасы жоғарылатылған болса, онда 870.01.004 x 870.01.008 формуласы қолданылады.

Егер төлемақы ставкасы Салық кодексінің 495-бабы 7-тармағына сәйкес коэффициенттері қолданыла отырып, норматив шегінде болса, онда 870.01.004 x 870.01.011 формуласы қолданылады.

2) 870.01.013 жолында 870.01.005 және 870.01.009 жолдарының туындысы (870.01.005 x 870.01.009) ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін белгіленген нормативтен артық қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақының есептелген сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
68-қосымша
Нысан 910.00 Бет 01

Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-

Шағын бизнес субъектілері үшін салық есептігін (оңайлатылған декларацияны) жасау қағидалары (910.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Шағын бизнес субъектілері үшін салық есептігін (оңайлатылған декларацияны) жасау қағидалары (910.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және жеке (корпоративтік) табыс салығын және әлеуметтік салықтарды, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуге арналған шағын бизнес субъектілері үшін салық есептілігі (оңайлатылған декларация) нысанын (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері жасайды.

2. Декларацияны толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

3. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының сол жақ бірінші торкөзінде "-" белгісімен көрсетіледі.

4. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

5. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

6. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

2. Декларацияны жасау (910.00 – нысан)

7. "Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші (салық агенті) мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің (салық агентінің) жеке сәйкестендіру нөмері (бизнес-сәйкестендіру нөмері);

2) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдай) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі) ;

4) салық төлеуші санаты. Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В. С немесе D торкөздерінде көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді;

А – салық міндеттемесінің орындалуы сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген шартпен мүлікті басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – салық міндеттемесінің орындалуы сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген шартпен мүлікті басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушының құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге жағдайларында пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

С - Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асыратын салық төлеуші;

D - Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асырмайтын салық төлеуші;

5) декларацияның түрі. Тиісті торкөздер декларацияны Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне жатқызу есебімен белгіленеді;

6) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

7) "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

8) резиденттік белгісі.

А торкөзін Қазақстан Республикасының резидент салық төлеушісі белгілейді;

В торкөзін Қазақстан Республикасының резидент емес салық төлеушісі белгілейді.

8. "Салықтарды есептеу" деген бөлімде:

1) 910.00.001 жолында Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулер ескеріле отырып, осы баптың 3-тармағына сәйкес белгіленген табыс сомасы көрсетіледі;

2) 910.00.002 жолында "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Трансферттік баға белгілеу туралы Заң) сәйкес айқындалатын табыс көрсетіледі;

3) 910.00.003 жолында:

заңды тұлғаның $((A+B+C+D+E+F)/6)$ ай) формуласы бойынша айқындаған, мұнда $(A+B+C+D+E+F)$ - салық кезеңінің әрбір айы үшін қызметкерлердің саны;

дара кәсіпкер $((A+B+C+D+E+F)/6 + 1)$ формуласы бойынша, дара кәсіпкерді қоса алып, айқындаған салық кезеңі үшін қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі.

Егер қызметкерлердің тізімі бойынша орташа саны 0,5–тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

4) 910.00.004 жолында салық кезеңі үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақысы көрсетіледі;

5) 910.00.005 жолында $(910.00.001 \times 3\%)$ формуласы бойынша айқындалатын, Салық кодексінің 436-бабы 1-тармағында белгіленген ставка бойынша есептелген салықтардың сомасы көрсетіледі;

6) 910.00.006 жолында Салық кодексінің 436-бабы 2-тармағына сәйкес салықтардың сомасын түзету көрсетіледі, ол заңды тұлғалармен $((910.00.005 - \text{Салық кодексінің 433-бабында белгіленген табыстың шекті сомасынан асатын}$

табыстан салықтардың сомасы) x (910.00.003 - Салық кодексінің 433-бабында белгіленген санынан асатын қызметкерлердің орташа тізімдік саны) x 0,015) формуласы бойынша айқындалады;

дара кәсіпкерлермен ((910.00.005 - Салық кодексінің 433-бабында белгіленген табыстың шекті сомасынан асатын табыстан салықтардың сомасы) x (910.00.003 – Салық кодексінің 433-бабында белгіленген санынан асатын қызметкерлердің орташа тізімдік саны) x 0,015) формуласы бойынша айқындалады;

Бұл жол егер салық кезеңінің қорытындысы бойынша бір қызметкердің орташа айлық еңбекақысы Салық кодексінің 436-бабы 2-тармағына сәйкес дара кәсіпкерлерде кемінде 2 еселенген, заңды тұлғаларда кемінде 2,5 еселенген мөлшерін құраған жағдайда толтырылады;

7) 910.00.007 жолында (910.00.005 – 910.00.006) формуласы бойынша айқындалатын түзетуден кейінгі салықтардың сомасы көрсетіледі;

8) 910.00.008 жолында (910.00.007 x 0,5) декларация бойынша есептелген салық сомасынан Π мөлшерінде бюджетке төленуге жататын жеке (корпоративтік) табыс салығының сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте, есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады: 50-ден және одан жоғары тиын сомасы бір теңге болып қабылданады, 50-ден кем тиын сомасы декларацияға қабылданбайды;

9) 910.00.009 жолда ((910.00.007 x 0,5) – 910.00.011 – 910.00.021) формуласы бойынша айқындалатын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі декларация бойынша есептелген салық сомасынан Π мөлшеріндегі бюджетке төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте, есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады: 50-ден және одан жоғары тиын сомасы бір теңге болып қабылданады, 50-ден кем тиын сомасы декларацияға қабылданбайды.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заң) сәйкес есептелген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып түскен кезде 910.00.009 жолда Салық кодексінің 437-бабы 2-тармағына сәйкес нөлге тең әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

9. "Дара кәсіпкерлер үшін әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын есептеу" деген бөлімде:

1) 910.00.010 жолында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін табыс көрсетіледі;

2) 910.00.011 жолында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Заңға сәйкес есептелген дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

3) 910.00.012 жолында дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналары есептелетін табыс көрсетіледі;

4) 910.00.013 жолында дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

10. Мысалы, 2014 жыл үшін жоғарыда көрсетілген жолдарды толтыру былайша жүргізіледі:

1) 910.00.001 жолы бойынша дара кәсіпкердің салық кезеңі үшін табысы 29 000 000 теңгені құрады;

2) 910.00.002 жолы бойынша Трансферттік баға белгілеу туралы Заңына сәйкес айқындалатын табыс 1 000 000 теңгені құрады;

3) 910.00.003 жолы бойынша дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің орташа тізімдік саны 27 адамды құрады, ол былайша айқындалды:

$((28+28+25+25+25)/6 \text{ ай} + 1)$, мұнда 28 адам – салық кезеңінің бірінші және екінші айларындағы қызметкерлердің саны, 25 адам – салық кезеңінің үшінші айдан бастап алтыншы айларындағы қызметкерлердің саны;

шекті санынан асатын орташа тізімдік саны 2 адамды құрады (27 – 25), мұнда 27 адам – нақты орташа тізімдік саны, 25 адам – шекті саны;

4) 910.00.004 жолы бойынша салық кезеңі үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы 41 932 теңгені құрады, мұнда:

салық кезеңінің бірінші айы үшін қызметкерлердің есептелген еңбекақының барлық сомасы 1 161 000 теңге (135 000 теңге + 900 000 + 126 000), оның ішінде:

бес адамның еңбекақысы 27 000 теңгеден 135 000 теңге (5 x 27 000 теңге) құрады;

жиырма адамның еңбекақысы 45 000 теңгеден 900 000 теңге (20 x 45 000 теңге) құрады;

үш адамның еңбекақысы 42 000 теңгеден 126 000 теңге (3 x 42 000 теңге) құрады.

Яғни, салық кезеңінің бірінші айы үшін бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы 41 464 теңге (1 161 000/28 адам) құрады.

Салық кезеңінің екінші айдан бастап алтыншы айлары үшін бір қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы тап осыған ұқсас жолмен айқындалады.

Айталық, бір қызметкерге салық кезеңінің екінші айында орташа еңбекақы сомасы – 43 700, үшіншіде – 42 300, төртінші және бесінші айларында – 36 700 ден, алтыншы айда – 42 536 теңге құрады.

Онда, салық кезеңі үшін бір қызметкерге еңбекақының орташа айлық сомасы 40 567 теңгені $((41 464 \text{ теңге} + 43 700 \text{ теңге} + 42 300 + 36 700 + 36 700 + 42 536 / 6 \text{ ай})$ құрады.

Бұл мысалда 2014 жылға арналған Республикалық бюджет туралы

заңымен белгіленген айлық еңбекақының 2 еселенген ең төменгі мөлшері 39 932 теңгені ($19\,966 \times 2$) құрады.

Салық кезеңінің қорытындысы бойынша бір қызметкерге орташа айлық еңбекақы ең төменгі еңбекақының 2 еселік мөлшерінен (40 567) асқандықтан, Салық кодексінің 436-бабы 2-тармағында көзделген қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып, салық кезеңіне есептелген салық сомасына түзету жүргізіледі;

5) 910.00.005 жолы бойынша Салық кодексінің 436-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген салық сомасы 870 000 теңге ($29\,000\,000$ теңге $\times 3\%$) құрайды;

Салық кодексінің 433-бабы 1) тармақшасында белгіленген табыстың шекті сомасынан асатын табыстың салық сомасы 31 428 теңге ($(29\,000\,000$ теңге $- 27\,952\,400$ теңге) $\times 3\%$) құрайды;

6) 910.00.006 жолы бойынша Салық кодексінің 436-бабы 2-тармағына сәйкес салық сомасын түзету 314 465 теңгені құрады;

қызметкерлердің орташа тізімдік санына байланысты азайтылған салық сомасы 314 465 теңге құрады ($(870\,000$ теңге $- 31\,428$ теңге) $\times (27$ адам $- 2$ адам) $\times 0,015$), мұндағы 0,015 – қызметкерлердің орташа тізімдік санын ескере отырып әрбір, қызметкер үшін салық сомасын түзету коэффициенті;

7) 910.00.007 жолы бойынша азайтуға жатқызылған түзетуден кейінгі салық сомасы 555 535 теңге құрайды ($870\,000$ теңге $- 314\,465$ теңге);

8) 910.00.008 жолы бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығы 277 768 теңгені құрайды ($555\,535$ теңге $\times 0,5$);

9) 910.00.009 жолы бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын, есептелген әлеуметтік салық сомасы нөлге тең ($(555\,535$ теңге $\times 0,5) - 59\,898$ теңге $- 285\,324$ теңге), бұнда 59 898 теңге – дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы (910.00.011), 285 324 теңге – қызметкерлер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы (910.00.021);

10) 910.00.010 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін кірістің сомасы 1 197 960 теңгені құрады ($199\,660$ теңге $\times 6$ ай), мұнда 199 660 теңге – әлеуметтік аударымдар есептелетін кірістің шектелген сомасы;

11) 910.00.011 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдар сомасы 59 898 теңге ($1\,197\,960 \times 5\%$), бұнда 5% – 2014 жылғы әлеуметтік аударымдар ставкасы;

12) 910.00.012 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарынан есептелген кірістің сомасы 119 796 теңгені құрады ($19\,966$ теңге $\times 6$ ай), бұнда 19 966 теңге – 2014 жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңмен белгіленген ең төменгі еңбекақының мөлшері;

13) 910.00.013 жолы бойынша дара кәсіпкер үшін міндетті зейнетақы жарналарының сомасы 11 980 теңгені құрады (119 796 x 10%), бұнда 10% – міндетті зейнетақы жарналарының ставкасы.

11. "Жеке тұлғалардың табысынан жеке табыс салығын, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын есептеу" деген бөлімде:

1) 910.00.014 жолында жеке тұлғаларға төленген, Қазақстан Республикасы азаматтары табысынан есепке жатқызылған және салық кезеңі үшін бюджетке аударуға жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

2) 910.00.015 жолында жеке тұлғаларға төленген, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың табысынан есепке жатқызылған және салық кезеңі үшін бюджетке аударуға жататын жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

3) 910.00.016 жолында салық кезеңінің әрбір айы үшін міндетті зейнетақы жарнасы ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 910.00.017 жолында жеке тұлғаларға төленген табыстардан есептелген және салық кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарнасының сомасы көрсетіледі;

5) 910.00.018 жолында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкерлердің сомасы көрсетіледі;

6) 920.00.019 жолында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкерлердің сомасынан есептелген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналар сомасы көрсетіледі;

7) 910.00.020 жолында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес салық кезеңі үшін табыстар түрінде жеке тұлғаларға төленетін жұмыс беруші шығыстарының сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамада бекітілген әлеуметтік аударымдар объектісінен есептелінген мөлшерде жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеуге қабылданған Республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген ай сайынғы табыс, ең төменгі еңбек ақының он есе мөлшерінен артық болмауы керек;

8) 910.00.021 жолда Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген және салық кезеңі үшін төлеуге жататын әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

12. "Салық төлеушінің (салық агентінің) жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі.

Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырылған күні көрсетіледі.

Декларацияның салық органына тапсырылған күні көрсетіледі;

3) орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

Салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

Бұл ретте, дара кәсіпкердің орналасқан жері салық органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігін жүзеге асыратын орны болып танылады.

Резидент заңды тұлғаның орналасқан жері құрылтай құжаттарында көрсетілген оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері болып танылады.

Филиал, өкілдік ашпай, қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның орналасқан жері салық органында салық төлеуші ретінде тіркеу кезінде мәлімделген Қазақстан Республикасындағы қызметін жүзеге асыратын жері болып танылады;

4) Жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша салық органының коды көрсетіледі.

Бұл ретте, жеке тұлғаның тұрғылықты жері азаматтарды тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны болып танылады;

5) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамының Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

6) Салық кодексінің 584-бабының 2-тармағына сәйкес лауазымды адам декларацияны қабылдаған күн көрсетіледі;

7) Салық органы беретін декларацияның кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) Пошта немесе өзге байланыс ұйымымен қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
70-қосымша
Нысан 911.00 Бет 01

Патент құнын салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (911.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы патент құнының салық есептілігін (есебін) жасау қағидалары (911.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және патент құнын есептеуге арналған патент алу үшін салық есептілігі нысанын (есепті) (бұдан әрі – Есеп) жасау тәртібін айқындайды. Патент құнына жеке табыс салығы (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда), әлеуметтік салығы, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар кіреді.

Есепті патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер жасайды.

2. Есеп Есептің өзінен (911.00-нысан) және патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолдану үшін қажетті ақпаратты көрсетуге арналған қосымшадан (911.01-нысан) тұрады.

3. Есепті толтыру кезінде түзетулерге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді

4. Көрсеткіштер болмаған кезде Есептің тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Есепке қосымша Есепте тиісті көрсеткіштерді ашуды талап ететін жолдар толтырылған кезде міндетті тәптіпте жасалады

6. Есепке қосымшалардың парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда Есепке қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

7. Осы Қағидаларда мынадай арифметикалық таңбалар қолданылады: "-" – алу; "x" – көбейту.

8. Соманың теріс мәні Есептің тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

9. Есепті жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

10. Есепке Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

11. Есепті табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесімен қабылданғандығы немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

12. Қосымшалардың "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімдерінде Есептің "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Есепті жасау (911-нысан)

13. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдай) немесе атауы.

Салық міндеттемесін мүлікті сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдай) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) салық есептілігі (Есеп) табыс етілетін салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) Есеп түрі. Тиісті торкөздер Есептің Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне жатқызылуы ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні. Торкөздер Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген хабарлама бойынша табыс етілген жағдайда белгіленеді;

6) салық төлеушінің санаты. Торкөздер егер салық төлеуші А немесе В. С немесе D торкөздерінде көрсетілген санаттардың біріне жатқан жағдайда белгіленеді;

А – салық міндеттемесінің орындалуы сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген шартпен мүлікті басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – салық міндеттемесінің орындалуы сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген шартпен мүлікті басқару сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушының құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындаудың өзге жағдайларында пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

С - Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асыратын салық төлеуші;

D - Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асырмайтын салық төлеуші;

7) "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

8) торкөз Есеп электронды түрде табыс етілген кезде белгіленеді;

9) табыс етілген қосымшалардың саны.

14. "Патент құнын есептеу" бөлімінде:

1) 911.00.001 жолында Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулер ескеріле отырып, осы баптың 3-тармағына сәйкес белгіленген табыс сомасы көрсетіледі;

2) 911.00.002 жолында 911.00.001 жолы мен Салық кодексінің 432-бабы 1-тармағында белгіленген ставкасының туындысы ($911.00.001 \times 2\%$) ретінде айқындалатын бюджетке төленуге жататын есептелген салық сомасы көрсетіледі;

3) 911.00.003 жолында есептелген салықтардың бір бөлігінің $1/2$ мөлшерінде айқындалатын ($911.00.002 \times 0,5$) бюджетке төленуге жататын жеке табыс салығы

сомасы көрсетіледі. Бұл ретте есептелген салық сомасы 1 теңгеге дейін дөңгелектенуі тиіс: 50 және одан көп тиындағы сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан төмен сома Есепке қабылданбайды;

4) 911.00.004 жолында "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар алына отырып, есептелген салықтардың бір бөлігінің Ұ мөлшерінде айқындалатын бюджетке төленуге жататын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі ((911.00.002 x 0,5) – 911.00.005). Бұл ретте есептелген салық сомасын 1 теңгеге дейін дөңгелектенуі тиіс: 50 және одан көп тиындағы сома бір теңге ретінде қабылданады, 50 тиыннан төмен сома Есепке қабылданбайды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамаға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен жағдайда бұл жолда нөлге тең әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі;

5) 911.00.005 жолында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамға сәйкес есептелген әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

6) 911.00.006 жолында Қазақстан Республикасының Зейнетақымен камсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте айқындалатын жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін мәлімделген табыс көрсетіледі;

7) 911.00.007 жолында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіпте айқындалатын жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

15. Есеп электронды түрде берілген кезде "Патент құнының төлеу туралы мәліметтер" бөлімінде 911.00.008 А, 911.00.008 В, 911.00.008 С, 911.00.008 D, 911.00.008 Е жолдарында Салық кодексінің 431-бабы 2-тармағына сәйкес төленген жеке табыс және әлеуметтік салықтар, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналары бойынша мәліметтер (төлемнің атауы, БСК (бюджет сыныптамасының коды), төлем құжатының нөмірі, төленген күні, сомасы) көрсетіледі.

16. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің аты-жөні" жолында жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

2) Есептің салық органына тапсырған күні көрсетіледі.

3) орналасқан орны бойынша салық органының коды.

Бұл ретте салық органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қою кезінде мәлімдеген дара кәсіпкердің қызметінің басым бөлігі жүзеге асырылатын орын дара кәсіпкердің орналасқан орны болып танылады;

4) тұрғылықты жері бойынша салық органының коды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтарды тіркеу туралы заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны жеке тұлғаның тұрғылықты жері болып танылады;

5) "Есепті қабылдаған лауазымды адамның аты-жөні" жолында Есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

6) Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес Есептің қабылданған күні көрсетіледі;

7) салық органы берген Есептің кіріс нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

2. 911.01-нысанын жасау

17. 911.00 нысаны патент алу үшін қажетті ақпаратты көрсетуге арналған және дара кәсіпкердің міндетті тәртіпте толтыруы тиіс.

18. "Патент туралы мәліметтер" бөлімінде:

1) 911.01.001 жолында патент негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын мерзімі көрсетіледі;

2) 911.01.002 жолында жүзеге асырылып жатқан кәсіпкерлік қызметтің түрі көрсетіледі;

3) 911.01.003 А, 911.01.003 В, 911.01.003 С, 911.01.003 D, 911.01.003 Е, 911.01.003 F жолдарында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны (облыс, қала немесе аудан т.б. атаулары) көрсетіледі.

911.01.003 G жолында әмбебап дүкені, супермаркет және т.б. атаулары, әмбебап дүкендерінде, супермаркеттерде және т.б. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде бөлімнің нөмірі немесе атауы көрсетіледі. Кәсіпкерлік қызметті автомобильмен жолаушылар және жүк тасымалдау саласында жүзеге асырған жағдайда 911.01.003 G жолында нөмірі мен жүру бағыты көрсетіледі;

4) мүлікті жалға беру бойынша қызметін әртүрлі елді мекендерде жүзеге асырған жағдайда қосымша мына жолдар толтырылады:

911.01.004 – жүзеге асырылатын қызмет түрі;

911.01.005 – дара кәсіпкер орналасқан (тіркеу) орнынан бөлек кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың өзге орны.

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
73-қосымша

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (920.00-нысан)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Нысан РҚАО РМК <http://rkao.kz/fnoforms> сайтында орналастырылған; қажет болған жағдайда нысанды электронды түрде РҚАО РМК-дан алуға болады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (920.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және бірыңғай жер және әлеуметтік салықтарды, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын, жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақыны, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есептеуге арналған бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін салық есептілігі нысанын (декларация) (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияны шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер жасайды.

2. Декларация декларацияның өзінен (920.00-нысан) және салық міндеттемесін есептеу туралы ақпаратты егжей-тегжейлі көрсетуге арналған оған қосымшалардан (920.01-ден 920.03-ке дейінгі нысандар) тұрады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Декларацияға қосымшалар декларациядағы тиісті көрсеткіштерді көрсетуді талап ететін жолдарды толтыру кезінде міндетті тәртіпте жасалады.

6. Декларацияға қосымшалар оларда көрсетілуі тиіс деректер болмаған кезде жасалмайды.

7. Декларацияға қосымшаның парағында бар жолдардағы көрсеткіштердің саны асып кеткен жағдайда декларацияға қосымшаның осындай парағы қосымша толтырылады.

8. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "х" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

9. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

10. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электронды жеткізгіште – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

11. Декларацияға салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

12. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) декларация қағаз түрінде келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады ;

2) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзгелей байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші (салық агенті) салық есептілігінің салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағандығы туралы хабарлама алады.

13. Қосымшаның "Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат" деген бөлімдерінде декларацияның "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімінде көрсетілген тиісті деректер көрсетіледі.

2. Декларацияны жасау (920.00-нысан)

14. "Салық төлеуші (салық агенті) туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші (салық агенті) мынадай деректерді көрсетеді:

1) ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

2) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және шаруа немесе фермер қожалығының атауы (ол болған кезде) көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқарушы орындаған жағдайда жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандарымен көрсетіледі);

4) декларация түрі. Тиісті торкөздер Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түрлеріне декларацияны жатқызу ескеріле отырып, белгіленеді;

5) хабарламаның нөмірі мен күні. А немесе В торкөздері Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады;

б) салық төлеуші санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А немесе В жолда көрсетілген санаттардың біріне жататын жағдайда белгіленеді;

7) "Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды;

8) тиісті торкөзде табыс етілген қосымшалардың саны.

15. "Бірыңғай жер салығын есептеу" деген бөлімде:

1) 920.00.001 А жолында салық кезеңі үшін бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша шаруа немесе фермер қожалығында бар егістіктердің ауданы көрсетіледі.

920.00.001 В жолында салық кезеңі үшін бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша шаруа немесе фермер қожалығында бар жайылымдардың, табиғи шабындықтар мен басқа да жер учаскелерінің жиынтық ауданы көрсетіледі.

Егер жиынтық ауданының мөлшері орташа саны 0,5–тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

2) 920.00.002 А жолында салық кезеңі үшін бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша шаруа немесе фермер қожалығында бар егістіктердің жиынтық бағалау құны көрсетіледі.

920.00.002 В жолында салық кезеңі үшін бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша шаруа немесе фермер қожалығында бар жайылымдардың, табиғи

шабындықтар мен басқа да жер учаскелерінің жиынтық бағалау құны көрсетіледі ;

Егер жиынтық бағалау құнының мөлшері орташа саны 0,5–тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

3) 920.00.003 А жолында салық кезеңі үшін бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша шаруа немесе фермер қожалығында бар егістіктер бойынша бірыңғай жер салығының есептелген сомасы көрсетіледі.

920.00.003 В жолында салық кезеңі үшін бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша шаруа немесе фермер қожалығында бар жайылымдар, табиғи шабындықтар мен басқа да жер учаскелері бойынша есептелген бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі;

4) 920.00.004 жолында 920.00.004 А және 920.00.004 В жолдарының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін шаруа немесе фермер қожалығында бар егістіктер мен жайылым, табиғи шабындық және басқа да жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша есептелген бірыңғай жер салығы сомасының жалпы сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте 920.00.004 жолының сомасы 920.00.005 А және 920.00.005 В жолдарының сомасына тең келеді.

920.00.004 А жолында 920.01 барлық нысандары бойынша 920.01.007 жолының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін егістіктің орналасқан орны бойынша есептелген бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі.

920.00.004 В жолында 920.01 барлық нысандары бойынша 920.01.014 жолының сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін егістіктің, табиғи шабындықтар мен басқа да жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша есептелген бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі;

5) 920.00.005 А жолында ағымдағы салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанға дейін салық кезеңі үшін және ағымдағы салық кезеңі үшін 10 қарашасынан кешіктірмей, жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының есептелген сомасы көрсетіледі.

920.00.005 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан 31 желтоқсанына дейін салық кезеңі үшін есептелген және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмейтін мерзімде жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі.

920.00.005 А және 920.00.005 В жолдарының сомасы 920.00.004 жолының сомасына тең.

16. "Әлеуметтік салықты есептеу" деген бөлімде:

1) 920.00.006 жолының А бағанында салық кезеңінің әрбір айы үшін шаруашылық басшысын және кәметке толған мүшелерін қоса алғанда, шаруашылық мүшелерінің саны көрсетіледі;

2) 920.00.006 жолының В бағанында салық кезеңінің әрбір айы үшін шаруашылық қызметкерлерінің саны көрсетіледі;

3) 920.00.006 жолының С бағанында әрбір айы үшін:

Салық кодексінің 445-бабында белгіленген әлеуметтік салық ставкасына 920.00.006 жолының А және В бағандары сомаларының туындысы ретінде айқындалатын салық кезеңінің әрбір айы үшін әлеуметтік салықтың есептелген сомасы;

"Салық кезеңі үшін барлығы" жолында есептелген, салық кезеңінің барлық айлары үшін 920.00.006 жолы С бағанының көрсеткіштерін қосумен айқындалатын әлеуметтік салықтың қорытынды сомасы көрсетіледі;

4) 920.00.007 А жолында ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашынан кешіктірмей жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын шаруашылық басшысы мен мүшелері үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 445-бабына сәйкес бұл жол салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомасы мен 920.00.015 А және 920.00.019 А жолдарының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

920.00.007 В жолында есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын шаруашылық басшысы мен мүшелері үшін әлеуметтік салықтың сомасы көрсетіледі. Салық кодексінің 445-бабына сәйкес бұл жол салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін есептелген әлеуметтік салықтың сомасы мен 920.00.015 В және 920.00.019 В жолдардың сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Әлеуметтік аударымдар сомасы әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен кезде әлеуметтік салық сомасы нөлге теңеледі.

17. "Жеке тұлғалардың жеке табыс салығын, әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу" деген бөлімде:

1) 920.00.008, 920.00.008 I, 920.00.008 II жолдарында Салық кодексінің 160-бабына сәйкес төлем көзіне салынатын, салық кезеңі үшін салық агенті есептеген табыстардың сомасы көрсетіледі. 920.00.008 жол 920.00.008 I және 920.00.008 II жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Бұл ретте, 920.00.008 I жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.008 II жолында салық кезеңінің 1

казанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін салық агенті есептеген төлем көзінен салық салынатын табыстардың сомасы көрсетіледі;

2) 920.00.008 А, 920.00.008 А I, 920.00.008 А II жолдарында салық кезеңі үшін қызметкерлерге есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі.

920.00.008 А жолының сомасы 920.00.008 А I және 920.00.008 А II жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Бұл ретте, 920.00.008 А I жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.008 А II жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін қызметкерлерге есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

3) 920.00.008 В, 920.00.008 В I, 920.00.008 В II жолдарында салық кезеңі үшін дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түрінде есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі.

920.00.008 В жолының сомасы 920.00.008 В I және 920.00.008 В II жолдарының сомасы ретінде айқындалады және 920.00.008 жолының сомасына қосылады.

Бұл ретте, 920.00.008 В I жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.008 В II жолында 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түрінде есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 920.00.009, 920.00.009 А, 920.00.009 В жолдарында салық кезеңі үшін жеке тұлғаларға есептелген табыстардан есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі. 920.00.009 жолының сомасы 920.00.009 А және 920.00.009 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Бұл ретте, 920.00.009 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.009 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

5) 920.00.010 жолында міндетті, ерікті зейнетақыны және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын, сақтандыру сыйлықақыларын және жеке табыс салығын есептемегенде, салық кезеңінің соңына салық агенті жеке тұлғаларға есептеген, бірақ төлемеген табыстар бойынша берешек сомасы көрсетіледі. 920.00.010 жолының сомасы 920.00.010 А және 920.00.010 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады;

Бұл ретте, 920.00.010 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.010 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін салық агенті жеке тұлғаларға есептеген, бірақ төлемеген табыстар бойынша берешектердің сомасы көрсетіледі;

6) 920.00.011, 920.00.011 А, 920.00.011 В жолдарында салық кезеңі үшін жеке тұлғаларға төленген табыстардың сомасы көрсетіледі.

920.00.011 жолы 920.00.011 А және 920.00.011 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Бұл ретте, 920.00.011 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.011 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғаларға төленген табыстар көрсетіледі;

7) 920.00.012, 920.00.012 А, 920.00.012 В жолдарында жеке тұлғаларға – Қазақстан Республикасы азаматтарына төленген табыстардан алынатын және салық кезеңі үшін бюджетке аударуға жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

920.00.012 жолы 920.00.012 А және 920.00.012 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

920.00.012 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғаларға – Қазақстан Республикасы азаматтарына төленген табыстардан алынатын және ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

920.00.012 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғаларға – Қазақстан Республикасы азаматтарына төленген табыстардан алынатын және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

8) 920.00.013, 920.00.013 А, 920.00.013 В жолдарында Салық кодексінің 189, 190-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті және резиденті емесі болып табылатын жеке тұлғаларға – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан алынатын және салық кезеңі үшін бюджетке аударуға жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

920.00.013 жолы 920.00.013 А және 920.00.013 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

920.00.013 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғаларға – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан алынатын және ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі.

920.00.013 В жолында 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғаларға – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға төленген табыстардан алынатын және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей бюджетке төлеуге жататын есептелген жеке табыс салығының сомасы көрсетіледі;

9) 920.00.014, 920.00.014 А, 920.00.014 В жолдарында "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң) сәйкес салық кезеңі үшін табыстар түрінде жеке тұлғаларға төленетін жұмыс берушінің шығыстары көрсетіледі.

Бұл ретте 920.00.014 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.014 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін жұмыс беруші шығыстарының сомасы көрсетіледі.

Әлеуметтік аударымдар Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңда белгіленген мөлшерде әлеуметтік аударымдар есептеу объектісінен жүргізіледі. Әлеуметтік аударымдарды есептеуге қабылданатын ай сайынғы табыс Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі еңбекақының он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

10) 920.00.015, 920.00.015 А, 920.00.015 В жолдарында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген, салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

920.00.015 жолы 920.00.015 А және 920.00.015 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

920.00.015 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептелген және ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі.

920.00.015 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін есептелген және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей бюджетке төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

11) 920.00.016, 920.00.016 А, 920.00.016 В жолдарында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

920.00.016 жолы 920.00.016 А және 920.00.016 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

Бұл ретте 920.00.016 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.014 В жолында салық кезеңінің 1

қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) жеке тұлғаларға есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

12) 920.00.017, 920.00.017 А, 920.00.017 В жолдарында жеке тұлғалардың төленген табыстарынан есептелген және Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

920.00.017 жолы 920.00.017 А және 920.00.017 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

920.00.017 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғалардың төленген табыстарынан есептелген және салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

920.00.017 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін жеке тұлғалардың төленген табыстарынан есептелген және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

13) 920.00.018, 920.00.018 А, 920.00.018 В жолдарында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкерлердің сомасы көрсетіледі;

14) 920.00.019, 920.00.019 А, 920.00.019 В жолдарында салық кезеңі үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкерлердің сомасынан есептелген міндетті кәсіптік зейнетақы жарналар сомасы көрсетіледі.

18. "Шаруашылық басшысы мен кәмелетке толғандарды қоса алғанда, оның мүшелері үшін әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарын есептеу" деген бөлімде:

1) 920.00.020, 920.00.020 А және 920.00.020 В жолдарында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес әлеуметтік аударымдар есептелетін шаруашылық басшысы мен мүшелерінің табыстары көрсетіледі.

920.00.020 жолы 920.00.020 А және 920.00.020 В жолдарының сомасына тең.

920.00.020 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.020 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін шаруашылық басшысы мен мүшелерінің табыстары көрсетіледі;

2) 920.00.021, 920.00.021 А және 920.00.021 В жолдарында Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңына сәйкес айқындалатын салық кезеңі үшін

шаруашылық басшысы мен мүшелері үшін әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

920.00.021 жолы 920.00.021 А және 920.00.021 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

920.00.021 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін есептелген және салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі.

920.00.021 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап

31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін есептелген және есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар сомасы көрсетіледі;

3) 920.00.022, 920.00.022 А және 920.00.022 В жолдарында Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) шаруашылық басшысы мен мүшелеріне есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

920.00.022 жолы 920.00.022 А және 920.00.022 В жолдарының сомасына тең.

Бұл ретте, 920.00.022 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін, ал 920.00.022 В жолында 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын (есептелетін) шаруашылық басшысы мен мүшелеріне есептелген табыстардың сомасы көрсетіледі;

4) 920.00.023, 920.00.023 А және 920.00.023 В жолдарында шаруашылық басшысы мен мүшелерінің төленген табыстарынан есептелген және Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес салық кезеңі үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

920.00.023 жолы 920.00.023 А және 920.00.023 В жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

920.00.023 А жолында салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін шаруашылық басшысы мен мүшелерінің төленген табыстарынан есептелген және салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі;

920.00.023 В жолында салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін шаруашылық басшысы мен мүшелерінің төленген табыстарынан есептелген және салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы көрсетіледі.

19. "Салық төлеушінің (салық агентінің) жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшысының) Т.А.Ә." жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен жағдайда, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

2) декларацияның тапсырылған күні.

Декларацияның салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

3) жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі.

Жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) тұрғылықты жері бойынша салық органының коды.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша салық органының коды көрсетіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтарды тіркеу туралы заңнамасына сәйкес азаматты тіркеу орны жеке тұлғаның тұрғылықты жері болып танылады;

5) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

7) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. Бірыңғай жер салығы – 920.01-нысанын жасау

20. 920.01-нысаны салық кезеңі үшін:

жеке меншік, жалға берілген жер учаскесі бойынша алғашқы жер пайдалану құқығындағы;

қайталама жер пайдалану құқығындағы әрбір жер учаскесі бойынша бірыңғай жер салығын есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

Салық төлеушіде әртүрлі көрсеткіштері (иелік ету кезеңдері; жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттары және тағы сол сияқты) бар жер учаскелері

Р/с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы (гектар)	Жер учаскесінің бағалау құны (млн. теңгеде)	2011 жылы жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі (айлар)	Жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін бағалау құны (млн. теңгеде)
1.	Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын атындағы аудан	700 га	21,0	6 ай	10,5 млн. теңге (21,0/12x6)
Жиыны :		700га (жиынтық ауданы)			10,5 млн. теңге (жиынтық бағалау құны)

Жиынтық ауданы (700 га) негізге алына отырып, Салық кодексінің 444-бабы 1-тармағына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы:

500 гектардан жиынтық бағалау құнының 0,1% + 500 гектардан асатын гектарлардан жиынтық бағалау құнының 0,2% құрайды. Есептейміз:

500 гектардан жиынтық бағалау құны: 7,5 млн. теңге ((10,5 млн. теңге x 500 га)/700 га);

500 гектардан асатын гектарлардан жиынтық бағалау құны: 3,0 млн. теңге ((10,5 млн. теңге x (700 га – 500 га))/700 га), мұнда

(700 га – 500 га) – асып кетуі;

жер учаскесінің орналасқан жері бойынша 2009 жыл үшін бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 13,5 мың теңге ((0,1% x 7,5 млн. теңге) + (0,2% x 3,0 млн. теңге)).

2-мысал. Егер бірыңғай жер салығын төлеушіде Қазақстан Республикасының бір өңірінің түрі аудандарында ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын екі "егістік" жер учаскесі болған жағдайда:

Р/с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы (гектар)	Жер учаскесінің бағалау құны (млн. теңгеде)	2011 жылы жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі (айлар)	Жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін бағалау құны (млн. теңгеде)
1.	Ақмола облысы, Есіл ауданы	800 га	16,0	9 ай	12,0 млн. теңге (16,0 / 12 x 9), мұнда 12 – бір жылдағы айлар саны
2.	Ақмола облысы, Жақсы ауданы	1200 га	24,0	12 ай	24,0 млн. теңге (24,0 / 12 x 12)
Жиыны :		2000 га (жиынтық ауданы)			36,0 млн. теңге (жиынтық бағалау құны)

2 жер учаскесінің жиынтық ауданы (2 000 га) негізге алына отырып, Салық кодексінің 444-бабының 1-тармағына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы:

1500 гектардан жиынтық бағалау құнының 0,3% + 1500 гектардан асатын гектарлардан бағалау құнының 0,4 % құрайды. Есептейміз:

1 500 гектардан жиынтық бағалау құны: 27,0 млн. теңге ((36,0 млн. теңге x 1 500 га) / 2 000 га);

1 500 гектардан асатын гектарлардан жиынтық бағалау құны: 9,0 млн. теңге ((36,0 млн. теңге x (2 000 га – 1 500 га))/2 000 га), мұнда (2 000 га – 1 500 га) – асып кетуі;

бірыңғай жер салығын төлеушіде бар екі жер учаскесі бойынша 2010 жыл үшін бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 117,0 мың теңге ((0,3 % x 27,0 млн. теңге) + (0,4 % x 9,0 млн. теңге)).

Салық кодексінің 447-бабына сәйкес салық органына 920.00-нысаны бойынша декларацияны тапсыру және бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша жүргізілетіндіктен, бірыңғай жер салығының есептелген жалпы сомасынан (117,0 мың теңге) әрбір жер учаскесінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасын есептейміз:

2010 жыл үшін ауданы 800 гектар болатын жер учаскесі бойынша Ақмола облысы Есіл ауданының бюджетіне төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 46,8 мың теңге (117,0 мың теңге x 40 % (800 га / 2 000 га x 100)), мұнда 2 000 га – жер учаскесінің жиынтық ауданы;

2010 жыл үшін ауданы 1 200 гектар болатын жер учаскесі бойынша Ақмола облысы Жақсы ауданының бюджетіне төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 70,2 мың теңге (117,0 мың теңге x 60 % (1 200 га / 2 000 га x 100)).

3-мысал. Егер бірыңғай жер салығын төлеушіде Қазақстан Республикасының түрлі өңірлерінде ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын үш "егістік" жер учаскесі болған жағдайда:

Р/с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Ж е р учаскесінің ауданы (гектар)	Ж е р учаскесінің бағалау құны (млн. теңгеде)	2011 жылы жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі (айлар)	Жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін бағалау құны (млн. теңгеде)
1.	Қостанай облысы, Қамысты ауданы	1 600 га	64,0	8 ай	42,7 млн. теңге (64,0 / 12 x 8), мұнда 12 – бір жылдағы айлар саны
2.	Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын атындағы аудан	700 га	21,0	6 ай	10,5 млн. теңге (21,0 / 12 x 6)
3.	Ақмола облысы, Жақсы ауданы	1200 га	24,0	12 ай	24,0 млн. теңге (24,0 / 12 x 12)
Жиыны :		3 500 га (жиынтық ауданы)			77,2 млн. теңге (жиынтық бағалау құны)

3 жер учаскесінің жиынтық ауданы (3 500 га) негізге алына отырып, Салық кодексінің 444-бабы 1-тармағына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы: 3000 гектардан жиынтық бағалау құнының 0,4% + 3000 гектардан асатын гектарлардан жиынтық бағалау құнының 0,5% құрайды. Есептейміз:

3000 гектардан жиынтық бағалау құны: 66,2 млн. теңге ($(77,2 \text{ млн. теңге} \times 3 000 \text{ га}) / 3 500$);

3000 гектардан асатын гектарлардан жиынтық бағалау құны: 11,0 млн. теңге ($(77,2 \text{ млн. теңге} \times (3 500 \text{ га} - 3 000 \text{ га})) / 3 500 \text{ га}$), мұнда $(3 500 \text{ га} - 3 000 \text{ га})$ – асып кетуі;

бірыңғай жер салығын төлеушіде бар үш жер учаскесі бойынша 2011 жыл үшін бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 319,8 мың теңге ($(0,4 \% \times 66,2 \text{ млн. теңге}) + (0,5 \% \times 11,0 \text{ млн. теңге})$).

Салық кодексінің 447-бабына сәйкес салық органдарына 920.00-нысаны бойынша декларацияны тапсыру және бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша жүргізілетіндіктен, бірыңғай жер салығының есептелген жалпы сомасынан (319,8 мың. теңге) әрбір жер учаскесінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасын есептейміз:

2011 жыл үшін ауданы 1 600 гектар болатын жер учаскесі бойынша Қостанай облысының (Қамысты ауданы) бюджетіне төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 146,1 мың теңге ($319,8 \text{ мың теңге} \times 45,7 \% (1 600 \text{ га} / 3 500 \text{ га} \times 100)$), мұнда 3 500 га – жер учаскесінің жиынтық ауданы;

2010 жыл үшін ауданы 700 гектар болатын жер учаскесі бойынша Солтүстік Қазақстан облысының (Шал ақын ауданы) бюджетіне төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 64,0 мың теңге ($319,8 \text{ мың теңге} \times 20 \% (700 \text{ га} / 3 500 \text{ га} \times 100)$);

2010 жыл үшін ауданы 1200 гектар болатын жер учаскесі бойынша Ақмола облысының (Жақсы ауданы) бюджетіне төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 109,7 мың теңге ($319,8 \text{ мың теңге} \times 34,3 \% (1 200 \text{ га} / 3 500 \text{ га} \times 100)$).

23. "Жайылымдар, табиғи шабындықтар және басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу" деген бөлімде:

1) 920.01.008 жолында жер учаскесін нақты пайдалану жүргізілетін орын бойынша салық органының коды көрсетіледі;

2) 920.01.009 жолында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер учаскесінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

3) 920.01.010 жолында жер учаскесінің ауданы гектарда көрсетіледі.

Егер жиынтық ауданының мөлшері орташа саны 0,5–тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

4) 920.01.011 жолында жер учаскесінің бағалау құнын айқындау актісінің деректеріне сәйкес жер учаскесінің бағалау құны көрсетіледі.

Бұл акті болмаған жағдайда, бұл жолда Салық кодексінің 441-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 1 гектар жердің аудан бойынша орташа бағалау құны негізге алына отырып айқындалған жер учаскесінің бағалау құны көрсетіледі.

Егер жиынтық бағалау құнының мөлшері орташа саны 0,5–тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

5) 920.01.012 жолында салық кезеңі ішінде жер учаскесін пайдалану (иелік ету) айының саны көрсетіледі;

6) 920.01.013 жолында (920.01.009/920.00.001 В x 100) формуласы бойынша айқындалатын жайылымдардың, табиғи шабындықтар мен басқа да жер учаскелерінің жиынтық ауданынан жер учаскесінің үлес салмағы көрсетіледі.

Егер үдлес салмағының мөлшері орташа саны 0,5–тен және одан жоғары бөлшек санды құраса, онда мұндай сан толық бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, ал 0,5-тен төмен сан құраса дөңгелектеуге жатпайды;

7) 920.01.014 жолында 920.01.017 жолында (910.00.003 В x 910.01.013) формуласы бойынша айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын жайылымдар, табиғи шабындықтар мен басқа да жер учаскелері бойынша есептелген бірыңғай жер салығының сомасы көрсетіледі.

Егер бірыңғай жер салығын төлеушіде Қазақстан Республикасының түрлі өңірлерінде шабындыққа немесе жануарларды жаюға жүйелі пайдаланатын екі жер учаскесі болған жағдайда, 2011 жыл үшін (салық кезеңі) бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығы сомасын есептеу мысалы:

Р/с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы (гектар)	Жер учаскесінің бағалау құны (млн. теңгеде)	2010 жылы жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі (айлар)	Жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін бағалау құны (млн. теңгеде)
1.	Ақмола облысы Жақсы ауданы	1 200 га	24,0	12 ай	24,0 млн. теңге (24,0 / 12 x 12)
2.	Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын атындағы аудан	700 га	21,0	6 ай	10,5 млн. теңге (21,0 / 12 x 6)
Жиыны :		1 900 га (жиынтық ауданы)			34,5 млн. теңге (жиынтық бағалау құны)

2 жер учаскесінің жиынтық ауданы (1 900 га) негізге алына отырып, Салық кодексінің 444-бабы 1-тармағына сәйкес бірыңғай жер салығының ставкасы: жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнына 0,1% құрайды. Есептейміз:

бірыңғай жер салығын төлеушіде бар екі жер учаскесі бойынша 2011 жыл үшін бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 34,5 мың теңге (0,1 % x 34,5 млн. теңге).

Салық кодексінің 447-бабына сәйкес салық органдарына 920.00-нысаны бойынша декларацияны тапсыру және бірыңғай жер салығын төлеу жер учаскелерінің орналасқан орны бойынша жүргізілетіндіктен, бірыңғай жер салығының есептелген жалпы сомасынан (34,5 мың теңге) әрбір жер учаскесінің орналасқан орны бойынша бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасын есептейміз:

2010 жыл үшін ауданы 1 200 гектар болатын жер учаскесі бойынша Ақмола облысының (Жақсы ауданы) бюджетіне төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 21,7 мың теңге (34,5 мың теңге x 63 % (1 200 га / 1 900 га x 100)).

2010 жыл үшін ауданы 700 гектар болатын жер учаскесі бойынша Солтүстік Қазақстан облысының (Шал ақын ауданы) бюджетке төлеуге жататын бірыңғай жер салығының сомасы: 12,8 мың теңге (34,5 мың теңге x 37 % (700 га / 1 900 га x 100)).

4. Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы – 920.02-нысанын жасау

24. 920.02-нысан салық кезеңі (жыл) үшін арнайы су пайдаланудың әрбір түрі бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомаларының есептелгені туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

25. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

1) 3-жолдың А және В торкөздері арнайы су пайдалануға рұқсат құжаты болған кезде толтырылады;

2) 4-жолда арнайы су пайдалану түрі көрсетіледі;

Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген арнайы су пайдалану түріне қарай бір торкөз белгіленеді;

3) 5-жолда рұқсат құжатында көрсетілген арнайы су пайдалануды жүзеге асыру орны бойынша салық органының коды көрсетіледі.

4) 6-жолда су пайдалануды өлшеу бірлігі.

"Арнайы су пайдалану түрі" жолында көрсетілген жүргізілетін арнайы су пайдалануды өлшеу бірлігінің тиісті торкөзі белгіленеді.

26. "Төлемақы есептеу үшін су пайдалану көлемі туралы мәліметтер" деген бөлімде 6-жолда көрсетілген су пайдаланудың өлшем бірлігінде толтырылады.

1) 920.02.001 жолында белгіленген су пайдалану лимиті көрсетіледі;

2) 920.02.002 жолында салық кезеңі үшін белгіленген лимит шегінде арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі;

3) 920.02.003 жолында салық кезеңі үшін белгіленген лимиттен жоғары арнайы су пайдаланудың нақты көлемі көрсетіледі.

27. "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы есептеу үшін белгіленген ставкалар туралы мәліметтер" деген бөлімде:

1) 920.02.004 жолында Салық кодексінің 487-бабы 1-тармағына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органы белгілеген лимит шегінде жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі;

2) 920.02.005 жолында Салық кодексінің 487-бабы 2-тармағына сәйкес белгіленген төлемақы ставкасы (920.02.004) бес есеге ұлғайта отырып айқындалатын жер үсті көздерінің су ресурстарын белгіленген лимиттен жоғары пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі.

28. "Бюджетке төленуі тиіс жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу" деген бөлімде:

1) 920.02.006 жолында 920.02.002 және 920.02.004 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын белгіленген лимит шегінде жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген сомасы көрсетіледі;

2) 920.02.007 жолында 920.02.003 және 920.02.005 жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын белгіленген лимиттен жоғары жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген сомасы көрсетіледі;

3) 920.02.008 жолында белгіленген лимит шегінде (920.02.006) және белгіленген лимиттен жоғары (920.02.007) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы ретінде айқындалатын, салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын есептелген жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі.

920.02.008 А жолында ағымдағы салық кезеңінің 10 қарашасынан кешіктірмей бюджетке төлеуге жататын салық кезеңінің 1 қаңтарынан бастап 1 қазанына дейінгі кезең үшін есетелген төлемақы сомасы көрсетіледі.

920.02.008 В жолында есепті салық кезеңінен кейінгі салық кезеңінің 10 сәуірінен кешіктірмей бюджетке төлеуге жататын салық кезеңінің 1 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңі үшін есептелген төлемақы сомасы көрсетіледі.

5. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы –920.03-нысанын жасау

29. 920.03-нысан салық кезеңі үшін арнайы табиғатты пайдаланудың әрбір түрі бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомаларының есептелгені туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

30. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде:

1) 3-жолдың тиісті торкөздерінде рұқсаттың нөмірі, берілген күні, объектілердің санаты (I, II, III, IV), рұқсатты алу күні және рұқсаттың қолданыс мерзімінің нақты аяқталу күні (қоршаған ортаға эмиссияға экологиялық рұқсаты болған кезде толтырылады) көрсетіледі;

2) 4-жолда арнайы табиғатты пайдалану түрі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген арнайы табиғат пайдалану түріне қарай бір торкөз белгіленеді;

3) 5-жолда ластағыш заттың түрі көрсетіледі.

Салық кодексінің 495-бабының тиісті тармағының тармақшасының нөмірі көрсетіледі;

Мысалы, техникалық және элементарлық күкірт бойынша 920.02-қосымшасын толтырған кезде бұл торкөзде Салық кодексінің 495-бабы 6-тармағының 1.3.7-тармақшасының нөмірі көрсетіледі;

4) 6-жолда салық органының коды.

67	Корпоративтік табыс салығын төлеуге дейін таза табыс (залал) жиынтығы				
68	Корпоративтік табыс салығы, оның ішінде:				
69	Негізгі қызметтен корпоративтік табыс салығы				
70	Өзге де қызметтен корпоративтік табыс салығы				
71	Салықтарды төлегеннен кейінгі таза табыс (залал)				

Біз осы есепте келтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береміз

Басшының Т.А.Ә.

Бас бухгалтердің Т.А.Ә.

Салық есептілігін толтырған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.

Осы нысан электрондық құжаттар алмасу кезінде электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы № келісімге сәйкес электронды цифрлық қолтаңбамен расталған

Құжатты тіркеудің кіріс нөмірі КҚААЖЖЖЖ

Салық органының коды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары-
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрінің
2013 жылғы "6" желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
92-қосымша

Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер болып табылатын сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық есептілігін жасау қағидалары (4.1–4.3-нысандар)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес әзірленген және мониторингке

жататын ірі салық төлеушілер болып табылатын сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының салық есептілігін жасау және табыс ету тәртібін көздейді (бұдан әрі – салық төлеушілер).

2. Салық төлеушілер мониторингі нақты салық салынатын базасын айқындау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының сақталуын және трансферттік баға белгілеу кезінде бақылауды жүзеге асыру мақсатында қолданылатын нарықтық бағаларды бақылау мақсатында олардың қаржылық-шаруашылық қызметін талдау жолымен жүзеге асырылады.

3. Мониторинг салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің орындалуын қамтамасыз ететін уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) орталық серверінің дерекқорына деректерді берудің электрондық жүйесі арқылы салық төлеушілерден негізгі

қаржылық-экономикалық және салықтық көрсеткіштер бойынша ақпарат жинау жолымен жүзеге асырылады.

Мониторингі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мониторинг бойынша салық есептілігі шоғырландырылып табыс етіледі.

4. Мониторинг бойынша дерекқор осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен бағдарламалық қамтамасыз етудің электрондық пішімінде (файлдарында) салық төлеуші табыс ететін, осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген ақпаратты қамтитын, осы Қағидаларға "Салық есептілігі нысандарын жасау тәртібі" 2-тарауға сәйкес нысандар бойынша жасалатын салық есептілігінің негізінде қалыптасады.

5. Мониторинг бойынша салық есептілігі нысандарын толтыру бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету салық төлеушілердің барлық есептерін (салық есептілігінің толтырылған нысандарын) бірыңғай стандартта жазылған бір үлгідегі файлдарға келтіру функциясын орындайды.

6. Деректерді берудің электрондық жүйесі салық есептілігінің толтырылған нысандарын белгіленген стандарттағы файлдар түрінде дерекқорға дейін жеткізу тәсілін білдіреді.

7. Мониторинг бойынша салық есептілігі нысандары және оларды толтыру жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз ету уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

8. Мониторинг бойынша салық есептілігінің толтырылған нысандарын салық төлеушілер уәкілетті органға деректерді беру жүйесі арқылы табыс етеді.

9. Мониторинг бойынша салық есептілігі нысанының түрі.

Аталған торкөздер Салық кодексінің 63-бабына сәйкес белгіленеді. Салық есептілігінің түріне байланысты тиісті торкөз белгіленеді.

10. Мониторинг бойынша салық есептілігінің әрбір нысанын толтыру кезінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

- 1) БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) құрылтай құжаттарына сәйкес салық төлеушінің атауы;
- 4) мониторинг бойынша салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі;
- 5) салық төлеушінің тіркеу орны бойынша салық органының коды.

Есепті кезеңде қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері болмаған кезде мониторинг бойынша салық есептілігі қажетті бағандар толтырылмай табыс етіледі.

11. Қажет болған кезде уәкілетті орган табыс етілген мониторинг бойынша салық есептілігі нысандары бойынша таратып жазуды сұратуға құқылы.

2. Салық есептілігі нысандарын жасау тәртібі

12. "Сақтандыру қызметі туралы есеп" 4.1-нысанында сақтандыру қызметі жөніндегі операциялар көрсетіледі.

Жеке тұлғаларға көрсетілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі жалпы соманы көрсетіле отырып бір жолмен көрсетіледі. Бұл ретте сақтандыру, резидент/резидент емес, салық ставкасы сыныптарының бағандары толтырылмайды.

"№" деген 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі. Кейінгі ақпарат нөмірлеу тәртібін үзбеуге тиіс.

"Сақтандыру сыныптары" деген 2-бағанда сақтандыру қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес көрсетілетін сақтандыру қызметі сыныбының толық атауы көрсетіледі.

"Сақтандыруға/қайта сақтандыруға шарттардың саны қабылданды" деген 3-бағанда сақтандыруға/қайта сақтандыруға қабылданған шарттардың саны көрсетіледі.

"Резидент/резидент емес" деген 4-бағанда сатып алушының резиденттігін білдіретін код көрсетіледі:

- 0 – Қазақстан Республикасының резиденті;
- 1 – Қазақстан Республикасының резиденті емес.

"Сақтандыруға және қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақылары қабылданды" деген 5-бағанда осы шарт бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

"Сақтандыру сыйақылары қайта сақтандыруға берілді" деген 6-бағанда тиісті шарт бойынша есепті кезеңде қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы көрсетіледі.

Егер есепті кезеңде бұрын берілген есептерде көрсетілген сақтандыру шарттарын қайта сақтандыру жүргізілген жағдайда, онда "Сақтандыруға және қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақылары қабылданды" деген 5-бағаны

толтырылмайды, ал "Төлеуге салық сомасы" деген 10-бағанда кемітуге жататын (теріс белгісімен) корпоративтік табыс салығының сомасы көрсетіледі.

"Сақтандыру сомасы" деген 7-бағанда сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы болғанда сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы көрсетіледі.

"Сыйлықақының салық салынатын сомасы" деген 8-бағанда сыйлықақының салық салынатын сомасы көрсетіледі.

"Салық ставкасы" деген 9-бағанда қолданылатын салық ставкасы көрсетіледі.

"Төлеуге салық сомасы" деген 10-бағанда төлеуге жататын салық сомасы көрсетіледі.

13. "Бухгалтерлік теңгерім" 4.2, "Табыстар және шығыстар туралы есеп" 4.3-нысандар есепті салық кезеңі үшін дайындалған салық төлеушінің қаржылық есептілігі болып табылады және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңнамасына сәйкес толтырылады. Нысандар еспелі қорытындымен толтырылады. Өлшем бірлігі мың теңге болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
93-қосымша
Нысан 531.00 Бет 01

Ескерту. Бұйрық 93-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебі

Осы нысанлы жеру Қағдаларық оқпалы.
 НАЗАР АУДАРЫҒЫЗ! ҚАРА НЕ БІКІК СІКІМІ КАЛЫММЕН БІКЕСЕ КАЛЫМДЫҒАН БІКІКІКІК БАС ОРИПТЕРМЕКІ ТІКІКІКІК.

Болім, Жер қойнауын пайдаланушы (оператор) туралы жалпы ақпарат

1 БСН

2 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: **A** тоқсан **B** жыл

3 Жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) атауы

4 Келісімшарттың нөмірі мен күні: **A** Нөмірі **B** Күні

5 Есеп түрі (тиісті төркеде көрсетіңіз): бастапқы кезекті қосымша

Болім, Мемлекет атынан алушы туралы жалпы ақпарат

6 БСН

7 Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: **A** тоқсан **B** жыл


8 Мемлекет атынан алушының атауы

9 Жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) БСН

10 Есеп түрі (тиісті төркеде көрсетіңіз): бастапқы кезекті қосымша

Болім, Заттай түрде өнімді болу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу (беру) мөлшері

	Өлшем бірлігі	Жер қойнауын пайдаланушы (оператор)	Мемлекет атынан алушы
		A	B
1 Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес есептелген салық төлеу есебіне беруге жататын мұнайдың (газ конденсатының) көлемі	тонна		X
2 Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес есептелген салық төлеу есебіне беруге жататын газдың көлемі	мың шаршы метр		X
3 Салық төлеу есебіне берілген мұнайдың (газ конденсатының) көлемі	тонна		X
4 Салық төлеу есебіне берілген газдың көлемі	мың шаршы метр		X



БСН

Салық есептілігі талпырылатын салық кезеңі: А тоқсан В жыл

Бөлім. Зағатай түрде өнімді болу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу (беру) мөлшері

	Өлшем бірлігі	Жер қойнауын пайдаланушы (оператор)	Мемлекет атынан алушы
		A	B
5 Салық төлеу есебіне алынатын мұнайдың (газ конденсатының) көлемі	тонна	X	
6 Салық төлеу есебіне алынған газдың көлемі	мың шаршы метр	X	
7 Салық төлеу есебіне мұнайдың (газ конденсатының) және газдың беретін (алатын) күні			
8 Өткізілген мұнайдың (газ конденсатының) 1 тоннасының бағасы	тенге	X	
9 Өткізілген газдың 1 шаршы метрінің бағасы	тенге	X	
10 Алынған мұнай (газ конденсаты) және газ бойынша төлеуге жататын (төленген) салық сомасы	тенге	X	

Бөлім. Салық төлеушінің жауапкершілігі

Жер қойнауын пайдаланушы (оператор) _____



Мемлекет атынан алушы _____

Шектеу сызығының шықатыны

Бастапқы күні-аыны / Қала

Шектеу сызығының шықатыны

Бастапқы күні-аыны / Қала



Есепті беру күні Сәуірген күні, ай, жыл

Есепті табыс ету күні Сәуірген күні, ай, жыл

Шектеу сызығының шықатыны

Сәуірген күні-аыны / Қала

Пошта шлюможінің күні Сәуірген күні, ай, жыл

Салық органының қолы

Ш.О.

Құжаттың жіріс нөмірі

Blank rectangular area for stamp or signature.



Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
94-қосымша

Ескерту. Бұйрық 94-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш

ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есебінің салық есептілігін жасау қағидалары (531.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Бұл қағидалары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 346-бабына сәйкес әзірленген және "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесінің мөлшері және төлеу (беру) мерзімдері туралы есеп (531.00-нысан) (бұдан әрі - есеп) салық есептілігінің нысанын жасау тәртібін айқындайды.

2. Бұл есеп Салық кодексінің 308-1 бабының көрсетілген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттармен белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу есебіне пайдалы қазбаларды Қазақстан Республикасына заттай түрде беруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға арналған.

3. Есепті жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу есебіне пайдалы қазбаларды Қазақстан Республикасына заттай түрде беруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар және мемлекет атынан алушылар жасайды.

4. Есеп жер қойнауын пайдаланушының орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірілмей табыс етіледі. Күнтізбелік тоқсан салық кезеңі болып табылады. Мемлекет атынан алушы жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) орналасқан жері бойынша бюджетке салықтың есептелген сомасын салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей төлеуге міндетті.

5. Есеп көлемдер бойынша жер қойнауын пайдаланушымен (оператормен) және ақшалай түрде мемлекет атынан алушымен жеке табыс етіледі:

1) қағаз тасығышта – қалам немесе қаламұшпен, қара немесе көк сиямен, баспа белгілермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

6. Есепке жер қойнауын пайдаланушы (оператор) және мемлекет атынан алушы қол қояды және жер қойнауын пайдаланушының және мемлекет атынан алушының мөрімен куәландырылады.

7. Есепті беру кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта - екі данада толтырылып, бір данасы салық органының белгісімен жер қойнауын пайдаланушыға және мемлекет атынан алушыға қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы – қағаз тасығышта;

3) электронды түрде – салық төлеуші (оператор) салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінен қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

8. Есепті толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

2. Есепті жасау (531.00-нысан)

9. "Жер қойнауын пайдаланушы (оператор) туралы жалпы ақпарат" бөлімінде жер қойнауын пайдаланушы (оператор) мынадай деректерді көрсетеді:

1) БСН – жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) бизнес сәйкестендіру нөмірі. Салық міндеттемесін сенім білдірілген басқарушы орындаған жағдайда жолда сенім білдірілген басқарушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі - жер қойнауын пайдаланушының шикі мұнайды (газ конденсатын) салықтың тиісті түрін төлеу есебіне заттай түрде беруді жүргізген салық кезеңі көрсетіледі;

3) жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) атауы - құрылтай құжаттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) толық атауы көрсетіледі.

Сенім білдірілген басқарушымен салық міндеттемесін орындаған кезде жолда құрылтай құжаттарына сәйкес сенім білдірілген заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

4) келісімшарттың нөмірі мен күні - жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт нөмірі мен күні көрсетіледі;

5) есеп түрі:

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне есепті жатқызуды есепке алып, тиісті төркөздер белгіленеді.

10. "Мемлекет атынан алушы туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мемлекет атынан алушы келесі деректерді көрсетеді:

1) БСН – мемлекет атынан алушының бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі – мемлекет атынан алушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі төленген және шикі мұнайдың (газ конденсатының) көлемі алынған салық кезеңі көрсетіледі;

3) мемлекет атынан алушының атауы - құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекет атынан алушының толық атауы көрсетіледі;

4) жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) БСН – заттай түрде белгіленген өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі алынған және есебі салық органы орналасқан және салық төленетін жері бойынша табыс етілетін жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) БСН көрсетіледі;

5) есеп түрі:

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігі түріне есепті жатқызуды есепке алып, тиісті төркөздер белгіленеді.

11. "Заттай түрде өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеу (беру) мөлшері" бөлімінде:

1) 1 жолдың А бағанында жер қойнауын пайдаланушымен (оператормен) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес салық кезеңі үшін есептелген салық төлеу есебіне беруге жататын мұнайдың (газ конденсатының) көлемі көрсетіледі;

2) 2 жолдың А бағанында жер қойнауын пайдаланушымен (оператормен) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес салық кезеңі үшін есептелген салық төлеу есебіне беруге жататын газдың көлемі көрсетіледі;

3) 3 жолдың А бағанында жер қойнауын пайдаланушымен (оператормен) салық кезеңі үшін салық төлеу есебіне берілген мұнайдың (газ конденсатының) көлемі көрсетіледі;

4) 4 жолдың А бағанында жер қойнауын пайдаланушымен (оператормен) салық кезеңі үшін салық төлеу есебіне берілген газдың көлемі көрсетіледі;

5) 5 жолдың В бағанында мемлекет атынан алушымен салық кезеңі үшін салық төлеу есебіне алынатын мұнайдың (газ конденсатының) көлемі көрсетіледі ;

6) 6 жолдың В бағанында мемлекет атынан алушымен салық кезеңі үшін салық төлеу есебіне алынған газдың көлемі көрсетіледі;

7) 7 жолдың А және В бағандарында жер қойнауын пайдаланушымен (оператормен) және мемлекет атынан алушымен салық төлеу есебіне мұнайдың (газ конденсатының) және газдың беретін (алатын) күні көрсетіледі. Егер мұнайды (газ конденсатын) және газды беруі (алуы) тұрақты негізде жүзеге асырылатын болса, онда беру (алу) күні ретінде мұнайдың (газ конденсатының) соңғы және газдың есепті кезеңдегі беруі (алуы) жүргізілген күні көрсетіледі;

8) 8 жолдың В бағанында мемлекет атынан алушымен заттай түрде төленетін өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін бағаны

анықтаудың белгіленген тетіктеріне сәйкес өткізілген мұнайдың (газ конденсатының) 1 тоннасының бағасы көрсетіледі;

9) 9 жолдың В бағанында мемлекет атынан алушымен заттай түрде төленетін өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін бағаны анықтаудың белгіленген тетіктеріне сәйкес өткізілген газдың 1 шаршы метрінің бағасы көрсетіледі;

10) 10 жолдың В бағанында мемлекет атынан алушымен заттай түрде төленетін өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есептеу үшін бағаны анықтаудың белгіленген тетіктеріне сәйкес, алынған мұнай (газ конденсаты) және газ бойынша төлеуге жататын (төленген) салық сомасы көрсетіледі. Бұл жол жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) дербес шотына жазылуға жатады.

12. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Жер қойнауын пайдаланушы (оператор)" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) толық атауы көрсетіледі;

2) "Мемлекет атынан алушы" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекет атынан алушының толық атауы көрсетіледі;

3) "Басшының аты-жөні" жолында басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

4) есепті беру күні - есептің салық органына табыс етілген күні көрсетіледі;

5) салық органының коды – жер қойнауын пайдаланушының (оператордың) орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

6) "есепті қабылдаған лауазымды тұлғаның аты-жөні" жолында есепті қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) көрсетіледі;

7) есепті қабылдау күні - Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес есепті табыс ету күні көрсетіледі;

8) пошта штемпелінің күні - пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
95-қосымша
Нысан 810.00

Ескерту. Бұйрық 95-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (810.00-нысан) (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы есептеуге арналған аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (бұдан әрі – декларация) жасау тәртібін айқындайды. Декларацияға 810.01-нысанының қосымшасын Салық кодексінің 464-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін аукциондарда мүлікті (оның ішінде мүліктік құқықтарды) сатуға шығаратын жеке және заңды тұлғалар жасайды. Декларацияға 810.02-нысанының қосымшасын Салық кодексінің 525-бабына сәйкес мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 468-бабына және 527-бабының 8-тармағына сәйкес жасалады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

6. Сомалардың теріс мәндері декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде "-" белгісімен белгіленеді.

7. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз жеткізгіште – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық жеткізгіште – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса оның өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

9. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз жеткізгіште – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз жеткізгіште – салық төлеуші пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің салық есептілігін қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

10. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық тізілімдер туралы Заң) сәйкес декларацияны табыс ету кезінде:

СТН – Ұлттық тізілімдер туралы Заңның 3-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы қолданысқа енгізілгенге дейін салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

ЖСН/БСН – Ұлттық тізілімдер туралы Заңның 3-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы қолданысқа енгізілген күннен бастап жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) міндетті түрде толтыруы тиіс.

2. Декларацияны жасау (810.00 – нысаны)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) аукциондардан алым, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің СТН;

2) аукциондардан алым, кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің ЖСН/БСН;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (ай, жыл)

– декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандармен көрсетіледі).

Тек 810.02 қосымшасы толтырылған жағдайда салық кезеңін – жылды ғана көрсету қажет;

4) салық төлеушінің атауы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Салық міндеттемесін сенімгерлікпен басқарушы орындаған кезде жолда сенімгерлікпен басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде

) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

5) декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне декларацияны жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жол Салық кодексінің 63-бабы 3-тармағы 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады.

7) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер салық төлеуші А немесе В жолында көрсетілген санаттардың біріне жататын болса белгіленеді;

А – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын салық төлеуші;

В – талаптары салық міндеттемесін орындауды сенімгерлікпен басқарушыға жүктейтін мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы болып табылатын салық төлеуші;

8) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі.

9) қосымшалар саны.

Табыс етілген қосымшалардың саны көрсетіледі.

12. "Бюджетке төленуге жататын аукциондардан алымы" деген бөлімде:

810.00.001 жолында 810.01-нысанының 810.01.005 жолынан көшірілетін салық кезеңі үшін есептелетін және бюджетке төлеуге жататын аукциондардан алым сомасы көрсетіледі.

13. "Бюджетке төлеуге жататын кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы" деген бөлімде:

810.00.002 жолында салық кезеңі үшін бюджетке есептелген және төленуге тиіс кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы көрсетіледі, ол 810.02-нысанының барлық қосымшалары бойынша 810.02.010 жолдарының сомасы ретінде айқындалады.

14. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" деген бөлімде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) Т.А.Ә." деген жолда құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға табыс еткен жағдайда, жолда жеке

басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) декларация тапсырылған күн.

Декларацияның салық органына тапсырған күні көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Төлемақы төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "Декларацияны қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә." жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 584-бабы 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 810.01-нысанын жасау

15. 810.01-нысаны салық кезеңі үшін аукциондардан алым сомасын есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған.

16. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" деген бөлімде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) аукциондардан алым төлеушінің СТН;

2) аукциондардан алым төлеушінің ЖСН/БСН;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (ай) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб сандармен көрсетіледі);

4) салық кезеңі ішінде өткізілген аукциондар саны.

Салық кезеңі ішінде өткізілген аукциондар саны көрсетіледі.

17. "Бюджетке төлеуге жататын аукциондардан алым" деген бөлімде:

1) 810.01.001 жолында салық кезеңі ішінде өткізілген барлық аукциондардың нәтижелері бойынша өткізілген мүліктің (мүліктік құқықтардың) жалпы сомасы көрсетіледі;

2) 810.01.002 жолында бюджетке төлеуге жататын атқарушылық санкцияның жалпы сомасы көрсетіледі;

3) 810.01.003 жолында 810.01.001 және 810.01.002 (810.01.001 – 810.01.002) жолдарының айырмасы ретінде айқындалатын Салық кодексінің 467-бабы 2-

тармағына сәйкес атқарушылық санкцияның сомасына кемітілген өткізілген мүліктің (мүліктік құқықтардың) жалпы құны көрсетіледі;

4) 810.01.004 жолында Салық кодексінің 466-бабына сәйкес аукциондардан алым ставкасы көрсетіледі;

5) 810.01.005 жолында 810.01.003 және 810.01.004 (810.00.003 x 810.01.004) жолдарының туындысы ретінде айқындалатын, алымды төлеушінің орналасқан орны бойынша салық кезеңі үшін бюджетке төлеуге жататын аукциондардан алымның жалпы сомасы көрсетіледі.

4. 810.02-нысанын жасау

18. 810.02-нысаны салық кезеңі (жыл) үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомаларын есептеу туралы ақпаратты көрсетуге арналған және әрбір кеме бойынша бөлек толтырады.

19. "Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу үшін мәліметтер" деген бөлімде:

1) 810.02.001 жолында кеменің атау көрсетіледі;

2) 810.02.002 жолында кеменің түрі көрсетіледі;

3) 810.02.003 жолында кемені мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні көрсетіледі;

4) 810.02.004 жолында "Ішкі су көлігіндегі кеме құжаттарының нысандарын, оларды беру және жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 шілдедегі № 781 қаулысымен бекітілген кеме құжаттарына сәйкес кеменің (тіркелімдік тоннамен) жалпы сыйымдылығы (көлемі) көрсетіледі;

5) 810.02.005 жолында айларда, ағымдағы жылға көлік саласындағы уәкілетті органы белгілейтін навигацияның кезеңі көрсетіледі.

20. "Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы" деген бөлімде:

1) 810.02.006 жолында кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жылдық ставкасы көрсетіледі, ол республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,26 есебінен және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданатын жалпы тіркелімдік 1 тоннасы үшін (0,26 x АЕК) есебінен айқындалады. Егер төлемақының сомасы 0,5 және одан жоғары бөлшек мәнін құраған жағдайда, онда мұндай мән бүтін бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5 кем болса – дөңгелектеуге жатпайды;

2) 810.02.007 жолында кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдалану мерзімі көрсетіледі.

3) 810.02.008 жолында төлемақының жылдық ставкасы, тіркелімдік тоннада кемеңің жалпы сыйымдылығы негізге алына отырып айқындалатын кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жылдық сомасы көрсетіледі (810.02.006 x 810.02.004);

4) 810.02.009 жолында ағымдағы жылға көлік саласындағы уәкілетті органы белгілейтін навигацияның кезеңіне кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген жылдық сомасын бөлу жолымен айқындалатын ай үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшері көрсетіледі (810.02.008 /810.02.005);

5) 810.02.010 жолында кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдаланған мерзіміне ай үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшерін көбейту жолымен, бюджетке төленуге жататын төлемақының нақты сомасы көрсетіледі (810.02.009 x 810.02.007). Бұл ретте салық кезеңі үшін төлемақы сомасы ай үшін төлемақы мөлшерінен аз болмауға тиіс.

Бұл ретте шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, резидент емес шетелдік заңды тұлғалар бір жолғы кеме кіретін кезде бюджетке ай үшін төлемақы мөлшерінде кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлейді. Олар Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында бір айдан астам мерзімде болған кезде, олар кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыны бюджетке Салық кодексінің 527-бабында белгіленген тәртіпте төлейді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
97-қосымша
Нысан 890.00 Бет 01

Ескерту. Бұйрық 97-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша декларация

Нәсіби 890.01 бет 01

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемсіз (Декларацияға қосымша)

Ағымдағы бесік нөмірін көрсетіңіз:

Осы декларация жасау/қолданатын кезеңі НАЗАТ АУДАРЫСЫЗ ҚАРА ЖОК салық қалдығы немесе қателікпен басқарылатын ІАҚ ОРГАНДЫҒА тапсырыңыз.

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

СТН ЖСН(БСН)

Салық есептілігі тапсырылатын салық кезеңі: жыл

Бөлім. Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемсіз есептеу үшін мәліметтер

Жол коды Көрсеткіштің атауы

890.01.001 Кемеңіздің атауы

890.01.002 Кемеңіздің түрі

890.01.003 Кемеңіз мемлекеттік тіркеу туралы нөмірі мен күні: **A** нөмірі **B** күні

890.01.004 Кемеңіз (тіркелімдік тоннамен) жалпы сыйымдылығы (көлемі)

890.01.005 Навигацияның кезеңі: ай

Бөлім. Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемсіз

Жол коды Көрсеткіштің атауы


890.01.006 Жылдық төлемсіз ставкасы (0,26 x АЕК)

890.01.007 Нақты пайдалану мерзімі (ай)

890.01.008 Төлемсіздің жылдық сомасы (890.01.006 x 890.01.004)

890.01.009 Ай сайынғы төлемсіздің мөлшері (890.01.008 / 890.01.005)

890.01.010 Төленуге жататын төлемсіздің нақты сомасы (890.01.009 x 890.01.007)



Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
98-қосымша

Ескерту. Бұйрық 98-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 327 бұйрығымен (алғаш

ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (890.00-нысан)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларацияны) жасау қағидалары (890.00-нысан) (бұдан әрі – Қағида) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық есептілігін (декларация) жасау тәртібін (бұдан әрі – декларация) айқындайды. Декларацияны Салық кодексінің 525-бабына сәйкес мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарын пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар жасайды.

2. Декларация Салық кодексінің 527-бабы 8-тармағына сәйкес жасалады.

3. Декларация толтыру кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

4. Көрсеткіштер болмаған кезде тиісті торкөздері толтырылмайды.

5. Осы Қағидаларда арифметикалық белгілер қолданылады: "+" – қосу; "-" – алу; "x" – көбейту; "/" – бөлу; "=" – тең.

6. Соманың теріс мәні декларацияның тиісті жолының (бағанының) бірінші сол жақтағы торкөзінде " – " белгісімен белгіленеді.

7. Декларация жасау кезінде:

1) қағаз тасығышта – қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, баспаханалық бас әріптермен немесе баспа құрылғысын пайдалана отырып толтырылады;

2) электрондық тасығышта – нысандар Салық кодексінің 68-бабына сәйкес толтырылады.

8. Декларацияға Салық кодексінің 61-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеуші не болмаса өкілі қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда оның атауы жазылған мөрі бар салық төлеушінің не болмаса оның өкілінің мөрімен куәландырылады.

9. Декларацияны табыс ету кезінде:

1) келу тәртібінде қағаз тасығышта – екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады;

2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен қағаз тасығышта – салық төлеуші почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасын алады;

3) электронды түрде – салық төлеуші салық есептілігін салық қызметі органдарының салық есептілігін қабылдау жүйесінің электронды түрде қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы хабарлама алады.

10. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі – Ұлттық тізілімдер туралы заң) сәйкес декларацияны табыс ету кезінде:

СТН – Ұлттық тізілімдер туралы заңның 3-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы қолданысқа енгізілгенге дейін салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

ЖСН/БСН – Ұлттық тізілімдер туралы заңның 3-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы қолданысқа енгізілген күннен бастап жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) міндетті түрде толтыруы тиіс.

2. Декларацияны жасау (890.00 – нысаны)

11. "Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салық төлеуші мынадай деректерді көрсетеді:

1) кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің СТН;

2) кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушінің ЖСН/БСН;

3) салық есептілігі табыс етілетін салық кезеңі (жыл) – декларация табыс етілетін есепті салық кезеңі (араб цифрларымен көрсетіледі);

4) салық төлеушінің атауы.

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша – сенімгерлікпен басқарушы құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының салық міндетін орындау мезетте, жолда сенімді басқарушы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның (немесе заңды тұлғаның шешімі бойынша құрылымдық бөлімшенің) атауы көрсетіледі.

5) декларация түрі.

Салық кодексінің 63-бабында көрсетілген салық есептілігінің түріне декларацияны жатқызуды ескере отырып, тиісті торкөздер белгіленеді.

6) хабарламаның нөмірі мен күні.

Жол Салық кодексінің 4) тармақшасында көзделген декларация түрін табыс еткен жағдайда толтырылады.

7) салық төлеушінің санаты.

Торкөздер, егер төлеуші А немесе В жолда көрсетілген санаттардың біріне жататын болса белгіленеді;

8) валюта коды.

"Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген 23 "Валюталар жіктеуіші" қосымшасына сәйкес валюта коды көрсетіледі;

9) қосымшалар саны.

12. "Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы" бөлімінде:

890.00.001 жолында 890.01 нысанының барлық қосымшалары бойынша 890.01.010 жолдарының сомалары ретінде айқындалатын салық кезеңі үшін есептелген және бюджетке төлеуге жататын кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жалпы сомасы көрсетіледі.

13. "Салық төлеушінің жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Салық төлеушінің (басшының) аты-жөні" жолында құрылтай құжаттарына сәйкес басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі. Егер декларацияны жеке тұлға өткізетін болса, жолда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес толтырылатын салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі;

2) Декларация тапсырылған күн.

Декларацияның салық органына тапсырылған күн көрсетіледі;

3) салық органының коды.

Төлемақы төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органының коды көрсетіледі;

4) "декларацияны қабылдаған лауазымды адамның аты-жөні" жолында декларацияны қабылдаған салық органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетіледі;

5) құжаттың кіріс нөмірі.

Салық органы берген декларацияның тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) декларацияның қабылданған күні.

Салық кодексінің 2-тармағына сәйкес декларация табыс етілген күн көрсетіледі;

7) пошта штемпелінің күні.

Пошта немесе өзге байланыс ұйымы қойған пошта штемпелінің күні көрсетіледі.

3. 890.01-нысанын жасау

14. "Бюджетке төленуге жататын кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу үшін мәліметтер" бөлімінде:

- 1) 890.01.001 жолында кеме атауы көрсетіледі;
- 2) 890.01.002 жолында кеме түрі көрсетіледі;
- 3) 890.01.003 жолында кеме мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 4) 890.01.004 жолында "Ішкі су көлігіндегі кеме құжаттарының нысандарын, оларды беру және жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 шілдедегі № 781 қаулысымен бекітілген кеме құжаттарына сәйкес кеме (тіркелімдік тоннамен) жалпы сыйымдылығы (көлемі) көрсетіледі;
- 5) 890.01.005 жолында айларда, ағымдағы жылға көлік мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін навигацияның кезеңі көрсетіледі.

15. "Бюджетке төленуге жататын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы" бөлімінде:

1) 890.01.006 жолында кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жылдық ставкасы көрсетіледі, ол республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,26 есебінен және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданатын жалпы тіркелімдік 1 тоннасы үшін (0,26 x АЕК) есебінен айқындалады. Егер төлемақының сомасы 0,5 және одан жоғары бөлшек мәнін құраған жағдайда, онда мұндай мән бүтін бірлікке дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5 кем болса – дөңгелектеуге жатпайды;

2) 890.01.007 жолында кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдалану мерзімі көрсетіледі;

3) 890.01.008 жолында төлемақының жылдық ставкасы, тіркелімдік тоннада кеме жалпы сыйымдылығы негізге алына отырып айқындалатын, кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының жылдық сомасы көрсетіледі (890.01.006 жол x 890.01.004 жол);

4) 890.00.009 жолында ағымдағы жылға көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін навигацияның кезеңіне кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының есептелген жылдық сомасын бөлу жолымен айқындалатын ай үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақының мөлшері көрсетіледі (890.01.008 жол/890.01.005 жол);

5) 890.01.010 жолында кеме жүзетін су жолдарын нақты пайдаланған мерзіміне ай үшін кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасының мөлшерін көбейту жолымен айқындалатын бюджетке төлеуге

жататын төлемақының нақты сомасы көрсетіледі (890.01.009 жол x 890.01.007 жол). Бұл ретте салық кезеңі үшін төлемақы сомасы ай үшін төлемақы мөлшерінен аз болмауға тиіс.

Бұл ретте шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, резидент емес шетелдік заңды тұлғалар бір жолғы кеме кіретін кезде бюджетке ай үшін төлемақы мөлшерінде кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлейді. Олар Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында бір айдан астам мерзімде болған кезде, олар төлемақыны бюджетке Салық кодексінің 527-бабында белгіленген тәртіпте төлейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК